ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

# ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ (ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП) ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 08 қарашадағы №7 хаттама)

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда ұлттық құндылықтарды (Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап) қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. -** Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 400 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдарда орта білім беру ұйымдарында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту процесінде ұлттық құндылықтарды тиімді қолданудың әдістемелік жолдары мен тәсілдері қарастырылады. Ұсынымдамада үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып, қоғамдық гуманитарлық бағыт пәндері мазмұны арқылы білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту бойынша оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері нақты мысалдармен беріледі. Халықаралық тәжірибеде елдердің білім беру жүйелерінде қолданылатын тәсілдер, оқу бағдарламалары мен жобалар арқылы ұлттық құндылықтарды кіріктіру тәжірибелері талданады.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024
© НАО им. Ы.Алтынсарина, 2024

# КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар» [1] деп айқындалған. «Қалыптасқан құндылықтар» ұғымы білім алушылардың оқу процесінде меңгерген және күнделікті қолданып, өмірлерінде жүзеге асырған моральдық, этикалық, және әлеуметтік нормаларын білдіреді. Бұл анықтама оқу процесінің нәтижелілігін бағалау мен білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Осындай контексте, қоғамдық-гуманитарлық пәндер арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, білім алушылардың өзара қарым-қатынастарын және қоғамдық жауапкершілігін нығайтуға бағытталған.

МБЖМС-тың қолданылуы білім беру мазмұнының негізін анықтайтын оқу нәтижелері жүйесі мен білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиенің бірлігін іске асыруға бағытталған. [2]

Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. [3]

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру қазіргі заманғы сын-қатерлер мен мемлекет қойған мақсаттар аясында ерекше маңызға ие болуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарды атап өтті: «Бұл – тәуелсіздік пен Отаншылдық, Бірлік пен Ынтымақ, Әділдік пен Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық пен Кәсіби біліктілік, Жасампаздық пен Жаңашылдық» [4]. Аталған құндылықтар мемлекеттік саясаттың ғана емес, білім беру жүйесінің де басты бағдары болып, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және саналы, патриоттық рухтағы азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс.

Президент атап өткендей, «Адал адам» – бұл қоғамның тұрақтылығы мен прогрессінің негізі, ал «Адал еңбек» – әрбір азаматтың өзіне және өз Отанына адал қызмет етуінің кепілі. «Адал табыс» ұғымы, өз кезегінде, қоғамда әділдік пен жауапкершіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, білім беру жүйесінде азаматтардың бойында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу, патриотизмді нығайту және адал еңбек ету мәдениетін қалыптастыру арқылы еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарау қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, орта білім беру мазмұнын жетілдіруде құндылыққа

негізделген тәсілдерді қолдану жұмыстарын жалғастыру және күшейту өзекті болып табылады [5].

Ұлттық мүдде , Ар-ұят, Талап сияқты ұлттық құндылықтарды білім беру үдерісіне енгізу 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүзеге асқан болатын. Бұл бағдарлама білім алушыларда өз еліне және оның болашағына деген жауапкершілік сезімін жүйелі түрде тәрбиелеуге бағытталған. Биылғы оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Мемлекет басшысы ұсынған құндылықтармен жетілдірілді. Білім беру жүйесінде осы құндылықтарды енгізу, жастарды ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызға құрметпен қарауға, жеке жауапкершілікті сезінуге, адал еңбек етуге және үздіксіз даму мен жаңашылдыққа ұмтылуға бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуді қажет етеді.

Оқу процесінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру маңызды. Қазақстан тарихы, Құқық негіздері, Дүниежүзі тарихы, Қазақ тілі, Орыс тілі, Шетел тілі пәндері мазмұны арқылы Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап құндылықтарының оқу процесіне интеграциясы білім алушылардың Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, Қоғам игілігі үшін қызмет ету, Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, адал еңбекті құрметтеу, сыни және креативті ойлау, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау т.б. құзыреттіліктері қалыптасады.

Әдістемелік ұсынымдама 2 бөлімнен тұрады:

«Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда білім алушылардың бойында құндылықтарды қалыптастырудың халықаралық және отандық тәжірибесі» бөлімде қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында білім алушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған халықаралық және отандық тәжірибелер жинақталған. Әртүрлі елдердің оқу жүйелеріндегі үздік тәжірибелер зерделенді.

«Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» бөлімінде республиканың озық тәжірибелі педагогтерінің тәжірибелері мен әдістемелік ұсыныстары жинақталған. Ұлттық құндылықтарды кіріктірудің тиімді әдіс-тәсілдері, ұлттық құндылықтарды кіріктірген қысқа мерзімді сабақ жоспарлары мен формативті бағалау тапсырмалары т.б. ұсынылды.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі қазіргі заманның талаптарына жауап беретін маңызды міндет болып табылады. Ұлттық мүдде, ар-ұят, және талап сияқты ұлттық құндылықтарды қоғамдық-гуманитарлық пәндер арқылы кіріктіру, білім алушылардың азаматтық санасы мен Отан алдындағы жауапкершілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Осылайша, білім беру саласында ұсынылған әдістемелік ұсынымдар мен тәжірибелер жастардың саналы және жауапты азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

# 1 ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, білім беру практикасына құндылықтарды интеграциялау сапалы оқытудың және тиімді оқу процесінің қамтамасыз етілуі үшін маңызды.

Құндылықтар негізіндегі білім беруде сапалы оқыту мен тиімді білім алудағы маңызын зерттеушілер Д. Н. Эспин, Дж. Д. Чэпмен *Values Education and Lifelong Learning* және Т. Дж. Ловат (2007) құндылық білім беру сапасын арттырудағы маңызды элемент екенін атап көрсетеді. Ловат құндылықтарды оқу бағдарламаларына және педагогикалық практикаға енгізу білім беру сапасын айтарлықтай арттыруға және білім алушылардың жан-жақты дамуына, мотивациясына, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына әсері талқыланады. Сондай-ақ Ловат білім алушылардың бойында құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетіп, білім беру мазмұнына құндылық компонентін енгізу арқылы білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар береді. [6]

Т. Дж. Ловат және Н. Д. Климент (2008) «*The Pedagogical Imperative of Values Education*» (Құндылықтар негізіндегі білім берудің педагогикалық қажеттілігі) атты мақалада педагогикалық процестегі құндылықтар негізіндегі білім берудің маңыздылығын зерделейді. Құндылықтардың білім алушылардың жеке және моральдық дамуына қалай әсер ететіні туралы талқыланады, сонымен қатар құндылықты көзқарастардың білім беру контексттерінде қалай тиімді қолданылуы туралы мысалдар мен педагогтарға ұсыныстар береді. Авторлар құндылықтарға негізделген білім беру білім алушылардың адамгершілік және этикалық көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын, олардың жеке дамуын жақсартатынын және қоғамның үйлесімді дамуына ықпал ететінін дәлелдейді.

Сондай-ақ, Т. Дж. Ловат *Mevlana International Journal of Moral and Values Education* басылымында жарияланған "*Values Education on the Basis of Education Administrator, Teacher and Curricula*" мақаласында білім беру ұйымдарындағы әкімшілік басқраушылар, мұғалімдер және оқу бағдарламаларының (curriculum) осы үш элементінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде білім беру жүйесінде құндылықтарды қалыптастыру механизмі талданады [6]. Бұл үш элементтің құндылықтарды оқу процесіне табысты интеграциялау үшін қандай стратегияларды қолдануға болатындығын зерделейді. Мақалада әкімшілік басқарушылардың (орта білім беру ұйымдарындағы директор, оқу-тәрбие ісі жөніндегі меңгерушілері) құндылықтық бағдарламаларды жасау және қолдау кезіндегі рөлі, мұғалімдердің құндылықтарды тікелей оқытудағы рөлі және оқу жоспарларына құндылықтық компонентті енгізудің қажеттілігі атап көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері құндылықты білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін барлық оқу процесінің қатысушыларымен белсенді ынтымақтастықты қамтитын

кешенді тәсілдің қажеттілігін көрсетеді. Құндылықты білім беру практикасын жақсарту бойынша ұсыныстар беріледі және ұсынылған стратегиялардың түрлі білім беру контексттерінде табысты қолдану мысалдары талқыланады.

Зерттеуші Е.В. Пахомова «құндылықтар» және «құндылықтар бағдарлары» ұғымдарының арақатынасын талдай отырып, «құндылықтар» және «құндылықтар бағдарлары» бірін-бірі алмастыратын көзқарас ұстанады. Ол мынадай тұжырымдарға келеді:

1. Дәстүрлі түрде «құндылықтар» және «құндылықтар бағдарлары» деген екі термин қолданылады. Құндылықтар мәдениетте бар және қоғамның әлеуметтік өмірін құрайтын болып табылады. Кейбір құндылықтарды адам қабылдап, оны өз жеке құндылықтарына айналдырады. Құндылық бағдарлар өз кезегінде қандай да бір құндылықтарға субъективті көзқарасты білдіреді, яғни тұлғаның қандай да бір мақсаттарға бағытталуын көрсетеді.

2. Құндылық бағдарлар интегралдық білім болып табылады және адамның бейбітшілік пен өзіне деген қатынасын айқындайды. Құндылықтар таңдау жасау барысында негіз болады. [7]

Құндылықтар тұжырымдамасының дамуына үлкен үлес қосқан американдық зерттеуші М. Рокич, ол өзінің жеке құндылықтық бағдарлар тұжырымдамасын жасады, сонымен қатар 1973 жылы жарық көрген «Адам құндылықтарының табиғаты» кітабында сол жайында сипаттады. М. Рокич құндылықтарды «белгілі бір іс-әрекет әдісі немесе белгілі бір өмірлік мақсаттар тұлға мен қоғам үшін басқа қызмет түрлерінен немесе басқа да түпкілікті мақсаттардан гөрі ұтымды болатынына деген сенімділік» бар деп санады. [8]

Ол құндылықтар жүйесінің өзін маңыздылық континуумы бойынша құндылықтар рейтингісі негізінде құрылған олардың маңыздылығы дәрежесіне сәйкес иерархиялық ретке келтіру деп түсінді.

Зерттеуші М.Я. Виленский жастардың құндылық санасын қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтіп, бұл жаста тұлғаның дүниетанымдық деңгейдегі құндылық өзін-өзі анықтау процесі әлі толық аяқталмағанын көрсетеді. Жасөспірімдердің құндылық түсініктері жиі өзгерістерге ұшырап, толыққанды тұлғалық мағынаға ие болмайды, әрі берік дүниетанымдық негізі жоқ. Сондықтан жастарда өзін-өзі танудың дүниетанымдық және құндылық құрылымдарын қалыптастыру маңызды. Виленскийдің пікірінше, өмірлік әрекетті белсенді, еркін және шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыру және оған гуманистік құндылықтарды енгізу жетекші рөл атқарады. [9]

Қазіргі қазақстандық жастар әлеуметтік, саяси, экономикалық салалардағы жаһандық өзгерістердің әсерінен XXI ғасырдағы қоғамның өмір сүру салтын ғана емес, адамгершілік екпіндері мен құндылықтарын да өзгерткен ұрпақ.

Бүгінде жастарды жас және мазмұндық сипаттамалары бойынша «Z ұрпағына», «интернет-ұрпаққа», «цифрлық адамдарға» жатқызу әдетке сай, олар үшін әлеуметтік-мәдени дамудың маңызды көздерінің бірі Интернет желісінің ақпараттық-коммуникациялық ресурстары болып табылады. [10]

Американдық әлеуметтанушы Д. Рисмен құндылық мәселелерін зерттеудің дамуына үлкен үлес қосты, олар тұлғаның құндылық бағдарларының

ішкі және сыртқы көздерін ажыратқан. Құндылық бағдарларының ішкі қайнар көзі ерте балалық шақтағы нормалармен, құндылықтармен және өмірлік принциптермен анықталады. «Өзіне бағдарланған» тұлға неғұрлым мақсатты, серпінді, іскер, өзгеріске және жаңашылдыққа ашық, «позитивті көшбасшылықты» талап етеді немесе жүзеге асырады. «Өзгеге бағдарланған» тұлғаның экстериоризацияланған мінез-құлқы өзінің принциптерімен емес, «басқалармен» анықталады, яғни басқалардың құндылықтарымен, сәнімен, сыртқы әсерімен, қалыптасқан әлеуметтік қатынастар жүйесімен анықталады. [11]

Құндылықтарды зерттеу XX ғасырдың басында американдық әлеуметтік психологтар В. Томас пен Ф. Знанецкийдің назарында болды, олар құндылықты тек адам үшін маңызды сипаттамалар ретінде анықтады. Олар әрбір құндылық адамның әрекеттерімен байланысты және адамдардың өзара әрекеттесуі барысында құндылықтар құрылып, жойылуы мүмкін деп есептеді. Құндылықтардың экономикалық, әлеуметтік, рухани, діни, ғылыми және басқа да түрлерін бөле отырып, олар адамның өмірі мен қоғамның дамуының негізі ретінде құндылықтардың маңызды рөлін атап өтті.[12]

Австралия білім беру жүйесінде құндылықтарды қалыптастыру бойынша халықаралық деңгейде көшбасшылық танытып отыр. Бұл көрсеткішті зерттеулер мен жүргізілген бағдарламалар растайды, олар білім алушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және академиялық дамуына оң әсерін тигізетіні дәлелденген. Австралияда құндылықтар білім беру бағдарламаларының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қабылданған. Құндылықтарды ашық талқылау оқу процессінде маңызды рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, білім алушылардың құндылықтарды саналы түрде қабылдауы олардың әлеуметтік өзара әрекеттестігін жақсартуға, топтық жұмысты дамытуға, сонымен қатар өз-өзін басқару қабілетін арттыруға септігін тигізеді.

Жүргізілген зерттеулер сапалы оқытудың білім алушылардың жетістіктеріне оң әсерін тигізу мүмкіндігін анықтайды. Зерттеушідер сапалы оқыту «зияткерлік тереңдік», «коммуникативтік құзыреттілік» және «өзін-өзі рефлексиялау» (‘intellectual depth’, ‘communicative competence’ and ‘self-reflection’ ) ұғымдарын тиімді оқудың негізгі концепциялары ретінде ұсынады. Бұл ұғымдардың астарында оң қарым-қатынастар, білім алушылардың әл-ауқатының рөлі, мектептің үйлесімділігі, атмосферасы және ұйымдастырылуы сияқты құндылықтық өлшемдер жатыр. Австралия үкіметінің «Values Education Good Schools Project» (VEGPSP) жобасынан алынған дәлелдер барлық мектептерге оқу бағдарламалары мен жоспарлары, сыныпты басқару және мектептің рухы тұрғысынан құндылықтар тәрбиесінің маңыздылығын қайта қараудың пайдасын көрсетеді, бұл білім алушылардың әл-ауқаты мен жетістіктеріне оң әсер етеді. Бұл құндылықтарды тәрбиелеудің педагогикалық императивін көрсетеді, ол жеке немесе жүйелік мүдделер мен идеологиялардан тысқары кең ауқымды қамтиды.

«Құндылықтар: сапалы оқытудың негізі», білім алушылар үшін ең үлкен әсер тікелей тәжірибеден туындайды, мұнда мұғалім-білім алушы қарым-

қатынасының мәні зор. Мұғалімнің қамқорлық пен сенімі білім алушылардың терең қатысуына ықпал етеді. Тіпті техникалық тұрғыдан күмәнді практика болса да, оң қарым-қатынас жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. [13]

Брик пен Шнайдер (2002) сенімнің төрт факторы: құрмет, құзыреттілік, жеке қатынас және адалдықты білім алушылардың академиялық жетістіктеріне күшті әсер ететіндігін атап өтеді. Отбасы мен мектеп құндылықтарының үйлесімділігі тұрақты қауымдастықты қалыптастырып, оқу нәтижелеріне оң әсер етеді. [14]

Осыған орай, мектептер өздерін білім алушылардың жетістігі үшін құрылымдауға еркіндік пен қабілетке ие болуы қажет. Отбасы мен мектеп құндылықтарының үйлесімділігі тұрақты қауымдастықты қалыптастырып, оқу нәтижелеріне оң әсер етеді.

Рональд Инглехарттың (Қосымша қараңыз: *World Values Survey ресми сайты [Electronic resource]:https://www.worldvaluessurvey.org/WVS-Contents.jsp (date of review: 10.01.2024)* әлемдегі мәдениетаралық өзгерістерді зерттеуі құндылықтар жүйесін екі негізгі аспектіге бөледі: дәстүрлі құндылықтар мен зайырлы-рационалды құндылықтар, сондай-ақ өмір сүру құндылықтары мен өзін-өзі көрсету құндылықтары. Осы негізде Инглехарт әлем елдерін екі өлшем бойынша топтастырып, жаһандық мәдени картаны жасады, бұл карта әртүрлі қауымдастықтардың мәдени өзгерістерін көрнекі түрде көрсетеді. Дегенмен, бұл зерттеулер сынға да ұшырады: мысалы, Haller (Қосымша қараңыз: *Haller, M. (2002). Theory and Method in the Compar-ative Study of Values: Critique and Alternative to In-glehart. European Sociological Review, 18(2), 139-158.*) Инглехарттың зерттеуінің теориялық негіздемесі мен пайдаланған шәкіліне күмән келтіріп, баламалы тәсіл ұсынды [15, 11].

Австралияда *The Peer Support Program Пир* «Достардың қолдауы» бағдарламасы, Хилл мен Вик (2007) тарапынан құжатталған, құндылықтарды тәрбиелеуге интеграцияланған тәсілді ұсынды, сондай-ақ, оқу бағдарламалары мен мектептің басқа да іс-шараларын қамтыды [15]. «Достардың қолдауы» бағдарламасы тиімді топтық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді, өзара құрмет, мейірімділік және қайырымдылықты құнды санайды, әр адамның «бірегейлігін» атап көрсетеді. Бұл бағдарламаның жетістіктерін күнделікті білім алушылардың ойындарында көруге болады. Мысалы, «озат» балалар әлеуметтік «осал» балаларды өз ойындарына және түскі ас үстелдеріне қосуға дайын; жоғары сынып білім алушылары жарақат алған кішкентай балаларды дереу медкеңсеге апарады, олардың мұз пакетін алуына көмектеседі. Сондай-ақ, жоғалтып алған заттарды табу кезінде балалардың бір-біріне көрсететін көмегі маңызды. Мұның барлығы құрдастар арасындағы өзара құрмет пен ынтымақтастықтың артуына септігін тигізеді.

Оқу процесі әртүрлі салаларда құндылықтарды қолдануды қамтыды: жергілікті ортаға қамқорлық жасау; экологиялық тұрақтылық; әртүрлі мәдени дәстүрлерге құрмет көрсету және ынтымақтастық жасау; сондай-ақ құндылықтарды ой елегінен өткізу, бөлісу және келісу. Құндылықтарды тәрбиелеудің маңызды аспектісі, Неттервуд, Бьюкенен, Палмер, Стокер және

Даун [17] (2007) жүргізген осы іс-тәжірибе зерттеуі арқылы көрсетілгендей, оқытылатын құндылықтардың қауымдастық тарапынан дербес және тәуелсіз қабылдануы тиіс екенін және оларды мәжбүрлеуге болмайтынын білдіреді. Атап айтқанда, қатысушылар балаларға құндылықтарды әрқашан сіңіруді қабылдамай, құндылықтарға генеративті тәсіл таңдауы маңызды болды. Сұрау негізіндегі оқу тәсілдері арқылы мектептер балаларға өздерінің құндылықтарын қарастыруға және оларды сүйікті орындарын қалай қолдайтынын білетін басқа адамдармен салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл балалардың өз құндылықтарын зерттеуден бастауларына, өздерінің идеяларын ашық білдіру қабілетін арттыруға үйренулеріне ынталандырды.

Мектеп директорының рөлі мектеп пен қоғамның тұтастығын қамтамасыз ету үшін қажет қарым-қатынастық сенімділіктің деңгейлерін қалыптастыру мен сақтау үшін маңызды коммуникативтік үлгілерді бастамашы болуда ерекше маңызды. Макмуллан және Скальфино (2007) [18] жүргізген зерттеу осы тұжырымды растайды. Зерттеу мектеп қауымдастықтарының өз құндылықтарын анықтап, оларды ұлттық деңгейдегі құндылықтармен диалогқа енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Осы процесс барысында мектеп қауымдастығының құндылықтары мектеп және педагогикалық саясат пен тәжірибені басқаруда маңызды рөл атқарады. Мектептің құндылықтарын іс-әрекетке айналдыруда төрт негізгі компонент анықталды:

- Білім алушылардың оқуын жақсарту;
- Олардың әл-ауқатын арттыру;
- Қоғамдастықты тарту;
- Тиімді педагогикаларды қолдану.

Бұл компоненттер мектеп қауымдастығының барлық мүшелерінің күш-жігерін мектеп өзгерістерінің біртұтас құрылымына бағыттау үшін қажет. Сондықтан, құндылықтар тәрбиесінің бүкіл мектеп бойынша біртұтас тәсілді қажет ететіні айқын, бұл жағдайда құндылықтар мектептің этикасы мен тәжірибесіне еніп, мектеп қызметкерлері, білім алушылар, ата-аналар және кең қауымдастық сияқты әртүрлі мүдделі тараптардың консенсусының қолдауына ие болуы керек.

Австралияда 1990 жылдардан бастап жүргізілген халықаралық зерттеулердің нәтижесінде, әрбір штат пен аумақтық білім беру жүйесі негізгі құндылықтарды насихаттайтын мұғалімдер мен мектептерді белсенді түрде алға жылжытып келеді. Австралия үкіметі бұл қозғалысты терең түсініп, 1994 жылы «Азаматтық сарапшылар тобы» есебінде [19] білім алушылар бойына құндылықтарды сіңіру міндетін бекітті. Австралияда  азаматтық, азаматтық тәрбие негізінде құндылықтар бойынша білім берумен қатар, қазіргі кезде қоғамдық білім берудің маңызды бөлігі білім алушыларға құндылықтарды сіңіру міндеті қатар жүреді. Бұл дегеніміз, қоғамдық білім беру тек когнитивті және практикалық дағдыларға ғана емес, сонымен қатар жеке мораль мен азаматтық тұтастықты қалыптастыруға бағытталған жан-жақты тәрбиеші ретінде анықталды. Сонымен қатар, азаматтық, азаматтық тәрбие және құндылықтар бойынша білім беруге қатысты оқу бағдарламалары жасалып, апробациядан өтті.

Олар жеке пән ретінде де, негізгі оқу бағдарламаларына интеграцияланған түрде де жүргізілді. Австралияның үлгісі құндылықтар бойынша білім берудің тек білім беру процесінің маңызды бөлігі емес, сонымен қатар білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды компонент екендігін көрсетеді.

Австралияда орта білім ұйымы мектеп қауымдастықтарының әл-ауқатын көтеруге бағытталған *құндылықтар білімін* дамытуда. Values Education Program (Құндылықтар Білім беру Бағдарламасы) оқу жоспарына сай, балалардың маңызды қарым-қатынастарын дамытуға бағытталған, сондай-ақ ‘pause for thought’ («ойлану уақыты») мәдениетін насихаттайды, бұл балалардың бастауыш білім беру кезінен бастап 6-сыныпқа дейін саналы шешімдер қабылдау маңыздылығын арттырады. Австралияда гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер құндылықтарды күнделікті мектеп өміріне енгізудің деструктивті мінез-құлықты азайтып, алаңдаушылық пен стрессті төмендетуге, білім алушылардың өзін-өзі бағалау сезімін арттыруға және академиялық өсуге ықпал ететінін көрсетеді. Деректер сондай-ақ мектепте құндылықтардың ашық түрде болуы мұғалімдердің жұмысқа деген қанағаттанушылығын арттыратынын растайды.

Бұл бағдарламалар Австралиядағы білім зерттеулеріне негізделген және "General Capabilities Learning Continuum" (Жалпы Мүмкіндіктер Оқыту Континуумы, қараңыз: https://www.australiancurriculum.edu.au/f-10-curriculum/general-capabilities/ ) стандарттарына сәйкес, сабақ беру, оқыту және сыныпта позитивті орта құруда кешенді тәсілді қамтамасыз етеді. Австралиялық білім жүйесінде құндылықтарды, әлеуметтік және эмоционалдық оқытуды енгізуге бағытталған түрлі бағдарламалар мен курстар бар, мысалы, Social and Emotional Learning (SEL), Values Education Australia, Indigenous Perspectives Program, және Australia Day Council's Education Program.

Values Education Program https://valueseducation.com.au/ Австралияның Білім министрлігі тарапынан оқу процесіне құндылықтарды интеграциялау үшін әзірленген және мемлекеттік, жекеменшік мектептерде енгізілгені. Indigenous Perspectives Program австралиялық жергілікті халықтардың мәдени мұрасын зерттеу мен құрметтеуге арналған. Бұл бағдарламалар мен курстар Австралияның білім беру жүйесіне құндылықтар мен әлеуметтік оқытуды енгізудің кешенді тәсілінің бір бөлігі болып табылады. Олар білім алушыларға сәтті әлеуметтік қарым-қатынас жасау, мәдени мұра мен моральдық құндылықтарды түсіну үшін қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған. Әр бағдарлама білім беру ұйымдарының нақты қажеттіліктері мен контекстіне бейімделген, бұл мақсаттарға тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Австралия тәжірибесіндегі Values Education Program мақсаты - жақсы адамдарды тәрбиелеу. Білім беру тек деректерге негізделген нәтижелерге бағытталмауы тиіс, сонымен қатар дағдылар, көзқарастар және мінез-құлықтар матрицасын қалыптастыруы керек. Құндылықтар - бұл осы процесте басшылық жасайтын құрал. Білім алушыларға саналы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп, мектеп қоғамдастықтарына жеке және әлеуметтік міндеттемелерін

орындауға жауапкершілік алуға көмектеседі. Бұл әдіс қолжетімді, инклюзивті және жеңілдетілген құралдармен қамтамасыз етіледі.

Values Education Program-да бес негізгі құндылық анықталған:




1. **Құрмет (Respect)**: Өзгелердің пікірлері мен сезімдеріне назар аудару. Бұл құндылық өзгелермен тұрақты қарым-қатынастар орнатуға көмектеседі.




2. **Жауапкершілік (Responsibility)**: Өзіміздің, өзгелердің және қоршаған ортаға қатысты саналы шешімдер қабылдау. Бұл бізді өз іс-әрекеттерімізге жауапкершілікпен қарауға үйретеді.




3. **Мақсаттылық (Determination)**: Мақсатқа жету үшін күш жұмсау және позитивті ойлау. Білім алушыларды өз армандарына жетуге ынталандырады.




4. **Мейірімділік (Compassion)**: Басқалардың сезімдерін түсініп, қолдау көрсету. Мейірімділік арқылы біз бір-бірімізге деген қамқорлықты арттырамыз.




5. **Байланыс (Connection)**: Қабылдау, толеранттылық және инклюзия. Бұл құндылық қауымдастықта өзара қатынастарды нығайтуға көмектеседі.

Құндылықтар — бұл дұрыс пен бұрысты ажыратуға көмектесетін әмбебап қағидалар. Олар моральдық және этикалық шешімдерге бағыт беріп, ойларымыз бен әрекеттеріміздің әсерін қарастыруға көмектеседі. Білім беру саласында құндылықтардың академиялық белсенділікті арттыруға, білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, тыныш ортаны қалыптастыруға және белсенді мектеп қауымдастығын дамытуға көмектесетіні дәлелденген https://valueseducation.com.au/ .

Құндылықтар әлемнің әр түкпірінде, түрлі мәдениеттерде кездесіп, этикалық және моральдық мінез-құлықты бағыттауға көмектеседі. Олар біздің өміріміздің барлық салаларында қолданылып, қабылдайтын әрбір шешімімізде ескеріледі. Көптеген бастауыш мектептерде әлеуметтік және эмоционалды оқытуды жүзеге асыру үшін денсаулық оқу бағдарламалары қолданылады. Алайда, Values Education бағдарламалары мектепке дейінгі жастан 6-сыныпқа

дейінгі жалпы қабілеттердің нәтижелерін біріктіреді, осылайша оқыту мен білім берудің кешенді, теңдестірілген тәсілін қамтамасыз етеді. [19]

Австралиядағы зерттеулер білім беру саласында құндылықтарды енгізудің оң нәтижелерін көрсетеді. Мысалы, **South Melbourne Primary School** мектебінде жүргізілген тәжірибе көрсеткендей, бағдарламаның нәтижесінде білім алушылардың академиялық көрсеткіштері артқан, стресстік жағдайлар азайған, ал білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы қатынастар жақсарған (мәліметтер үшін сілтеме: Values Education). Мельбурн қаласындағы «South Melbourne Primary School» мектебі 2010 жылы Values Education Program-ды енгізе бастаған https://southmelbourneps.vic.edu.au/.




Суретте көрсетілген тақырып, білім беру процесіндегі қиындықтар мен стресстерді басқаратын шеберлік туралы. Күнделікті өмірде біз көп нәрсені, мысалы, қажетті оқу құралдарының жетіспеушілігін, кофе тапшылығын немесе электрондық хаттардың шексіз легін бақылау мүмкіндігіне ие емеспіз. Дегенмен, өзіміздің көңіл-күйіміз бен көзқарасымызды басқару — біздің қолымызда. Бұл контекстте құндылықтар туралы білімнің рөлі айрықша. Құрмет, жанашырлық және табандылық принциптері тек білім алушыларға ғана емес, мұғалімдерге де маңызды. Мұғалімдер өздерінің эмоционалдық интеллектілерін дамыту арқылы, білім алушыларға үлгі бола алады. Бұл принциптер білім беру ортасын жақсартуға, білім алушылармен байланыс орнатуға және жалпы оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. [20]

Кәсіби даму мен бір-біріне қолдау көрсету арқылы мұғалімдер өздерімен, сондай-ақ білім алушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуды үйренеді, нәтижесінде барлық оқу процесі үйлесімді әрі тиімді бола түседі.

Бағдарлама мектептің оқу жоспарына интеграцияланды, мұғалімдер күнделікті сабақтарда және сыныптан тыс іс-шараларда мектептің құндылықтарына негізделген тапсырмалар мен жобаларды пайдаланды. Мысалы, «Сенім», «Сыйластық» және «Жауапкершілік» тақырыптарына арналған сабақтар өткізілген. Білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мақсатында «Community Service» (Қоғамдық қызмет) жобалары ұйымдастырылды. Білім алушылар жергілікті қоғамдастықта қайырымдылық жұмыстарын жүргізіп, қарт адамдарға көмектесуге қатысты. ағдарламаның нәтижесінде мектептегі тәртіп бұзушылықтар 40%-ға төмендеп, білім алушылар мектепте өздерін қауіпсіз және қолайлы сезінген.

Мектеп ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған, бұл студенттердің эмоциялық және академиялық дамуына көмектеседі, балалардың әл-ауқаты үшін ортақ мақсатқа бағытталған қоғамды қалыптастырады.

Австралияның білім беру жүйесінде "Social Emotional Learning" (SEL), Values Education Australia, Indigenous Perspectives Program сияқты әртүрлі бағдарламалар мен курстар бар, олар құндылықтарды, әлеуметтік және эмоционалдық оқытуды енгізуге бағытталған. Values Education Program Австралияның Білім беру министрлігі тарапынан оқу процесіне құндылықтарды интеграциялау үшін әзірленген. Бұл бағдарлама мемлекеттік және жекеменшік мектептерде, бастауыш және орта мектептерде жүзеге асырылады.

Австралиядағы құндылықтар мәселесі білім беру жүйесінде маңызды орын алып, құндылықтарды ашық талқылауға және жаңа идеялар мен көзқарастарды ұсынуға мүмкіндік туғызды. Аталған тәжірибеден алынған негізгі идеяларды төмендегідей түйіндеуге болады:

1. **Құндылықтардың айқындығы-қ**ұндылықтар оқу бағдарламасына тек жасырын түрінде кіріктірлмеуі керек. Бүгінде білім беру құндылықтарға толы екендігі және құндылықтардың бейтараптылығына қатысты мәлімдемелердің негізсіздігі кеңінен мойындалды. Сондықтан құндылықтар мектептік бағдарламаның ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет.

2. **Барлық білім беру жүйелері үшін бірдей маңыздылық- білім берудегі қ**ұндылықтар жеке, діни немесе мемлекеттік білім беру жүйесіне тән мәселе ретінде қарастырылмауы тиіс. Әрбір білім беру мекемесі үшін құндылықтарды дамыту маңызды, себебі олар білім алушылардың әлеуметтік және психологиялық әл-ауқатына әсер етеді.

3. **Сапалы оқытуға әсері- н**егізгі білім беру зерттеулері, әсіресе сапалы оқытудың әсерлеріне қатысты зерттеулер, құндылықтарды бағдарламалық түрде ашық қарастырудың білім алушылардың әл-ауқаты мен дамуында маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Сапалы оқытудың негіздері, оның ішінде зияткерлік тереңдік, коммуникативтік құзыреттілік және өз-өзін рефлексиялау, құндылықтардың тиімділігін арттырады.

4. **Білім беру қоғамдастығының бірігуі**-құндылықтарды дамыту мектеп қоғамдастығының барлық мүшелерінің (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар) белсенді қатысуын талап етеді. Барлық тараптар құндылықтарды меншіктеп, мектептегі саясат пен практиканың негізіне айналдыруы тиіс.

5. **Білім алушылардың әл-ауқаты мен жетістіктері**-зерттеулер көрсеткендей, құндылықтар білім алушылардың білім алу қабілетін жақсартып, олардың әлеуметтік дағдыларын, өз-өзіне сенімділігін және жауапкершілігін арттырады. Бұл, өз кезегінде, мектеп атмосферасының жақсаруына және оқу үрдісіндегі белсенділіктің артуына ықпал етеді.

Австралиядағы құндылықтарды дамыту тәжірибесі құндылықтардың білім беру процесінде айқын әрі маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мектептер мен білім беру ұйымдары үшін бұл тәжірибе құндылықтарды тәрбиелеу мен сапалы оқытуды интеграциялау, сондай-ақ білім алушылардың әл-ауқаты мен жетістіктерін арттыруға бағытталған стратегияларды әзірлеудің маңыздылығын атап көрсетеді. Осылайша Австралияның білім беру жүйесінде мектептер, ата-аналар мен білім алушылар арасында сенімді қарым-қатынасты дамытуға ерекше

көңіл бөлінеді. Бұл қарым-қатынастар оқу процесіне оң әсерін тигізіп, мектептің дамуында маңызды рөл атқарады.

Австралияның құндылықтарды қалыптастырудағы халықаралық тәжірибесі білім беру саласында тұрақты даму мен білім алушылардың әлеуметтенуін қамтамасыз етеді. Зерттеулер көрсеткендей, құндылықтарды оқу бағдарламаларының құрамдас бөлігі ретінде енгізу білім алушылардың өзара қарым-қатынастарын, әлеуметтік дағдыларын және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан, Австралияның бұл тәжірибесін басқа елдерге енгізу білім беру сапасын арттыруға және білім алушылардың бойында жауапкершілік, өзара түсіністік және құрмет құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ете алады.

Халықаралық тәжірибеде АҚШ-тың білім беру саласындағы тәжірибесі ерекше назар аудартады. АҚШ-тың мектептерінде құндылықтарды тәрбиелеу мәселесі бірнеше бағдарламалар мен жобалар арқылы жүзеге асырылады, олар білім алушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және азаматтық дағдыларын дамытуға бағытталған.

АҚШ білім беру жүйесінде құндылықтар білім алушылардың жеке, әлеуметтік және азаматтық дамуы үшін маңызды. Оқыту процесінде мыналарға назар аударылады:

– Білім алушылардың бір-біріне деген түсіністік пен мейірімділік сезімін дамыту;

– Басқа адамдар мен мәдениеттерге, сонымен қатар, білім беру мекемелерінің ережелері мен нормаларына құрмет көрсету;

– Қоғамдық қызметке, азаматтық қатысуға және экологиялық тұрақтылыққа ұмтылу әлеуметтік жауапкершілік.

АҚШ-тың білім беру жүйесінде құндылықтарды тәрбиелеу мәселесі мемлекет тарапынан қолдау тауып, әртүрлі мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар арқылы жүзеге асырылуда. Бұл жобалар білім алушылардың әлеуметтік, эмоционалдық, және азаматтық дағдыларын дамытуға бағытталған, сондай-ақ, оларды қоғамда белсенді әрі жауапты азаматтар ретінде қалыптастыруды көздейді. Мысалы, "No Child Left Behind" (NCLB) және «Every Student Succeeds Act» (ESSA) секілді мемлекеттік бағдарламалар білім алушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына назар аударып, мектептерде құндылықтарды тәрбиелеуді ынталандырады. Мұндай жобалар білім беру саласындағы саясаткерлер, педагогтар және қоғам мүшелері арасында ынтымақтастықты нығайту арқылы, білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

АҚШ-тағы құндылықтар білім беру бағдарламаларына кіріктіру тәжірибесі мен зерттеуші ғалымдардың еңбектері білім беру жүйесінде құндылықтарды енгізудің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Лоренс Колбергтің «The Moral Development of Children» —«Моральдық даму теориясы». Лоренс Колбергтің жұмысы балалардың моральдық дамуының теориясын ұсынады, онда ол моральдық шешімдер қабылдаудағы үш деңгей мен алты кезеңді анықтайды. Колбергтің теориясы АҚШ-тағы білім беру бағдарламаларында

құндылықтарды, әсіресе моральдық және этикалық құндылықтарды енгізу бойынша негіз болды. Оның теориясы құндылықтарды оқытудағы маңызды рөлін көрсетеді. АҚШ-та Колбергтің теориясы мектептерде моральдық білім берудің негізін қалауға көмектесті және мұғалімдерге балалардың моральдық даму деңгейлерін түсінуге және сәйкесінше оқыту стратегияларын анықтауға мүмкіндік берді. Алайда, Колбергтің теориясы көбінесе батыс қоғамының нормалары мен құндылықтарына негізделген. Сонымен қатар, әдет-ғұрыптар мен мәдени контекстті жеткіліксіз ескереді.

https://www.pdcourses.net/PDC_Online/EDUC_711C/Article/The%20Moral%20Development%20of%20Children%20Article.pdf/

АҚШ-та Мектептер шыншылдық, құрмет және жауапкершілік сияқты белгілі бір құндылықтарды дамытуға бағытталған арнайы бағдарламаларды енгізе алады. Бұл бағдарламалар этика, моральдық тәрбие немесе азаматтық білім беру курсының бір бөлігі болуы мүмкін. Мысалы, «Character Counts! /қаз. Адамгершілік маңызды/» бағдарламасы (https://charactercounts.org/#)– АҚШ-та ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарлама, ол шыншылдық, құрмет, жауапкершілік және қамқорлық сияқты ізгі қасиеттерді сыныптан тыс іс-шаралар мен мектеп бағдарламалары арқылы дамытуды көздейді. Аризона штатындағы Прескотт қаласындағы Альбиа Джадд бастауыш мектебінің директоры Рэйчел Чанглоның пікірінше, «Бұл бағдарламаның ең ғажап жағы – оны мектеп қызметкерлерінің барлығы оңай енгізе алатындығында. Біз бәріміз ортақ, қарапайым тілді қолдана отырып, бағдарламаны кедергісіз пайдаланамыз. Мінездің белгілі бір қағидаты бойынша білім алушылардың үлгі көрсетіп, өз әрекеттері үшін мадақталуын көру – өте керемет. Бұл бағдарламаны үйрету өте оңай болғандықтан, оны жыл сайын енгізіп, қолдану да жеңіл деп ойлаймын», Колумбияда Колумб Мектебінің психологы Хулио Сармьенто:«*Character Counts*! Адамгершілік маңызды» жүйесін біз ең жоғары бағалайтынымыз – оның қолданбалылығы. Біз «Мінез бағандарын» мектеп ішінде де, одан тыс жерлерде де барлық іс-әрекетімізде көре аламыз. Бұл Character Counts! жүйесін қолжетімді және түсінікті етеді, сондай-ақ West Hertel Academy мұғалімі ЛаФрея Уилсон болса, «West Hertel Academy мектебінің білім алушылары күн сайын «Тәртіпті балалар болуға» ант береді және соңғы үш жылда сол сөздерді ішкі түйсікпен қабылдап, енді өз сөздері мен әрекеттері арқылы адамгершіліктің алты бағанын көрсетуге жауапкершілік пен міндеттілік сезінеді».

Character Counts! бағдарламасы білім алушыларға адамгершілік қасиеттерді терең түсінуге және күнделікті өмірде қолдануға ықпал етеді. Білім алушылар мінездің алты бағанын (сенімділік, құрмет, жауапкершілік, әділдік, қамқорлық, азаматтық) өз әрекеттері арқылы көрсетіп, жауапкершілік пен үлгі болу сезімін қалыптастырады.

АҚШ-тағы тәжірибе Character Counts! Адамгершілік маңызды бағдарламасы білім алушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Елімізде болса бұл тәжірибені ұлттық менталитет пен ұлттық құндылықтарға сәйкес бейімделіп, адамгершілік, патриотизм және қоғамға қызмет ету сияқты ұғымдарды кеңейту маңызды. Бұл бағдарламаның жүзеге асырылуы білім алушылардың жауапкершілік пен үлгі болу сезімін нығайтады.

Аталған бағдарламаның АҚШ мектептерінде тәжірибе қолдануы тураы тоқталатын болсақ, Мэдисон мектебі «Адамгершілік маңызды!» (Character Counts!) бағдарламасын 1997 жылдың қазан айында қабылдаған. Бұл бағдарлама алты мінез қағидатына негізделеді: сенімділік, құрмет, жауапкершілік, әділдік, қамқорлық және азаматтық. Барлық сыныптарда осы алты қағидатқа ерекше назар аударылады, оқу пәндері мазмұнында да кешенді қарастырылады. «Адамгершілік маңызды!» бағдарламасының қағидаттары:

*Адамгершілік маңызды!*

Мен жақсы мінезді адам болуға уәде беремін.

Мен сенімді болуға лайық боламын.

Мен құрметті және жауапты боламын.

Мен істеп жүргенімнің дұрыс екенін біле отырып әрекет етемін.

Мен әрдайым әділ боламын.

Мен қамқорлық танытатынымды көрсетемін.

Мен жақсы азамат боламын және әрқашан өз бөлігімді орындаймын. [21]

Мэдисон мектебінде оқу жылы бойы алты мінез қағидаты зерттеледі.

Бағдарлама білім алушыларда құрмет, қамқорлық және жауапкершілік сияқты маңызды құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған. Мысалы, қазан — құрмет айы. https://madison.rbusd.org/

*Құрмет*: Қазан айында Мэдисон мектебі басқаларға құрмет көрсетуді оқу-тәрбие процесінде назар аударады. Алтын ережені қатаң сақтайды оқуда адалдық қағидаты, жақсы тәртіптерді пайдалануды, басқалардың сезімдеріне назар аударуды, қауіп-қатерлер, зорлық-зомбылық және зиян келтіруді болдырмауды, сондай-ақ жанжалдарды және келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуді т.б. қамтиды. Бағдарлама оқу сабақтарында осы бағытта түрлі жобалар, шығармашылық тапсырмалар т.б. модельдеуді де қамтиды. Character Counts жүйесі құрмет қағидатын символиздеу үшін сары түсті пайдаланады.

Алтын ереже:

Басқаларға өзіңізге қалай қарайтын болсаңыз, солай қарайсыз; сыпайылық танытып, басқалардың бостандығы мен мүлкін *құрметтеңіз*!

Қабылдау–адамдар арасындағы айырмашылықтарды құрметтеңіз, олардың пікірлеріне құлақ асыңыз, сыртқы көрінісі немесе стереотиптері бойынша бағалаудан аулақ болыңыз.

Зорлық-зомбылықтан аулақ болу–келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешіңіз, физикалық күш көрсету мен әбестік сөздерден аулақ болыңыз.

Сыпайылық–жақсы тәртіпті сақтаңыз, назар аударыңыз және ізетті болыңыз, басқаларға зиян келтірмеңіз.

Қараша және желтоқсан — қамқорлық айлары

*Қамқорлық*– Қараша мен желтоқсанда Мэдисон мектебі басқаларға қамқорлық көрсетуге назар аударады. Бұл кезең қамқорлық пен сыйласымдылықты дамыту үшін тамаша уақыт болып табылады. Бағдарлама қамқорлық, мейірімділік, алғыс, кешірім және мұқтаждарға көмек көрсету сияқты қасиеттерді қамтиды. Character Counts қамқорлық қағидатын символиздеу үшін қызыл түсті пайдаланады.

Қамқорлық қағидатына қатысты екі негізгі идея:

*Басқаларға қамқорлық*-сүйіспеншілік, қамқорлық, назар және алғыс білдіру. Қамқор адам басқалардың қателіктерін кешіреді, олардың сезімдеріне көңіл бөледі және жаман қараудан аулақ болады.

Жомарттық-басқалардың өмірін жақсарту үшін ешқандай сыйақы күтпей уақыт бөлу, ресурстар және қолдау көрсету,.

АҚШ-та көптеген мектептер мен колледждер волонтерлік және қоғамдық жобаларды қолдайды, бұл білім алушыларға шынайы жағдайда альтруизм мен әлеуметтік жауапкершілік сияқты құндылықтарды практикада қолдануға мүмкіндік береді. АҚШ-тың тәжірибесі көрсеткендей, тәрбиелеудің әртүрлі әдістері мен құралдарын қолдана отырып, білім алушылардың мінез-құлықтарын дамытуға болады. Мысалы, сынып сабақтары, топтық талқылаулар, рөлдік ойындар және волонтерлік іс-шаралар арқылы білім алушыларда әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, ата-аналар мен қоғамдастықтың қатысуы маңызды, себебі олар да тәрбие процесінде белсенді рөл атқара алады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек –Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті. Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

• Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
• Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы
• Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
• Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
• Қаңтар – заң және тәртіп айы
• Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы
• Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы
• Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
• Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

Еліміздегі әр айдың іс-шаралары Халықаралық АҚШ тәжірибесіндегі «Character Counts!» бағдарламасында қарастырылған алты бағанмен үндес келеді. Мысалы, қыркүйек айында еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікке, қазан айында тәуелсіздік пен отаншылдыққа, қараша айында әділдік пен жауапкершілікке баса назар аударылып, білім алушыларға осы құндылықтарды игеруге мүмкіндік беріледі. Бұл тұрғыда «Character Counts!» бағдарламасының әдістемелері, яғни шынайы өмірде қолдану, білім алушыларды құрметтеу, және көшбасшылықты дамыту принциптері тиімді болып табылатыны байқалады. Қазақстанда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының аясында осы тәжірибелерді қолдану арқылы білім беру жүйесінде балалардың адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мүмкіндігі артады.

*Жапония тәжірибесі*

1998 жылы Куррикулум кеңесі ұлттық оқу стандарттарын реформалап, ұлттық бірегейлікті дамыту мен моральдық білімнің мектептен тыс рөлін қарастырды. Бастауыш білім берудің мақсаты кешенді түрде түсіндірілді және ұлтшылдықтың анық белгілерін жоюға бағытталды.

Бастауыш білім беру балаларға маңызды білім, дағдылар мен ойлау тәсілдерін игеруге, сондай-ақ қоғамның мүшесі ретінде салауатты әлеуметтік өмір сүруіне көмектесуді көздейді. Бұл балаларға бай адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өздерінің жеке ерекшеліктерін танып, басқа адамдармен өзара әрекеттесу арқылы өзін-өзі тануға және өз-өзін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыруға бағытталған. [22]

Жапонияда адамгершілік білімнің (*moral education*) нақты мазмұны балаларға әлеуметтік ережелер мен негізгі адамгершілікті, тәртіпті, қоғамдық моральды, әділдік пен теңдікті, дұрыс пайымдауды, күшті ерік-жігер мен іс-әрекет жасау қабілетін, жауапкершілік сезімін, өзін-өзі бақылауды және басқа да қасиеттерді үйренуге көмектесуге бағытталған. «Іс-әрекет арқылы үйрену» және «қатысу» концепциялары енгізіліп, олардың отбасында, қоғамда және сыныпта жүзеге асырылуы күтілді. Білім алушыларға қолданбалы жобалар, волонтерлік жұмыстар, шығармашылық мәселелерді шешу және пәнаралық іс-шаралармен айналысу үшін қосымша мектеп уақыты берілу мақсатында «интеграцияланған оқу кезеңі» енгізілді.

Бұл кезеңдегі оқу бағдарламаларын жеке дамыту мектептердің қалауына қалдырылғанымен, оқу мәтіндері мен басқа да материалдар Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігі (ары қарай MEXT) тарапынан әзірленді. 2002 жылдан бастап, барлық бастауыш және орта мектеп білім алушыларына «жүректің моральдық дәптері» (kokoro no noto) тегін таратылды. Бұл буклет балаларға адамгершілікті түсіндіруге және олардың моральдық құндылықтар туралы ойлануына мүмкіндік берді. Моральдық білім берудің жалпы әдісі балалардың жүрегіне әсер ететіндей етіп өзгертіліп, оларды өз бетінше ойлануға ынталандыруға бағытталды. [23]

Жапонияда 1980-жылдарда басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан үшінші толқынды білім беру саясатын либерализациялау әрекеті ретінде сипаттауға болады. Бұл толқын өзара құрметке, тұлға мәдениетіне, демократиялық қоғамға және бейбітшілікке негізделген жаңа моральдық көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. Бұған дейінгі кезеңдерде білім беру жүйелері қатаң стандарттар мен шектеулерге бағытталса, үшінші толқын білім алушылардың жеке тұлғасын сақтау және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.

2002 жылы жаңа оқу жоспарлары енгізіліп, барлық мектептердегі оқу курстарына арналған стандарттар бекітілді. Сонымен қатар, білім алушылардың ынтасын арттыру мақсатында оқу аптасы алты күннен бес күнге қысқартылды. Жоспардың бір бөлігі – «білім алушыларға басшылық ету мен адамгершілік тәрбиені жетілдіру» – балаларда «өмірге құштарлықты» тәрбиелеу болды. MEXT мұны «өзі үшін және өзі арқылы өз бетінше үйрену және ойлау қабілеті» деп

анықтады. Бұл тұжырымдама жастардың әлеуметтік және мінез-құлықтық мәселелеріне қарсы тұру үшін мектеп, отбасы және жергілікті қауымдастықтың ынтымақтастығына негізделген. Құжатта былай делінген: MEXT балалардың өмірдің маңыздылығын түсіну және өзгелерге жанашырлық сияқты адамгершілік нормаларды, сондай-ақ дұрыс пен бұрысты ажырату қабілетін меңгеруін қамтамасыз етуге тырысады... MEXT сонымен қатар тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы адамгершілік тәрбиені нығайтуға ұмтылады.

Адамгершілік құндылықтар бағдарламасын нығайту реформадағы басты назарда тұр. Жаңа оқу жоспарларының іс-әрекет жоспары келесі мақсаттарды қамтыды:

1. Жеке тұлғаға бағытталған жетілдірілген және егжей-тегжейлі нұсқаулар арқылы негіздер мен базалық білімдерді берік қалыптастыру, сондай-ақ оқу мазмұнын мұқият және қатаң іріктеу;

2. Таңдау курстарының ауқымын кеңейту арқылы тұлғаны дамытуға арналған білім беруді байыту;

3. Әр пән бойынша практикалық және проблемалық оқытуды күшейту арқылы оқуға және ойлауға ерікті қабілеттерді дамыту;

4. Білім алу мен ойлаудың жолдарын, сондай-ақ проблемаларды өз бетінше және шығармашылықпен шешуге тырысу көзқарасын тәрбиелеу үшін «Интеграцияланған оқыту кезеңін» енгізу;

5. Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білу және нормалық сананы күшейту үшін этикалық білім беруді жақсарту. [22]

MEXT 1998 жылы жүргізген «Балалар тәжірибесі» (The Survey on Children's Experience Activities) зерттеуі күнделікті өмірде немесе табиғатпен байланысты тәжірибелерге қатысқан балалардың мораль мен әділеттілік сезімінің жоғарырақ екенін көрсетті. Нәтижесінде, 2003 жылдың сәуір айында тәжірибеге негізделген оқыту арқылы «мінез-құлық пен қабілеттердің өсуін» күшейтуге бағытталған «Академиялық қабілеттерді арттыруға арналған іс-қимыл жоспары» енгізілді. Бұл жоспар бастауыш және орта мектеп білім алушыларын тәжірибелік оқу мен рефлексия жасауға ынталандырады, сондай-ақ «kokoro no noto» көмегімен жүргізіледі. «Кітапша балаларға игерілетін моральдық құндылықтарды қарапайым түсіндіріп, олардың өздігінен ойлануға және адамгершілік пен құндылықтарды түсінуге мүмкіндік береді». Балалардың тәжірибелері қоғам мүшелерімен немесе мұғалімдермен әңгімелер мен іс-шаралар арқылы байытылуы керек.

Жапон елінде «Ұлы тұлға» («Great person») оқыту әдісі жапон білім жүйесінде белгілі тарихи, көрнекті тұлғаларды зерделеуге арналған, көбінесе олардың қасиеттері мен өмірдегі жетістіктерін атап өтеді. Бұл әдіс алғашында батыс идеяларымен ықпалданған, себебі Жапонияның ерте оқу материалдары, әсіресе Мэйдзи жаңаруы кезінде, әр түрлі мәдениеттен танымал тұлғаларды, олардың өмірлерінен алынған сабақтарды қарастырды.

«Ұлы тұлға» оқыту әдісі білім алушыларды тарихи, әдеби және философиялық тұлғаларды зерттеу арқылы моральдық сабақтар алуға ынталандырады. Конфуций сияқты, сондай-ақ жапон тарихындағы маңызды

тұлғалар дәстүрлі түрде осы оқу бағдарламасына енгізілген. Уақыт өте келе, бұл әдіс халықаралық тұлғаларды қамту үшін бейімделіп, ғаламдық сананы арттыруға және ұлттық немесе мәдени шектерден тыс моральдық сабақтарды алуға бағытталған.

Сонымен қатар, Жапон мектептерінде білім алушылар моральдық тәрбиені дамытуға елеулі үлес қосатын әртүрлі іс-шараларға қатысады, бұл олардың жауапкершілік және қоғамдастық сезімін дамытуға көмектеседі. Әдетте, мұндай іс-шараларға тазалық, бірге тамақтану және сыныптағы міндеттер (какáри) жатады, олар нақты тапсырмалар мен рөлдерді басқаруға бағытталған. Бұл практикалар оқу жоспарының арнайы іс-шаралар бөлімінде интеграцияланған, әлеуметтік ынтымақтастық пен топтық күш-жігердің моральдық дамудағы маңыздылығын атап көрсетеді.

Орта мектеп деңгейінде спорт пен клубтық іс-шаралар (букатсудо) моральдық білім беруде маңызды рөл атқарады, командалық жұмыс пен көшбасшылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Топтық жұмысты қамтитын педагогикалық тәсілдер де жиі талқыланады, бұл оқытудың ынтымақтастық мәнін айқындайды. Сынып ережелері көбінесе талқылау арқылы белгіленеді, бұл білім алушыларға шешім қабылдау барысында өздерінің маңыздылығын сезінуге мүмкіндік береді. [24]

*Норвегия*

Норвегияның білім беру жүйесінің білім экономикасына өтуі 1980-ші жылдардың соңында бірнеше маңызды реформалармен атап өтілді.

1987 жылы Mønsterplan 1987 (M87) деп аталатын ұлттық оқу жоспары енгізілді, бұл білім беру философиясында маңызды өзгеріс болды. Бұл оқу жоспары жергілікті мектептер мен мұғалімдерге көбірек автономия беруді, білім алушылардың мектеп пен қоғамдағы қатысуын ынталандыруды және білім беру тәсілдерін білім алушылардың жеке қабілеттерімен сәйкестендіруді мақсат етті. Білім беру теңдігіне баса назар аударылды, бұл барлық білім алушыларға, жынысына, әлеуметтік жағдайына немесе мәдени фонына қарамастан, білім алуға тең құқықтар беруді қамтамасыз етуге бағытталды.

1990-шы жылдарда Норвегияда әртүрлі білім беру секторларында бірнеше реформалар жүргізілді. 1997 жылы Lærplan 1997 (L97) енгізілді, ол M87-нің орнына кешенді, пәнге негізделген оқу жоспарын ұсынды. Бұл реформа мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ жергілікті деңгейде оқуды жақсарту үшін қоғаммен қатынастардың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, 1998 жылы қабылданған Білім туралы Заң міндетті оқуды тоғыз жылдан он жылға ұзартты, бұл білім беру жүйесінің дамуына сәйкес келді. Христиан құндылықтарын оқу жоспарында кіріктіру сақталды, 1997 жылы бастауыш және төменгі деңгейлерде христиандық білім мен діни және этикалық білім пәні енгізілді.

Қазіргі уақытта L97-мен бірге енгізілген негізгі оқу жоспары Kunnskapsløftet (Білімді арттыру) деп аталатын соңғы реформаның негізі болып 2017-2021 жылдар аралығында 2006 жылғы Kunnskapsløftet оқу жоспарлары

түзетілді. Реформа жұмысы Fagfornyelsen деген атпен аталды. Өзгерістер, негізінен, болашақ мектеп туралы екі зерттеуден, мұғалім рөлі туралы сараптамалық есептен және KL06-ның ұлттық бағалау нәтижелерінен шабыттанды. 2006 жылғы оқу жоспары мақсаттардың саны бойынша тым ауқымды деп бағаланды. Пәндер бір-бірімен байланысты қарастырылып, оқу прогрессиясы айқындалып, мектептердегі кәсіби қауымдастықты нығайту көзделді.

2017 жылы білім министрлігі жаңа негізгі оқу жоспар бөлігін бекітті. Бұл бөлік Overordnet del – verdier og prinsipper for grunnopplæringen деп аталады және қазіргі уақытта Kunnskapsløftet 2020 (LK20) оқу жоспарларына кіріспе ретінде қызмет етеді. Жаңа негізгі бөлік мақсаттар туралы бапты туындатады, мектептің міндетін сипаттайды және оқу жоспарлары кімге арналғанын, яғни мұғалімдер мен оқу үшін формалды жауапкершілігі бар барлық адамдарға арналғанын анықтайды. Кіріспе бөлім балалардың бастауыш білім беруінен бастап, орта білімге дейінгі барлық оқу кезеңі үшін құндылықтар мен принциптер жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар, ол бұрынғы орта бөлімде баяндалған оқу процесін ұйымдастыру принциптерін қамтиды. LK20-ның құрамында пәндер мен сағаттар бөлінісі және Удтаннинг дирекциясының веб-сайтында жарияланған пәндер бойынша оқу жоспарлары бар.[25]

2006 жылғы реформадан айырмашылығы, Fagfornyelsen пәндер мен сағаттар бөлінісінде ешқандай өзгеріс енгізбеді. Сонымен қатар, оқу жоспары формасының артында жатқан біліктілікке негізделген ойлау жалғасуда. Негізгі дағдыларды сақтау Стортингтегі (2015-2016) Fag – Fordypning – Forståelse — Kunnskapsløftet жаңартуы атты баяндамасында мақұлданды. Басқа өзгерістер пәндердегі біліктілік мақсаттарының санын азайтуға және мазмұнның ауқымын шектеуге бағытталды. Дағдылардың интеграциясы пәндердің ерекшеліктерін ескеруді қарастыруы керек. Әр пән үшін негізгі элементтердің дамуы, пәндер арасында терең білім алу принципі және бағалаудың айқынырақ принциптері оқытудың шоғырлануы мен тереңдігін қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық пәндердегі негізгі элементтер

Kunnskapsløftet 2020 жаңа оқу жоспары әр пән үшін негізгі элементтерді қамтиды, олар пәндегі білім алушылардың үйренуі тиіс ең маңызды нәрселерді білдіреді. Бұл білім салалары, әдістер, түсініктер, ойлау тәсілдері немесе бейнелеу формалары болуы мүмкін. Мысалы, норвег тілінде алты негізгі элемент бар:

- контекстегі мәтін
- мәтінге сыни көзқарас
- ауызша коммуникация
- жазбаша мәтін жасау
- тіл жүйесі мен мүмкіндігі
- тілдік әртүрлілік

Ағылшын тілінде үш негізгі элемент бар: коммуникация, тіл үйрену және ағылшын тіліндегі мәтіндермен кездесу.

Терең білім алу принципі және кросс-пәндік тақырыптар

Сондай-ақ, терең білім алу барлық пәндерде принцип ретінде енгізілді, яғни білім алушылар байланыстарды түсініп, үйренгендерін жаңа жағдайларда қолдана алуы тиіс. Fagfornyelsen-мен бірге енгізілген тағы бір өзгеріс — пәндерде және пәндер арасында үш кросс-пәндік тақырып: халық денсаулығы мен өмірді меңгеру, демократия және азаматтық, және тұрақты даму. Fagfornyelsen-мен енгізілген жаңалықтардың бірі — кейбір пәндер негізгі дағдыларға ерекше жауапкершілік алады. Мысалы, қоғамдық пәндер білім алушылардың кәсіби цифрлық дағдыларын дамытуға басты жауапкершілікті алады, ал математика білім алушылардың есеп дағдыларын дамытуға жауап береді. сақталды, бұл реформа 2006 жылдың күзінде енгізілген. [26]

Бұл реформалар Норвегияның заманауи білім экономикасының талаптарына жауап беру үшін білім беру жүйесін бейімдеуге деген міндеттемесін көрсетеді, сонымен қатар инклюзия мен қоғаммен байланысқа баса назар аударады.

Халықаралық тәжірибе құндылықтарды қалыптастыру және оларды оқу пәндерінің мазмұнына интеграциялау әр елдің білім беру жүйесіндегі құндылықтарға назар аударатынын көрсетеді. Әрбір ел білім беру процесінде белгілі бір құндылықтарды басымдыққа қояды:

Халықаралық тәжірибеде ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне кіріктіру мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерді көрсететін білім беру бағдарламаларын қалыптастырудың маңызды бөлігі болып табылады.

*Эстония*

Эстония білім беру жүйесінде цифрлық сауаттылық пен инновацияларға ерекше мән береді. Негізгі ұлттық құндылықтар:

1. ***Цифрлық сауаттылық және инновациялар*** –білім алушыларды цифрлық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін цифрлық сауаттылық принциптерін оқу бағдарламаларына енгізу.

2. ***Азаматтық қатысу және демократиялық құндылықтар*–**Қоғамдық өмірге белсенді қатысуды және демократиялық принциптерге құрмет көрсетуді қолдау.

***Білім беру процесіне интеграция:***

**Оқу бағдарламалары**нда Эстон мектептері цифрландыру, цифрлық технологиялар мен азаматтық білім беруге арналған курстарды енгізеді, бұл цифрлық қоғам мен белсенді азаматтық үшін қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың мақсаттары цифрлық дағдылар мен азаматтық жауапкершілікті дамытуға бағытталған, цифрлық жобалар мен әлеуметтік бастамалармен байланысты тапсырмалар арқылы.

Оқу процесінде цифрлық платформалар мен технологияларды пайдалану цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. Эстон мектептерінде оқу процесінде цифрлық платформалар мен технологияларды пайдалану цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. Мысалы, Эстонияда eKool платформасы кеңінен қолданылады, ол мұғалімдерге сабақ жоспарларын, оқу материалдарын, тапсырмаларды және бағаларды онлайн режимінде бөлісуге мүмкіндік береді.

eKool ("e-" және ест. kool - "мектеп") - Эстонияның жалпы білім беретін мектептерінде білім алушылар, олардың ата-аналары, мектеп әкімшілігі, сондай-ақ қадағалау органдары пайдаланатын оқыту процесін ұйымдастыруға арналған платформа. eKool мектептердің 90% - қолданады, оның пайдаланушылары Эстония тұрғындарының 28-30% құрайды /Қараңыз: https://www.ekool.eu/en/home . Білім алушылар мен ата-аналар осы платформа арқылы сабақ кестесін, баға мен оқу прогресін бақылап, мұғалімдермен кері байланыс орната алады.

HITSA (Hariduse Infotehnologia SA Эстон білім беру технологияларының ұлттық орталығы) цифрлық құралдарды оқытуда тиімді пайдалану бойынша ресурстар мен әдістемелер ұсынады. Бұл технологиялар білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға, оқытушыларға заманауи білім беру әдістемелерін енгізуге және оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Мәселен, "Hariduse tehnoloogiakompass" «Білім беру технологияларының компасы» білім беру саласында ең көп әсер ететін технологиялық трендтерді картаға түсіреді және Эстония мектептерін әлемдегі технология мен онымен байланысты оқыту әдістемелерінің дамуы туралы хабардар етеді /Қосымша ақпаратты https://www.harno.ee/tehnoloogiakompass-aitab-koolidel-tehnoloogiaga-sammu-pidada#ekspertkogu-liikmed таныса аласыз/. Технологиялық компас жыл сайын жаңа технологиялық тақырыпты талдап, Эстония мектептерінің қазіргі жағдайын және осы саладағы жаңа мүмкіндіктерді анықтайды. «Білім беру технологияларының компасы» білім алушыларды болашақ еңбек нарығына дайындау үшін не үйрету керектігі және оқу процесінде әртүрлі технологияларды қолданудың қандай мүмкіндіктері бар екендігі туралы жауаптар іздейді.

Бірінші есеп 2019 жылдың 21 ақпанында шықты, онда бес технологиялық тренд таныстырылды: заттар интернеті, аралас және виртуалды шындық, үлкен деректер және аналитика, жасанды интеллект және цифрлық әлемдегі қауіпсіздіктің барлық салаларын қамту. 2020 жылы технологиялық компасты екі жаңа тақырыппен толықтырды: персоналды және ойынға негізделген оқу.

Эстонияның білім беру жүйесіндегі «Білім беру технологияларының компасы» еліміздің білім беру саласына енгізілетін жаңашылдықтарға үлгі бола алады. Мемлекет басшысының Жасампаздық пен Жаңашылдық құндылықтарын қалыптастыру жөніндегі бастамаларын іске асыру үшін, біз Эстонияның цифрлық платформаларын пайдалану тәжірибесін қарастыру мүмкіндігі бар. Білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, заманауи технологияларды меңгеру арқылы жүзеге асады. Эстонияда оқыту бағдарламалары жеке қабілеттер мен қызығушылықтарға негізделген, бұл біздің мектептерде де енгізілуі тиіс. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары мен мектептер арасындағы ынтымақтастықты дамыту, оқытушылар мен студенттердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Ойын технологияларының оқу процесіне енгізілуі, білім алушылардың ынтасын арттыруға және жасампаздықты дамытуға ықпал етеді. «Білім беру технологияларының

компасы» білім беру саласындағы технологиялық трендтерді мониторингтеу арқылы халықаралық жаңалықтармен танысуға мүмкіндік береді.

Осындай жаңашылдықтар, білім алушылардың шығармашылық, критикалық ойлау және цифрлық сауаттылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Халықаралық тәжірибелерді тиімді пайдалану, еліміздің білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

*Финляндия*

Финляндия теңдік пен инклюзияға бағытталған білім беру жүйесімен танымал. Ұлттық құндылықтар:

1. *Теңдік пен инклюзия* – Білім беру сапасына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсету және ата-аналардың білім беру процесіне белсенді қатысуы.

2. *Тұрақты даму* –«Environmental Education» бағдарламасы арқылы білім беру бағдарламаларына тұрақты даму принциптерін енгізу, қоршаған орта мен тұрақты даму мәселелерін қамтиды.

*Білім беру процесіне интеграция:*

Финляндиялық білім беру жүйесінде теңдік пен инклюзияны дамытуға ықпал ететін пәндер, мысалы, әлеуметтік ғылымдар мен мәдениеттану пәндері енгізілген. Бағдарламалар барлық білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бейімделеді.

Оқыту мақсаттары әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша жобалар арқылы және мәдени айырмашылықтарды сыни талдау арқылы өзін-өзі оқыту мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқыту әдістерін қолдану білім алушылардың автономиясын және олардың білім беру процесіне қатысуын қолдайды, соның ішінде жобалық жұмыс және кросс-дисциплинарлық тәсілдер.

*Сингапур*

Сингапур білім беру жүйесі ұлттық бірегейлікті және мультикультурализмді дамытуға белсенді ықпал етеді. Оқу бағдарламалары елдегі түрлі мәдениеттерді зерттеуді қамтиды. Мысалы, «Сингапур қоғамы» курсы қытай, малай, үнді және еврей сияқты этникалық топтардың тарихы, мәдениеті мен үлесін қамтиды. Бұл интеграция мәдени әртүрлілік туралы түсінік пен құндылықтарды қалыптастыра отырып, ұлттық бірегейлік пен патриотизм сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

Сингапурдың ұлттық құндылықтары:

1. Глобалдық бәсекеге қабілеттілік және инновациялар: Технологиялық және ғылыми жетістіктерді қолдау, кәсіпкерлік дағдыларды дамыту.

2. Әлеуметтік жауапкершілік және қоғамдық әл-ауқат: Әлеуметтік бастамаларға белсенді қатысу және әлеуметтік әділеттілікке қамқорлық. «Values in Action» (VIA) бағдарламасы азаматтық жауапкершілікті және әлеуметтік бірлікті дамытуға бағытталған. Білім алушылар қарттар үйінде көмек көрсету және экологиялық акцияларға қатысу сияқты волонтерлік жобаларға тартылып, белсенді азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын дамытады, бұл бірлік пен өзара көмек құндылықтарына сәйкес келеді.

Білім беру процесіне интеграция:

– Оқу бағдарламалары: Сингапурда STEM пәндеріне және кәсіпкерлік дағдыларға акцент жасалуы білім алушылардың ғаламдық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Бағдарламаларға бағдарламалау, инновациялар мен ғылыми зерттеулер бойынша курстар енгізілген.

– **Білім беру мақсаттары**: Бағдарламалар ұлттық стратегияны ескере отырып әзірленеді. Мысалы, оқытудың бір мақсаттары қоғамдық әл-ауқатты жақсарту немесе ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін шешімдер әзірлеу болуы мүмкін.

– **Сыныптан тыс іс-шаралар**: Білім алушылар технологиялық инновациялар мен әлеуметтік бастамаларға байланысты байқаулар мен жобаларға белсенді қатысады, бұл әлеуметтік жауапкершілік пен кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әртүрлі елдердің білім беру жүйелерінде құндылықтарды және принциптерді оқу бағдарламаларына интеграциялау азаматтық сана мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру үшін маңызды. Әртүрлі мәдениеттер мен білім беру тәсілдерін ескере отырып, инклюзивті және тұрақты білім беру ортасын құру үшін үздік тәжірибелерді ескеру қажет. Бұл қазіргі қоғамда табысты өмір сүру үшін қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

1 Кесте - Әлемдік білім беру жүйесінде құндылықтарды қалыптастыру және оқу пәндеріне интеграциялау тәсілдері

| Елдер | Құндылықтарды қалыптастыру тәсілі |
|---|---|
| **Скандинавия** (Швеция, Норвегия) | Скандинавиялық тәсіл: Швеция мен Норвегия елдерінде құндылықтарды қалыптастыру диалог, әлеуметтік әділеттілік және демократия принциптеріне негізделген. Білім беру бағдарламалары адам құқықтарын құрметтеуге, теңдік пен ұжымдық жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған. |
| **АҚШ** | Американдық үлгі: АҚШ-та азаматтық тәрбиеде құқықтар мен бостандықтарға, төзімділікке және мәдени әртүрлілікке ерекше назар аударылады. Білім беру жүйесі жеке жауапкершілік пен қоғамдағы айырмашылықтарды құрметтеуді дамытуға ықпал етеді. |
| **Финляндия** | Финляндияның білім беру жүйесі: Финляндияда білім беру білім алушылардың әл-ауқаты, ынтымақтастық, теңдік және сенімге ерекше мән береді. Бұл құндылықтар мұғалімдер мен білім алушылар арасындағы тең құқықты қарым-қатынас пен жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту арқылы қалыптасады. |
| **Эстония** | Цифрлық сауаттылық және инновацияға негізделген тәсіл — білім алушылардың дербестігін, жауапкершілігін және шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған. Білім алушыларды цифрлық қоғамда өмір сүруге дайындау және технологиялармен жұмыс дағдыларын дамыту. Эстония білім беру бағдарламаларына цифрлық сауаттылық принциптерін белсенді енгізуде. «e-Estonia» бағдарламасы https://e-estonia.com/ білім алушыларға цифрлық технологиялардың негіздері, бағдарламалау және киберқауіпсіздік бойынша білім беруді қамтиды. Цифрлық дағдыларға деген бұл акцент ұлттық инновациялар мен технологиялық прогресс құндылықтарын қолдай отырып, білім |

| | |
|---|---|
| | алушыларды цифрлық қоғамда сәтті бейімделу үшін қажетті заманауи біліммен қамтамасыз етеді. |
| **Түркия** | Ұлттық бірлік пен мәдени мұраға негізделген тәсіл — тарихи және діни құндылықтарды оқыту арқылы әлеуметтік әділеттілік пен азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуге арналған. |
| **Австралия** | Инклюзияға негізделген тәсіл — білім алушыларды төзімділікке, мәдени әртүрлілікті құрметтеуге және экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған. |
| **Жапония** | Тәртіп пен ұжымдық рухқа негізделген тәсіл — жеке тұлғаны дамыту мен моральдық, мәдени дәстүрлерді құрметтеуге бағытталған. |
| **Сингапур** | Білім мен тәрбиеге негізделген тәсіл — Сингапур білім беру жүйесі инновация, шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға назар аударады. Сонымен қатар, азаматтық жауапкершілікті, әлеуметтік жауапкершілікті және өзара құрметті тәрбиелеу мақсатында көпмәдениеттілікті қолдайды. Білім беру бағдарламалары өмір бойы оқу мен дамуды, сонымен қатар білім алушылардың әлеуметтегі рөлін түсінуін дамытуға бағытталған.<br>Сингапурдың білім беру моделі жоғары академиялық нәтижелермен танымал, бұл жердегі білім алушылардың жетістіктері тек білім беру мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар тәрбие мен құндылықтарды қалыптастырумен байланысты. |

Жалпы, халықаралық тәжірибеде білім беру жүйесінде әр елдің құндылықтарды қалыптастыру тәсілдері олардың мәдени, әлеуметтік және тарихи контекстімен тығыз байланысты. Бұл тәсілдер оқу пәндерінің мазмұнында кіріктіріліп, білім алушылардың оқу процесінде құндылықтарды дамытуға мүмкіндік береді. Әлемдегі білім беру жүйелері құндылықтарды насихаттау арқылы болашақ ұрпақтың әлеуметке белсенді, жауапты және сауатты мүшелері болуына ықпал ететінін аңғарамыз.

Қазіргі заманғы процестерді түсіну және олардың одан әрі мониторингі бүгінде тұлға дамуының тұтас бейнесін, оның адамгершілік-рухани дамуы мен жетілдірілуін, оның бастаулары мен ерекшеліктерін зерттеусіз мүмкін емес. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жазылған мақаласы, экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан алғанда өз елінде өзін жайлы сезінетін, тұлғалық даму мен жетілдірудің тұрақты процесінде тұрған елдің жоғары адал азаматын қалыптастыру идеясымен толықты. Үш онжылдық бойы тәуелсіз Қазақстан белгілі бір стратегияда дамыды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алғашқы онжылдықты жаңа Қазақстанның іргетасы қаланған кезең деп атауға болады. Екінші онжылдық - мемлекеттілікті нығайту, ел экономикасының потенциалын арттыру кезеңі болды. Үшінші онжылдықта саяси және экономикалық реформалармен қатар адамның, өз елінің азаматының рухани жаңғыруына ерекше мән беріле бастады. Бұл негізгі идея, жаңа құндылықтары мен бағдарлары бар адамның адамгершілік және рухани жаңғыруы осы кезеңдердің әрқайсысының басында негізін қалаушы болып табылады деп мемлекет басшысы мұқият атап өтті [27].

Құндылықтар тұжырымдамасының дамуына үлкен үлес қосқан американдық психологтардың бірі М. Рокич, ол өзінің жеке құндылықтық

бағдарлар тұжырымдамасын жасады, сонымен қатар 1973 жылы жарық көрген «Адам құндылықтарының табиғаты» кітабында сол жайында сипаттады. М. Рокич құндылықтарды «белгілі бір іс-әрекет әдісі немесе белгілі бір өмірлік мақсаттар тұлға мен қоғам үшін басқа қызмет түрлерінен немесе басқа да түпкілікті мақсаттардан гөрі ұтымды болатынына деген сенімділік» бар деп санады [28]. Ол құндылықтар жүйесінің өзін маңыздылық континуумы бойынша құндылықтар рейтингісі негізінде құрылған олардың маңыздылығы дәрежесіне сәйкес иерархиялық ретке келтіру деп түсінді. Ол адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын анықтайтын психологиялық факторлар ретінде құндылықтар мен қатынастарды бөліп көрсетеді және олардың қарым-қатынасын зерттей отырып, ол құндылықтардан, көзқарастардан айырмашылығы, абстрактілі болып қана қоймай, адамдардың өміріндегі ең маңыздысы болады деген тұжырымға келеді. Адами құндылықтар саны жағынан салыстырмалы түрде аз және жүйеге ұйымдастырылғандығына сүйене отырып, ол құндылықтардың екі түрін анықтады - терминалдық (құндылықтар - мақсаттар) және инструменталды (құндылықтар - құралдар). Ол жеке және әлеуметтік тұрғыдан жеке өмір сүрудің кейбір түпкі мақсаттарына ұмтылуға тұрарлық деген түпкілікті сенімдерге сілтеме жасады. Ол құралдық құндылықтарды келесі топтарға бөлді - этикалық, коммуникациялық құндылықтар, іскерлік құндылықтар; индивидуалистік, конформистік, альтруистік; өзін-өзі растау, басқа адамдарды қабылдау және т.б. Сонымен қатар, М. Рокич инструменталды құндылықтарды кез-келген жағдайда ісәрекеттің қандай-да бір әдісі немесе тұлғаның ерекшеліктері артық болатындығына сену ретінде қарастырды [29]. Терминалды және құралдық құндылықтарды атап өтіп, ол жеке дара құндылықтар адамның балалық шағында әлеуметтену процесінде қалады, сондықтан оларды ересек жаста өзгерту мүмкін емес деп тұжырымдады. Осыған байланысты келесі сұрақ өте маңызды бола түседі, құндылықтар мен әлеуметтік мінез-құлық олардың салыстырмалы тұрақтылығына қарамастан қалай өзгеруі мүмкін? М. Рокичтың айтуы бойынша, иерархиялық позициядағы құндылықтардың түрленуі адам жеке құндылықтар арасындағы объективті бар қарамақайшылықтарды білген кезде ғана пайда болады, яғни содан кейін, адам өзін «өзін-өзі қарсы қою» жағдайына қалдырғанда пайды болады. Сондай-ақ, М.Рокичтің құндылықтардың өзгеруі адам кейбір құндылықтар арасындағы сәйкессіздікті түсінген кезде пайда болады, бұл оның өзіне деген қанағаттанбаушылық сезімін қалыптастыруға әкеледі деген тұжырымы да маңызды. Керісінше, адам өзіне және оның іс-әрекетіне қанағаттанған кезде құндылық тұрақтанады. М. Рокич ұсынған «құндылық бағдарларын зерттеу әдістемесінің» өзі терминалдық және құралдық құндылықтарды 18 баллға тікелей рейтингі енгізуге негізделген [30]. Қазіргі кезеңде осы әдіснаманы қолдана отырып, көптеген қолданбалы зерттеулер әлі де жүргізілуде, бұл біздің барлық іс-әрекеттеріміз біздің басым құндылықтарымыздың нәтижесі болып табылады деген тұжырымдаманы растайды. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап құндылықтар мен құндылық бағдарларын зерттеу мәдениетаралық психологтардың ғылыми қызығушылығының басты бағыты болды. Белгілі голландиялық психолог

Г.Хофстеде 1962-1972 жылдар аралығында әлемнің 50-ден астам елдерін қамтитын IBM менеджерлерінің ауқымды мәдени зерттеулерін жүргізген кезде құндылықтарды зерттеу адамның нақты мінез-құлқын және адамдар топтарының қызметін түсінудің қажетті шарты болып табылатынын түсінді, олардың мәдениеті - бұл «адамдардың бір тобының мүшелерін екіншісінен ажырататын адам миының ұжымдық бағдарламасы» деп түсіндірді [31]. Ол топтағы көптеген адамдарға жақын болып келетін мәдениетті құндылықтар жүйесі ретінде бір уақытта қарастыра отырып, оларды 10 жасқа дейін қалыптасатын және өзгерту қиын болатын мәдениеттің өзегі ретінде қарастыру керек деген қорытындыға келді, өйткені көптеген құндылықтар санадан тыс қалыптасады және шартсыз рефлекстер ретінде әрекет етеді.

Мәдениетаралық аспекттегі құндылықтарды зерттеудің жаңа бағытын американдық психолог Г. Триандис ұсынды, ол мәдениет аясында құндылықтарды, нормалар мен қатынастарды зерттей отырып, алдымен «мәдени синдром» терминін енгізіп, олардың құндылықтарына сәйкес мәдениеттер классификациясын жасады. Ол мәдени синдромды бір тілде сөйлейтін, бір тарихи кезеңде болатын және географиялық аймақта өмір сүретін адамдар анықтай алатын бір тақырып төңірегінде ұйымдастырылған жалпы көзқарастардың, сенімдердің, нормалардың, әлеуметтік рөлдердің, өзін-өзі бағалау мен құндылықтардың үлгісі ретінде қарастырады [32]. Коллективизмнің негізгі құндылықтары - қауіпсіздік, міндет, топ ішіндегі үйлесімділік, иерархия, ынтымақтастық және эмоционалды тәуелділік [33]. Индивидуалистік мәдениеттерге келетін болсақ, мұнда басты құндылық басқаларға тәуелсіз «Мен» болып табылады. Нәтижесінде мұнда ішкі топтан эмоционалды тәуелсіздік, адамның өз күшіне бағдарлану, қиындықтарды өз бетінше жеңу, бәсекелестік пен жеке жетістікке ұмтылыс, гедонизм мен рахат сияқты құндылықтар тәрбиеленеді. Қазіргі кезеңде ең танымал болып саналатын - Иерусалим университетінің профессоры Ш. Шварц құрған құндылықтар тұжырымдамасы құндылықтарды зерттеуге түбегейлі жаңа көзқарас ұсынды. В.Н. Карандашев: «Ш. Шварц өз әдістеріндегі басты айырмашылықты өзінен бұрынғылардың мәдени құндылықтар мен жеке құндылықтарды ажырата алмағандығынан көрді, дәл осыны Ш. Шварц өзінің зерттеу пәніне айналдырды» [34]. 1992 жылдан бастап У. Бильски екеуі құндылықтарды зерттеу арқылы мәдениетке сандық талдау жасай бастады. Израильдік профессор құндылықтар дегеніміз - бұл адамның өміріндегі негізгі қағидат ретінде қызмет ететін мақсаттар туралы идеялар деп тұжырымдайды. Олар адамның таңдауы мен оның іс-әрекетін бағалау критерийі, сонымен бірге басқа адамдар мен оқиғаларды бағалау критерийі болып табылады. Ол жеке құндылықтарды - «жеке адам өз өмірін бағдарлау үшін қалаған, яғни құндылықтар ретінде қабылдайтын» ұғымдар немесе сенімдер ретінде қалаған соңғы күйлерге немесе мінез-құлыққа байланысты деп санайды; нақты жағдайлардан асып түсу, мінезқұлық пен оқиғаларды таңдау немесе бағалауды басшылыққа алу деп түсіндіреді [35]. М. Рокичтан кейін Ш. Шварц пен У. Билски де барлық құндылықтарды терминалдық және құралдық деп бөлді. Олар терминалдық құндылықтарды адам

қызметінің кейбір соңғы күйлері мен мақсаттары деп атады, олар нағыз достық, байлық, жер бетіндегі «бейбітшілік» көріністерінде және т.б. ашылады. Олар адамның іс-әрекетінің инструменталды қағидаларына, сондай-ақ оның мінез-құлқының модельдері мен әдістеріне сілтеме жасады. Сонымен, атап айтқанда, құндылықтардың бұл түрін, олардың пікірінше, қызмет ету қабілетінде, кешіруге дайын болуда, үлкендерге құрметпен қарауда, өз бетінше мақсат қоя білуде және т.б. ашылатын құндылықтарға жатқызуға болады. Г. Триандис, Ш. Шварц ұсынған мәдени синдромдарды бөлуді негізге ала отырып, құндылықтар кеңістігін мәдениетаралық аспектте зерттей отырып, екі осьті анықтады: өзгеріске ашықтық - консерватизм, трансценденттілік - өзін-өзі жоғарылату, дөңгелек құрылымға ие болып табылады. Осы осьтердің кеңістігіне сүйене отырып, барлық мәндерді Ш. Шварц пен У. Бильски тағы екі үлкен топқа бөлді: - тұлғаның мүдделерін білдіретін құндылықтар. Бұл құндылықтар келесі құндылық (мотивациялық) блоктарына біріктірілген: күш, жетістіктер, гедонизм, стимул, және тәуелсіздік. - топтың мүдделерін білдіретін құндылықтар. Олар қайырымдылық, дәстүр, мойынсұну сияқты құндылық (мотивациялық) түрлеріне жатады. Универсализм мен қауіпсіздік жеке мүдделерді де, топтың мүдделерін де білдіреді. Сонымен, Ш. Шварц 2-ші кестеде келтірілген 10 негізгі мотивациялық типті бөліп көрсетеді [37].

Кесте 2 - Ш. Шварц бойынша құндылық түрлерінің классификациясы

| Құндылық түрлері | Негізгі құндылықтардың мазмұны |
|---|---|
| Билік | Әлеуметтік мәртебе мен бедел, бақылау немесе адамдар мен ресурстарға үстемдік ету |
| Жетістік | Әлеуметтік стандарттарға сәйкес келетін қабілеттерді көрсету арқылы жеке жетістікке жету |
| Гедонизм | Жеке рахат пен сезімталды ләззат |
| Стимуляция | Өмір. Толқулар, жаңалықтар мен қиындықтарға толы |
| Дербестік | Ойлау мен шешім қабылдаудағы, шығармашылықтағы, зерттеушіліктегі тәуелсіздік. |
| Әмбебаптық | Барлық адамдар мен табиғаттың әл-ауқатын түсіну бағалау және қорғау, төзімділік таныту |
| Мейрімділік | Адам өзі жиі араласатын адамдардың әл-ауқатын сақтау және арттыру. |
| Дәстүр | Дәстүрлі мәдениеттен туындайтын әдет-ғұрыптар мен идеяларды сыйлау, қабылдау және дәріптеу |
| Мойынсұну | Байсалдылық, қарапайымдылық, қоғамдық беделді сақтау |
| Қауіпсіздік | Қоғамның, отбасының және адамдардың тұрақтылығы, қауіпсіздігі мен келісімі |

Ғалым анықтаған құндылықтардың мотивациялық типтері биологиялық организмнің тұлға болу қажеттілігімен, үйлесімді әлеуметтік өзара әрекеттесу қажеттілігімен және тіршілік ету мен әл-ауқатқа деген топтың қажеттілігімен анықталатын мотивациялық мақсаттарға негізделген. Бұл израильдік профессорға 10 негізгі құндылықтың әрқайсысы үшін негізгі мотивациялық мақсаттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Осы құндылықтар теориясына сүйене отырып, сондай-ақ Рокичтың әдіснамасына сілтеме бере отырып, оны сапалы түрде өзгертіп, оның тұжырымдамалық базасын кеңейтіп, жетілдіре

отырып, Шварц арнайы сауалнама - «Schwartz' Value Survey» (SVS) жасады, бұл мотивациялық мақсаттарды, әлеуметтік топтың, этностың құндылықтарын анықтауға мүмкіндік берді, және олардың арасындағы байланысты талдауға көмегін тигізді.

Қазіргі қоғамдардың өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси, демократиялық салаларда әлемде болып жатқан өзгерістерге байланысты негізгі жеке құндылықтар тұжырымдамасы одан әрі дамыды және соған сәйкес Ш.Шварц құндылықтар санын ұлғайта түсті, ол өз кезегінде мотивациялыққұндылық континуумының кеңеюіне алып келді.

2017 жылы Прага зерттеушісі П. Анизова PIAAC халықаралық зерттеу жобасы шеңберінде жалпыадамзаттық құндылықтардың әлеуметтікпсихологиялық контексті: жеке қасиеттер мен құндылық бағдарлары арасындағы байланысты зерттеді. Рекурсивті емес құрылымдық модельдеуді қолдана отырып, басқа ықтимал маңызды айнымалыларды (жас, жыныс, 27 тартымдылық, когнитивтік дағдылар) бақылау кезінде ол құндылықтар (PVQ) мен тұлғаның қасиеттері (NEO-FFI) арасындағы байланысты зерттеді және тексерді. Зерттеу барысында ол құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер арасында күрделі байланыс бар екенін дәлелдеді, ал құндылық мәселерін зерттейтін психологтардың көпшілігіне қарағанда, когнитивті компоненті бар кейбір жеке қасиеттер құндылықтар әсеріне көбірек ұшырайды, ал басқалары сияқты, керісінше, құндылықтармен әлсіз байланысты. Сонымен, чех психологы құндылықтардың қасиеттерге әсері көбінесе саналы деңгейде болады және когнитивтік негізге ие болады, сонымен қатар ұзақ мерзімді перспективада өзгеріп, полярлығын әлеуметтік ортамен күшті қарама-қайшылықтарға жауап ретінде өзгерте алады деген пайымдау гипотезаны дәлелдеді, және жеке қасиеттердің құндылықтарға әсер ету полярлығы уақыт өткен сайын тұрақты болып қалады деп тұжырымдады [36].

Сонымен, шетелдік зерттеулердегі құндылық мәселелерін зерттеудегі негізгі әдістерді зерттеу мен талдау бұл мәселеге үлкен қызығушылық танытты. Философия контекстінде құндылық ең алдымен идеалдарда көрінетін маңыздылық, өмірдің жеке сезімі ретінде қарастырылады [12]. Сонымен қатар құндылықтар жеке немесе әлеуметтік тірек нүктесі ретінде қызмет ете отырып, адамдардың әлеуметтік өмірінің «реттеу механизмі» рөлін атқарады.Әлемнің түрлі елдерінің қазіргі білім беру жүйелері білім алушыларға академиялық білім берумен қатар, олардың қоғамға табысты кірігуіне қажетті құндылықтарды қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. Тарих, қоғамтану, құқық және әдебиет секілді гуманитарлық пәндер патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті, әлеуметтік әділеттілік пен мәдени мұраға құрметті тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Әрбір ел тарихи контекстке, мәдени ерекшеліктерге және әлеуметтік қажеттіліктерге сүйене отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына құндылықтарды енгізудің өзіндік тәсілдерін әзірлейді.

Елдердің құндылықтарын оқу жоспарлары арқылы интеграциялау жолдары

АҚШ білім беру жүйесі сыни ойлауды және жеке жауапкершілікті дамытуға назар аударады. Американдық мектептердегі оқу жоспарлары азаматтық білім беру, адам құқықтары және мәдени әртүрлілік элементтерін қамтиды. Әртүрлі мәдени және әлеуметтік топтарды түсіну мен құрметтеу мақсатында жобалар мен зерттеулер маңызды рөл атқарады. Құндылықтарды оқу процесіне интеграциялау үшін тарих және әлеуметтік оқыту сабағын практикалық тапсырмалармен біріктіру сияқты аралас пәндік тәсілдер пайдаланылады, онда студенттер жергілікті және жаһандық мәселелерді талдап, шешімдер ұсынады.

Жапон білім беру жүйесі қоғамдағы ұжымдық құндылықтар мен үйлесімділікке назар аударады. Жапон мектептерінде дәстүрлі мәдени нормалар мен әлеуметтік міндеттерді зерттейтін оқу жоспарлары қолданылады. Қоршаған ортаға деген құрмет, еңбекқорлық және әлеуметтік жауапкершілікке ерекше көңіл бөлінеді. Оқу процесінде топтық жобалар мен талқылаулар белсенді түрде қолданылады, бұл жапон құндылықтарын, әсіресе ұжымшылдық пен құрметті оқу процесіне интеграциялауға мүмкіндік береді. Жапон тарихы мен мәдениетін зерттеу маңызды бөлік болып табылады, бұл білім алушыларға ұлттық құндылықтарды түсініп, бағалауға көмектеседі.

Герман білім беру жүйесі сыни ойлау, әлеуметтік әділеттілік және білім алу құқықтарына назар аударады. Оқу жоспарлары адам құқықтары, демократия және әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын үйрететін пәндерді қамтиды. Қазіргі қоғамды қалыптастырған тарихи оқиғаларды зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді, әсіресе тоталитарлық режимдердің салдарын талқылау. Оқу процесіне әлеуметтік бастамалармен жұмыс істеу және түрлі мәдени және әлеуметтік перспективаларды зерттеу арқылы жобалар белсенді түрде енгізіледі, бұл неміс құндылықтарын, әсіресе толеранттылық пен әділеттілікті интеграциялауға ықпал етеді.

Фин білім беру жүйесі теңдік, инклюзивтілік және жеке оқу тәсіліне назар аударады. Фин мектептеріндегі оқу жоспарлары сыни ойлау және өзіндік жауапкершілік дамуына ықпал етеді. Оқу процесіне азаматтық білім беру элементтері енгізілген, олар адам құқықтары, экологиялық тұрақтылық және әлеуметтік әділеттілік мәселелерін қамтиды. Фин мектептері жобалық оқыту және аралас пәндік тәсілдерді белсенді түрде қолданады, бұл теңдік және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын оқу процесіне интеграциялауға ықпал етеді.

Эстон білім беру жүйесі инновациялар, цифрлық дағдылар және мәдени әртүрлілікке назар аударады. Оқу жоспарлары технологияларды, сыни ойлауды және түрлі мәдени дәстүрлерді құрметтеуді зерттеуді қамтиды. Эстон мектептері оқу процесіне цифрлық құралдар мен платформаларды белсенді түрде енгізеді, бұл 21 ғасыр дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Білім беру жобалар мен зерттеулерді де қамтиды, олар мәдени әртүрлілікті түсіну мен құрметтеу мәселелерін зерттеуге бағытталған, бұл қазіргі жаһандық құндылықтар мен инновациялық білім беру тәсілдерін интеграциялауға ықпал етеді.

Түркия білім беру жүйесі мәдени мұраны сақтау мен патриотизмді дамытуға, сонымен қатар заманауи білім беру әдістеріне назар аударады. Түрік оқу жоспарлары елдің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін зерттеуді қамтиды, бұл ұлттық идентичності қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, сыни ойлау және әлеуметтік талдау элементтері оқу процесіне интеграцияланады, бұл білім алушыларға түрлі мәдени және әлеуметтік перспективаларды түсіну мен құрметтеу мүмкіндігін береді. Жобалық оқыту және зерттеу жұмыстары түрік құндылықтары мен заманауи білім беру тәсілдерін интеграциялауға ықпал етеді.

Ұлыбритания білім беру жүйесі академиялық жетістікке, сыни ойлауға және әлеуметтік жауапкершілікке назар аударады. Ұлыбританиядағы оқу жоспарлары адам құқықтары, демократия және мәдени әртүрлілік мәселелерін зерттейді. Талқылаулар мен жобалар маңызды рөл атқарады, олар білім алушылардың талдау және дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Білім беру жүйесі аралас пәндік тәсілдерді белсенді түрде қолданады және білім алушыларды әлеуметтік және тарихи контексттерді зерттеуге ынталандырады, бұл ағылшын құндылықтарын, әсіресе толеранттылық пен құрметті оқу жоспарларына интеграциялауға ықпал етеді.

Канадалық білім беру жүйесі инклюзивтілікке, мәдени әртүрлілікке құрмет пен әлеуметтік әділеттілікке назар аударады. Оқу жоспарлары түрлі мәдениеттерді түсіну мен адам құқықтарын құрметтеуге бағытталған элементтерді қамтиды. Оқу процесіне әлеуметтік жауапкершілік пен теңдік мәселелерін түсінуге көмектесетін жобалар мен зерттеулер енгізіледі. Канадалық мектептер инклюзивті білім беру тәжірибелерін қолдайды және қоғамдық бастамаларға қатысуға ынталандырады, бұл әлеуметтік әділеттілік пен мәдени әртүрлілік құндылықтарын интеграциялауға ықпал етеді.

Төмендегі кесте Финляндия, Германия, Эстония, АҚШ, Жапония, Түркия және Ресей сияқты түрлі мемлекеттердің білім алушыларға құндылықтарды қалыптастыру бойынша салыстырмалы талдауын көрсетеді. Кестеде негізгі гуманитарлық пәндер түпнұсқа тілінде берілген және әр пәннің оқу бағдарламасы арқылы құндылықтар қалай интеграцияланатыны талданады. Мұндай тәсіл адам құқықтары мен азаматтық белсенділікке баса назар аудару сияқты ортақ үрдістерді де, ұлттық бірегейлік пен мәдени дәстүрлерге байланысты білім беру жүйелерінің бірегей аспектілерін де айқындауға мүмкіндік береді.

Гуманитарлық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларына құндылықтарды интеграциялау жөніндегі әлемдік тәжірибенің салыстырмалы талдауы осы пәндердің болашақ азаматтарды тәрбиелеудегі маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ посткеңестік және басқа елдердегі ұлттық бағдарламаларға үздік әлемдік тәжірибелерді енгізуге ұмтыла отырып, білім беру мақсаттарына қол жеткізудегі көпқырлы тәсілдерді зерделеуге ықпал етеді.

3 Кесте. Оқу пәндер бойынша құндылықтарды интеграциялаудың халыаралық тәжірибесі

| Ел | Гуманитарлық пәндер | Құндылықтарды қалыптастыру мақсаттары | Оқу бағдарламасының мазмұнына құндылықтарды интеграциялау | Ұлттық Стандарт пен оқу бағдарламаларынан мысалдар |
|---|---|---|---|---|
| **Финлянди я** | 1. **Historia** (Тарих)<br>2. **Yhteiskuntaoppi** (Қоғамтану)<br>3. **Kirjallisuus** (Әдебиет) | Әлеуметтік әділеттілік, теңдік, экология | 1. Тарих сабағында әлеуметтік өзгерістер мен әділеттілікті тарихи оқиғалар арқылы талқылайды.<br>2. Қоғамтану сабағында инклюзивтілік пен адам құқықтарына назар аударылады.<br>3. Әдебиет экологиялық және әлеуметтік мәселелерді көркем шығармалар арқылы қарастырады. | 1. Тарих курсында демократия мен теңдік эволюциясы зерттеледі.<br>2. Қоғамтану сабағында жаһандық жауапкершілік пен теңдік мәселелері қарастырылады. |
| **Германия** | 1. **Geschichte** (Тарих)<br>2. **Recht** (Құқық)<br>3. **Sozialkunde** (Қоғамтану) | Демократия, адам құқықтары, әлеуметтік жауапкершілік | 1. Тарих сабағында демократиялық процестер, әлемдік соғыстар және олардың адам құқықтарына әсері зерттеледі.<br>2. Құқық сабағында адам құқықтарын қорғайтын заңдық нормаларға назар аударылады.<br>3. Қоғамтану сабағында әлеуметтік әділеттілік, жауапкершілік және демократиялық процестерге қатысу мәселелері қарастырылады. | 1. Тарих сабағында нацистік режим мен оның адам құқықтарына және демократиялық процестерге әсері зерттеледі.<br>2. Құқық сабағында Германия Конституциясы мен адам құқықтары қарастырылады. |
| **Эстония** | 1. **Ajalugu** (Тарих)<br>2. **Õigusteadus** (Құқық)<br>3. **Kirjandus** (Әдебиет) | Цифрлық сауаттылық, демократиялық қатысу, инновациялар | 1. Тарих сабағында деректерді талдау үшін цифрлық құралдар қолданылады, тарихи дамудағы инновациялар акцентteледі.<br>2. Құқық сабағында цифрлық технологиялардың құқықтық саладағы рөлі қарастырылады.<br>3. Әдебиет инновациялар мен прогрестің қоғамға әсері зерттеледі. | 1. Тарих сабағында археологиялық деректерді талдау үшін қазіргі цифрлық технологиялар қолданылады.<br>2. Құқық сабағында киберқауіпсіздік пен цифрлық құқықтар мәселелері қарастырылады. |
| **АҚШ** | 1. **History** (Тарих)<br>2. **Social Studies** (Қоғамтану) | Азаматтық жауапкершілік, төзімділік, мәдени көптүрлілік | 1. Тарих сабағында азаматтық қозғалыстар мен мәдени көптүрлілік | 1. Тарих сабағында 1960-жылдардағы азаматтық құқықтар қозғалысы зерттеледі. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 3. **Literature** (Әдебиет) | | зерттеледі.<br>2. Қоғамтану сабағында азаматтық белсенділік және демократиялық құндылықтарға назар аударылады.<br>3. Әдебиет мәдени көптүрлілікті әртүрлі авторлардың шығармалары арқылы түсінуге көмектеседі. | 2. Қоғамтану сабағында АҚШ-тағы азаматтық міндеттер мен жауапкершілік мәселелері қарастырылады. |
| **Жапония** | 1. **歴史** (Rekishi, Тарих)<br>2. **公民** (Kōmin, Қоғамтану) | Коллективизм, дәстүрлерге құрмет, гармония | 1. Тарих сабағы Жапонияның дәстүрлері мен мәдениетіне құрметті тәрбиелейді.<br>2. Қоғамтану сабағында қоғамдағы гармония мен коллективтік жауапкершілікке назар аударылады. | 1. Тарих сабағында Мэйдзи және Тайсё кезеңдерінің Жапон идентичностарын қалыптастырудағы рөлі зерттеледі.<br>2. Қоғамтану сабағында қоғамдық гармония мен коллективтік құндылықтар қарастырылады. |
| **Түркия** | 1. **Tarih** (Тарих)<br>2. **Hukuk** (Құқық)<br>3. **Edebiyat** (Әдебиет) | Патриотизм, дәстүрлерге құрмет, отбасылық құндылықтар | 1. Тарих сабағында ұлттық қаһармандар мен оқиғалардың Түркияның идентичностарын қалыптастырудағы рөлі акцентteледі.<br>2. Құқық сабағында отбасылық және қоғамдық өмірдегі дәстүрлер мен құндылықтар зерттеледі.<br>3. Әдебиет ұлттық мәдени дәстүрлерге құрметті тәрбиелейді. | 1. Тарих сабағында Осман империясы мен оның қазіргі Түркияның қалыптасуына әсері зерттеледі.<br>2. Құқық сабағында отбасылық заңнама мәселелері қарастырылады. |
| **Ресей** | 1. **История** (Тарих)<br>2. **Право** (Құқық)<br>3. **Обществознание** (Қоғамтану)<br>4. **Литература** (Әдебиет) | Патриотизм, ұлттық идентичность, азаматтық жауапкершілік | 1. Тарих сабағында маңызды оқиғалар мен патриотизм, ұлттық идентичностар қалыптастыруға назар аударылады.<br>2. Құқық сабағында азаматтық жауапкершілік пен құқықтық нормаларға түсінік беріледі.<br>3. Қоғамтану сабағында әлеуметтік әділеттілік және азаматтық қатысу мәселелері қарастырылады.<br>4. Әдебиет тарихи және мәдени мұраға | 1. Тарих сабағында Ұлы Отан соғысы мен патриотизмнің қалыптасуындағы рөлі зерттеледі.<br>2. Құқық сабағында РФ Конституциясы мен азаматтардың құқықтары қарастырылады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | құрметті қалыптастырады. | |
| **Қазақстан** | 1. **Қазақстан тарихы** (Тарих)<br>2. **Құқық** (Құқық)<br>3. **Әдебиет** (Әдебиет) | Патриотизм, мәдени мұраға құрмет, азаматтық белсенділік | 1. Тарих сабағында еліміздің дүниежүзілік тарихтағы рөлі мен ұлттық идентичность зерттеледі.<br>2. Құқық сабағында азаматтық жауапкершілік пен құқықтық нормаларға түсінік беріледі.<br>3. Әдебиет ұлттық мәдени дәстүрлер мен мұраға құрметті тәрбиелейді. | 1. Тарих курсында Ұлы дала кезеңі мен Қазақстанның дүниежүзілік тарихтағы рөлі зерттеледі.<br>2. Құқық сабағында құқықтық сауаттылық пен азаматтық жауапкершілік мәселелері қарастырылады. |

Гуманитарлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларына құндылықтарды кіріктіру әртүрлі елдердің тәжірибесін талдау әрбір білім беру жүйесінің білім алушыларда азаматтық және әлеуметтік бағдарларды қалыптастыруға өзіндік бірегей көзқарасы бар екенін көрсетеді. Финляндия инклюзивтілік пен теңдікке, Германия демократиялық құндылықтар мен адам құқықтарына баса назар аударады, Эстония цифрлық сауаттылық пен инновацияны оқу процесіне біріктіреді, ал АҚШ азаматтық жауапкершілік пен мәдени әртүрлілікке назар аударады. Жапонияда ұжымшылдық пен дәстүрлерді құрметтеу құндылықтары басым, Түркияда-патриотизм және отбасылық құндылықтар, ал Қазақстан сияқты посткеңестік елдер патриотизмге, адам құқықтары мен ұлттық бірегейлікке назар аударады. Тарих, әлеуметтік ғылымдар, құқық және әдебиет сияқты гуманитарлық пәндер тек академиялық білімді ғана емес, сонымен қатар білім алушыларға жеке және әлеуметтік, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға көмектесетін моральдық-этикалық белгілерді тәрбиелеуде шешуші рөл атқарады. Тарих пен құқықты зерделеу арқылы құқықтар мен міндеттерді түсіну, демократиялық процестерге қатысу және құқықтық нормаларды құрметтеу сияқты маңызды азаматтық дағдылар қалыптасады. Әдебиет, өз кезегінде, қоғам алдында тұрған Мәдениеттер мен адамгершілік мәселелердің алуан түрлілігін түсінуге ықпал етеді. Аталған елдердің тәжірибесі ұлттық дәстүрлер мен жаһандық сын-қатерлер арасындағы тепе-теңдікті құруға ұмтылатын посткеңестік мемлекеттерді қоса алғанда, білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру үшін бағдар бола алады.

Жапонияның білім беру жүйесінде білім алушылардың бойында қоғамдық жауапкершілік, тәртіптілік және өзара көмек сияқты құндылықтар мектептегі күнделікті міндеттер арқылы қалыптасады. Бұл тәжірибе білім алушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ұжымдық жұмысқа, моральдық тәрбиенің интеграциясына және жалпыұлттық құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді. Мұндай тәжірибелер білім алушылардың өзін-өзі басқаруға үйрету арқылы олардың әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық белсенділікке бейімделуін қамтамасыз етеді.

Норвегияның білім беру жүйесіндегі реформалар, соның ішінде «Кунскепслёфтет» бағдарламасы, білім алушылардың жан-жақты дамуына

бағытталған. Оқытудың тек теориялық мазмұнына емес, сонымен қатар шығармашылық, ынтымақтастық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға ерекше назар аударылған. Мұндай жаңашылдықтар білім беру үдерісінде құндылықтарды қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып табылады және білім алушылардың өмір бойы үйренуіне бейімделуіне жол ашады.

Австралия сияқты елдердің құндылықтарды білім беру жүйесіне ендіру тәжірибесі де ерекше маңызға ие. Бұл елде білім алушыларға өмірлік маңызды дағдыларды беру арқылы олардың моральдық тұрғыдан дамуына үлкен мән беріледі. Мектеп бағдарламасында құндылықтарды дамыту мақсатында білім алушылардың жеке қабілеттерін ескеру, шығармашылықты және дербес ойлауды ынталандыру негізгі қағидаттар ретінде енгізілген.

АҚШ білім беру жүйесі өзінің жан-жақтылығы мен инновациялық әдістерімен ерекшеленеді. Құндылықтарды қалыптастыруда АҚШ мектептері демократиялық принциптерге, азаматтық жауапкершілікке және жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамытуға үлкен назар аударады. АҚШ-тың тәжірибесі балаларға еркін ойлауды, сыни тұрғыдан шешім қабылдауды, толеранттылық пен инклюзивтікті үйрету арқылы білім алушыларды заманауи қоғамға бейімдеуге бағытталған. Әсіресе, азаматтық білім беру және этикалық шешімдер қабылдау маңызды орын алады. Бұл құндылықтар жастарды қоғамдағы белсенді азаматтар ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Финляндия білім беру жүйесі құндылықтарды оқытуда әлемдік деңгейдегі үлгі болып табылады. Финляндияда білім алушылардың академиялық біліммен қатар, әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды дамытуға ерекше мән беріледі. Мектептерде әр баланың өзіндік ерекшеліктерін ескеру, ынтымақтастыққа бейімдеу және өмір бойы білім алуға дайындық басты мақсаттардың бірі болып табылады. Финляндияның тәжірибесі арқылы білім беру үрдісінде сенім, өзара көмек және тұрақты даму қағидаттары арқылы жас ұрпақты өмірге дайындаудың маңыздылығы айқын көрінеді. Бұл білім беру жүйесі жаһандық өзгерістер мен сын-тегеуріндерге төтеп беру қабілетін дамытатын құрал ретінде танылды.

Түркия тәжірибесінде де құндылықтарға негізделген білім беру жүйесі маңызды рөл атқарады. Түрік мектептері жастарды ұлттық және мәдени құндылықтарды сақтау мен дамытуға бағыттап, сонымен қатар жаһандық құндылықтармен үйлестіріп оқытуға тырысады. Түркияның білім беру жүйесінде патриотизм, отансүйгіштік, ұлттық тарих пен дәстүрлерге құрмет тәрбиелеу басты бағыттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, жаһандық мәселелер мен заманауи әлемдегі азаматтық жауапкершілікке назар аудару Түркияның білім беру саясатының маңызды бөлігін құрайды.

Жоғарыда аталған елдердің білім беру жүйелеріндегі тәжірибелер құндылықтарға негізделген білім берудің маңыздылығын тағы бір рет дәлелдейді. Қазіргі жаһандық даму талаптары білім беру жүйесіне жаңа сын-тегеуріндер қойып отыр. Солардың бірі — білім беру мазмұнын жаһандық құндылықтармен үйлестіре отырып, әр елдің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалу. Сонымен қатар, білім алушыларды азаматтық жауапкершілікке, адамгершілікке тәрбиелеу арқылы олардың қоғамдағы рөлі мен орнына қатысты түсініктерін

кеңейту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Бұл әлемдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау үшін маңызды қадамдардың бірі. Халықаралық тәжірибелер білім беру жүйесінде оқу пәндері бойынша озық үлгілерді зерделеуде педагогтер үшін маңызды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей құндылықтар арқылы білім беру қазіргі заманның талаптарына толық жауап беретін білім беру жүйесін қалыптастырудың маңызды бөлігі болып отырғанын аңғарамыз. Құндылықтар арқылы пәнді оқыту тек академиялық білім берумен шектелмей, білім алушыны академиялық адалдық, талаптану, адамгершілік, қоғамдық жауапкершілік, еңбектену және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағыттау — XXI ғасырдағы білім беру міндеттерінің ең маңыздысы.

Халықаралық тәжірибелерді Қазақстандағы ұлттық құндылықтармен байланыстыру арқылы, біз елімізде ұлт болашағына жауап беретін және рухани-адамгершілік тұрғыдан еліне адал азаматтарды қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аудара аламыз. Қазақстанның білім беру жүйесінде ерекше мәнге ие Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап сияқты құндылықтар халықаралық тәжірибелермен үйлесе отырып, жастардың бойына терең рухани құндылықтарды сіңіруге бағытталған.

Ұлттық Мүдде — бұл еліміздің болашағы мен тұрақтылығына қызмет ететін негізгі құндылықтардың бірі. Әлемдік тәжірибелерді қарастыра отырып, Финляндия мен АҚШ білім беру жүйелерінде ұлттық мүдде халықтың бірлігі мен ынтымақтастығы арқылы білім алушылардың патриотизмін нығайтуға ерекше мән берілген. Қазақстандағы білім беру процесінде де ұлттық мүддені қолдау арқылы, ұлттық мәдениетті, тілді және тарихты сақтап, ұрпақты ел болашағы үшін жауапты тұлға ретінде қалыптастыру міндеті алға қойылады. Бұл ретте білім алушылардың ұлттық сана-сезімін арттыруға бағытталған іс-шаралар мен сабақтар арқылы ұлттық мүдде мен жаһандық өзгерістерге бейімделу қабілеттері қатар дамытылады.

Ар-Ұят — қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарының бірі. Бұл қасиет адамның моральдық жауапкершілігі мен адамгершілік сезіміне тікелей байланысты. Түркиядағы құндылықтарға негізделген білім беру тәжірибесі, әсіресе, отансүйгіштік, адалдық және өзара құрмет сияқты құндылықтарға баса назар аударуды үлгі етеді. Қазақстанда ар-ұят құндылығын жас ұрпақтың бойына сіңіру арқылы, елдің болашақ азаматтарын моральдық тазалық пен қоғам алдындағы жауапкершілікке баулу қажет. Мектеп бағдарламалары мен тәрбие жұмыстары ар-ұятты насихаттау арқылы әрбір білім алушыны адалдық пен әділдік жолында тәрбиелеуді көздейді.

Талап — бұл алға қойған мақсаттарға жетуге, өзін-өзі дамытуға және білімге деген құштарлықты білдіретін қазақтың ұлттық құндылығы. Финляндияның білім беру жүйесіндегі индивидуализмді, өзіне талап қоюшылықты дамытуға басымдық беру тәжірибесі Қазақстандағы талап құндылығымен үндеседі. Талап әрбір білім алушының бойында үздіксіз дамуға, өмір бойы оқуға ұмтылуды қалыптастырады. Мектептерде жастардың талапты, ізденімпаз тұлға болып қалыптасуы үшін білім беру жүйесінде білім

алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылықты ынталандыруға ерекше назар аударылуда.

Осылайша, халықаралық тәжірибелерді ұлттық құндылықтармен үйлестіре отырып, Қазақстанның білім беру жүйесі жаңа буын азаматтарын тек қана білімді етіп қана қоймай, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін де қалыптастыруды мақсат етеді. Бұл өз кезегінде жастардың елдің ұлттық мүддесіне қызмет етіп, ар-ұят пен талапты өмірлік ұстаным ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Еліміз Кеңес Одағының құрамында болған тәжірибеде білім беру жүйесі социалистік қоғамның идеологиясына сай келетін азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған болды. Бұл кезеңде мектептерде оқыту тек білім беру міндеттерін ғана емес, сонымен қатар коммунистік идеологияға сәйкес келетін құндылықтарды сіңіруді мақсат етті. Әсіресе, ұжымшылдық, патриотизм, интернационализм және еңбекке құрмет сияқты социалистік құндылықтар білім алушылардың бойына сіңірілді. Коммунистік партияның ықпалы өте күшті болғандықтан, білім беру саясаты мемлекет пен қоғамның идеологиясын қолдауға негізделді. Бұл жүйеде жеке тұлғаның мүддесінен ұжымның және мемлекеттің мүддесі жоғары қойылды, сонымен қатар азаматтарды қоғамдағы өз рөлін түсінуге және социалистік құрылысты нығайтуға тәрбиелеу маңызды болды. Мектеп бағдарламаларының мазмұны елдің жетістіктері, кеңестік идеологияның артықшылықтары және социалистік қоғамның құндылықтарын арқау етті. Социалистік кезеңдегі білім беру жүйесі қоғамның идеологиялық негізін қалыптастыруға бағытталса, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның білім беру жүйесі ұлттық мүдделерге сай, тәуелсіз елдің ұлтжанды азаматын тәрбиелеуге бет бұрды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1991 жылдан бастап білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер орын алды. Еліміз егемендігін жариялағаннан кейін, бұрынғы социалистік құндылықтардан бас тартып, ұлттық негіздегі білім беру саясатына көшті. Тәуелсіздік алғаннан кейіннен бері қабылданған бірқатар реформалар білім беру жүйесінде сапалы және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруды басты назарға қойды.

Елімізде білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында 1999 жылғы 7 маусымда Білім туралы заң (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000389_#z0) қабылданды.

Осылайша мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдармен қатар білім берудің өмірге келген ұлттық үлгісі, оқытудың дағдылы емес нысаны оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы жаңа технологияны пайдаланудың халықаралық оң тәжірибесіне барынша икемделе түсті. Инновациялық бағыттар бойынша тәжірибелер жүргізіліп, білім берудің барлық сатысы мен деңгейі бойынша бірнеше нұсқалы білім беру бағдарламалары енгізілді. [38]

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы құндылықтар – білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттарының жүйесін қалыптастырудағы

бағдарлар болып табылады. Оқу процесінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда базалық құндылықтар ретінде МЖМБС-ғы құндылықтар қолданылады. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар, олар қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық пен өмір бойы білім алу [39].

Білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады [40].

Қазақстанның білім беру жүйесінде қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндері мазмұнында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру маңызды рөл атқарады және бұл орта білім беру ұйымдарында оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламалы мазмұны арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Тіл және әдебиет саласы бойынша «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті» «Шетел тілі» пәндері арқылы құндылықтарды қалыптастыру маңызды орын алады. Білім алушылар қазақ әдебиетінің классикалық және заманауи шығармаларымен танысу барысында патриотизм, отансүйгіштік, ұлттық мәдениетке құрмет, адамгершілік және адалдық секілді құндылықтарды бойына сіңіреді. Әдеби шығармалар арқылы ұлттық тарих, мәдениет, дәстүрлер және рухани құндылықтар білім алушыларға жеткізіледі. Мысалы, Абайдың, М.Әуезовтің, Шәкәрімнің шығармалары арқылы елге, жерге деген махаббат, туған тіл мен дінге құрмет қалыптасады.

«Адам және қоғам» саласы бойынша «Дүниетану», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері арқылы білім алушылар ұлттық болмысқа терең үңілу мүмкіндігіне ие болады. Қазақстан тарихы пәні ұлттық бірегейлік, елдік пен егемендік құндылықтарын қалыптастырады. Білім алушылар мемлекеттің қалыптасу тарихын, маңызды тарихи оқиғаларды зерделеу арқылы елдің тарихи-мәдени мұрасымен танысып, тарихи тұлғалардың елге қызмет етуі арқылы патриоттық сезімдерін дамытады.

Елімізде білім берудегі құндылық мәселесі бүгінгі таңда көптеген зерттеушілердің әсіресе философтардың, әлеуметтанушылардың назарында. Атап айтқанда, «Жаһандану жағдайында рухани-адамгершілік құндылықтарды 37 жаңғырту» жобасы аясында профессор Г.К. Әбдіғалиева, Т.Х. Ғабитов, З.Н. Исмағанбетова және т.б. осы мәселені зерттеумен айналысты. «Қазақстандық мәдениеттің құндылық бағдарлары» атты монографиясында олар қазақ мәдениетінің қалыптасуындағы руханиадамгершілік құндылықтардың рөлін және олардың қазіргі қазақстандық мәдениеттегі құндылық басымдықтарды таңдауға әсерін зерттейді [41]. Қазақ мәдениетінің призмасы арқылы құндылықтық мәселесін зерттей отырып, авторлық ұжым «адамның қандай құндылықтарға ұмтылатынын түсіну адамның прогресіне ықпал етеді және екінші жағынан, қандай құндылықтардың үстемдік етуі оның пайда болуы мен жойылуына, кейбір дәстүрлі құндылықтарды қайта бағалау қажеттілігін сезінуге

қауіп төндіруі мүмкін екенін түсіну» және бұның бәрі халық пен оның мәдениетінің тағдырында рөл атқара алмайтынын атап көрсетеді. Қазақ мәдениетінің құндылықтары туралы айта отырып, ғалымдар қазақтардың ұжымшылдық, мейірімділік, шыншылдық, үлкендерді құрметтеу, діни төзімділік, толеранттылық және т.б. құндылықтарын атап көрсетеді. Авторлар бүгінде жаһандану мен даралану дәуірінде батыстық өмір салты үшін халықтың іргелі құндылықтарының құнсыздануына алып келетін қазақтардың адамгершілік мәдениетін былайша сақтауға болатынын айтады. Бұл, ең алдымен, ұлттық мәдениеттің құндылықтарын, оның бастауларын, әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, халықтың құндылықтарын анықтайтын дүниетанымын адамгершілікті қалыптастыру арқылы сақтау. «Ұлттық құндылықтардың жаңғыруы, - дейді ғалымдар, «рухани адамгершілікті жаңарту арқылы ғана әрбір жеке адамның адамгершілік қасиеттерінің негіздерін қалыптастыру мүмкін болады» [42].

Қазақстандық әлеуметтанушылар арасында құндылықтық мәселелері де айтарлықтай танымал. Бүгінде бұл жерде қазіргі жастардың еңбек және жұмыспен қамту туралы құндылық түсініктерін зерттеу тұрғысында жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыруды зерттеген профессор Г.С. Абдирайымова мен Н.У. Шеденова жүргізген қолданбалы зерттеулерді ерекше атап өтуге болады. Олар жүргізген зерттеу көрсеткендей, «қазіргі жастарда болып жатқан өзгерістердің өзіндік көзқарасы бар және олардың санасы мен құндылық бағдарларында қоғамда болып жатқан өзгерістердің маңызды процестері көрініс табады» [43]. Г.С. Абдирайымова, Н.У. Шеденова жастар санасында дәстүрлі мінезқұлық нормалары мен ережелерінің басымдығы бар екенін, оларға отбасы, достық, махаббат, денсаулық сияқты маңызды құндылықтар жат емес екенін атап өтті. Сонымен қатар, авторлардың айтуынша, нарықтық экономикасы дамыған қоғамдарға тән жаңа құндылықтар, мысалы, прагматизм, ұтымдылық, жоғары жетімділікке ұмтылу, өз күштеріне және жеке табыстарына бағдарлану және т.б. үлкен маңызға ие болады.

Демек, қоғамда болып жатқан құрылымдық жаңалықтар өмір сүру жағдайын сапалы өзгертеді, бұл ретте әртүрлі ұрпақтардың тәжірибесі өзінің өтпелі кезеңге тән құндылықтар, стандарттар, үлгі-өнеге топтамасын қалыптастырады. Мұның дәлелі әлеуметтік зерттеуге қатысушылардың көпшілігі қазіргі қазақстандық жастардың өз еліндегі аға ұрпақтардың тәжірибесін елемей, шетелдік өмір салтына бейімделетініне әртүрлі дәрежеде келісетінін көрсетті. Бұл қорытынды Г.С. Абдирайымованың жетекшілігімен жүргізілген бірқатар кейінгі зерттеулердің аясымен толықтырылды: «қазақстандық жастардың құндылық кеңістігі мынадай критерийлерді сипаттайды: ашықтық, күрделілік, көп деңгейлілік, интеграциялану және ішкі саралану. Жастардың құндылық бағдарлары қазақстандық қоғамның әлеуметтік жүйе ретіндегі өзгергіштігінде сындарлы рөл атқарады. Жастар өздеріне тән мәдениеті бар құндылыққа бағдарланған топ ретінде қазақстандық мәдениеттің қалыптасқаннан өзгеше идеалдары мен құндылықтарының жаңа жүйесін құруға

ықпал ететін инновациялық әлеуетті белгілі дәрежеде тасымалдаушы болып табылады» [44].

Құндылық мәселесі қазақстандық зерттеулері арасында Ф.Эберт атындағы қордың Қазақстандағы және Өзбекстандағы өкілдігінің аясында зерттеу тобы жүргізген «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік өлшемдегі құндылықтары» атты ауқымды зерттеу ерекше қызығушылық тудырды. Бұл зерттеудің өзектілігі Қазақстандағы биліктің транзитінен туындаған, қоғамның құндылықтық түрленуіне әкелген, атап айтқанда, құндылықтар иерархиясы мен уәждемелік нұсқамадағы бірегей тарихи ахуалмен айқындалады.

А.С. Ахметова мен Н.Р. Салихова жүргізген құндылық бағдарларды зерттеу болса, қазақтарда отбасылық құндылықтар - отбасылық дәстүрлерді сақтау, бақытты отбасылық өмірге табыну маңыздылығы жағынан белсенді қызметтік өмірден немесе қызықты жұмыстардан жоғары бағаланатынын көрсетті. Авторлар бұл құндылықтарда халықтың этникалық ерекшелігі айқын болады, оның отбасы, үлкендердің құрметі мен ізеті олардың мәдениетінде әрқашан ерекше орын алады деп есептейді [45].

Р.Каратабанов дәстүрлі қазақ тәрбиесі мен білім беру жүйесін ажырамас процесс ретінде қарастырыады. Автор «бала өсіру» ұғымын талдай отырып, өмірге қажетті дағдыларды үйрету моральдық және әлеуметтік құндылықтарды тәрбиелеумен қатар жүргізілгенін көрсетеді. Дәстүрлі жүйеде түлектің атрибуттарының мысалы ретінде отбасылық және ру қажеттіліктеріне байланысты балаларға тәрбиеленген қасиеттер келтіріледі. Каратабанов фольклордан мысалдар келтіре отырып, қазақ қоғамы тұлғаның негізгі атрибуттарын – ептілік, төзімділік және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді олардың әлеуметтік рөлдеріне сәйкес қалай айқындағанын көрсетеді. Автор сондай-ақ заманауи білім беру тәсілдеріне тоқталып, қазіргі жағдайларда тұлға қалыптастыруда бұл дәстүрлі құндылықтарды ескеру қажеттігін атап өтеді. [46]

Р.Каратабанов «Этнопедагогика құндылықтарын заманауи біліммен интеграциялау» атты мақаласында қазақ халқының этнопедагогикалық құндылықтары мен заманауи білім беру бағдарламаларының өзара байланысы қарастырылады. Туған жер, ел, халық, ана тіл, бостандық, әл-ауқат, демократия және бейбітшілік сияқты негізгі терминалдық құндылықтар ұлттық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастыруға әсер ету тұрғысынан талданады. Автор бұл құндылықтарды білім беру мақсаттары мен оқу нәтижелеріне интеграциялау үшін оларды педагогикалық тәжірибеде конструктивті келісу арқылы енгізуді ұсынады. Мақалада түлектің атрибуттарын қалыптастыруға ерекше назар аударылады, оның ішінде ұлттық бірегейлік, мәдени мұраны ілгерілету және белсенді азаматтық ұстаным бар. Сондай-ақ, этнопедагогика мен заманауи білім талаптары арасындағы үйлесімділікке қол жеткізу үшін нарративтер мен этникалық әлеуметтік практикаларды пайдаланудың маңыздылығы атап өтіледі.

Мәселе – осы құндылықтарды білім беру жүйесінде қарапайым ұрандар мен формальды іс-шараларға айналдырмай, оларды қалай іс жүзінде жүзеге асыруда. Жауап – конструктивистік тәсілді қолдануда, ол этнопедагогика құндылықтарын топтарға біріктіріп, оларды білім беру мекемелерінің

түлектерінің атрибуттарында нақтылауды ұсынады. Түлек атрибуттары – бұл білім алушы немесе студент білім беру және оқу ортасымен өзара әрекеттесу барысында меңгеруі тиіс білімдер, дағдылар мен құзыреттер.

Осы тұрғыда этнопедагогиканың терминалдық құндылықтарын келесі формулаларға біріктіруге болады:

**«Ұлттық мүдде»**: тәуелсіздік, егемендік, тұтастық, бірлік, Қазақстан халқының әл-ауқаты, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту;

**«Ұлттық мирас»**: табиғи және мәдени мұра, ұлы тұлғалардың өсиеттері;

**«Қоғамға қызмет ету»** (әлеуметтік практикалар).

Ұсынылған құндылықтар келесі түлектің атрибуттарында нақтылануы мүмкін:

«Ұлттық бірегейлік» атрибуты – Қазақстан мемлекеті мен оның халқымен ортақтық пен бірлікті сезіне білу қабілеті, оның мәдениетіне, рухани мұрасына, тарихи жадына құрметпен қарау.

«Қазақстанның ұлттық мұрасын ілгерілету» атрибуты – табиғи және мәдени мұраны, ел үшін ерекше рөл атқарған тұлғалардың идеяларын насихаттаумен және ілгерілетумен мақсатты түрде айналысу қабілеті.

«Белсенді азаматтық ұстаным» атрибуты – Қазақстанның ұлттық мүдделерін көрсететін жеке, қоғамдық және жаһандық әл-ауқатты ілгерілету үшін әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қабылданған тәсілдерді қолдану қабілеті.

«Мәдениетаралық құзыреттілік» атрибуты – жаһандық және жергілікті жағдайларда әртүрлі мәдени және жергілікті көзқарастармен өзара әрекеттесу қабілеті [47] .

Атрибуттар білім алушы үшін операциялық сипатқа ие. Оларды растау үшін білім алушы осы атрибуттарды іс жүзінде көрсетуі керек. Бұл – құндылықтарды әрекет арқылы жеткізудің және әрекетте көрінетін құндылықтардың тамаша тәсілі.

Ұлттық терминалдық құндылықтарды жүзеге асыру және атрибуттарды қалыптастыру механизмдері конструктивті келісу педагогикасына (Constructive alignment) негізделеді. Бұл тәсілге сәйкес, этнопедагогика құндылықтарына негізделген түлектің атрибуттары міндетті түрде білім беру бағдарламаларында, үлгілік оқу жоспарларында (пәндер каталогында), білім беру контентінде (оқулықтар, медиаресурстар және т.б.), белсенді тапсырмаларда (білім алушылардың ойлау қызметін белсенді ететін тапсырмаларда), оқыту мен оқытудың әдістерінде, оқу қызметін ұйымдастыру тәсілдерінде, бағалауда, сондай-ақ сыныптан тыс іс-шараларда көрініс табуы тиіс. [47]

Қазақ халқының терминалдық құндылықтары жалпыәлемдік құндылықтармен үйлесімді түрде сәйкес келеді. Оларды сіңіру үшін педагогиканың конструктивті келісу құралдарын толыққанды қолдану қажет: ұлттық құндылықтарды білім беру құндылықтарына айналдыру, олардың негізінде қазақстандық білім алушы/студенттің атрибуттарын әзірлеу. Бұл атрибуттарды оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелерде барлық пәндер аясында, тиісті контекстер мен үйлесімдерде нақтылау керек. Білім беру контентінің авторлары осыған сәйкес нарративтер мен тапсырмалар құрады.

Мектеп оқыту мен оқытудың әдістері, сыныптан тыс іс-шаралар жүйесі арқылы күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді. Мектептің тәрбие жұмысы да білім беру құндылықтары мен атрибуттарын сіңіруге бағытталуы тиіс. Мұндай тәсіл дәстүрлі тәрбиелеу формаларынан әлдеқайда тиімді екенін әлемнің үздік тәжірибелері бірнеше рет дәлелдеген.

Құндылықтарды оқу пәндерінің мазмұнына интеграциялау қазіргі білім беру жүйесінде табысты жұмыс істеуі үшін қажетті кешенді құзыреттерді дамытуға бағытталған стратегиялық тәсілді білдіреді. Бұл тәсіл Қазақстанда Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) мазмұнында көрсетілген базалық құндылықтармен, сондай-ақ Президент Қ. Тоқаевтың «Ұлттық құрылтайда» ұсынған ұлттық құндылықтармен және елімізде 2023-2024 оқу жылында енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы ұлттық құндылықтармен тығыз байланысты.

2023-2024 оқу жылында енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтар және биылғы оқу жылында осы бағдарламадағы жаңартылған құндылықтар тек тәрбие жұмыстары арқылы, сонымен қатар оқу пәндерінен оқу бағдарламалары мазмұны арқылы да білім алушыларға жеткізіледі. Осылайша, оқу пәндеріне ұлттық құндылықтарды интеграциялау арқылы білім аушыларының бойында қазіргі қоғамда табысты болу үшін қажетті құзыреттіліктер мен Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап құндылықтарды дамыту жүзеге асырылады. [50]

А. Ш. Танирбергенова және басқалар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктері» мақаласында «...Құндылыққа бағдарланған құзыреттілік тәсілдер негізінде білім алушының жеке басын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсаттар мен қағидаларды айқындайды. Олар білім алушылардың қазіргі қоғамда табысты өмір сүруі үшін қажетті дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ете отырып, оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды біріктіруге бағытталған». Авторлар Құзыреттілік тәсілдемені іске асыру шеңберінде негізгі құндылықтарды тәрбиелеу барысында білім алушыларда түлектердің моделін айқындайтын негізгі құзыреттер дамуы тиіс деп санайды. Бағдарламада көзделген құзыретте сипаттамасына тоқтала отырып, ұлттық мүдде – бұл, Отанының дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуды білдіреді» деп атап көрсетілген [51. 7-8].

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбие құндылықтары Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап арқылы білім алушылар ата-анасына құрметпен қарайды, ұлттық құндылықтарды бағалайды және мемлекет тәуелсіздігін қорғауды борышым деп санайды; сонымен қатар, жауапкершілікпен, әдептілікпен және еңбек сүйгіштікпен өмір сүреді, қоршаған орта мен табиғатқа қамқорлық танытады. Енді осы бағдарламадағы Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап құндылықтарына тоқталатын болса, төмендегі суретте осы құндылықтар мен күтілетін нәтижелерді берілген [50].




Сурет 1. Тәрбие құндылықтары

Адамды игілік пен ізгілікке баулып, адами құндылықтармен тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеті. Қазіргі уақытта жасампаз ұрпақтың дәуірі, ұлттық құндылықтармен сусындаған жас ұрпақтың болашағы зор. Ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді қасиеттері бар жас азаматтарды тәрбиелеу еліміздің өркендеуіне ықпал етеді. Сондықтан, халықты, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын білімді, адал ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят және Талап сияқты ұлттық құндылықтар оқу-тәрбие процесінде біртұтас қарастырылып, білім алушыларды адамгершілік, патриотизм, және жауапкершілікке тәрбиелейді. Бұл құндылықтардың қоғамда алатын орны, жастардың санасында өзара келісім мен бірлікті, сондай-ақ ұлттық рухты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді

оқыту барысында осы құндылықтарды білім мазмұнына кіріктіру – қоғамымыздың мәдени және моральдық негіздерін нығайтуда үлкен ықпалын тигізеді, бұл арқылы ұрпақтың азаматтық қасиеттері мен қоғамдық жауапкершілігін дамытуға негіз болады. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер арқылы жастарға ұлттық құндылықтарды таныстыру, олардың бойында тарихи сана, мәдениет және дәстүрлерімізді құрметтеу қажеттілігін қалыптастыру – мемлекетіміздің тұрақты дамуы үшін қажет. Ендеше білім алушылардың ұлттық құндылықтарды игеруі, туған тіл мен ұлттық мәдениетке деген мақтаныш сезімін нығайтуы, келешекте мемлекет мүддесін қорғауда маңызды рөл атқарады.

Жалпы орта білім беру ұйымдарында «Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірлеу жұмысы шеңберінде республиканың өңірлерінен пән мұғалімдері арасында білім алушыларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру практикасы мен әдістерін зерделеуге бағытталған сауалнама жүргізілді. Сауалнама 17 облыс және 3 республикалық маңызы бар қалада, Gogle Forms форматында, анонимді түрде өтті. Барлық өңір бойынша сауалнамаға 8065 респондент қатысты. Нәтижелер көрсеткендей, белсенділік деңгейі өңірлер арасында әртүрлі болды. Мәселен, Жамбыл облысынан қатысушылардың үлесі 35,9%-ды құраса, сауалнамаға ең төмен белсенділік танытқан Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш тек 1,1%-ды құрады. Бұл көрсеткіштер ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жөніндегі мәселеге қызығушылықтың аймақтық ерекшеліктерін көрсетеді.




Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің еңбек өтіліне назар аударар болсақ, 20 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдердің саны 3141 (39,5%) болса, 16-20 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер 1159 (14,6%) құрайды. 10-15 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер 1283 (16,1%) болса, 6-9 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер 921 (11,6%) және 1-5 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер 1127 (14,2%) көрсеткішке ие. Ал, еңбек өтілі 1 жылдан аз мұғалімдер 316 (4%) болды. Көріп отырғанымыздай, еңбек өтілі жоғары мұғалімдер белсенділік танытып, ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктірудің маңыздылығын ерекше атап өткен. 20 жылдан астам еңбек өтілі бар тәжірибелі мұғалімдер болса білім беру мазмұнына ұлттық құндылықтарды енгізудің қажеттілігін айқындап берді. Бұл тәжірибелі

мамандардың пікірлері, жас мұғалімдер үшін де, жалпы білім беру жүйесі үшін де маңызды болып табылады.

Педагогтердің жұмыс өтілі




Сауалнамаға қатысқан респонденттердің барлығы қоғамдық-гуманитарлық пән мұғалімдері болғандықтан, олардың жауаптары білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын түсіну мен тәжірибелік әдістерін анықтау үшін маңызды ақпарат береді.

Тарих пәндерінің мұғалімдерін қосқанда, сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің саны 1577-ні құрап, 24,7% көрсетті. Ал, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері сауалнамада ең жоғары белсенділік танытқан, бұл олардың ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.




Сауалнама нәтижелері білім беру мазмұнына ұлттық құндылықтарды кіріктірудің маңыздылығына қатысты респонденттердің көзқарасын айқын көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, респонденттердің 90,2% ұлттық құндылықтарды кіріктіруды маңызды деп бағалаған, бұл білім беру жүйесінің осы аспектісіне ерекше көңіл бөлінуі қажет екенін көрсетеді.

Дегенмен, сауалнаманың екі респонденті (1%) жауап беруге қиналды, бұл, мүмкін, олардың бұл мәселе бойынша нақты көзқарастарының болмауымен байланысты. Жалпы алғанда, респонденттердің жартысынан көбі білім беру мазмұнына ұлттық құндылықтарды кіріктірудің маңызды екенін растай отырып, қоғамның рухани, мәдени және әлеуметтік дамуы үшін бұл аспектінің

қажеттілігін түсінеді. Мұндай көзқарас ұлттық бірегейлікті сақтау, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу және олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мақсатында маңызды болып табылады. Нәтижесін төмендегі суреттен көруге болады.




Оқу процесіне ұлттық құндылықтарды кіріктіру үшін мұғалімдердің таңдаған тәсілдері мен ұсыныстары сауалнама нәтижесінде келесідей бөлінген:




Ұлттық құндылықтарды қолданыстағы пән мазмұнында кіріктіру: 3146 респондент (39,5%) бұл тәсілді ең тиімді деп санайды. Бұл, ұлттық құндылықтарды мектеп бағдарламаларына интеграциялаудың негізгі әдісі ретінде қарастырылуда.

Оқыту мақсаттарында кіріктіру: 2027 респондент (25,5%) ұлттық құндылықтарды оқыту мақсаттарында кіріктіруді қолдайды. Бұл тәсіл білім алушылардың құндылықтарды түсініп, бағалауына ықпал етеді.

Арнайы курстар немесе сабақ жоспарын құру: 1577 респондент (19,8%) ұлттық құндылықтарға арналған арнайы курстарды немесе сабақ жоспарларын әзірлеуді қажет деп санайды. Бұл тәсіл ұлттық құндылықтарды тереңірек зерттеу үшін тиімді болуы мүмкін.

Пәнаралық жобалар: 1123 респондент (14,1%) ұлттық бірегейлік пен құндылықтарға негізделген пәнаралық жобаларды қолдады. Бұл тәсіл білім алушылардың көпқырлы білім алуына көмектеседі.

Кейбір респонденттердің ерекше пікірлеріне тоқталатын болсақ, мұғалімдердің арасында түрлі ұсыныстар мен көзқарастар байқалады. Мысалы, ұлттық құндылықтарды оқыту үшін факультатив ретінде енгізуді, арнайы пәндер аясында ұйымдастыруды, немесе іс-шаралар мен экскурсияларды қаржыландыруды ұсынғандар бар.

Осы сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ұлттық құндылықтарды оқу процесіне кіріктіруде мұғалімдердің көзқарастары әртүрлі, бірақ негізгі акцент қолданыстағы пән мазмұнын байытуға, оқыту мақсаттарында интеграциялауға және арнайы курстар дайындауға қойылған. Ұлттық құндылықтарды мектеп бағдарламаларына кіріктіру үшін интеграциялық әдістер мен шығармашылық тәсілдер қажет, бұл білім алушылардың ұлттық мәдениет пен құндылықтарды түсінуіне және бағалауына ықпал етеді.




Ұлттық құндылықтарды оқу процесіне кіріктіру үшін қажетті ресурстарды анықтау мақсатында мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі (59,6%) әзірленген әдістемелік құралдар мен оқу материалдарының маңызды екендігін атап өткен. Бұл, әсіресе, ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде енгізу үшін қажеттілікті көрсетеді. Сондай-ақ, мультимедиялық және интерактивті ресурстарға қол жеткізу қажеттігін білдірген мұғалімдер саны 49,1%-ды құрайды. Мұндай ресурстар оқу процесін тиімді әрі қызықты етуге, білім алушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Педагогтер үшін оқыту семинарлары мен біліктілігін арттыру курстарының қажеттілігіне қатысты 30,3% респонденттің пікірі бұл саладағы мамандардың біліктілігін арттыру, жаңа әдіс-тәсілдермен таныстыру және ұлттық құндылықтарды оқытуда үздік тәжірибелерді меңгеру үшін маңызды екенін көрсетеді. Сондай-ақ, респонденттер осы қойылған сұрақ бойынша өз пікірлерін де қалдырған, мысалы ағылшын тілі мұғалімдері әдістемелік құралдардың ауыл мен қала мектептеріне бірдей деңгейде қамтамасыз ету маңызды деп санайды. Респондент ұлттық мәдениетке қатысты терминдердің дұрыс аударылуына назар аударады. Кәсіби емес, бірақ ұлттық мәдениетті жақсы меңгерген адамдардың аударма жасауы, ұлттық құндылықтарды түсіндіруде маңызды рөл атқаратындығын атап өтеді. Жалпы, ұлттық құндылықтарды білім мазмұнына енгізу үшін арнайы әдістемелік құралдар мен оқу материалдарын дайындау қажеттілігі айқындалып, мұғалімдердің сауалнамасы білім беру саласындағы осы бағыттың маңыздылығын көрсетеді.




Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 26,5%-ы сабақ барысында ұлттық құндылықтарды үнемі, 43,1%-ы жиі, 25,8%-ы кейде қолданатынын білдірген. Тек 4%-ы сирек қолданса, 0,5%-ы мүлдем қолданбайтындарын айтқан. Зерттеу нәтижелері респонденттердің көпшілігі, яғни 69,6%-ы (және бұл өте жоғары көрсеткіш) сабақта ұлттық құндылықтарды не жиі, не үнемі пайдаланатынын көрсетеді. Алайда, 0,5%-дық «қолданбаймын» деген жауаптар ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізудің өзектілігін көрсетеді.




Суреттегі диаграмма Оқу мақсатына ұлттық құндылықтарды кіріктіру үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша сауалнама нәтижелерін көрсетеді. Графиктен көріп тұрғандай, респонденттердің 50%-ы ұлттық мерекелерге арналған оқу сабақтары мен іс-шараларды өткізу қажет деп санаса, 43%-ы тақырыптық жоспарға ұлттық құндылықтарды енгізуді қолдаған. 37,4%-ы ұлттық мұраны бейнелейтін көрнекі материалдарды қолданудың маңыздылығын көрсеткен. Оқу экскурсиялары мен мәдени іс-шараларды ұйымдастыруды маңызды деп санаған респонденттер – 14,5%, ал ғылыми жобаларды әзірлеу және орындау – 8,5% ғана қолдау тапқан. Оқу мазмұнын құру үшін мәдени және білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты 6,6% қолдаған. Ұлттық құндылықтарға арналған тапсырмалар мен жобаларды құруды маңызды деп санағандар – 17,6%, ал дебаттар мен пікірсайыстарды қолдағандар – 13,9%.

Бұл деректер ұлттық құндылықтарды оқу процесіне кіріктіру бойынша әртүрлі тәсілдерге мұғалімдердің қызығушылығы мен қолдауының деңгейін көрсетеді.




Келесі диаграммада ұлттық құндылықтарға негізделген білім берудің заманауи әдіс-тәсілдерінің тиімділігіне респонденттердің бағасы көрсетілген. Нәтижелер келесідей:

30,9% респонденттер бұл әдістерді өте тиімді деп санайды.

49,6% тиімді деп бағалаған.

15,6% әдістерді орташа тиімді деп санайды.

2% респонденттер әдістерді тиімсіз деп бағалаған. 1% жауап беруге қиналған. Бұл нәтижелерден респонденттердің көпшілігі ұлттық құндылықтарға негізделген әдістерді тиімді деп санайтынын көруге болады.

Респонденттер ұлттық құндылықтарды оқу процесіне кіріктіруді жақсартуға арналған қосымша шаралар бойынша келесідей жауаптар берген:

| | |
|---|---|
| Ұлттық құндылықтардың ортақ стандарттарын әзірлеу – 3857 (48,4%) | Бұл педагогикалық процесте ұлттық құндылықтарды біріздендірудің қажеттілігін көрсетеді. Ұлттық құндылықтардың орталықтандырылған ресурстары мен материалдарын әзірлеу арқылы мұғалімдер ұлттық құндылықтарды сабақтарында тұрақты түрде қолдану үшін бағыт-бағдар ала алады. Бұл білім алушылар бойында ұлттық сананы қалыптастырудың жалпы ережелеріне сүйене отырып, тиімді нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. |
| Педагогтердің біліктілігін арттыру – 2533 (31,8%) | Мұғалімдердің біліктілігін көтеру ұлттық құндылықтарды оқыту барысында әдістемелік тұрғыдан аса маңызды. Респонденттердің бұл жауапты таңдауы педагогтердің қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді меңгеруінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Педагогтер ұлттық құндылықтарды тиімді түрде үйрету үшін арнайы курстар, семинарлар мен тренингтер арқылы жаңашыл тәсілдермен қаруланұы керек. Сондай-ақ, тәжірибе алмасу арқылы тиімді әдістемелік тәсілдерді кеңейту мүмкіндігі пайда болады. |
| Мәдени және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру – 2077 (26,1%) | Респонденттер бұл жауап арқылы мектепте өткізілетін іс-шаралардың ұлттық құндылықтарды енгізуде маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр. Білім алушылар шыларды музейлерге, театрларға, ұлттық мәдениетке қатысты мекемелерге экскурсиялар ұйымдастыру немесе мектеп ішінде мәдени іс-шаралар өткізу арқылы білім алушылар ұлттық мұрамен тікелей байланыста болады. Әдістемелік тұрғыдан бұл іс-шаралар оқытылатын пәндермен байланысты болуы керек және нақты білім беру мақсаттарына жетуге көмектесуі тиіс. |
| Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу – 2063 (25,9%) | Респонденттердің бұл жауабы әдістемелік құралдардың жетіспеушілігін көрсетеді. Оқыту процесінде мұғалімдерге бағыт-бағдар беретін әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу маңызды. Әдістемелік ұсынымдар ұлттық құндылықтарды кіріктірудің тиімді жолдарын, тапсырмалар мен бағалау |

| | |
|---|---|
| | әдістерін көрсетеді. Бұл материалдар ұлттық құндылықтарды оқыту процесінде әрбір мұғалімнің қолдана алатын құралдары болуы тиіс. Бұл жауап осы жазылып отырған әдістемелік ұсынымдаманың да өзектілігін көрсетеді. |
| Элективті курстарды әзірлеу – 1289 (16,2%) | Респонденттердің бұл жауаптары арнайы элективті курстарды әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Элективті курстар білім алушыларға ұлттық құндылықтарды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай курстар бағдарламаларға қосымша ретінде ұсынылуы мүмкін, бірақ олар ұлттық құндылықтар туралы кеңейтілген білім беруге бағытталуы керек. Әдістемелік тұрғыдан элективті курстардың мазмұны терендетілген түрде жоспарланып, қосымша ресурстармен қамтылуы қажет. |
| Мультимедиялық және интерактивті ресурстарды пайдалану – 2005 (25,2%) | Бұл жауап қазіргі заманғы цифрлық технологияларды қолданудың маңызды екенін көрсетеді. Мультимедиялық құралдар мен интерактивті ресурстар білім алушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды үйретуде көрнекілікке сүйенуді күшейтеді. Әдістемелік тұрғыдан мультимедиялық құралдар сабаққа ұлттық мұра элементтерін енгізуге және білім алушылардың интерактивті қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. |
| Мәдени іс-шаралар мен жобаларды өткізу – 1984 (24,9%) | Мәдени іс-шаралар мен жобалар білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дамытуға ықпал етеді. Бұл жауап арқылы респонденттер осындай шаралардың білім алушылардың белсенділігін арттырудағы рөлін атап өтуде. Әдістемелік тұрғыдан бұл жобалар білім алушылардың қызығушылығын тудырып, топтық жұмыс, шығармашылық және практикалық тапсырмалар арқылы жүзеге асуы мүмкін. |




Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің 70,2%-ы ұлттық құндылықтарды оқу процесіне енгізу бойынша қосымша семинарлар мен тренингтерге қатысуға ниетті. Ал, 25,3%-ы мүмкін деп қарастырса, тек 4,4%-ы ғана қатысуға дайын емес екенін атап өткен. Бұл педагогтердің кәсіби дамуына деген қызығушылықтарын көрсетіп, оларды қолдау үшін тәжірибелік семинарлар мен тренингтер ұйымдастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы сауалнама нәтижелері ұлттық құндылықтарды оқу процесіне енгізу мәселесінің педагогтар үшін өзекті екенін айқындайды. Респонденттердің басым бөлігі ұлттық құндылықтарды сабақ барысында үнемі немесе жиі қолданатынын

білдіріп, сонымен қатар қосымша семинарлар мен тренингтерге қатысуға дайын екендіктерін көрсеткен. Бұл білім беру мазмұнын жаңғырту мен ұлттық құндылықтарды дамыту үшін педагогикалық қолдауды күшейту қажеттілігін ұсынады. Ұлттық мерекелер мен тақырыптық жоспарларды интеграциялау, көрнекі материалдарды қолдану және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру ұсыныстары білім беру үдерісін байытуға септігін тигізеді.

Гуманитарлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларына құндылықтарды кіріктіру әртүрлі елдердің тәжірибесін талдау әрбір білім беру жүйесінің білім алушыларда азаматтық және әлеуметтік бағдарларды қалыптастыруға өзіндік бірегей көзқарасы бар екенін көрсетеді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда құндылықтарды қалыптастыру қазіргі жаһандық даму талаптарына сай маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әлем елдерінің білім беру жүйелеріндегі озық үлгілерінен алынған тәжірибе бұл процестің үздіксіз, жан-жақты және шығармашылық тұрғыдан іске асуының маңыздылығын көрсетеді.

# 2 ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың келесі қабілеттері дамуы тиіс: Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығы, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын құрметтеу, әлеуметтік жауапкершілік, мемлекеттік тілді меңгеруге ынталану, Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттік алуан түрлілігін құрметтеу және басқалары [2]. Қазіргі әлемнің құндылық бейнесін түсіну қоғамдық-гуманитарлық білім берудің әлеуетін анықтайды. Гуманитарлық пәнді білу білім алушының санасында қоғамдағы өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін белгілі бір құндылықтар жүйесінің қалыптасуын анықтайды. Осыған байланысты гуманитарлық білім тәрбиеден тыс берілуі мүмкін емес [52,78]. Қоғамдық гуманитарлық бағыт пәндері аясында Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда білім алушылардың талдау, зерттеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, функционалдық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді іске асыру да маңызды болып табылады. Сондықтан оқу пәндері бойынша оқытудың әдістері мен тәсілдері педагог ұсынған әр түрлі оқыту әрекеттері арқылы білім алушылардың ақпаратты өздігінен табу, әр түрлі кезеңдегі тарихи оқиғаларды, әдеби шығармаларды, құқықтық жағдаяттар мен процестерді талдау, түсіндіру және дәйекті баға беруге негізделген.

Әдістемелік ұсынымнамада қоғамдық гуманитарлық бағыт пәндері мазмұны арқылы білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға басымдық берілген. Пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері нақты мысалдармен беріледі. Сонымен қатар, білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар және пән бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар («Мен және менің ортам» бөлімі бойынша)*

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе алатын жолды анықтау.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықтарды көтеру және сақтау мәселесіне ерекше назар аударады. Оның айтуынша, ұлттық құндылықтар — халықтың рухани байлығы, мәдениеті мен дәстүрлерінің негізі. Президент

ұлттық бірлік, патриотизм және жастарды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтардың маңызы зор екенін атап көрсетеді. Ол сондай-ақ, жастардың тарихи санасын қалыптастыру, ата-бабалар мұрасын сақтау арқылы елдің болашағын қамтамасыз ету керектігін айтқан. П.ғ.д., профессор К.Н. Булатбаеваның оқытудың функционалды-коммуникативтік технологиясы бойынша қажетті тілдік, сөйлеу, коммуникативті дағдылардың, ұлттық құндылықтардың жүйелі қалыптасуына ықпал етеді.

«Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» пәні бойынша әдістемелік ұсынымдар негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында белгіленген базалық құндылықтар негізінде әзірленді. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты- «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» пәні бойынша құндылыққа бағдарланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың білімін кеңейту және өмірде білімді қолдану негізінде жеке көзқарасты қалыптастыру.

«Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» оқу пәні білім алушылардың ұлттық санасы мен мәдениетін арттырудың тиімді құралы болып табылады. Білім алушылардың құндылыққа деген оң көзқарасын қалыптастыру нақты мысалдарда қоғамдық процестерді реттеудегі құқықтық нормалардың маңыздылығын көрсететін білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырылады.

Осы Әдістемелік ұсынымдардың негізгі міндеті-құндылыққа бағытталған тапсырмалар негізінде Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімді қалыптастыру.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында азаматтық, қазақстандық патриотизм, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу, ынтымақтастық сияқты құндылықтарды бойына сіңіру ұсынылады. Мысалдар мен тапсырмаларда сабақтың тақырыбына қатысты ұлттық көркем шығармалар мен фольклордан үзінділер қолданылуы керек. Әсіресе отбасылық құндылық, қазақтың салт-дәстүрлері, әдеттегі құқығының бірегейлігі мен адамгершілігінің дәлелі ретінде тарихи тұлғалардың тарихи мысалдары мен мәлімдемелерін келтіру ұсынылады.

***Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар***

<table>
<tr><th>Сынып, пән атауы Бөлім, шағын тақырып тары</th><th>Құндылық тар</th><th>Міндеттері</th><th>Әдіс-тәсілдер</th></tr>
<tr><td>5 сынып Қазақ тілі мен әдебиеті</td><td>Жағымды, жағымсыз қасиеттер. Адамгершілі к қасиеттер. Ұлттық мұра.</td><td>1. Тұлға және ұлттық ерекшеліктер: Білім алушыларға қазақ халқының ұлттық киімдері, бет-бейнесі, және</td><td>1.Қазақтың ұлттық киімдері мен олардың символикасы туралы презентация жасау.<table><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr></table></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>«Жеке портрет» Бас мүшелері.<br>Туу куәлігі.<br>Жағымды, жағымсыз қасиеттер.</td>
<td>Азаматтық құқықтар.<br>Өз отанын сүю.<br>Азаматтық борыш.</td>
<td>басқа да ерекшеліктері туралы мәлімет беру.<br>2.Білім алушыларға өздерінің немесе жақындарының портретін сипаттау барысында қазақ тіліндегі әдеби тіл мен стильді қолдануды үйрету.<br>2. Дене мүшелерінің (бас, қол, аяқ) қызметін түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау.<br>3.Қазақ мәдениетіндегі денсаулық сақтау тәсілдері мен дәстүрлерін (мысалы, халық медицинасын) үйрету.<br>4. Туу куәлігі және ұлттық идентификация: Білім алушыларға туу куәлігінің адам өміріндегі маңызы, ұлттық мұра және азаматтық құқықтар туралы түсіндіру.<br>5.Қазақ отбасындағы туыстық қатынастарды, атап айтқанда, "ата", "әже", "ана", "әкеге" деген құрметті сөздерді дәріптеу.<br>6.Туу куәлігінің адам</td>
<td>
<table>
<tr><td>Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлерін атайды. Ерлер, әйелдер киімдерін жіктейді.<br>Ұлттық киімге презентация жасайды.</td><td>1. Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлерін айтады.<br>2.Ерлер мен әйелдер киімдерін ажыратады.<br>3.Ұлттық киімге презентация жасайды.</td></tr>
</table>
2.Ұлттық салт-дәстүрлер: Портрет жасау барысында қазақтың тарихи тұлғаларын (Абай, Құрманғазы, Бауыржан Момышұлы) үлгі ретінде пайдалану, олардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Қазақтың тарихи тұлғаларының өмірі мен шығармашылығы туралы хабарлама жинайды.<br>Тірек-сызба бойынша әңгімелейді.</td><td>1. Қазақтың тарихи тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына тірек-сызба құрастырады.<br>2.Олардың шығармаларынан ұлттық салт-дәстүрлер туралы мысалдар келтіреді, теріп жазады.<br>3.Тірек-сызба бойынша сөйлейді.</td></tr>
</table>
4. Қазақта "Денсаулық – зор байлық" деген мақал бар. Білім алушыларға дене мүшелерінің маңыздылығы, денсаулық сақтау дәстүрлері, спорттың рөлі туралы айту.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Тақырып бойынша салауатты өмір салтын сақтау туралы айтады.<br>Мақал-мәтел қолданады.<br>Спорттың маңыздылығы туралы әңгімелейді.</td><td>1. Салауатты өмір салтын сақтау туралы сұрақтар құрастырады.<br>2.Диалогқа түседі.<br>3.Диалогта мақал-мәтел қолданады.<br>4.Спорттың маңыздылығы туралы жазады.</td></tr>
</table>
5. Қазақ әдебиетіндегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді (мысалы, "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" шығармасындағы кейіпкерлер) талдау.<br>
6."Жақсы сөз – жарым ырыс" және жағымсыз қасиеттердің зардаптарын көрсету.<br>
7.Топтық жұмыс: Білім алушыларға "Жағымды және жағымсыз қасиеттер" туралы пікір алмасу, әрқайсысының өміріндегі мысалдарды келтіру.
</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>құқықтарымен байланысы, өз отанын сүю, азаматтық борыш туралы түсіндіру.<br>4. Білім алушыларға жағымды қасиеттер (сыпайылық, мейірімділік, адалдық) мен жағымсыз қасиеттерді (өсек, алаяқтық) түсіндіріп, олардың қоғамдағы рөлін талқылау.<br>5.Қазақтың мақал-мәтелдері арқылы жағымды қасиеттерді насихаттау.</td>
<td>Мақал-мәтелдер: Жағымды және жағымсыз қасиеттерді көрсететін мақал-мәтелдермен жұмыс. Білім алушылар мақалдарды түсіндіреді.<br>Жаттығулар: Білім алушыларға жағымды және жағымсыз қасиеттерді жазу, сосын оларды топтап, талқылау.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Қазақ әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлерге жағымды/жағымсыз мінездерін анықтайды, талдайды.</td><td>1. Кейіпкерлердің жағымды/жағымсыз қасиеттерін табады.<br>2.Қазіргі өмірмен кейіпкерлердің мінездерін салыстырады.<br>3.Мақал-мәтелдерді орынды қолданады.</td></tr>
</table>
8.Сурет салу: Білім алушылар өздерінің портретін немесе ұнатқан тұлғаның портретін салып, сол туралы сипаттама береді.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Білім алушы өз портретін немесе ұнатқан тұлғаның портретін салады. Сипаттама береді.</td><td>1. Өз портретін салады.<br>2.Сүйікті тұлғаның портретін суреттейді.<br>3.Портретке немесе тұлғаға сипаттама жазады.</td></tr>
</table>
9.Ойындар: Дене мүшелерін атай отырып, "Кім жылдам?" сияқты ойындар ұйымдастыру.<br>10.Рефлексия: Сабақ соңында білім алушылар өздерінің үйренгендері мен сезімдерін айтып, пікір алмасады. "Не ұнады?" және "Не үйрендім?" деген сұрақтар қойып, талқылау.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Дене мүшелерін атайды, сипаттама береді.</td><td>1.Дене мүшелерін атайды.<br>2.Дене мүшелерін сипаттайды.</td></tr>
</table></td>
</tr>
<tr>
<td>5 сынып<br><br>Қазақ тілі мен әдебиеті Менің Отаным Отан өзінің тарихыме</td>
<td>Тарихи білімді қалыптастыру.<br>Ұлттық құндылықтар.<br>Патриотизмді тәрбиелеу.</td>
<td>1.Тарихи білімді қалыптастыру: Білім алушыларға еліміздің тарихындағы маңызды кезеңдер мен оқиғаларды таныстыру.<br>2.Ұлттық құндылықтарды насихаттау:</td>
<td>1. .Фильмдер мен деректі фильмдер: Қазақстан тарихы туралы деректі фильмдер көрсету, талқылау.<br>2.Жобалық жұмыс: Білім алушыларға "Менің Отаным" атты жобаны дайындау, онда еліміздің тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері туралы ақпаратты жинау.<br>3.Шығармашылық жұмыстар: "Менің елімнің тарихы" атты эссе жазу немесе тарихи тұлғалар туралы шығармашылық жұмыстар дайындау.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
</table></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>н танымал</td>
<td>Тарихи тұлғаларды таныстыру.</td>
<td>Қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлері, ұлттық тарихы мен оның құндылықтары туралы түсінік беру.<br>*3.Патриотизмді тәрбиелеу:*<br>Отанға, елге деген сүйіспеншілікті арттыру, ұлттық идентичностьты нығайту.<br>*4.Тарихи тұлғаларды таныстыру:*<br>Ел тарихындағы әйгілі тұлғалар мен олардың еліміздің дамуына қосқан үлесін көрсету.</td>
<td>
<table>
<tr>
<td>*Қазақстан тарихы туралы деректі фильмдердің үзінділерін көреді. Жобалық жұмысқа ақпарат жинайды/қорғайды.*<br>"Менің елімнің тарихы" атты эссе/ шығармашылық жұмыстар дайындайды.</td>
<td>1. *Деректі фильмдердің үзінділерін көреді.*<br>2.Жобалық жұмыстың жұмыстың жоспарын жазады/ қорғайды.<br>3. "Менің елімнің тарихы" атты эссе жазады.<br>4.Тарихи тұлғалар туралы реферат/деректер айтады.</td>
</tr>
</table>
*4.Пікірталас:* Тарихи мәселелер мен оқиғалар туралы пікірталастар өткізу, білім алушылардың ой-талқысын дамыту.<br>
*5.Сұхбат ұйымдастыру:* Тарихшылар, этнографтар немесе жергілікті қоғам қайраткерлерімен сұхбат өткізу.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr>
<td>Аталған тарихи мәселелер мен оқиғалар туралы пікірталастар ұйымдастырады. Тарихшылар, этнографтар немесе жергілікті қоғам қайраткерлерімен сұхбат сұрақтарын дайындайды.</td>
<td>1. Аталған тарихи мәселелер мен оқиғалар туралы пікірталасқа түседі.<br>2.Сұхбат сұрақтарына жауап береді.</td>
</tr>
</table>
*6.Рөлдік ойындар:* Тарихи оқиғаларды сахналау, мысалы, Ұлы Жеңіс, Қазақ хандығының құрылуы.<br>
*7.Кітап оқу:* Қазақ әдебиетінен тарихи тақырыптарға арналған шығармаларды оқу, талқылау.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr>
<td>Берілген тарихи оқиғалар бойынша рөлдік ойындар ұйымдастырады. Қазақ әдебиетінен тарихи тақырыптарға арналған шығармаларды оқиды/талқылайды.</td>
<td>1. Тарихи оқиғалар бойынша рөлдік ойындарға түседі.<br>2. Қазақ әдебиетінен тарихи тақырыптарға арналған шығармаларды мәнерлеп оқиды.<br>3. Шығармалар бойынша кейіпкерлерге мінездеме береді.</td>
</tr>
</table>
</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>8.Экскурсиялар: Тарихи және мәдени ескерткіштерге, мұражайларға экскурсия ұйымдастыру.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескрипторлар</th></tr>
<tr><td>Жергілікті тарихи және мәдени ескерткіштерге, мұражайларға экскурсияға барады. Әйгілі тұлғалар мен олардың еліміздің дамуына қосқан үлесімен танысады.</td><td>1. Жергілікті мұражайдың экскурсиясының тамашалайды.<br>2. Әйгілі тұлғалар мен олардың еліміздің дамуына қосқан үлесімен танысады/есте сақтайды.</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>6 сынып Қазақ тілі мен әдебиеті<br><br>«Жеке портрет»<br>Үлгі тұтатын адамы<br>Үлгі тұтатын адамның қасиеті<br>Неліктен бұл адам ұнайды?</td><td>Мейірімділік.<br>Төзімділік.<br>Еңбекқорлық.<br>Отбасылық Құндылықтар.</td><td>1.Үлгі тұтатын адамы:<br>Менің үлгі тұтатын адамым — анам.2.Үлгі тұтатын адамның қасиеті:<br>Анамның ең басты қасиеттері — мейірімділігі, төзімділігі және еңбекқорлығы. Ол әрдайым мені қолдап, қиындықтармен күресуге үйретеді. Анамның отбасына деген сүйіспеншілігі мені де жақындарымды қадірлеуге баулиды.3.Неліктен бұл адам ұнайды?<br>Анам мені ешқашан бір сәтте де жалғыз қалдырмайды.<br>Оның жылы сөздері мен ақылы мені әрдайым қуантады.<br>Анамның еңбек етуі мен үшін үлгі, ол өмірдің қиындықтарына</td><td>1.Эссе жазу: Білім алушылардан анасы туралы эссе немесе шағын шығарма жазуды сұрау. Жазған шығармаларында ананың жақсы қасиеттерін, оған деген сүйіспеншіліктерін көрсету.<br>2.Топтық жұмыс: Білім алушыларды топтарға бөліп, әр топтан анасы сияқты үлгі тұтатын адамдар туралы сөйлесуді ұсыну. Топтық жұмыс барысында ананың қасиеттерін талқылап, қорытынды жасау.<br>3.Рөлдік ойындар: Ана мен бала арасындағы жағдайларды рөлдік ойындар арқылы көрсету. Білім алушыларға анасының мейірімділігі мен еңбексүйгіштігін көрсету арқылы практикалық сабақ беру.<br>4.Көрнекі материалдар: Ана туралы фотосуреттер, видеолар немесе слайд-презентациялар дайындау. Көрнекі құралдар арқылы ананың жақсы қасиеттерін көрсету.<br>5.Пікір алмасу: Білім алушылардың арасында анасының қасиеттері мен рөлі туралы пікір алмасуды ұйымдастыру. Ананың қоғамдағы орны мен отбасындағы рөлін талқылау.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескрипторлар</th></tr>
<tr><td>Ананың жақсы қасиеттерін атайды. Ана мен бала арасындағы мейірімділік пен еңбексүйгіштігін рөлдік ойында көрсетеді. Фотосуреттер/видеолар/ слайд-презентациялар дайындайды. Ананың қоғамдағы орны мен отбасындағы рөлін талқылайды.</td><td>1. Ананың жақсы қасиеттерін жазады.<br>2. «Ана мен бала» тақырыбы бойынша рөлдік ойын жүргізеді.<br>3. Өз аналары туралы фотосуреттер/видеолар/ слайд-презентациялар қорғайды.</td></tr>
</table></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>мойымай, әрқашан алға қарай ұмтылуды үйретеді.</td>
<td><table><tr><td></td><td>4. Ананың қоғамдағы орны мен отбасындағы рөлі туралы эссе жазады.</td></tr></table></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td colspan="2">Мейірімділік: Адамдарға деген мейірімділікті дамыту. Қолдауды қажет ететін адамдарға көмектесу.<br>Төзімділік: Қиындықтарға қарсы тұруды үйрету. Стресстік жағдайларда сабырлылықты сақтау.<br>Еңбекқорлық: Еңбек арқылы жетістіктерге жетудің маңыздылығын түсіндіру. Білім алуға және өзін-өзі дамытуға ынталандыру.<br>Отбасылық құндылықтар: Отбасының маңыздылығын түсіндіру. Жақындарға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті дәріптеу.</td>
</tr>
<tr>
<td>6 сынып<br><br>Қазақ тілі мен әдебиеті Менің Отаным<br><br>Елімнің елтаңбасы мен туы нені білдіреді</td>
<td>Рәміздердің маңыздылығы. Патриотизм. Ұлттық мәдениет, тарих пен бірлік.</td>
<td>1.Рәміздердің маңыздылығын түсіндіру: Мемлекеттік ту мен елтаңбаның мағынасы, олардың тарихы мен символикасы туралы білім беру.<br>2.Патриотизмді нығайту: Білім алушылардың Отанына, мемлекеттік рәміздеріне деген құрметін арттыру.<br>3.Ұлттық құндылықтарды насихаттау: Елтаңба мен ту арқылы ұлттық мәдениетіміздің, тарихымыздың және бірлігіміздің мәнін көрсету.<br>4.Шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту: Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, критикалық ойлауын дамыту.</td>
<td>1.Мультимедиялық материалдар: Мемлекеттік рәміздер туралы деректі фильмдер көрсету, оларды талқылау. 2.Шығармашылық тапсырмалар: "Менің елімнің рәміздері" атты шығармашылық жұмыс жазу немесе сурет салу.<br>3.Топтық жұмыс: Білім алушыларды топтарға бөліп, әр топқа елтаңба мен ту туралы зерттеу жүргізу, ақпарат жинау.<br>4.Көрнекі құралдар: Мемлекеттік ту мен елтаңбаның суреттерін, слайд-презентацияларды пайдалану.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескрипторлар</th></tr>
- «Қазақстан тарихы» - Қазақстанның ежелгі тарихы, оның ішінде ғұндар туралы документалды фильмдер.

- Мультимедиялық оқу құралдары - «Ғұндар» туралы интерактивті сабақтар, электронды кітаптар мен презентациялар.

- Сыныптық материалдар - Тақырыпқа қатысты суреттер, карталар мен графикалар, сабақ барысында пайдалануға болады.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

Бағалау критерийлері

- Білім алушылар топта тиімді жұмыс істеді.
- Топ мүшелері бір-біріне көмек көрсетті.
- Білім алушылар Ғұн тайпаларының бірігуі туралы негізгі ақпаратты қаншалықты дұрыс түсінді.
- Тарихи фактілерді дұрыс пайдаланды.
- Білім алушылар ойын барысында шығармашылықпен таныта алды.
- Олар өз идеяларын қаншалықты тиімді көрсете алды.
- Білім алушылар бір-бірімен тиімді байланыс орната алды.
- Білім алушылар өз жұмыстарын таныстыру кезінде сенімділік көрсетті.
- Презентацияның визуалды және мазмұндық бөлігі ұйымдастырылды.

*Тақырып*: Сарматтардың саяси тарихы

*Зерттеу сұрағы*: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?

Оқу мақсаттары: 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу

Мақсаттар: Сармат мәдениеті мен саяси құрылымдарының ерекшеліктерін түсіндіру.

Сарматтардың ұлттық мүдделер мен құндылықтарға қызмет ету тәжірибесін пайдалана отырып, азаматтық жауапкершілікті дамыту.

Әдістер мен тәсілдер:

Жасырын сөздер ойыны:

Білім алушыларға сарматтар мен олардың саяси тарихына қатысты терминдер мен атауларды жасырып, оларды табуға мүмкіндік беру. Мысалы, «савромат», «саяси одақ», «көшбасшы» сияқты сөздер. Ойын барысында білім алушылар терминдерді біліп, оларды қолдануды үйренеді.

«Тарихи викторина»:

Білім алушыларға сарматтардың саяси тарихына қатысты викторина сұрақтары беріледі. Сұрақтар жеңілден күрделіге дейінгі деңгейде болуы мүмкін. Білім алушылар дұрыс жауап берген сайын ұпай жинайды. Викторина сабақты қызықты әрі ақпараттық етеді.

«Сарматтар әлемі» кестесін жасау:

Білім алушылар топтарда жұмыс істеп, сарматтардың саяси тарихына қатысты ақпаратты кесте түрінде ұйымдастырады. Олар топ ішінде бір-бірімен ақпарат алмасып, кестені толтыру үшін жұмыс істейді.

Ресурстар мен материалдар:

- «Қазақстан тарихы» (оқулық) – Сарматтар мен олардың саяси тарихына арналған бөлімдер.
- «Древние народы Казахстана» – Сарматтар мен олардың мәдениеті, әлеуметтік құрылымы мен саяси өмірі туралы мәліметтер.
- «Сарматтар: мәдениеті мен тарихы» – Сарматтардың тарихи, археологиялық зерттеулері мен мәдениеті туралы ақпарат.
- «Сарматтар туралы анимациялық фильмдер» – Сарматтардың тарихын визуалды түрде көрсететін қысқа анимациялық фильмдер.
- «Қазақстан тарихы: Сарматтар» – Сарматтардың саяси және мәдени тарихын талдайтын бейнемазмұн.
- Қазақстан тарихы порталдары:
- e-history.kz – Сарматтардың тарихы мен мәдениеті туралы мақалалар мен деректер.
- historykz.kz – Сарматтар мен олардың кезеңіне қатысты зерттеулер мен мәліметтер.
- Тарихи карталар: Сарматтардың жерлері мен саяси шекараларын көрсететін тарихи карталар.
- Сарматтардың мәдениетіне қатысты суреттер: Археологиялық табыстар мен өнер туындылары.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

Білімді бағалау критерийлері:

Тақырып бойынша білім (1-5 балл):

- 5 балл: Сарматтардың саяси тарихы, мәдениеті және әлеуметтік құрылымы туралы толық және нақты ақпарат береді.
- 4 балл: Негізгі фактілерді біледі, бірақ кейбір детальдер жетіспеуі мүмкін.

- 3 балл: Тақырып бойынша орташа білім, кейбір маңызды фактілерді білмейді.
- 2 балл: Тақырып бойынша төмен білім, көптеген фактілерді білмейді.
- 1 балл: Тақырып туралы мүлдем ақпарат жоқ.

Алматы қаласы №148 мектеп гимназияның тарих пәні мұғалімі
Джуматаева Жазира Омаргазиновнаның тәжірибесінен
«Қазақстан тарихы» пәні бойынша Қысқа мерзімді жоспар5– сынып,

Сабақтың тақырыбы: Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттері

<table>
<tr><td colspan="2">Бөлім:</td><td colspan="3">5.5 Үйсіндер мен қаңлылар</td></tr>
<tr><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып:</td><td>Қатысушылар саны:</td><td colspan="2">Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="3">Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы<br>Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру;<br>5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың мақсаты</td><td colspan="3">-Білім алушылар Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы тарихи рөлін түсінеді. -Қаңлы мемлекетінің қалалық мәдениетінің дамуын және оның көрші елдермен сауда, мәдени байланыстарын зерттейді.<br>-Ұлы Жібек жолы арқылы Қазақстан аумағындағы халықтар ұлттық мәдениет құндылықтарын нығайта отырып, көрші елдермен мәдени және экономикалық байланыстарды дамыту арқылы өздерінің ұлттық мүдделерін қорғаған.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">-Білім алушылар Ұлы Жібек жолының бойында жатқан қалалардың қаңлылардың мәдени дамуына қосқан үлесін талдайды.<br>- Қаңлылардың көрші елдермен сауда байланыстары арқылы олардың қалалық мәдениетінің қалай дамығанын анықтайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Біздің анықтағанымыз ұлттық мүдемізді қорғау арқылы біз ұлттық мәдени мұраларымызды.............Қорытындысында...<br>Біздің тобымыздың ойынша... Келесі себептер/факторлар......<br>Жазылымға арналған тапсырмалар:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Құндылықтарға баулу</td><td colspan="3">Ұлттық мұраны сақтаудың маңыздылығын ұғына отырып, тарихи мідени құндылықтарға ұқыпты қарауды үйренеді.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>едагогтің әрекеті</td><td>Білім алушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Ұйымдастыру Кезеңі Қызығушылықты ояту 7 мин. | Сәлемдесу. Жағымды ахуал орнату<br>Топтастыру қаңлы мәдениеттерімен– Қауыншы, Отырар-Қаратау, Жетіасар Үй тапсырмасына шолу – жұптық жұмыс<br>1-тапсырма . Үйсіндер туралы жазба деректерді талдау<br>Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:<br>1. Үйсіндер туралы ең алғашқы жазба деректер қай елдерден табылған?<br>2. Үйсіндер қандай көрші елдермен тығыз байланыста болды?<br>3. Үйсіндердің көрші елдермен қарым-қатынасының негізгі бағыттары қандай (сауда, әскери одақ, мәдени байланыстар)? | Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br><br>Бұл тапсырма білім алушының ұлттық мұраға және ұлттық мәдениетімізді құрметтеу мен сақтауға деген көзқарасың қалыптастыруға көмектеседі.<br>Білім алушы әр тапсырмадан кейін өзі қорытынды жасайды мұғалім толықтырып отырады. | Мадақтау<br><br>ҚБ бағалау<br>Төменгі сұрақтар аясында білім алушыларға ойлануға және болжам жасауға мүмкіндік беріледі<br><br>білім алушылар негізгі ойларды түртіп отырулары қажет. Алдымен жеке ойланып, содан кейін топ болып бұл мәтінді қалпына келтіреді. | Тақырыптық суреттер дайын жауап тармен салыстыру<br><br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы, 2010 ж.<br><br>Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б 177-б.з 222жж.)<br><br>1-кітап Алматы, 2006.<br><br>Қайдар Ә. (тарихи шежіре ) Алматы,2004.<br><br>Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы. Алматы,2013.<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=vxSZmpH29Qs |

| | |
|---|---|
| | Бағалау критерийлері: -<br>Үйсіндер туралы жазба деректерді дұрыс анықтайды. -Үйсіндердің көрші елдермен қарым-қатынасын нақты көрсетеді.<br>Бағалау: 3бал.<br>Білім алушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру (М) Қаңлылар мәдениеті туралы видеоны көре отырып , бүгінгі сабақтың тақырыбын мақсатын анықтайды. Қаңлылардың қалалары туралы археологиялық және тарихи деректерге сүйене отырып, Жібек жолы бойында жатқан келесі негізгі қала Отырарды әр топ зерттейді.<br>2-тапсырма.«Баспалдақ» әдісі арқылы.<br>1-қадам<br>1. Отырар қаласын (Фараб) сипаттайды<br>2. қадам - Отырар қаласының (кейінгі атауы – Фараб)<br>Орналасқан жерін анықтайды. Картаға түсіреді.<br>3-қадам. Ұлы Жібек жолындағы ең ірі сауда және мәдени орталығы екендігін дәлелдейді.<br>Қорытынды жасау:<br>Отырар сауда жолдарында орналасқан, сондықтан шаруашылығы мен мәдениеті Ұлы Жібек жолымен тығыз байланысты болды.<br>Қаңлылардың мәдениеті:<br>3-тапсырма «Мәтін құра » әдісі .Жеке жұмыс білім алушы видеоны тыңдай отырып 5-6 сөйлемнен тұратын мәтін құрайды.<br>Қауыншы мәдениеті-<br>Отырар-Қаратау мәдениеті<br>Жетіасар мәдениеті<br>Қорытынды шешімді білім алушылар айтады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы Жаңа сабақ<br>30 мин | (Т)<br>«Мозаика»<br>Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің, соның ішінде қаңлылардың көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау және ұлттық мәдениетті дәріптеу<br>4-тапсырма: Жазба деректерді талдау<br>Мәтінді оқып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз:<br>1. Қаңлылар туралы қандай жазба деректер сақталған? | төмендегі сұрақтар аясында білім алушыларға ойлануға және болжам жасауға мүмкіндік беріледі<br><br>білім алушылар негізгі ойларды түртіп отырулары | ҚБ<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>ҚБ «Ең үздік жауап»<br><br>ҚБ «ҚАҚ» (Қосу. Азайту. Қосарым бар) | https://www.youtube.com/watch?v=uRAfzKyeII4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. Қаңлы мемлекеті қай көрші елдермен тығыз қарым-қатынаста болды?<br>3. Қаңлылардың көрші мемлекеттермен жасаған байланыстарының қандай тарихи маңызы болды?<br>Бағалау критерийлері:<br>- Жазба деректердегі қаңлылар туралы негізгі мәліметтерді дұрыс анықтайды.<br>- Қаңлылардың көрші елдермен байланыстарын нақты көрсетеді.<br>Дескриптор<br>Жазба деректердегі қаңлылар туралы негізгі мәліметтерді дұрыс анықтау:<br>3 балл – Барлық негізгі мәліметтерді нақты және дұрыс анықтаған.<br>3 балл – Мәліметтердің көпшілігі дұрыс, бірақ кейбір маңызды ақпараттар жетіспейді. - тапсырма:<br><br>3-тапсырма<br>Тарихи картамен жұмыс<br>Тарихи картадан қаңлы мемлекетінің аумағын көрсетіңіз | қажет. Алдымен жеке ойланып, содан кейіп топ болып бұл мәтінді қалпына келтіреді. | ҚБ «Өзін-өзі бағалау» | Қаңлы мемлекеттерінің көршілерін бейнелеген карта, Қаңлылардың орналасуы туралы Чжан Цзяньның мәліметтері,<br>қаңлы, үйсін мәдениетіндегі және салт-дәстүріндегі ұқсастықты көрсететін қытай жылнамаларының суреттері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және оның көрші мемлекеттермен сауда, мәдени байланыстарын белгілеңіз. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолындағы қаңлылардың рөлін белгілеңіз. Топтың атына байланысты мәліметтерді анықтаңыз.<br>Бағалау критерийлері:<br>- Қаңлы мемлекетінің аумағын картада дұрыс көрсетеді.<br>- Көрші елдермен байланыс жолдарын картада нақты белгілейді.<br>Бағалау: 3 | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Білім алушылар бағалай критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды | |

5-тапсырма. Салыстыру кестесін жаса

1-Битьян: Үйсін мен қаңлы мәдениетінің қандай ерекшеліктері бар?» - мәтінмен жұмыс

2-Отырар-Қарату: топта талқылау, салыстырмалы кесте дайындау

3-Жетіасар: «Визуалды әдіс», арқылы топтық шешімді қорғау. Суреттер, картиналар немесе видео материалдар арқылы қаңлылар мен үйсіндердің мәдениетін көрсетіп, визуалды түрде салыстыру. Білім алушыларға екі мәдениеттегі өнер туындыларын, архитектураны және тұрмыс-салт элементтерін салыстыруды ұсыну.

| Сұрақ | Үйсіндер | Қаңлылар |
|---|---|---|
| Екі мәдениеттегі өнер туындылары | | |
| Архитектура | | |
| Тұрмыс-салт элементтері | | |

(М)

4-тапсырма «Дискуссиялық сұрақтар» әдісі бойынша

Төмендегі сұрақтар бойынша өз пікірін білдіреді.

Неліктен қаңлылар көрші елдермен тығыз қарым-қатынас орнатқан?

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қаңлы мемлекетінің мәдениеті ұлттық мәдениетімізге қандай үлес қосты?<br>Бағалау критерийлері:<br>- Талқылауға белсенді қатысып, өз ойын нақты дәлелдермен жеткізе біледі.<br>- Ұлттық мәдениет пен басқа елдермен қарым-қатынасын дұрыс түсіндіреді.<br>Қорытынды:<br>Бұл тапсырмалар қаңлы мемлекетінің көрші елдермен қарым-қатынасын тереңірек түсініп, ұлттық мәдениетті дәріптеуге ықпал етеді.<br>«Сұрақтары бар қорап». Кабинетке қорап қойып, оған білім алушылардың сабақтың соңында өз сұрақтарын қалдырудын сұраймын. Бұл сұрақтар келесі сабақтың басында талқыланады. Сабақтың негізгі бөлімінде, тиісті тапсырмаларды орындауда білім алушылар білімін тексеру бағытында қалыптастырушы бағалау жұмысын ұйымдастырамын. Жұптық, топтық бағалау түрлерін қолдана отырып, тиісті критерийлер ұсынамын. | | | |
| Сабақтың соңы<br>Қорытынды<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин. | Кері байланыс<br>Шоллиер табақшасы – кері байланыс (Білім алушылар түрлі-түсті стикерді жапсыру арқылы материалды игергендігін көрсетеді | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Білім алушылар бағалай критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды | Суреттер, стикерлер А4, конспект |
| Үй тапсырмасы: | аңлылардың мәдени мұрасы | Ұлттық мүддеміз арқылы ұлттық мәдениетімізді дәріптеуге баулу | Бағалау ҚБ | |
| | Қаңлы мемлекетінің мәдениетін сипаттайтын шағын эссе .<br>- Қаңлылардың мәдени жетістіктері қандай болды?<br>- Қаңлы мемлекеті арқылы ұлттық мәдениетіміздің қандай элементтері қалыптасты?<br>- Қаңлы мәдениетінің бүгінгі Қазақстандағы ұлттық мәдениетке әсері туралы пікір білдіріңіз.<br><br>Бағалау критерийлері:<br>- Қаңлы мәдениетінің ерекшеліктерін түсіндіреді. | | | |
| | Ұлттық мәдениетті дәріптеудің маңыздылығын көрсетеді.<br>- Мәдениеттің бүгінгі күнге әсерін дұрыс байланыстырады.<br>Дескриптор: Қаңлы мәдениетінің ерекшеліктерін түсіндіру: | | | |

| | |
|---|---|
| | 3 балл: Қаңлы мәдениетінің барлық негізгі ерекшеліктерін толық әрі нақты түсіндірді. Мәдениеттегі өнер, архитектура, қолөнер, әдебиет және дін сияқты аспектілерді қамтиды.<br>2 балл: |
| | Қаңлы мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін дұрыс түсіндірді, бірақ кейбір аспектілер жетіспейді. Түсіндірмеде дәлелдер мен мысалдар аз.<br>2балл:Қаңлы мәдениетінің ерекшеліктері туралы түсінік аз немесе жоқ, маңызды аспектілерді қамтымайды. Мысалдар мен дәлелдер ұсынылмаған.<br>3 балл: Ұлттық мәдениетті дәріптеудің маңыздылығын жан-жақты, нақты және түсінікті түрде түсіндірді. Мәдениеттің қоғамдағы, білім беру жүйесіндегі және ұлттық сәйкес |

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

Алматы қаласы. Бостандық ауданы «М.Базарбаев атындағы №138 гимназия» КММ тарих пәні мұғалімі, педагог- шебер Махаева Айтбала Шайымкуловнаның іс тәжірибесінен

*«Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»*(Халық мақалы)

Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда білім алушылардың бойында Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсаты: жаһандану заманында жас ұрпақтың санасына ұлттық рух пен патриоттық тәрбие қалыптастыру бүгінгі білім саласының басты міндеті болып отыр. Өз елінің өткен тарихымен бүгінгі тарихын тарих сабағында оқытып үйрету маңызды міндеттердің бірі болуда.

Біз келешек ұрпаққа ұлтымыздың тарихын, мәдениетін, салт –дәстүрін, дүниетанымын, әдет-ғұрпын, музыка мен қол өнерін, ұлттық ойындарын, шежірені, діни наным сенімдерін, имандылық, адамгершілік қағидаттарын оқыта отырып білім алушылар бойына ұлттық сана –сезімді қалыптастырып, қазақы рухта тәрбиелеуіміз керек.

Білім алушыларға ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып адамзаттық құндылықтармен ұлттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу бүгінгі білім беру саласының басты өзекті мәселесі бірі болуда.

Біз тарихи жазбалардан еліміздің тарихы мен мәдени ерекшелігі, қазақ халқының ұлттық тәлім тәрбиесі талай халықтардың өкілдері мен зертеушілерін, саяхатшыларын таң қалдырғаны белгілі. Қазақ халқының көшпенді өмір сүргеніне қарамастан салты мен дәстүрінің біртұтастығы, біртұтас тілде сөйлеуі, қолөнері мен бейнелеу өнері, халық ауыз әдебиеті, музыка өнері, қазақтың ежелгі тұрмыс тіршілігі, мәдениеті мен ауыз әдебиеті туралы, бала тәрбиесінің этикалық ерекшеліктері, ұлттық наным- сенім, әдет- ғұрпы зерттеушілер мен саяхатшыларды көшпелілердің дала мәдениетінің таң қаларлық үлгілері

болғаны баяндап айтқанын білеміз. Еліміздің осындай бай мұрасын жас ұрпаққа оқытудың маңызы ерекше.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

*Міндеті:* Бүгінгі таңда жас ұрпақтың өз елінің тарихы мен мәдениетін терең оқыта отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды, ұлттық құндылықтарды білім алушы бойына сіңіріп қалыптастыру;

– салт-дәстүрлерді, мәдениеті және халықтық әдебиетті оқыту;

– ана тілімізді құрмет тұтып, жаһандануға жұтылып кетпеу үшін ұлтымыздың ана тілін байытып,тіл байлығы мен ана тіліміздің ерекшелігі түсіндіру;

– ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі тәжірибесін отбасында, балабақшада, мектептегі тәрбие үрдісінде ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, оның рөлінің жоғары екендігін ұғындыру;

– еліміздің басқа елдің мәдениетіне ұқсамайтын салт-дәстүрімізді, тереңде жатқан тарихымызды, табиғатымыздың ерекше сұлулығын,табиғи байлығын сипаттау;

– ұлтымыздың атадан балаға жеткен жазылмаған шежіресінің ерекшелігін түсіндіре отырып рухани азаматтық-патриоттық тәрбие беріп, рухани құндылықтарды дамыту;

– ұлы тұлғалардың ерліктерін, өнегелі істерін насихаттай отырып ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастырып ұлттық сана-сезімді қалыптастыру.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай өскелең ұрпаққа түсіндіріп, ұлттық рухта тәрбиелеуіміз керек. Жас ұрпақтың бойына еліміздің ғасырлар бойы атадан балаға келе жатқан халықтың рухани қазынасымен материалдық мәдениетін, көшпелі өркениеттің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін де түсіндіріп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру бүгінгі таңдағы білім саласының басты міндеті болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде ұлттық құндылықтарды білім алушы бойында қалыптастыру маңызды болып табылады. Сондықтан тарих сабағында өз еліміздің ана тілі мен тамыры тереңде жатқан ұлттың тарихын мәдениетін, ділін, халық ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыпын, фольклорын, шешендік сөздерді, шежірені, ұлттық қағидаттарды, салт-дәстүрі мен дінін оқыта отырыр елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу керек деп есептейміз. Еліміздің тарихын, мәдениетін құрметтеуге жастардың ұлттық сана

-сезімі мен мінез-құлқын қалыптастыруымыз керек. Әрине, ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні адамгершілік тәрбиесі болып табылады.

Бүгінгі таңда білім алушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы.

Қазіргі жаһандану кезінде Батыс өркениетінен шамадан тыс еліктеушілік басым болып отыр. Бүгінгі таңда Батыстың ғылымы, білімі, технологиялық жетістіктері, біздер үшін қажет десек те, ұлттық құндылығымызды жоғалтпай өз еліміздің болмысына бейімдеп тәрбиелеуіміз керек деп есептейміз.

Жаһанданудың кезінде жас ұрпаққа өткен тарихымыз туралы тарихи білім мен тәрбие бермей халық санасында ұлттық сезім мен сананы, отан сүйгіштікті қалыптастыру мүмкін емес екені анық.

**Тарих сабағында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру кезінде қолданатын әдіс- тәсілдер.** Тарих сабағында әртүрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып, жас ұрпақтың санасына ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрлерді оқытып ұлттық құндылықтарды дамыту.

**1. Тарихи тұлғаларды таныту.** Жас ұрпаққа еліміздің тарихында маңызды рөл атқарған тұлғалардың (мемлекет қайраткерлерін, батырларын, мәдениет қайраткерлерін) өмір жолы, еңбектері мен қоғамдағы рөлін таныстырып қазақстан мемлекеттігін нығайтуға ,қазақстан мүддесіне қызмет етуге ,Отаншыл, мемлекетшіл және намсышыл болуға тәрбиелеп, ұлттық патриотизмді қалыптастыру.

**2. Дәстүрлер мен салт-дәстүрлерді зерттеу.**Сабақ барысында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіндіріп ұлттық мирасты ,мәдениетті дәріптеу.

**3. Эпикалық шығармаларды интеграциялау.**Қазақ елінің эпостық жырларын, аңыздарын немесе тарихи дастандарын оқыта отырып сөзіне берік, ісіне адал болуға, шешім қабылдай білу мен жауапкершілікті қалыптастыру.

**4. Тарихи фактілер мен визуалды материалдар.**Сабақ барысында тарихи оқиғаларды таныстыруда карталарды, суреттерді, архивтік материалдары мен бейнемазмұнды қолдану арқылы қоғам игілігі үшін қызмет етуге, қазақстан оңтайлы имеджін қалыптастыруға белсендлі үлес қосу.

**5. Салыстырмалы зерттеу әдістері.** Басқа елдердің тарихымен өз еліміздің тарихын салыстыра оқыту арқылы еліміздің әлемдік тарихтағы орнын түсіндіру арқылы қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуға тәрбиелеу.

**6. Практикалық жұмыстар мен жобалық зерттеулер.** Тарихи жобалар мен зерттеулер жүргізу арқылы белгілі бір тарихи оқиға, тұлға немесе дәстүр бойынша зерттеу жұмыстарын орындату арқылы шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын дамыта отыры, елінің тарихын құрметтеуге, ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеуге тәрбиелеу.

**7. Рөлдік ойындар мен театрландыру.**Тарихи оқиғаларды рөлдік ойындарды сахналау арқылы Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болуға тәрбиелей отырып қоғам игілігі үшін қызмет етуге,ел тарихын құрметтеуге, ұлттық мирасты және мәдениет дәріптеу.

**8.Ғылыми конференция.**Сабақ барысында білім алушыларды әртүрлі маман иелеріне бөліп (тарихшылар, мәдениеттанушылар, сәулетшілер, археологтар, дінтанушылар) сабақты ғылыми зерттеулердің мәліметтерін, дәлелдерін қолдана отырып тақырыпты жан-жақты талдау жасауға, дәлелдерді дұрыс нақты қолданып, өз ойын еркін жеткізге біліп, сыни және креативті ойлауға дағдыландыру.

**9. Жасанды интеллект.**Сабақта жасанды ителектіні қолданып,тарих сабағына деген қызығушылықты арттыру.Білім алушыны ізденімпаздыққа, шығарма-шылыққа ынталандыру арқылы уақыт пен қаржыны тиімді пайдалануға,технологиялық және цифрлық дағдыларды қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

-Қазақстанның оңтайлы имдежін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

- қоғам үшін қызмет ету мен ұлттық мұраға ұқыпты қарау тәрбиелеу;

-Қазақстан мемлекетін нығайтуға, ұлттық мәдениетті дәріптеуге атсалысуға үлес қосу; -

-білім алушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

-жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухты дамыту;

-ана тілін, дінін, тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеуге тәрбиелеу;

-жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

**Сынып: 6**

**Бөлім тақырыбы: VI - IX ғасырлардағы Қазақстан**

**Тақырып: Көне түркі жазуы.**

**Оқу мақсаты:** 6.2.3.1 көне түркі жазуының маңызын түсіндіру

**Міндеті:** Көне түркілерде жазудың пайда болуын, ерекшелігін түсіндіру.Руна,ескертшкіш-құлпытас, ксилография ұғымдарының мәнін айту.

**Құндылықтар:** *Өмір бойы үздіксіз білім алу. Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу.*

**Ұлттық мүдде:** Елінің тарихын құрметтеу.

**Талап:** Білуге, жаңаны тануға құштар болу. Жеке және командамен жұмыс істей білу. Достарына,сыныптастарына,отбасы мүшелеріне қамқор болу,мейрімділік таныту;

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:** Репродуктивті, түсіндірмелі, иллюстративті, пікір талас,кесте,дерекпен жұмыс,

***Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:***

Білім алушылар тақырыпты оқу барысында көне түркі дәуірінің материалдық және рухани мәдениетін оқиды.VI-IX ғасырлардағы түркілердің рухани және материалдық дамуында үлкен жетістіктерге жеткені туралы мағлұмат беру. Сонымен қатар, түркілерде жазудың пайда болуы, жазудың қандай рөл атқарғаны, түркі жазуының кең таралу себебі неде екенін түсіндіру. Түркі қоғамындағы сауаттылыққа мұқтаждықтың себебін айқындау.

Сабақ барысында руна, ескерткіш-құлыптас, ксилография ұғымдарының мағынасын талдау. Түрік жазуының құпиясы қай ғасырда ашыла бастағаны, алғаш зерттеген ғалымдар, түркі жазуының құпиясын алғаш оқып оның мағанасын түсіндірген ғалымдардың ақпараттарының біздер үшін маңыздылығын талдап түсіндіру. Түрік билеушілері үшін жазудың маңыздылығы туралы айтып беру. Жазудың қажеттілігі билеушілердің әкімшілік және дипломатиялық істер барысында пайда болғаны туралы түсіндіріп ,тарихи дерек көздер материалдарын бере отырып талдау жұмысын жүргізу. Тақырып бойынша берілген тапсырмаларда білім алушының жас ерекшелігін ерекше ескере отырып тапсырама беру.

***Мысалы:*** ( **№1 тапсырма**.«Бес саусақ» әдісін»( *топтық жұмыс*) қолдана отырып, білім алушыларды үш топқа бөліп, дереккөздегі тапсырманы талдау жұмыс орындату. Әр топқа талдау сұрақтарын беру.)

Маниах (т.ж.б. - 568) – Түрік қағанатының Византияға жіберген елшісі, соғды көпесі. Түркілер мен олардың билігінде болған соғдылар Византиямен тікелей сауда байланысын орнатуға мүдделі еді. Иран баян басты кодер болды. Маниах алғашында Хұсрау I Ануширван патшадан Иран жері арқылы Византияға қарай жібек мата алып өтуге рұқсат сұрау үшін жіберілген елшілікті басқарды. Алайда Маниах елшілігі сәтсіздікке ұшырады. Хұсрау I Ануширван Византияға апарылуы тиіс жібек матаның бәрін сатып алуға бұйрық беріп, оларды Маниахтың көзінше өртетті. Бұл әрекеттің астарында түркілер мен соғдылардың Византиямен тікелей сауда қатынасын орнатуына деген қарсылық жатқан еді. Елшілік нәтижесіз аяқталған соң Маниах Истеми (Дизабул) қағанға Иранмен арадағы одақты жойып, Византиямен қарым-қатынасты күшейтуге кеңес берді. Маниахтың басшылығымен аттандырылған елшілік Кавказ арқылы 568 жылы Константинопольге келіп жетті. Византия тарихшысы Менандрдың айтуынша, Юстин ІІ-нің сарайына қағанның «скиф жазуымен» жазылған хатын алып келген. Екі ел арасында сауда келісімі мен Иранға қарсы әскери шарт жасалды. Елшілікті жақсы қабылдаған Юстин ІІ Талас жағалауындағы қаған ордасына өз елшілігін аттандырды

| Түрік қағанатының Византияға жіберген елшілігі<br>1-тапсырма |
|---|



| | |
|---|---|
| | *Кім?* |
| | *Неге?* |
| | Қашан? |
| | Қайда? |
| | қалай? |

**Мысалы: №2 тапсырма.**

тапсырма. https://www.youtube.com/watch?v=VWm5qwU6Q1o- интернет желісінен алынған материалды және қосымша дерек тапсырмасын бере отырып *« Кім жылдам?» (топтық жұмыс) әдісі* бойынша тапсырманы орындайды. Түркі жазуының алғаш құпиясын ашқан ғалым туралы ақпараттар айтады және Орхон-Енейсей жазуындағы мәліметтердің маңыздылығын түсіндіру.







**Мысалы: №3 тапсырма.** « Венн» диаграммасы бойынша түркі және герман руналарының ұқсастығын анықтаңыз.



**Күтілетін нәтиже.**

Білім алушылар тапсырманы орындау барысында құлпытастағы жазулардың түркі халқының өмірлік құндылықтары мен адамгершілік мұраттары бейнеленгендігін айқындап береді.

Қазіргі кездегі қазақтардың пайдаланған жазудың ежелгі үлгілері Орхон-Енесей немесе көне түркілер жазуы деп аталауының мағанасын түсіндіреді.

Тақырыпты оқыта отырып білім алушы білімін жан жақты дамытып,сын

тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып , ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейміз.

**Бөлім тақырыбы: VI - IX ғасырлар дағы Қазақстан**

**Тақырып: Атлах шайқасы.**

**Оқу мақсаты:** 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау

**Міндеті:**Түркештердің қытай, араб, шығыс түркілермен күрестері туралы, Атлах шайқасының Орта Азия халықтары үшін маңызы туралы түсіндіру.

**Құндылықтар:** Өз отанын құрметтеу. Өз мемлекетін нығайтуға атсалысу. Ұлттық мүдені жоғары қою. Бірлік және ынтымақ

**Ұлттық мүдде:** Елінің тарихын құрметтеу.

**Талап:** Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болу

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету. **Сөзіне берік,ісіне адал болу;**

**Оқыту әдіс-тәсілдері:** «Тұлғаны таны», «File», кесте, мұрағаттық деректер, деректі фильм ,карта, сызба, жасанды интелект т.б

***Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:***

Түркі халықтарының тағдырындағы Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау. Сонымен қатар, Атлах шайқасының Орталық Азия үшінде тарихи маңызы болғанын айқындап беру. Сыртқы басқыншылармен белсенді күрес жүргізген Сұлық қағанның қолбасшылық, дипломатиялық, әскери соғыс тактикасын ерекше білу қабілетін сипаттау. Сұлық арабтарға қарсы соғыста батыл әскери қимылдар жасаудағы әскери қабілетін, өз елінің бостандығы үшін күрескен саяси тұлға ретінде сипаттап түсіндіру. Әбу Музазим (Сузеген ) деген лақап ат қойғанының себебін айтып беру. Сұлық қағанның ерлігін, ұлтжандылық қасиетін талдау.Өз жерінің тәуелсіздігі үшін күрескен қолбасшылардың ерлігін айта отырып, білім алушыларды ұлтжанддыққа тәрбиелеу. Білім алушының бойына ұлтжандылық қабілетті дамыту барысында әртүрлі тапсырмалар орындату(кесте, мұрағаттық деректер, деректі фильм ,карта, сызба, жасанды интеллект арқылы т.б) тапсырмалар беру арқылы білім алушылардың тарихи танымдық қабілетін дамытуға болады.

***Мысалы: 1 тапсырма:***«Тұлғаны таны» әдісін*(жұптық жұмыс*) қолдана отырып Сұлу қағанның әскер шеберлік қасиетін, елінің тәуелсіздігін нығайтуға атсалысу,Отаншыл қасиетін анықтау.

***Дерек тапсырмасы.*** Сұлу қаған 715-738 жылдар аралығында Түргеш қағанатының билеушісі болды. Сұлу сыртқы жаулармен жеңісті соғыстар жүргізген. Қытай әскері Түргеш қағанатының күшінен сескеніп Жетісуға жоламады, ал арабтармен соғыстары жеңісті болды.

Шығыс түрік қағанаты түргештерге қауіпті болғанмен, Сұлу қағанның тұсында одақтас еді. Сөйтіп негізгі күштерін онтүстік батыстан келе жатқан арабтарға қарсы жұмсады. Арабтар бұған Музахим, қазақша бұл Сүзеген деген лақап ат қойған.Сұлу қаған арабтарды сонау ауған жеріне дейін қуған. Талай рет жеңген. Ордасын Тараз қаласына тіккен.

***2 тапсырма:*** «**File**» әдісін «*топтық жұмыс»* қолдана отырып Атлах шайқасының себебін, тарихи маңызына талдау жасай отырып кестені

толтырыңыз.

| | |
|---|---|
| **«F»** - Атлах шайқасының себебін анықтаңыз | |
| **«І»-** Қытайлар мен Арабтардың басып алған жерлерін картадан айқындаңыз | |
| ***«L»*** -Атлах шайқасы кімдердің арасында болғанын анықтаныз | |
| **«Е»** - Атлах шайқасының тарихи маңызын талданыз | |

Тапсырманы білім алушылар орындай отырып Атлах шайқасының тарихи маңызын, түркештердің бір мезгілде бірнеше бағытта соғысқаны туралы анықтайды. Түркештердің өз жерінің тәуелсіздігін сақтауда елдің бірлігін, күшін, нығайтуға атсалысқаны туралы түсіндіріп талдайды.

**3 тапсырма:** Картаны пайдалана отырып білім алушылар оқиға болған өңірді, Қытайлар мен арабтардың басып алған жерлерін, түркештердің жер аумағын сипаттайды.




**4 тапсырма: Атлах шайқасы туралы деректер.**

Тарихи деректер туралы тапсырмалар бере отырып Атлах шайқасы туралы талдау жасау.




Бұл күллі Азия мен Дешті қыпшақ даласының тағдырын тасқа жазған қанды қырғын 751 жылы Тараздың іргесіндегі Атлах бекінісінде шілде айының 29 күні басталып, 5 күнге созылған арабтар мен қытайлардың шайқасы еді. Қазақ даласында болған осы бір соғысқа қатысты тарихи деректер де әртүрлі.

**Орыс тарихшысы** А.Бернштам өзі ашқан археологиялық айғақтарға сүйене отырып, «Атлах қаласының орны Тараз қаласына таяу жердегі Жуантөбеде, оның үйіндісінің айналасы 280/140 метр аумақты алып жатыр» деп нақтылай түседі» деген деректер келтіреді.

**Араб тарихшысы Әл-Макдиси** 985 жылы: «Атлах үлкен қала, көлемі жағынан орталық қалаға жақын, айналасы биік дуалмен қоршалған. Бау-бақшасы көп, жүзім мол өседі. Мешіті орталығында, базары – рабатта (қала шетінде) болған», деп жазады ғалым.

**Қазақ тарихшы Асылжан Дулати.** Қалай болмасын біздің ұлы сахарамызды сақтап қалуымызға себеп болған осы бір тарихи соғыстың алар мән-маңызы зор. Қытайдың қылышынан, арабтың қанжарынан аман қалған бабаларымыздың рухани дүниесі де осы ұрыстан кейін қақ айырылды. Наным-сенімі мен таным-түсінігі өзгеріске ұшырады. Бұл өз кезегінде біздің таза мұсылман қауымының қатарына кіруімізге түрткі болғаны да ақиқат. – Бұл өз кезегінде түркілердің ислам өркениетімен жақындасуын жылдамдатты. Жалпы Атлах (Талас) шайқасының тарихи маңызы зор. Себебі осы шайқастан соң Таң империясының Орта Азияға бағыттаған шапқыншылық саясатына нүкте қойылды. Қытай империясының Шығыс Түркістандағы әскери бекіністері түгелімен жойылды. Орталық Азияның тарихи, мәдени және саяси картасы өзгеріске ұшырады. Өлкемізде ислам өркениеті жаңа арнада қанат қағып, білім мен ғылымның дамуына даңғыл жол ашылды. Түркілер Қытай экспансиясынан мәңгілікке құтылып, ешкімге бодан болмайтын өзінің тәуелсіздігін сақтап қалды. Сонымен бірге ислам дінін қабылдай отырып, үлкен өркениетке жол ашты. Исламның келуімен бірге түркілер арасында жаппай сауаттылық мәселесі қолға алынып, халықтың сауатты көзқарасы қалыптасты. Исламның гүлденген осы дәуірінде сауаттылықтың арқасында көптеген ғалымдарымыз тарих сахнасына

шықты. Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұни, А.Ясауи, С.Бақырғани сияқты ғұламалармен бірге бір ғана Тараздың өзінен 50-ден аса Тараздық ғалымдар шоғыры шыққанын мақтанышпен айтуға тиіспіз.

**Атлах шайқасының түркілерге әкелген мынадай бірнеше пайдасы болды.** Біріншіден, жүйеленген тұрақты бір діннің астына бірікті, екіншіден, халықтың жаппай сауаты ашылды (сауат ашу орталықтары ашылды), үшіншіден, сауаттылықтың арқасында көптеген ғұламалар шықты.

**Кестемен жұмыс.**Атлах шайқасы туралы тарихи деректерді талдап кесте толтыру. Тақырыпты қорғау.

**Әл-Макдиси**

**Ибн әл -Асыр**

**А.Бернштам**

**Асылжан Дулати**

**Атлах шайқасының тарихи маңызы**

**Күтілетін нәтиже:** Тапсырманы орындата отырып мемлекеттің аумағын сақтаудағы түркештердің ерлік істерін түсіндіріп, мемлекетті нығайтуға атсалысуын, отаншыл, намысшыл қасиеттерін білім алушы бойына дарыту.

**Бөлім тақырыбы: X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан**

**Тақырып: Қыпшақ хандығы.**

**Оқу мақсаты:** 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану

**Міндеті:**Қыпшақ хандығының құрылуын, қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын, Алтайдан Еділге дейінгі жердің неліктен Дешті Қыпшақ аталғанын түсіндіру.

**Құндылықтар:** Қоғам игілігі үшін қызмет ету.Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болу.

**Ұлттық мүдде:** Елінің тарихын құрметтеу.

**Талап:** Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болу

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету.

**Оқыту әдіс-тәсілдері: « PEST», «SWOT» әдісі, топтық , жұптық жұмыс, карта, бейне жазбалар-https://www.youtube.com/watch?v=IWDX66tzRHU, https://www.youtube.com/watch?v=OIe8UymJeAY.**

***Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:***

Қыпшақ хандығының құрылу тарихын, қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын түсіндіру. Қыпшақ этносы мен қыпшақ мемлекетінің қалыптасу кезеңдеріне сипаттама береу. Қыпшақтардың өзге мемлекеттердің өзара қарым қатынасын талдау. Алтайдан Еділге дейінгі жердің не себепті Дешті Қыпшақ жері деп аталуының себебін анықтау. Қыпшақтардың басқа халықтарға қалай әсер еткені туралы дерек материалдарын қолдана отырып талдау жұмысын жасау. Қыпшақтардың қазақ тарихындағы орнын анықтау арқылы елінің тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

**1-тапсырма .** Картаны пайдалана (*жұптық жұмыс*) отырып Қыпшақ мемлекетінің аумағын және қыпшақ мемлекетіндегі бірлестіктерге қарайтын аймақтарды анықтау.







**2 –тапсырма. « PEST»** әдісін қолдана отырып ( *топтық жұмыс* ) Қыпшақтардың әлемдік өркениеттің дамуына қосқан орасан зор үлесін талдау.




Қыпшақтардың — ортағасырлық көшпелі халық, олар Евразияның кең аумағында, әсіресе Қазақстан, Ресей, Украина және Орталық Азияның аймақтарында өмір сүрген. Қыпшақтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесінің әртүрлі аспектілерінде анықтайды.

**1. Сауда және экономика**
**2. Әскери стратегия**
**3. Мәдениет және өнер**
**4. Тіл және жазба**
**5. Дін және философия**

**3-тапсырма.**Қыпшақ мемлекетінің шаруашылығы туралы саяхатшыладың айтқан мәліметтерімен сәйкестендіріңіз.

| Р/С | Авторлар | Жауабы | Не туралы айтты? |
|---|---|---|---|
| 1 | **Рубрук пен Карпанин** | | **А.** «Тары мен күрішті көп егетін» |
| 2 | **Еврей саяхатшысы Петахья** | | **Ә.**«Қыпшақтар аздап бидай,арпа өсіреді,көп өсіретіні - тары, ал тамақтарының негізгі түрі тарыдан жасалады» |
| 3 | **Плано Карпини** | | **Б.**«Қаңлылар қыпшақша сөйлейді екен» |
| 4 | **Әл- Омари** | | **В.**«Қыпшақтардың арба үстінде тігілген үйлерін 10 немесе 22 өгіз тартатындығын өз көздерімен көргендігін айтады. Кімде жылқы көп болса сол бай болған. Жылқыларды Ауған, Иран, Египетке 100 динардан 500 динарға дейін сатады» |
| 5 | **Ибн Баттута** | | **С.** «Малдың көптігі соншалықты, ондай мал ешбір елде жоқ шығар.Сиыр малын да өсіретіндігін жазған» |

**Күтілетін нәтиже:** Тапсырмаларды орындай отырып білім алушылар қыпшақтардың аумағын, этникалық құрамын, мемлекеттің құрылуын, көрші мемлекеттермен саяси қарым-қатынасын, әлемдік өркениеттің дамуына қосқан

үлесін, шаруашылығын, қыпшақтардың мәдениетін, экономикасын, әскери және дипломатиялық стратегияларын, сондай-ақ әлемдік өркениетке терең әсер еткенін біледі. Қыпшақтардың түрлі халықтардың, мәдениеттердің және өркениеттердің өзара байланысуының маңызды бөлігі болғандығын біледі. Қыпшақтар - тек қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге бүкіл Еуразия халықтарының тарихындағы маңызды тұлғалар болғанын біліп, түркі тайпаларының славяндармен тығыз қарым-қатынаста болғанын тарихи деректер мен ғалымдардың еңбектерін қолданып отырып қазақ елінің тарихын терең біліуге, ұлттық мирасымызды біліп дәріптей алатын болады.

**Бөлім тақырыбы: X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан**

**Тақырып: Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.**

**Оқу мақсаты:** 6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау;

6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау;

6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру

**Міндеті:**Ұлы Жібек жолының пайда болуын,бағыттары мен тармақтарын, Ұлы жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін, халықаралық қатынастырдың дамуындағы рөлін, тарихи маңызын түсіндіру.

**Құндылықтар:** Бірлік және ынтымақ .Қоғам үшін қызмет ету.

**Ұлттық мүдде:**Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу.

**Талап:** Білуге, жаңаны тануға құштар болу. Теннологиялық ж әне цифрлы дағдыларды ілгерлету.

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:** «SWOT», «Кластер» әдісі, карта мен жұмыс, бейне жазбалар-https://www.youtube.com/watch?v=BgI5zVIXs_0, https://www.youtube.com/watch?v=6JCbt3_5ZoE, кесте тапсырмалары.

***Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:***

Білім алушыларға Ұлы Жібек жолының ашылу тарихы мен қалыптасуын,сауда жолының тармақтарын, қалалардың дамуын түсіндіру. Ұлы жібек жолы бойы арқылы тасымалданған тауарлар мен тұрақтар, ғылым, білімнің таралғандығы туралы ғалымдардың еңбектері мен тарихи деректер материалдарын пайдалана отырып сипаттап беру. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының Шығыс пен Батыс мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпір болғанын бейне материалдар мен қосымша деректер арқылы түсіндіріп оның тарихи маңызын ашып көрсету.Ұлы Жібек жолы арқылы өзге халықтардың салт-дәстүрімен ұлтаралық және дінаралық сыйластықтың болғанын түсіндіру. Қазіргі таңда Ұлы Жібек жолының өркениет тарихындағы орасан зор рөлін ескере отырып, ЮНЕСКО халықаралық ұйым « Жібек жолы» бағдарламасының қабылдаудың маңызын ашып көрсету.

Ұлы жібек жолы тақырыптарын білім алушыларға түсіндіру барысында бейне материалдарды, археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған заттарды

көрсету тарихи білімдерін дамыту. Білім алушылардың тақырыпты терең меңгерту барысында әртүрлі әдіс- тәсілдер мен топтық, жұптық жұмыстар, зертеу тапсырмаларын бере отырып білімдерін дамыту.

**1-тапсырма.«SWOT» талдау әдісін (***топтық жұмыс)* қолдана отырып Ұлы Жібек жолы бойы арқылы дамыған мәдени, экономикалық, саяси байланыстарды талдау.

| | | |
|---|---|---|
| **S** | мықты жақтары | |
| **W** | әлсіз тұстары | |
| **O** | мүмкіндіктері | |
| **T** | қауіп-қатерлері | |

**2-Тапсырма.** Картаны пайдалана отырып, Ұлы Жібек жолы бойында дамыған қалалар мен оның бағыттарын анықтау.




**3-тапсырма.Ұлы Жібек жолының бағыттарын анықтап кестені толтыру.**




| Р/С | **Ұлы жібек жолының бағыттары** | Ұлы жібек жолының байланыстырған аумақтары |
|---|---|---|
| 1 | Лазурит жолы | |
| 2 | Нефрит жолы | |
| 3 | Дала жолы | |

**4-тапсырма.** «Кластер» әдісін(*топтық жұмыс*) қолдана отырып Ұлы Жібек жолының мәдениетке тигізген ықпалын талдау.




**Күтілетін нәтиже:**Ұлы жібек жолының халықаралық қатынастардағы маңызын ашады. Ұлы Жібек жолының қолөнер,сауданың дамуына және қалыптасуының өсуіне әсерін анықтайды. Жібек матасын өндіру технологиясы мен пайдасын түсіндіреді. Ұлы жібек жолының дамуы адам тіршілігінің қай салаларына әсер еткенін талдайды. Ұлы Жібек жолының қай жаңғыртуының себебін талдай отырып маңызын анықтайды. Түркі мәдениеті мен өркениеті және олардың Ұлы Жібек жолы халықтарының мәдениетінің дамуындағы мәдени – өркениеттің рөлін айқындап бере отырып сыни және креативті ойлау қабілеті мен қоғам игілігі үшін қызмет ету қабілеттерін арттырамыз.

**Бөлім тақырыбы: Х ғасыр - ХІІІ ғасырдың басындағы Қазақстан**

**Тақырып: Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті.**

**Оқу мақсаты:** 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау;

6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау

**Міндеті:** Х ғасыр мен -ХІІІ ғасырдың басындағы сәулет өнерін, егіншілер мен көшпелі дала арасындағы қарым-қатынас мәселелерін, рухани мәдениетін, қолөнер мәдениетінің дамуы туралы түсіндіру.

**Құндылықтар:** Ұлттық мұраға ұқыпты қарау. Елінің тарихын құрметтеу.Ұлттық мүддені жоғары қою.

**Ұлттық мүдде:** Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу.Қоғам игілігі үшін қызмет ету.

**Талап:** Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болу. Ақпараттық, меди және қаржылық сауттылық.

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету. Адал еңбек етту.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:** Бейне жазбалар https://www.youtube.com/watch?v=TFrolqKk4CY, https://www.youtube.com/watch?v=9CD1rFr8E5Мкестемен, кестемен жұмыс, «Ақиқат»,«Жалған» әдісі, «Сәйкестендіру», «Попс формуласы», Жоба қорғау

***Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:***

X-XIII ғасырдың басындағы қала құрылысының ортағасырдағы сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін, қала мен көшпелі даланың өзара қарым-қатынасын, тауар - ақша қатынасының дамуы, Қазақстан аумағындағы ислам дінінің таралу себебін және қолөнердің дамуын, түркілердің рухани мәдениетін дамытудағы исламның рөлі мен маңызын, X-XII ғасырлар неліктен түрік мәдениеті «алтын ғасыр» деп аталуының себебін түсіндіру.

**1-тапсырма. Кесте толтыру.** X-XIII ғасырдың басындағы Ұлы Жібек жолы бойындағы халықаралық сауда қалаларының даму ерекшеліктеріне тән мәліметтерді кестеге толтырыңыз.

| **Р/С** | **Ірі сауда орталық қалалары** | **Мәліметтер** |
|---|---|---|
| **1** |   **Тараз** | |
| **2** |  **Испиджаб** | |
| **3** |  Янгикент | |
| **4** |  **Отырар** | |

**2-тапсырма.«Ақиқат»,«Жалған» әдісін (** *жек жұмыс* **) қолдана отырып егіншілік шаруашылығының дамуына қатысты мәліметтерді анықтаңыз.**

| **Р/С** | **Тапсырмалар** | **Ақиқат** | **Жалған** |
|---|---|---|---|
| **1** | Көшпелілердің отырықшылануы қала өмірінің өркендеуіне ғана емес, егіншіліктің дамуына да әсер етті | | |
| **2** | Суармалы егіс жүйесі жетілдірілді. X–XII ғасырларда қалалар төңірегін сумен қамтамасыз еткен арықтар қазылды | | |
| **3** | Күрделі суландыру жүйесі Науакент аймағынан кездеседі. Бұл өңірден магистральды каналдар, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | субөлгіштер, суқоймалары, қыш сұқұбырлары, суды көтеруге арналған қондырғылар табылған | | |
| **4** | X–XIII ғасырдың басы –Шығыс Қазақстанда да егіншілік мәдениетінің өркендеу кезеңі болды. | | |

**3 тапсырма. «Сәйкестендіру» әдісін(** *топтық жұмыс*) **қолдана отырып көшпелілердің қолөнерінің дамыған түрлерін олардың шығарған өнімдерімен сәйкестендіру**




| |
|---|
| *сандық, кебеже, төсек* |
| *сақина, сырға, білезік* |
| *балта, кетпен, орқа*<br>*кебеже, торсық,* |
| |

**4- тапсырма:** «Попс формуласы» әдісін ( *топтық жұмыс*) қолдана отырып X-XII ғасыр неліктен түркі мәдениетінің « Алтын ғасыры» деп аталағын анықтайды.

**1-қадам:** «Менің ойымша...»

**2-қадам:** «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»

**3-қадам:** «Оны мен мынадай фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

**4-қадам:** «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»

**5 тапсырма. Жоба қорғау. X-XIII ғасырдағы сәулет өнері.**

**Жоба мақсаты:** Қазақстан жеріндгі сәулет өнерінің дамуы, құрлысытың салыну тарихы, ерекшелігі,орналасқан жері туралы жоба қорғау. Сонымен қатар әлем елдеріне Қазақстан мәдениетін таныстыру,туризімді дамытудың жолдарын ұсыну.

**Ұлттық мүдде:** Ел тарихын құрметтеу. Ұлттық мирасты,мәдеиетті дәріптеу

**Талап:** Ізденімпаз,жасампаз тұлға

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету

| | | |
|---|---|---|
| **топ** | **Айша бибі кесенесі** |  |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 топ | Бабажан хатун | |  |
| 3топ | Алаша хан кесенесі | |  |
| 4 топ | Қарахан кесенесі | |  |

***Күтілетін нәтиже:*** Х-ХІІІ ғасырдағы көшпелілердің өмір салты мен шаруашылық түрлерін, сауда қатынасының дамуы, қалалардың дамуы, қолөнер кәсібінің ерекшелігін және рухани мәдениетті дамытудағы ислам дінің рөлі мен маңызын түсінеді.

**Бөлім тақырыбы:XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан**

**Тақырып: Қазақ хандығының құрылуы.**

**Оқу мақсаты:** 6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау;

6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;

**Міндеті:**Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары мен барысын,тарихи маңызын және қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы хандардың, билердің рөлін түсіндіру.

**Құндылықтар:** Өз отанын құрметтеу. Өз мемлекетін нығайтуға атсалысу. Ұлттық мүдені жоғары қою. Бірлік және ынтымақ .

**Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.** Елінің тарихын құрметтеу.

**Талап:** Сыни және креативті ойлау. Білуге, жаңаны тануға құштар болу.

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету. Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:** Кестемен жұмыс, Кескін карта.

***Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:***

Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдерін, «қазақ» этнонимінің мағынасын, қазақ хандығының құрылуының алғышарттарын, XV ғасырдың соңы - XVI ғасырдың басындағы қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатын, қазақ хандығында билік жүрген хандардың тарихтағы рөлін түсіндіру.

1- **Тапсырма**: Кестемен жұмыс. Қазақ халқының қалыптасу кезеңдерін кестеге толтырыңыз

| | |
|---|---|
| ***1 кезең*** | |
| ***2 кезең*** | |

***2- Тапсырма:*** Қазақ хандығының құрылған аумағын және астанасын, шегаралас аймақтарын анықтаңыз.




| *Аумағы* | *Астанасы* | *Шегаралас аймақтар* |
|---|---|---|
| | | |

***Күтілетін нәтиже:*** Қазақ халқының қалыптасу кезеңдерін, Қазақ хандығының құрылған аумағын және астанасын, шегаралас аймақтарын тапсырма орындау барысында біле отырып,сыни және креативті ойлау қабілеттері мен қазақ мүддесіне қызмет етуді үйренеді.

**Бөлім, тақырыбы:Қазақ хандығын,ың XVI - XVII ғасырлардағы дамуы**

**Тақырып:** XVI-XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы.(Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хандар тұсындағы қазақ хандығының ішкі сыртқы саясаты )

**Оқу мақсаты:** 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;

6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау

6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау

6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау

**Міндеті:** XVI-XVIII ғасырдағы қазақ хандарының ішкі, сыртқы саясатын, олардың елді нығайтудағы рөліне, қызметіне баға беру және түсіндіру.

**Құндылықтар:** Өз отанын құрметтеу. Өз мемлекетін нығайтуға атсалысу. Ұлттық мүдені жоғары қою. Бірлік және ынтымақ .

**Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.** Елінің тарихын құрметтеу.

**Талап:** Сыни және креативті ойлау. Білуге, жаңаны тануға құштар болу.

**Ар-ұят:** Халқына адал қызмет ету. Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:** Кесте, «Венн диаграммасы»,«Тұлғаны таны» «Сәйкестендіру»

***Оқытудағы» іс-әрекет/ мазмұны:***

XV ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі, сыртқы саясатын, қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін түсіндіру.

***1-Тапсырма.*** Қазақ хандарының билік құрған жылдарын, ішкі және сыртқы саясатын кестеге толтырыңыз.

| ***Қазақ хандары*** | ***Билік құрған жылдары*** | ***Ішкі саясаты*** | ***Сыртқы саясаты*** |
|---|---|---|---|
| Қасым хан | | | |
| Хақназар хан | | | |
| Тәуекел хан | | | |
| Есім хан | | | |
| Жәңгір хан | | | |

***2 тапсырма.*** «Венн диаграммасы» әдісін( *топтық жұмыс*) қолдан отырып Қазақ хандығында қабылданған заңдардың ерекшелігі мен мақсаттарына ортақ мәнді анықтаңыз




**3 тапсырма:Қазақтың ұлы билері**.«Тұлғаны таны» және «Сәйкестендіру» (*топтық жұмыс*) әдістерін қолдана отырып билердің қазақ қоғамының халық бірлігін нығайтудағы рөлін, әділдік пен даналықтың, абырой мен ар-намыстың символы ретіндегі қызметіне баға беру.Сонымен қатар«Сәйкестендіру» (*жұптық жұмыс*) әдісін қолдана отырып билердің айтқан нақыл сөздерін сәйкестендіру.Нақыл сөздердің мағанасын талдау.



- Адал болса, досың жақын.
- Жан серігің жас кезіңнен
- Бәрінен де әйелің жақын.
- Алтын ұяң – Отан қымбат



- *Батыр боп жауға найзаң тимесе,*
  *Батырлықтан не пайда.*
  *Бай болып халқыңа пайдаң тимесе,*
  *Байлығыңнан не пайда*



- Бір үйдің баласы болма,
- Көп үйдің санасы бол!
- Бір елдің атасы болма,
- Бар елдің данасы бол!
- Бір тонның жағасы болма,
- Көп көлдың ағасы бол

Әйтеке би

***Күтілетін нәтиже:*** Қазақ хандарының ішкі,сыртқы саясатының негізгі бағыттарын және мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтайды.

Қазақ билерінің нақыл сөздерін, өмірдегі сыйластық, татулық, қадір-қасиет, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға арналған толғауларының мәнін және заңдар жинағын жасаудағы рөліне түсінінеді. Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды. Халыққа адал қызмет етуді біледі.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Бұзаубақова К.Ж. Жаба педагогикалық технология. Тараз. 2003
2. Баженова И.Н. Педагогикалық ізденіс. Алматы.1990
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы білім алушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002 .
4. Дүйсембекова Ш.Д. Педагогика. Семей, 2004.
5. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология учебно-воспитательного процесса. Усть-каменогорск,1982
6. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии М., Педагогика, 1990
7. Тұрсын Хазретәлі. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. А.,2004
8. Бухвалов В.А. Технология работы учителя-мастера. М.,1995.
9. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии М., 1998
10. Педагогические технология/Под.ред. Кукушина В.С.
11. Загрекова Л.В: Николина В.В. Теория и технология обучения. М., 2004
12. Т. Тұрлығұлов «Мектепте Қазақсатан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі», А-2003.
13. Е.Е. Вязмский, О. Ю. Стрелова «Методические рекомендации учителю истории» М-2000.
14. М.М. жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы білім алушыны дамыту құралы ретінде» А-2002 ж.
15. М.В. Короткова, М.Т. Студенчикин «Методика обучения истории в схемах,таблицах, описаниях», М-1999.

16. 16.В.Монохов «Проектирование и внедрение новых технологий обучения» М-1990г.
17. М.В.Кларин «Педагогическая технология в учебном процессе», М-1989.
18. Е.Е. Взяемский, О.Ю. Стрелова «Методические рекомендации учителю истории» М-2000.
19. 19. Н.Р. Юсуфбекова «Общие основы педагогической инноватики» М-1991.
20. В.Монохов «Проектирование и внедрение новых технологий обучения» М-1990г.
21. М.В.Кларин «Педагогическая технология в учебном процессе», М-1989.
22. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Методика преподавания истории в школе:Практическое пособие. М.: Гум. изд. Центр ВЛАДОС, 2000 г.

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-сыныбына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша осы Әдістемелік ұсынымдар «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының 62- қосымшасы негізінде әзірленді. Бұл ұсынымдар білім алушылардың осы пән бойынша білімдерін тереңдетуге, сондай-ақ оларды үшінші Ұлттық құрылтай барысында Мемлекет басшысы айтқан базалық құндылықтармен үндестіру үшін құралдарды ұсынуға арналған.

№1 салыстырмалы кестеде «Дүниежүзі тарихы» пәнінің басты құндылықтары мен міндеттері көрсетілген.

| Құндылықтар | Оқу пәнінің міндеттері |
|---|---|
| «Тәуелсіздік және отаншылдық» | 1) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру; |
| «Бірлік және ынтымақтастық» | 2) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру; |
| «Әділдік және жауапкершілік» | 3) негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи даму процестерінің мәні туралы түсінік қалыптастыру; |
| «Заң және тәртіп» | 8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану. |
| «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» | 6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, |

| | |
|---|---|
| | әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау); |
| «Жасампаздық және жаңашылдық» | 4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;<br>5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;<br>7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; |

№2 салыстырмалы кестеде 6-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен құндылықтарды логикалық интеграциялау нұсқалары келтірілген. Оларды жүзеге асырудың кейбір әдістемелік әдістері де ұсынылады.

| Құндылықтар | Сабақтың тақырыбы | Оқу мақсаты | Әдістемелік әдістер |
|---|---|---|---|
| «Тәуелсіздік және отаншылдық» | Неліктен Византия 568 жылы түрік қағаны Истемиге елші жіберді? | 6. 3. 2. 4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының мысалында қарастырып, сипаттау | «Земархтың түрік қағаны Истемиге сапарының тарихы» рөлдік ойын. Рөлдік ойын ұйымдастыру критерийлері:<br>✓ Юстинианның Земархқа қойған негізгі мақсаттарын көрсетеді;<br>✓ Земарх елшілігінің Маңызды аспектілерін көрсетеді;<br>✓ Земархтың елшілігінің маңыздылығын анықтайды;<br>✓ Ерте орта ғасырлардағы түріктердің өмірі мен мәдениетін сипаттайды.<br>Земархтың Түркі қағанатымен қарым-қатынасы туралы Юстинианға есебі<br>Сұраққа жауап береді: Түркі қағанатымен ынтымақтастық Византия үшін тиімді болды ма?<br>Ынтымақтастықтың саяси және экономикалық аспектілерін ажыратады; |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>Түркі қағанаты мен Византияның ортақ мүдделерін айқындайды.</td></tr>
<tr><td>«Бірлік және ынтымақтастық»</td><td>Нелікте н VIII-XII ғасырды ислам мәдениетінің "алтын ғасыры" деп атайды?</td><td>6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау;<br>6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын бағалау</td><td>Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктері мен шығыс ойшылдарының жетістіктерін қарастыра отырып, кестені толтырыңыз:
<table>
<tr><td>«Алтын ғасырдәуірі»нің 2-3 ашылуын салыңыз</td><td>Қазіргі уақытта олардың мағынасын бейнелеу</td><td>Одан әрі перспективалы даму мүмкіндігін көрсету</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>«Әділдік және жауапкершілік»</td><td>Нелікте н Жанна д̓ Арк француз халқының есінде сақталады?</td><td>6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылға н мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату</td><td>«Жанна д ' Арк» тақырыбы бойынша синквейн жасаңыздар.<br>1. Тақырып (тақырып)-бір зат есім (Жанна д ' Арк).<br>2. Тақырып бойынша екі сын есім.<br>3. Тақырып бойынша үш етістік.<br>4. Тақырып бойынша ұсыныс.<br>5. Тақырып бойынша ассоциация: сөз-синоним немесе сөз тіркесі</td></tr>
<tr><td>«Заң және тәртіп»</td><td>Мартин Лютердің наразылығы Еуропаны қалай өзгертті?</td><td>6.2.1.1 адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірдегі дін рөлінің өзгеру себептерін анықтау;</td><td>Мартин Лютердің «98 тезисін» қарастыра отырып, реформацияның салдарына кесте толтырыңыздар:
<table>
<tr><td>Қысқа мерзімді салдары</td><td>Орта мерзімді салдары</td><td>Ұзақ мерзімді салдары</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»</td>
<td>Ұлы географиялық ашулар әлемді қалай өзгертті?</td>
<td>6.2.4.3 картадан XV-XVI ғасырлардағы саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық ашылулардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау;</td>
<td>Ұлы географиялық ашылулар нәтижесінде болған өзгерістерге байланысты кестені толтырыңыздар:
<table>
<tr><td>Экономикалық саладағы өзгерістер</td><td>Әлеуметтік саладағы өзгерістер</td><td>Мәдени саладағы өзгерістер</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
</tr>
<tr>
<td>«Жасампаздық және жаңашылдық»</td>
<td>Коперниктің теориясы қаншалықты бірегей болды?</td>
<td>6.2.4.2 жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау;</td>
<td>Әлемнің құрылымы туралы теорияларды зерттеп , тұжырымдамалық карталарды толтырыңыз:

</td>
</tr>
</table>

Әдістерді дұрыс таңдау мұғалімге сабақта шығармашылық ынтымақтастық атмосферасын құруға көмектесетінін атап өткен жөн.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру Тарихи концептілер негізінде жүзеге асырылады.

№3 салыстырмалы кестеде 6-сыныптағы тарих сабақтарында Тарихи концептілер мен нақты тақырыптармен байланысты құндылықтарды енгізудің мүмкін нұсқалары ұсынылған

| **Құндылықтар** | **Тарихи концептілер** | **Сабақтың тақырыбы** |
|---|---|---|
| «Тәуелсіздік және отаншылдық» | "өзгеріс пен сабақтастық" бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, | Неліктен Византия 568 жылы түрік қағаны Истемиге елші жіберді? |

| | | |
|---|---|---|
| | тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді; | |
| «Бірлік және ынтымақтастық» | "себеп және салдар" бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды | Моңғолдардың жорықтары Еуразияның саяси картасын қалай өзгертті? |
| «Әділдік және жауапкершілік» | "дәлел" бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды, | Неліктен Жанна д̓ Арк француз халқының есінде сақталады? |
| «Заң және тәртіп» | ««ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады; | Мартин Лютердің наразылығы Европаны қалай өзгертті? |
| «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» | "интерпретация" бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды. | Ұлы географиялық ашулар әлемді қалай өзгертті? |
| «Жасампаздық және жаңашылдық» | "маңыздылық" бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды; | Коперниктің теориясы қаншалықты бірегей болды? |

Бұл құндылықтардың тарихи концептілермен үйлесуі білім алушыларға тарих пәні туралы гуманистік түсінік алуға мүмкіндік беретінін атап өту маңызды.

Қысқамерзімді жоспар үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | Ғылыми революция | |
| Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Зулкарнаева Ж.Т. | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Коперниктің теориясы қаншалықты бірегей болды? | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 6.2.4.2 жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау; | |
| Сабақтың мақсаты | жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтайды. | |
| Құндылық | «Жасампаздық және жаңашылдық» | |
| Тарихи концепт | маңыздылық | |

## Сабақтың барысы

| Уақыт | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Бағалау | Ресурста |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>4 мин<br><br>Білім алушылардың сабаққа деген эмоционалды көңіл-күйі. | Ұйымдастыру кезеңі<br><br>«Миға шабуыл»: суретті қолдана отырып сұрақтарға жауап береді<br><br>- Қалай ойлайсыңдар, ежелгі адамдар Жер мен ғаламды қалай түсінген?<br>- Қандай ірі ғалымдар ғарыш туралы жаңалық ашты деп естідіңдер? | Сабаққа дайындалу<br><br>Білім алушылар сұрақтарға жауап беру арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын болмайды. | білім алушылардың жауаптарына түсініктеме беріледі | Дүниежүзі тарихы:<br>Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/ Р.Т.Айтбай-Алматы:<br>Атамұра, 2018<br>https://bilimclass.kz/2024/control/courses/list/75/kz/6/4/exercises/47411/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - Егер бір ғалым Күн Жердің айналасында емес, керісінше, Жер Күннің айналасында айналады десе, бұл қалай қабылданар еді? | | | |
| Сабақтың ортасы<br>II. Зерттеу- жаңа материал.<br>23 мин. | Топтық жұмыс:<br>1-тапсырма:<br>Әлемнің құрылымы туралы теорияларды зерттеп , тұжырымдамалық карталарды толтырыңыз, әр тармаққа кем дегенде 2 дәлел келтіріңіздер<br><br>*1 топ-Ежелгі Қытай*<br><br>*2-топ- Үндістан*<br><br>*3-топ-Ежелгі Греция*<br><br>*4-топ-Мұсылман астрономиясы*<br><br>Жұптық жұмыс<br>2-тапсырма.<br>Төмендегі ғылыми көзқарастарындағы ереклеріктер мен ұқсастықтарын айтыңдар: | *Дескриптор:*<br>- Зерттелетін қоғамның ғылыми білімін сипаттайды;<br>-Әлем туралы идеяларды сипаттайды;<br>- Зерттелетін қоғамның жетістіктерін сипаттайды;<br><br>Тұжырымдамалық картаны «Галерея» әдісі бойынша сынып қабырғасына іліп, стикерге пікір жазу арқылы бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.<br><br>*Дескриптор:*<br>- Н.Коперниктің Д.Бруно мен Г.Галилейдің ғылыми көзқарастарының ұқсастықтарын анықтайды; | Өзін-өзі бағалау<br>ҚБ (6 балл)<br><br>Өзін-өзі бағалау<br>ҚБ (6 балл) | Қосымша 1 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>Ғалымдар</td><td>Ұқсастықтары</td><td>Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>Н.Коперник</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Д.Бруно</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Г.Галилей</td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
3-тапсырма. Н.Коперниктің «Жер күнді айнала қозғалады» деген идеясы несімен ерекшеленді?<br>
Бұл идеяның сол кезең үшін маңыздылығы қандай ?<br>
•
</td>
<td>
- Д.Брунонның Н.Коперник пен Г.Галилейдің ғылыми көзқарастарының ұқсастықтарын анықтайды;<br>
- Г.Галилейдің Н.Коперник пен Д.Брунонның ғылыми көзқарастарының ұқсастықтарын анықтайды;<br>
- Н.Копернитің ғылыми көзқарастарының ерекшелігін анықтайды;<br>
- Б.Брунонның ғылыми көзқарастарының ерекшелігін анықтайды;<br>
- Н.Галилейдің ғылыми көзқарастарының ерекшелігін анықтайды;<br>
Өз ойларын «Автор орындығына» отырып, 2 сөйлеммен тұжырымдайды.<br>
Дескриптор:<br>
Н.Коперниктің «Жер күнді айнала
</td>
<td>Өзін-өзі бағалау<br>ҚБ (3 балл)</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қозғалады» деген идеясының ерекшелігін атайды;<br>-Бұл идеяның сол кезең үшін маңыздылығын анықтайды;<br>-автор орындығында тұжырымдамаларды атайды; | | |
| Сабақтың соңы<br><br>Алған білімдерін бекіту<br>10 мин | Бекіту сұрақтары:<br>- Егер біз Жердің орнына Күнді ғаламның ортасына қоятын болсақ, бұл астрономияға қандай өзгерістер әкелуі мүмкін?<br>- Орта ғасырдағы ғылым мен діннің қандай рөлі болды? Ғалымдар өз теорияларын ашық жариялай ала ма еді?<br>- Неге адамдар көп уақыт бойы Жерді ғаламның орталығы деп есептеді?<br>- Егер сендер Коперниктің орнында болсаңдар және осындай революциялық теория ойлап тапсаңдар, оны қалай жария етер едіңдер?<br>- Ғылыми жаңалықтың қоғамға тигізетін әсерін қалай түсінесіңдер? Мысалы, егер Коперниктің теориясы дәлелденбесе, қазіргі ғылым қандай болар еді? | «Жасампаздық және жаңашылдық»құндылығы жүзеге асырылады.<br>Білім алушылар сұрақтарға өз ойларын білдіре отырып жауап береді.<br><br>Қорытынды жасайды | Өзін-өзі бағалау<br>ҚБ (Әр жауап үшін 1 ұпай) | |
| Үй тапсырмасы<br>2 мин. | https://bilimclass.kz/2024/control/courses/list/75/kz/6/4/exercises/47664/ платформасы арқылы «Коперниктің теориясы қаншалықты бірегей болды? 2-сабақ» тақырыбы аясында тапсырмаларды орындау | Үй тапсырмасын жазып алады | | https://bilimclass.kz/2024/control/courses/list/75/kz/6/4/exercises/47664/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Рефлексия 4 мин. | «Blob tree» Аты-жөні: ______________________<br>Бүгінгі сабақта өзіңізді қай жерден көресіз? Себебі?<br> | сабақта өз қызметін өз бетінше бағалайды | Өзін өзі бағалау нәтижесін шығарыды.<br>19 балл жинаса-10 ұпай;<br>17-18 балл жинаса-9 ұпай;<br>16 балл жинаса-8 ұпай;<br>15 балл жинаса-7 ұпай;<br>14 ұпай жинаса-6 ұпай;<br>13 баллдан төмен болса-5 ұпай қойылады. | презентация |

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеудің мақсаты

- тарих пәні мұғалімдеріне қазіргі білім беру мазмұнына сай тарих сабақтарында тәрбие құндылықтарының мәнін ашуға әдістемелік көмек көрсету;
- тарих сабақтарында ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіре отырып, тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің ұлттық тарихына, ана тілі мен рухани-мәдени мұраларына, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен қастерлеу сезімін қалыптастыру;
- өскелең ұрпақтың бойына ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту;
- білім алушылар санасына ұлттық намыс, ұлттық болмыс, ұлттық рух, ұлттық тәрбие сынды қасиеттерді қалыптастыру және жан-жақты дамыту;
- жаңа ұрпақты тәрбиелеуде, қоғамдық тұрақтылық пен прогресті қамтамасыз етуде отбасы құндылықтарын дамыту - мемлекет өмірінде маңызды рөл атқаратындығын ашып көрсету;
- ұлттық құндылықтарды жаңғырту - ұлтымыздың болашағы, кемел келешегі екендігін ұғындыру;
- білім алушылардың зерттеушілік, ойлау, коммуникативті білім-білік дағдыларын дамыту арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жеке тұлға тәрбиелеу;

*Міндеті:*

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес қазіргі таңдағы оқытуға қойылатын талаптарды жүзеге асыру;

- әртүрлі әдіс-тәсілдер мен дидактикалық материалдар арқылы тарих сабағында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру;

- білім алушыларға бағыт-бағдар бере отырып, оқу үдерісіне ұлттық құндылықтарды ұдайы енгізу;

- ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру;

- ұлттық-рухани, саяси-әлеуметтік құндылықтарды күнделікті өмірде пайдалануға дағдыландыру;

*Пән мазмұнына сәйкес құндылыққа бағытталған білім берудің өзектілігі:*

XXI ғасырда барлық халықтар мен мемлекеттер үшін ең өзекті мәселелердің бірі өскелең ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады. Отандық тарих пен ұлттық мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарын жаңғырту, дамыту қазіргі кезеңнің басты өзекті мәселелерінің бірі.

Жастар субмәдениетіндегі өзгерістер - алдыңғы ұрпақтардың тәжірибесін, ересектердің пікірлерін елемеу, идеалдарға сенімсіздік, материалдық құндылықтардың рухани құндылықтардан басымдығы, өзімшілдік пен индивидуализм – қазіргі педагогиканың тәрбиелік қызметінің мазмұны мен құрылымына айтарлықтай әсер етуде.

Сондықтан, мектеп білім алушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін мәселе болып отыр.

Қазіргі уақытта қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, ұлттық мәдениетін жандандыру, халқымыздың төл тарихын зерттеу, Қазақстан азаматы мен патриотының адамгершілік тұлғасын қалыптастыру үшін руханиятты қалпына келтіру қажеттілігі өткір сезілуде.

Қоғамдық және азаматтық ұстаным - бұл жас ұрпақтың бойында тұрақты түрде қалыптасатын және тұлғаның кейінгі өміріне әсер ететін жеке қасиеттердің бірі. Рухани жұтаңдық, ұлттық тамырдан ажырау - бұл бүгінгі күнгі өміріміздегі рухани дәстүрді жоғалтудың қорқынышты салдары. Сондықтан, мектеп мұғалімдерінің алдында білім алушыларды рухани-адамгершілікке, ұлттық бастауларға тәрбиелеу міндетін орындау мәселесі тұр.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу үдерісінде оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру өте маңызды. Жеке тұлға қоғамның рухани-адамгершілік бағдарлардың ортақ жүйесі болған кезде ауқымды ұлттық міндеттерді алға тарта алады және оны шешу жолдарын ұсынады.

Қоғамның рухани-адамгершілік бірлігінде шешуші рөл білім беруге беріледі. Ана тіліне және ұлттық-мәдени құндылықтарға, ата-бабаларының тарихына құрметпен қарайтын жеке тұлғаны тұлғаны тәрбиелеу – мектептің басты мақсаты.

Жеке тұлғаның құндылықтары, әрине, ең алдымен отбасында қалыптасады. Бірақ адамның рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесі білім беру саласында жүйелі, дәйекті және терең түрде жүруі тиіс.

Тарих - рухани-адамгершілік, адамгершілік-патриоттық, идеялық және мәдени аспектілерді қамтитын маңызды пәндердің бірі. Рухани-адамгершілік тәрбие гуманитарлық білімнің өзегі болып табылады және тарих пәні жеке тұлғаның рухани білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Тарих - адамзаттың алдыңғы әлеуметтік-саяси тәжірибесін толық қамтиды және қоғамның мәдени дамуының барлық кезеңдері ашып көрсетеді. Білім алушылар тарихты зерттей отырып, тек әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер туралы ғана емес, сонымен бірге ата-бабаларымызға тән моральдық және рухани қасиеттер туралы түсінік алуы және оларды бойына дарытуы тиіс.

Ұлттық құндылықтарға терең бойлау, тарихи мұраларды зерттеу және зерделеу – білім алушылар бойында қалыптасуға тиісті рухани-адамгершілік мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Білім алушылардың тарихи үдерістерге, тарихи тұлғаларға, оқиғаларға деген қызығушылығын арттыруда сабақтан тыс жұмыс түрлері де ерекше маңызды рөл атқарады. Сабақтан тыс іс-шаралар жеке тұлғаны дамыту рухани-адамгершілік, әлеуметтік, жалпы зияткерлік, жалпы мәдени бағыттары бойынша жүзеге асады. Оның ішінде экскурсиялар, үйірмелер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, пікірталастар, мектептегі ғылыми қоғамдар, жарыстар және т.б. білім алушылардың рухани-адамгершілік жағынан дамуына септігін тигізеді және сайып келгенде, білім алушылардың бойында қалыптасып келе жатқан этикалық нормалар мен адамгершілік мәдениет тұрғысынан тәрбиеленуіне әсер етеді.

Білім беруде рухани-адамгершілік тәрбие бойынша жұмыстың кемшілігі - білім алушыларды адамгершіліктің қарапайым, жалпыадамзаттық нормаларымен әлсіз, жүйесіз таныстыру деп білеміз. Кейде біз жасөспірімдердің сана деңгейін де, олардың нақты моральдық негіздерін де ескермей, тым алға ұмтыламыз. Гуманизмнің негізінде жатқан жеке адами қасиеттер де жеткілікті түрде насихатталмайды: мейірімділік, жауаптылық, төзімділік, адалдық, әдептілік және т.б. Білім алушылар бойына ұлттық құндылықтарды, адамгершілікті тек сезіммен, тәжірибемен сіңіруге болады. Бұл біздің білім алушылармен оқу және сабақтан тыс сабақтарды өткізу кезіндегі тәрбие жұмысымның басты мақсаты болуы керек.

Сонымен білім алушылардың танымдық деңгейін, өзіндік ізденісін дамытып, білімін тереңдетуге, ойлау қабілетін дамытуға негізделген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімділігін арттыру маңызды болып табылады.

Оның негізі ретінде «Руханият, адамгершілік, рухани- адамгершілік тәрбиенің маңызы мен пән мазмұны арқылы білім алушының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі ерекше.

Руханият - адамның дүниетанымының кеңдігінен, жанының нәзіктігінен, санасының жоғарлығынан, әділеттілік үшін белсенділігінен, өзгелерге

қайырымдылығы мен ізгі ниет тілігінен көрініс беретін оның ішкі әлемі. Адамның руханилығы жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеуінен, игілікті құндылықтарды көздеуінен де көрінеді. Адамгершілік қасиеттерді қастерлейтін адам белгілі бір рухани мұраттар мен құндылықтарды ұстанады. Олардың әрекеттерінен мейірімділік, ар сақтау, ұятқа қалмауға тырысу сезіліп тұрады.

Руханият адамға әдебиет, өнер, халық даналығы, салт, мәдени дәстүрлер, ғылым, білім арқылы келеді. Мәдениет әр түрлі құндылықтардың бірлігі ретінде адамды рухани бостандыққа жетектейді. Рухани құндылықтар өмірге мағына береді, болашаққа жол ашады. Руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы бар. Рухани мәдениет адамның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты, қадірі, адамшылығы, тәрбиелігі, зиялылығы, қарапайымдылығы арқылы көрінеді. Адамның адамгершілік қасиеттерінің жоғарлығы- руханилықтың негізі. Ал өнер, әдебиет, ғылым мен білім адамға тәрбиелеу мен еңбектену арқасында келеді.

Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өмірге адамның тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін құндылықты қатынасты қалыптастыру. Рухани тәрбие - борыш, әділеттік, шындық, жауапкершілік, т.с.с. адамның ісі мен ойына жоғары мән бере алатын қасиеттерді тәрбиелеу.

Адамгершілік - адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «ізгілік», «имандылық тәрізді ұғымдармен мәндес. Адамгершілік - адамшылық, қаталдықпен салыстырғанда жақсылық тілеу қарым-қатынастары.

Халықтық дүниетанымда іс әрекеттің әр түрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей Адамгершілік белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық, т.б.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім алушының жеке тұлға ретінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіру үшін қажетті жағдайлар жасау; ана тілін жетік меңгерген, ұлттық салт-дәстүрлерді бастауынан нәр алған парасатты тұлға тәрбиелеу болып табылады; ана тілін құрметтеу – ұлттық құндылықтардың бастауы екендігін білім алушылардың санасына сіңіру; қазақ тілінің мәртебесін арттыру;

Халықтың тәлім-тәрбиелік тәжірибелерін, өміршең идеяларын және өнегелі дәстүрлерін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану арқылы жастарымыздың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды жүзеге асыру бүгінгі күннің мақсаты. Халықтың рухани мәдениетінің мөлдір бастау бұлағынан жас кезден нәр алып өсу сан ғасырлық қалыптасу, даму тарихы бар қазақ этнопедагогикасы идеяларын ертерек бойға сіңіруге, ондағы жалпы адамдық құндылықтарды көре білуге үйретеді. Ұлттық тәрбие тағылымдары материалдарын халық даналығының сарқылмас қайнары ретінде жеке адамды қалыптастыру ісінде пайдаланудың қажеттілігін қазақ даласының ойшылдары (Қорқыт-ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Ясауи, педагогтар мен ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев,

А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б.) өз еңбектерінде дәлелді сипаттама бергені мәлім [1, с. 45].

Сондықтан тарихи білім берудегі басты мақсат – білім алушыларды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- білім алушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін , оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазіргі рухани өмірдің тәжірибесі өткеннің, қазіргі кезеңнің және болашақтың ұлы жетістіктерінің негізінде қалыптасады. Адамның рухани - адамгершілік өмірі дамып келе жатқан әлеммен жеке адамның арасындағы үйлесімдікке әкеледі. Әлемдік өркениет дамуының үйлесімді бірлігін іздеу әр түрлі тәсілдермен, әдістермен жүзеге асады.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады [1, с. 47].

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білмеген болса, ондай адам ұлт алдында мәңгүрт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін, Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан сөзін еске түсірейік: «мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білім берудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне  мықты негіз салуы керек», – деген екен.

Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі өскен ортаға, тәрбиеге ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Әрбір халықтың өсіп-өркендеуі үшін әлеумет ортада қалыптасқан рухани, мәдени, саяси құндылықтарды сақтап, дамытып отыруы қажет. Олай болмаса, халықтың біртұтас дүниетанымы ыдырай бастайды.

Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын

терең қозғап, тәрбие сағаттары да қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы білім алушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыру маңызды.. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылатын көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Біздің ұлттық тарихымызды, өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – маңызды болып табылады. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз [2, с. 69].

Сонымен осындай ұлттық құндылықтарды, өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды білім алушылардың бойына сіңіріп, патриоттық сезімді қалыптастыру бүгінгі таңда маңызды мәселелердің бірі болып табылады

*Ұлттық құндылықтар арқылы білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мақсаттары:*

- білім алушылардың ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлға болып қалыптасуына деген ұмтылысын ояту;
- жоғары моральдық қасиеттерді дамыту үшін білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне жағдай жасау;
- мейірімділік, қамқорлық, білімділік, адалдық және т. б. критерийлеріне сәйкес келетін адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- өз Отанын сүюге қабілетті интеллектуалды, рухани жетілген тұлға тәрбиелеу;

*Мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:*

- білім алушылардың рухани-адамгершілік білімдерін, іскерліктерін көрсетуі және адамгершілікке негізделген іс-әрекеттерін жетілдіруі үшін жағдай жасау;
- ұлттық құндылық, рухани-адамгершілік сана ұғымдарын қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік қасиеттерге баулу;
- жасөспірімдердің моральдық мәселелер туралы үнемі ойлануға деген ұмтылысын ояту;
- білім алушыларға тарихи тұлғалардың ізгі істеріне сүйене отырып, жеке адами қасиеттерін ажырата білуге, сезімдерін, іс-әрекеттері мен мінез-құлық мотивтерін түсінуге үйрету;
- білім алушылардың өз денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Бұл күндері адамның рухани-адамгершілік қалыптасуы

мәселесі тәрбиенің маңызды мәселелерінің бірі екендігіне ешкім күмән келтірмейді.

Тарих және қоғамдық пәндерді оқыту арқылы білім алушы бойында ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру білімге құштарлық, Отаншылдық, адамгершілік сезімін оятады. Білім алушының логикалық ойлау қабілетін дамытып, өздігінен ізденіп білім алуға, өзін және өзгені танып білуіне ықпал етеді және рухани жан дүниесін байытып, жан-жақты дамуына негіз болады.

*Қазақстан тарихы сабақтарында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.*

Әлемдегі әрбір ұлт пен халықтың бірегейлігін түсіну үшін, оның қадір-қасиетін ұлықтауда ұлттық құндылықтардың маңыздылығы зор. Неліктен ұлттық құндылықтар маңызды? «Ұлттық құндылықтардың нақты тізімі бар ма, жоқ па?», - деген заңды сұрақ туындауы әбден мүмкін.

Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы.

Әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, темпераменті, ұлттық санасы және т. б. белгілі бір жолмен үйлеседі. Жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтарға да тән орнықтылық және тұрақтылықпен сипатталады. Ұлтқа және жеке тұлғаға қатысты менталитет бастапқыда әдеттегі-эмоционалды түрге ие болды деп айтуға болады, тек экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға негізделген құндылықтардың пайда болуымен ғана ол көп қырлы дүниетанымдық сипатқа ие болады. Ұлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарын тарихи іріктеу нәтижесінде қоршаған әлемге қарым-қатынас жүйесінде көрініс табады.

Негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;

2) құрмет;

3) ынтымақтастық;

4) еңбек пен шығармашылық;

5) ашықтық;

6) өмір бойы білім алу.

Сонымен осы аталған негізгі құндылықтар қатарын Ұлттық мүдде, Ар-Ұят және Талап тәрбие құндылықтарымен толықтыра отырып, Қазақстан тарихы пәні мазмұнына кіріктіре отырып іске асыру маңызды болып табылады.

*«Қазақстан тарихы» оқу пәні ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.*

- Ұлттық құндылықтар дегеніміз – әрбір ұлттың мәдени, тарихи, рухани және әлеуметтік мұралары;
- Тарих пәні арқылы білім алушылар ата-бабаларының ерліктері мен жетістіктерін танып біледі;
- Қазақ халқының бай тарихы мен мәдениеті ұлттық құндылықтардың негізін құрайтындығына көз жеткізеді;
- Тарих сабақтарында білім алушылар қазақ батырларының ерліктері

туралы құнды мәліметтер алып отырып, ұлттық рухы көтеріледі;

- Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін тарих сабақтарында интерактивті әдістердің кеңінен қолдану қажет;

- Білім алушылар тарихи оқиғаларды зерттеу арқылы өздерінің ұлттық болмысын түсінеді;

- Қазақстанның тәуелсіздік тарихы білім алушыларға патриоттық сезімді дамытуға көмектеседі;

- Тарих сабақтарында халықтың салт-дәстүрлерін үйрену ұлттық құндылықтардың бір бөлігі болып табылады;

- Ұлттық құндылықтар арқылы білім алушылар өз елдерінің мәдени байлығын бағалай бастайды;

- Тарихи деректер мен құжаттар ұлттық құндылықтарды сақтауға және нығайтуға ықпал етеді;

- Тарих пәні арқылы білім алушылар ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңыздылығын түсінеді;

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау - болашақ ұрпаққа патриотизмді дарыту жолы;

- Тарих сабақтарында ұлттық мәдениет пен өнерге ерекше назар аудару қажет;

- Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті білім алушыларға рухани байлық пен мақтаныш сезімін ұялатады.

*7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.*

Бөлім тақырыбы: Қазақ-жоңғар соғыстары

Тақырыптары:

- Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды?

- Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды?

- Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы. Біртұтас халық Зерттеу жасағының ұйымдастырылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?

- Қазақ-жоңғар шайқастары. сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?

Оқу мақсаттары:

7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру;

7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;

7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау

7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру

7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру

Құндылықтар:

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Талап: Сыни және креативті;

Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидасын қолдау;

Міндеті: Білім алушылардың елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу, ұлттық мирас пен мәдениет дәріптеу;

Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:

Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды дарыту үшін сабақ барысында төмендегідей мәселелердің мәні мен тарихи маңызын ашу міндетті болып табылады:

- Көшпелі Жоңғар хандығының күшею себебін түсіндіру;
- Жоңғарлардың қазақ жасақтарынан басым түсіп отыру себебін талдау;
- Жоңғар шапқыншылықтарының негізгі мақсатын анықтау;
- Қазақ халқының жоңғар шапқыншылыға қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастыруын саралау;
- Қарақұм мен Ордабасы жиындарындағы қарастырылған мәселелердің мәнін ашу;
- Жоңғарлармен күрестегі маңызды тарихи шайқастардың барысы мен нәтижелерін талдау;
- Жоңғар шапқыншылығының қаза еліне тигізген зардаптарын ашып көрсету, талдау;
- Жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының демографиялық жағдайына қандай әсер тигізгендігін зерттеу;

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. «Тарихи оқиға» әдісі бойынша әр топқа әр түрлі оқиға беріледі. Сол оқиғаны алгоритм бойынша анықтама құрайды. (Яғни, тарихи оқиға, уақыты, тарихи тұлғалар, себептері, фактілері және оның салдары.)

| Тарихи оқиға | Аңырақай шайқасы | Бұланты шайқасы | Шаңды жорық |
|---|---|---|---|
| Уақыты | - 1729 ж., кей деректерде 1730 ж. | 1728 ж. | 1771 ж. |
| Тарихи тұлғалар | Әбілқайыр хан Жолбарыс хан, Төле би, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Тама Есет, Шекті Тайлақ Саурық батыр, Шапырашты Наурызбай | Әбілқайыр хан | Абылай хан, Нұралы хан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Себептері | Жоңғар шабуылына тойтарыс беру | Қазақ жасақтарының жоңғар әскеріне қарсы шайқасы | 1771 ж. Еділ қалмақтарының (170 – 180 мың адам; 40 мыңдай әскері бар) жоңғарға қазақ жері арқылы үдере көшуі еді |
| Фактілері | Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген үш жүз жасақтары 1728 жылы бастап, Балқаш пен Шу бойына қарай жылжып, ұрысқа әзірлене бастады. Бұл кезде жоңғарлар қазақ жерін тұтастай иелену ниетінде еді. Қазақтардың әрекетін сезген олар да Шу мен Балқаштың оңтүстігінде үлкен шеп құрды | Ордабасы жиынында біріккен бүкіл қазақ қолының бас қолбасшылығына Әбілқайыр хан сайланды. Бұл жоңғарларға қарсы ұйымдасқан шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды | Кіші жүздің ханы Нұралы асығыс әскер жиып, Жем бойында қалмақтарға алғашқы соққы береді. Балқашқа жақындаған кезде Абылай бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды қоршауға алды |
| Салдары | -Бұл соғыста көптеген атақты батырлар қаза тапты. Соққыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай Аягөз, Шарға қарай жөңкіле қашты.<br>Халқымыз үшін Аңырақай шайқасының маңызы орыстардың Бородино даласындағы, Еуропаның біріккен қолының Ватерлоо, КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысындағы Сталинград түбіндегі жеңістерімен бірдей. | Нәтижесінде Ұлытау өңіріне енуді көздеген жоңғарлар 1726 ж. Шұбар теңіз шайқасында қазақ жасақтарынан ойсырай жеңіліс тапты. Мұның артынша Бұланты мен Білеуті өзендері арасындағы кең жазықта шешуші ұрыс болды. Ол тарихқа Бұланты шайқасы деген атпен енді. Онда қазақ жасақтары жеңіске жетіп, жоңғарлар Ұлытауға жеткізбей тоқтатылды. Сол жеңістен кейін майдан кіндігі болған төбе «Қалмаққырылған» атанды. | Жоңғардан азат етілген шығыстағы жерлерге қазақ ауылдарын апарып түпкілікті қоныстандырды |

2. **Тапсырма**. Білім алушыларға Қарақұм мен Ордабасы құрылтайлары жайлы ақпараттық мәтін ұсыныңыз (Қосымша)

1). Білім алушыларға тарихи оқиғаларды талдап, келесі мәселелерді анықтауға тапсырма беріңіз:

- Құрылтай ұйымдастырудың себептері
- Қабылданған шешімдер
- Нәтижесі

- Екі құрылтайдың ұқсастықтары мен айырмашылықтары
- Тарихи маңыздылығы

| | **Қарақұм құрылтайы** | **Ордабасы құрылтайы** |
|---|---|---|
| Құрылтай ұйымдастырудың себептері | | |
| Қабылданған шешімдер | | |
| Нәтижесі | | |
| Екі құрылтайдың ұқсастықтары мен айырмашылықтары | | |
| Тарихи маңыздылығы | | |

**Қолданылатын ресурстар:**

1) https://www.youtube.com/watch?v=Q1QV75dz4lg;




Күтілетін нәтижелер:

-Білім алушылар «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» қазақ қоғамына тигізген зардаптарын жан-дүниесімен түсіне отырып, Отанын қорғауға, туған жерін қастерлеуге, қазақ елінің болашағы үшін жан аямай күресуге тәрбиеленеді;

- Қазақ батырларының, саяси қайраткерлерінің ерлік істерін паш ете отырып, білім алушылардың бойында ұлттық намысты, ұлттық рухты оятуға үлес қосу;

- Қазақ халқының өзінің тәуелсіздігін сақтап қалуға деген азаттық күресінің негізінде білім алушыларды әрқашан Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуға жігерлендіру;

Сынып: 7

Бөлім тақырыбы: XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы

Тақыры:

-Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы.

Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?

-XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы. 18ғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы.

-Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты. Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?

Оқу мақсаты:

7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау

7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау

Құндылықтар:

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Міндеті: Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл тұлғаларды тәрбиелеу; Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру;

Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:

Сабақ барысында Ресей империясының отарлау саясатының қазақ халқының саяси дербестігіне нұқсан келтіруін жан-жақты ашу арқылы, білім алушылардың бойында өз еліне деген сүйіспеншілік қасиеттерін арттыру.

- Қазақ өлкесі Ресей үшін неліктен «Азияға шығатын кілт пен қақпа» болды?

- Ресей империясының қазақ өлкесін отарлаудағы басты мақсаттарының мәнін ашу;

- Әскери бекіністерді салу арқылы Ресей империясының қазақ жерін отарлаудағы рөлін талдау;

- Қазақстанды орталауда ерекше рөл атқарған әскери экспедициялардың негізі мақсатын ашып көрсету;

- Кіші жүздің Ресей империясы құрамына кіруінің алғышарттарын сипаттау;

- Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдау әрекеттеріне баға беру;

- Ресей елшілігінің нәтижесіне қатысты өзіндік ой-пікірлермен бөлісу;

- Кіші жүздің Ресей бодандығын мойындаудың тарихи мәнін ашып көрсету;

- Қазақ жеріндегі салынған орыс әскери шептерінің бағыттарын және олардың патша үкіметінің отарлау саясатындағы маңызын айқындау;

- XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы қазақ-жоңғар қатынастарына сипаттама беру;

- Цин әскерлерінің Жоңғарияны талқандауда қазақ саясатына қаншалықты әсер еткендігіне тарихи баға беру;

- Абылайдың саяси қайраткер, әскери қолбасшы ретінде қалыптасуына әсер еткен факторларды ашып көрсету;

- Қазақ-жоңғар-қытай қарым-қатынасындағы Абылай ханның атқарған рөліне шынайы баға беру;

- Абылай ханның біртұтас Қазақ хандығының нығаюына қосқан үлесін талдай отырып, оның жүргізген ішкі және сыртқы саясатының тарихи маңызын ашып көрсету.

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету кубизм стратегиясы Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызады. Алты қыры бар

1. Кіші жүздің Ресей империясы бодандығын қабылдауын «Кубизм» әдісі арқылы сипаттау.

- Сипаттаңыз
- Салыстырыңыз
- Зерттеңіз
- Талдау жасаңыз
- Қарсы шығыңыз немесе қолданыз
- Ұсынысыңыз

2-тапсырма «Концептуалды кесте» әдісі бойынша әр топқа берілген салыстыру сызығына Ресей империясы мен Қазақ хандығының мемлекет билеушілері, олардың жүргізген саясаты, нәтижесі туралы ақпарат беру

| **Қазақ хандығы** | **Салыстыру сызығы** | **Ресей имериясы** |
|---|---|---|
| | Мемлекет билеушілері | |
| | Жүргізген саясаты | |
| | Нәтижесі | |

3-тапсырма. Кіші жүздің Ресейге қосылуын SWOT талдау әдісі арқылы талдау жасаңыз:

| **S**<br>**Күшті/мықты жақтары** | |
|---|---|
| **W**<br>**Әлсіз жақтары** | |
| **O**<br>**Мүмкіндіктер** | |
| **T**<br>**Қауіп-қатерлер** | |

4-тапсырма. «Ақпаратты бөлісейік». Мәтінмен жұмыс

Абылай ханның өмірі туралы мәтіндер таратылады. Білім алушылар мәтін мазмұнын оқып, топ ішінде талқылайды. Әр топ Абылай хан өмірінің әр кезеңіндегі өмір дерегі туралы игерген ақпаратты сыныптастарымен бөлісу үшін сынып алдында қорғайды.

1- Бала Әбілмансұр;

2-. Сабалақ батыр;

3-. Абылай хан;

1. XVIII ғасырдың ортасында қазақ қоғамында біртұтас және орталықтанған билік пен мемлекет мәселесі өткір қойылды. Оның себебі неде деп ойлайсыңдар?

______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________

5-тапсырма. Абылайханның тарихындағы ірі оқиғалар тізбегі.

| | | |
|---|---|---|
| 1711ж. | | 1. |
| 1743ж. | | 2. |
| 1756ж. | | 3. |
| 1757ж. | | 4. |
| 1762ж. | | 5. |
| 1767ж. | | 6. |
| 1770ж. | | 7. |
| 1771ж. | | 8. |
| 1778ж. | | 9. |
| 1781ж. | | 10. |

6-тапсырма. Қазақ хандығы тарихында Абылайханның жүргізген ішкі және сыртқы саясатын талдаңдар

| Ішкі саяси өмірдегі өзгерістер | Сыртқы саяси өмірдегі өзгерістер |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

7-тапсырма. Зерттеу мен талдау

Білім алушыларға Абылайханның жүргізіген саясатының тарихи маңыздылығын анықтауға тапсырма беріңіз. Сол үшін 5R талдауын қолданыңыз:

«ЕНАРА» стратегиясы (5R) маңыздылық кестесі

| Есте қалатын (кім үшін?) | |
|---|---|
| Нәтижелі (қандай нәтижелерге әкелді? Нәтижелері позитивті әлде негативті сипатқа ие ме?) | |
| Айырықша мәнді (Сол тарихи кезеңде ол қандай көрініс тапты? | |

| | |
|---|---|
| Ол маңызды немесе айрықша болып есептелді ме?) | |
| Резонансты (Оқиға/құбылыс қазіргі өмірге әсер етті ме? Қазіргі қоғам дамуына әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?) | |
| Айқындайтын/ басқа да қырларын түсінуге жол ашатын (оқиға/ құбылыс сол заманның адамдарының өмірі мен көзқарастары туралы қандай ақпарат береді?) | |

8-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Зерттеу мен талдау.

- Қазақ хандығындағы ішкі саяси жағдайының шиеленісуі қандай өзгерістерге әкелді?

- Орта жүз неліктен Ресей құрамына қосылуға мүдделі болды?

1. Ел басқару ісіндегі өзгерістер;
2. Шаруашылықтағы жетістіктер;
3. Мәдениет пен тұрмыстағы өзгерістер

PETT формуласы. Тарихи оқиғаның өзгерісі мен сабақтастығын талдайық!

| | |
|---|---|
| Pace (Қарқын) Өзгерістер қаншалықты жылдам жүрді? Жылдам, баяу, бірізді, бірізсіз?; | |
| Extent (Масштаб) – өзгерістер қаншалықты елеулі/ауқымды болды? Елеулі, елеусіз, жаппай, революциялық?; | |
| Turning points (Бетбұрысты сәттер) – сабақтастық табиғатынан өзгеріс сипатына ауысатын қандай да бір сәттер бар ма?; | |
| Trends (Үрдістер) – ұзақ уақыт кезеңінде прогрестен регреске қарай өзгеру үрдісі болды ма?) | |

Қолданылатын ресурстар: карта, сызбалар, тарихи тұлғалардың портреттері

Күтілетін нәтижелер:

-Білім алушылар XVIII ғасырдың басында әскери бекіністер салу арқылы патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау саясатының зардаптарын түсіне отырып, өзіндік ой-пікірлерін ортаға салады;

- Білім алушы отарлық езгінің қазақ халқы үшін әкелген орасан зардаптары туралы түсіне отырып, елдікті сақтаудың, тәуелсіздіктің қаншалықты маңызды екенін түсіну;

-Жас ұрпақ Абылайханның өмірі, жүргізген саясаты туралы мәліметтер мен естеліктерді білу арқылы, өздерінің патриоттық сана-сезімін нығайтады;

- Сұрапыл заманда Абылайдың ерлігі мен ақыл-парасатының болашақ ұрпақ үшін маңызы зор құндылық екенін түсінеді.

Бөлім тақырыбы: XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті

Тақырып:

-XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті.

Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?

- XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?

Оқу мақсаты:

7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;

7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау

7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау

Құндылықтар:

Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау

Талап: Жеке және командамен жұмыс істеу

Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету

Міндеті: Білім алушыларға халық ауыз әдебиетінің белді өкілдерінің шығармаларының құндылығын аша отырып, оларды ұлтжанды болуға баулу, ана тілін қастерлеп, құрмет тұтуға тәрбиелеу.

Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:

-Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара сынды ақын-жыраулардың батырлық, қаһармандық шығармаларының ерекшеліктерін сипаттау;

- XVIII ғасырдағы жыраулардың шығармаларында бейнеленген оқиғалар тақырыптарын ашып көрсету;

- Қазақтардың «жеті ата» ұғымының маңыздылығын талдау;

- Наурыз мерекесіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ерекшелігін айқындау;

- Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігін, өзіндік ерекшеліктерін сипаттау;

- Қазақ халқының ұлттық киімдерінің әлемдік өркениеттегі алатын рухани-мәдениет орнын көрсету;

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1-тапсырма. «Кластер» әдісі бойынша тірек-сызбамен жұмыс.

Білім алушыларға тірек- сызба таратылады, тірек-сызбаның ортасына өздеріне тиесілі жыраудың атын жазып, 5 сұрақ дайындайды, дайындаған тірек-сызбаны қорғайды.

1 Бұқар

2 Тәтіқара

3.Ақтамберді

4 Үмбетей

5 Жанақ

6 Жанкісі

2-тапсырма. GREAT кестесі халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының маңыздылығына талдау жасайды

| | |
|---|---|
| G (Groundbreaking) - елеулі/ бетбұрысты | |
| R (Remembered) - есте қаларлық | |
| E (Events) - маңызды оқиға | |
| A (Affected) - болашаққа әсері | |
| T (Terrifying) кездескен қиындықтар | |

**Қолданылатын ресурстар:** суреттер, плакаттар, презентациялар

**Күтілетін нәтижелер:**

-Жаугершілік замандағы ақын-жыраулардың шығармаларына арқау болған жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі халықтың намыс-жігерін, халық батырларының ерлігін дәріптеу арқылы білім алушылар ұлттық рухты көтеруге ынталанады;

- Білім алушылар қазақ ақын-жырауларының елін, жерін қорғаған батырлар ерліктері мен халықты бірлікке шақырған шығармалары арқылы мемлекет тәуелсіздігін бағалай білуге машықтанады, Отан тарихы мен тарихи тұлғаларға құрметпен қарауға бейім болады;

- Білім алушылар қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігін түсіне отырып, туған халқының ерекше болмысын таниды, мақтаныш сезіммен қарауға тәрбиеленеді.

**Сынып:** 7

Бөлім тақырыбы: Отарлау және ұлт-азаттық күрес

Тақырып:

-XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы.

Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?

-Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?

-1822-1824 жылдардағы патша реформалары.

Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?

-1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі.

Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?

-Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.

Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?

- XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары.

Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?

- Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?

Оқу мақсаты:

-7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;

-7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

-7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

-7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;

-7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау;

-7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

-7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау

Құндылықтар:

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Талап: Жеке және командамен жұмыс істей білу;

Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету.

Міндеті: Білім алушыларды отансүйгіштікке, елін, жерін қорғауға, қастерлеуге тәрбиелеу;

Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:

-Ресей империясының отаршылдық саясатының мақсатын, отарлаудың әдістерін ашып көрсету;

- Ұлт-азаттық көтерілістердің алғышарттарын, себептерін, салдарын, тарихы маңызын талдау;

- Ұлы Даладағы хандық биліктің жойылуын, отаршыл реформалардың жүзеге асырудың салдарын анықтау;

- Орта Азия хандықтарының қазақ халқына жасаған озбырлық саясатының мәнін ашу;

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1-тапсырма. «Тұлғаны таны» әдісі. Сырым Датұлы қандай қасиеттерге ие болды?

| | | |
|---|---|---|
| |  | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

2-тапсырма. «Деректерді талдау» әдісі.

Білім алушыларға «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің басты мақсаты неде?» бейнематериалының мазмұны тыңдатылады. Ұсынылған сұрақтарға жауап беру барысында бейнематериал мазмұны игеріледі.

Талдау сұрақтары:

1.Кенесары туралы зерттеген ғалымдарды атаңыз.

2. Деректер мәліметі бойынша Кенесарының мақсат-мүддесі қандай?

3. Сібір губернаторына жіберген Кенесары хаттарының мазмұны не туралы?

4. Деректер Кенесарының әскери өнері туралы не айтады?

5. Кенесарының жеке қасиеттері туралы не айтар едіңіз.

6. Кенесарының Қазақ хандығында хан билігін қалпына келтіру іс-шараларын түсіндіріңіз.

7. Кенесарының мәмлегерлік қабілетін немен түсіндірер едіңіз?

8. Халық ауыз әдебиеті Кенесары туралы қандай мағлұмат береді?

9. Патша мен Кеңес Үкіметінің деректері Кенесарыны қалай бағалайды;

10.Көтерілістің тарихи маңызы

Дескриптор:

-Кенесары туралы зерттеушілер топтарын анықтайды;

-Кенесарының мақсат-мүддесін анықтайды;

- Дәйектер арқылы Кенесарының мәмлегерлік саясатын анықтайды;

-Дәйектер арқылы Кенесарының әскери өнерге қабілеттілігін анықтайды;

-Дәйектер арқылы Кенесарының көшбасшылық қасиеттерін анықтайды;

-Дәйектер арқылы Кенесарының адами қасиеттерін анықтайды;

-Отаршыл сипаттағы деректерде тұлғаға қатысты пікірдің бұрмаланғанын анықтайды

3-тапсырма. «Мінездеме беру»

Тұлғаның тарихи портретін талдау тапсырмасы тақырып толық игеріліп, қорытындылау кезінде ұсынылады. Білім алушылар мұғалімнің қалауы бойынша тапсырманы жазбаша немесе ауызша орындай алады. Кері байланыс мұғалім тарапынан беріледі.

Тұлғаның өмір сүріп отырған дәуіріне сипаттама;

Тұлғаның өмір сүрген ортасы;

Қоғамда алатын орны, іс–әрекеті, тұлға ретіндегі қызметі.

Адами қасиеті, ерекшеліктері;

Тұлғаға тарихи баға беріп қорытындылау;

Тұлға туралы білім алушы пікірі, көзқарасы.

Дескрипторы:

- Кенесары өмір сүрген дәуірді сипаттайды;
- Тұлғаның өмір сүрген ортасын анықтайды;
- Қоғамда алатын орнын, тұлға ретіндегі іс–әрекетін талдайды;
- Адами қасиеті мен ерекшеліктерін анықтайды;
- Тұлғаға тарихи баға беріп, қорытындылайды;
- Тұлға туралы пікірі мен көзқарасын ұсынады

4-тапсырма. «Зерттеу және талдау» әдісі. 1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы ұлт-азаттық көтеріліс.

| | |
|---|---|
| Көтеріліс мерзімі | |
| Көтерілістің себептері | |
| Көтерілістің сипаты | |
| Көтерілістің мақсаты | |
| Көтерілістің қозғаушы күштері | |
| Көтерілістің жеңілу себептері | |
| | |

Қолданылатын ресурстар: карталар, суреттер, презентациялар

Күтілетін нәтижелер:

-Ресей империясының отаршылдық саясатының салдарынан сабақ ала отыры, ұлттық тәуелсіздігімді бағалауға тәрбиеленеді;

- Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының қазақ тарихындағы ерекше ерліктің көрінісі екендігіне көздерін жеткізіп, ерлік дәстүрлерін жалғастырып, жігерленеді;

- Ұлттық сана-сезімдері жоғарылап, Қазақ мемлекеттілігі үшін адал қызмет етуге талпынады.

Бөлім тақырыбы: Қазақстан Ресей империясының құрамында

Тақырып:

-XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар.

Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?

-Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі.

Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?

-Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты.

Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?

-Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы.

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?

-Жәрмеңке саудасының дамуы.

Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?

-XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы.

Зерттеу сұрағы: “Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?

**Оқу мақсаты:**

-7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын аныұтау;

-7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;

-7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау

-7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

-7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау;

-7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау;

-7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау

-7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау

-7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау

-7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау;

-7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну

**Міндеті:**

- Білім алушылардың ұлттық намысын ояту, адамгершілік сана-сезімін қалыптастыру, туған елі мен жерін сүюге тәрбиелеу.

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

- XX ғасырдың II жартысындағы патша үкіметінің отаршыл реформаларының мәні мен мазмұнын ашып көрсету;

-Қазақстандағы патша үкіметінің аграрлық және қоныстандыру саясатының мақсатына мен барысна талдау жасау;

- 1860-1870 жж. Азаттық күрестің себептерін анықтай отырып, оның барысы мен нәтижесіне айқындау;

-Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері және салдары анықтау;

- Қазақ даласына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуының себептерін көрсету;

- Қазақ өлкесіндегі сауда қатынастарындағы өзгерістердің ерекшеліктерін сипаттау;

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. 1867-1868 жылдардағы Қазақстандағы реформалардың мәні мен мазмұнына PEST талдау жасау.

P – political (саяси)

E – economical (экономикалық)

S – social (әлеуметтік)

T – technical (техникалық)

2-тапсырма. «Қазақстанның Ресейге қосылуының маңызы мен салдары»

| Тиімді жақтары | Тиімсіз жақтары |
|---|---|
| | |

| | |
|---|---|
| | |

3-тапсырма. 1868-1870 жж. Азаттық күреске байланысты кестені толтыру.

| Жылдары | Аумағы | Көтеріліс себептері | Әлеуметтік құрамы | Негізгі шайқастар | Жеңілу себептері | Салдары мен маңызы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

4-тапсырма. Кестені толтыру.

1867-1868 ж. реформалар

| Тараулар | мәні | Маңызы мен салдары |
|---|---|---|
| Реформаның мақсаты<br>Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісі<br>Басқару ерекшеліктері<br>Сайлау жүйесі<br>Денсаулық сақтау<br>Жерді пайдалану | | |

5-тапсырма. Кесте толтыру.

Казак әскерлері жөнінде жалпы мәліметтер беретін және оның ерекшеліктерін ашатын салыстырмалы кестені толтыру.

| | Орал казактары | Орынбор казактары | Сібір казактары | Жетісу казактары |
|---|---|---|---|---|
| Жылдары | | | | |
| Аумағы | | | | |
| Құрамы мен саны | | | | |
| Басқару жүйесі | | | | |
| Казактардың құқы мен міндеттері | | | | |
| Шаруашылығы | | | | |
| Салдары мен маңызы | | | | |

6-тапсырма. Кесте толтыру.

**«XIX ғ. сауданы дамуы»**

| **Мемлекеттер** | **XIX ғ. сауданың сипаты** | **Сауда орталықтары** | **Тауар түрлері** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қазақ халқының өнімдері** | **Ресейдің европалық бөлігінің тауарлары** | **Орта Азия тауарлары** | **Қытай тауарлары** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан | | | | | | |
| Ресей | | | | | | |
| Орта Азия мемлекеттері | | | | | | |
| Қытай | | | | | | |

7-тапсырма. Кесте толтыру.

**«Ұйғырлар мен дүнгендердің Қазақстан аумағына қоныс аударуы»**

| Жылдары | Қоныс аударушылардың саны | Орналасқан аумағы | Қоныс аударушылардың жағдайы | Кәсіптері | | Мәдениетінің дамуы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ұйғырлар | Дүнгендер | |
| | | | | | | |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, суреттер, кестелер, сызбалар, презентация

**Күтілетін нәтижелер:**

-Патша үкіметінің отаршыл реформаларының мақсатын ұғына отырып, туған елінің біртұтастығын сақтауға, мемлекетке адал қызмет етуге тәрбиеленеді;

- Ата-бабалардың ерлік дәстүрлері негізінде ұлттық рухты көтеруге машықтанады.

**Сынып:** 7

**Бөлім тақырыбы:** XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті

**Тақырып:**

-XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы.

Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

-XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі.

Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?

-Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы.

Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?

- Ы. Алтынсарин – жаңашыл -педагог.

Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?

-Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл.

Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын «Хәкім Абай» деп атады?

-XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы.

Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?

**Оқу мақсаты:**

-7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау;

-7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;

-7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау

-7.2.3.2 XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру

-7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау

-7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау

-7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру

-7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау

Талап: Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету

Ар-ұят: Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Міндеті:** Білім алушыларды рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүр ерекшеліктерін сақтауға тәрбиелеу.

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

-қазақ халқының қонақжайлық дәстүрінің ерекшеліктерімен таныстыру;

-қазақ халқының салт-дәстүрлерінің маңызын дәріптеу;

-XIX ғасырдағы халық ауыз әдебиетінің дамуы мен ақындар шығармашылығына талдау жасау;

-күй өнері, ән-саз өнері, ұлттық музыка аспаптары түрлері мағұлмат бере отырып, олардың ерекшеліктерін айқындау,

- Ш. Уәлихановтың шығармалары мен ғылыми зерттеулерінің құндылығын ашып көрсету;

-Ы. Алтынсариннің ағартушылық еңбегіне сипаттама беру;

-Абай шығармашылығымен таныса отырып, ақын ойларының көпқырлығы мен аса маңыздылығына талдау жасау;

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. Кесте толтыру. Білім алушыларға Ы. Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық қызметін бар қырынан толық зерделеуге мүмкіндік беретін кесте толтыру. Бұл тапсырма логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге игі ықпал етеді.

Ағартушылық көзқарасының қалыптасуы

| | | | |
|---|---|---|---|
| Педагогикалық қызметі | **Ыбырай Алтынсарин (1841-1889)** | Қоғамдық-саяси қызметі |
| Экономикалық көзқарасы | | Ғылыми және әдеби қызметі |

2-тапсырма.

I. Үлестірме карточкаларымен жұмыс. Хронологиялық кестені толтыру

№1- тапсырма

| Уақыты | Іс-әрекет |
|---|---|
| 1856-1858 жылдары | Жетісуда Алматы, Қойлық, Алмалық қалаларының ескі жұртын зерттеп, көне заманның теңге ақшаларынан коллекция жасады |
| 1835 жылдың қараша айында | Қазіргі Қостанай облысы, Құсмұрын бекінісінде дүниеге келді |
| 1857 жылы 27 ақпанында | Семенов Тянь-Шанскийдің ұсынуымен Шоқан Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайланады |
| 1971 жылы | Көкшетау қаласында Ш.Уәлихановтың мүсіндік ескерткіші орнатылды |
| 1853 жылы | Шоқан Уәлиханов Омбы кадет корпусын бітіреді |

№2- тапсырма

| Уақыты | Іс-әрекет |
|---|---|
| 1861-1862 жылдары | Санкт-Петербург университетінің тарих-филология факультетінде дәріс тыңдаған |
| 1855 жылы | Шоқан Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралайды |
| 1854 жылы | Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-батыс аймағын басқарған генерал Г.Х.Гасфорттың (1792-1874) адъютанты болып тағайындалады |
| 1842 жылы | Шоқан «Едіге туралы аңызды» Арыстанбай деген ақынның айтуымен жазып алған |
| 1987 жылы | Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешенінің жобасы Софияда өткен «Интерарх» халықаралық байқауында 2-орынды алып, күміс медальға ие болды. |

3-тапсырма. «Артығын тап!».

| **Шоқан Уәлиханов ...** | | |
|---|---|---|
| Ғалым | Құрылысшы | Саяхатшы |

| **Шоқан Уәлиханов саяхат жасаған жерлер...** | | |
|---|---|---|
| Қашқарияға | Ыстықкөлге | Текеліге |

| **Шоқан Уәлиханов шығармалары** |
|---|

| | | |
|---|---|---|
| «Абай жолы» | «Манас» | "Алты шаһарға сапар" |

| Шоқан Уәлихановтың ескерткіші орнатылған жер | | |
|---|---|---|
| Алтынемел | Астана | Алматы |

4-тапсырма. «Шоқан Уәлиханов» сөзжұмбағын шешу.
1. Шоқанның әкесінің аты (Шыңғыс)
2. Шоқанның орыс досы (Ф.М.Достоевский)
3. Шоқанның атақты саяхаты (Қашқар)
4. Шоқанның арғы атасы (Абылай)
5. Шоқан зерттеген қырғыз жыры («Манас»)
6. Шоқанға ықпалы тиген орыс ақыны (Дуров)
7. Шоқанның Қашқарға барғандағы есімі (Әлімбай)
8. Кеңес дәуірінде Шоқан жайлы жазған ғалым (Ә.Марғұлан)
9. Шоқанның шешесінің аты (Зейнеп)
10. Шоқанның азан шақырып қойған аты (Мұхаммед-Ханафия)
11. Шоқан жайлы пікір айтқан орыс ғалымы (Потанин)
12. Шоқан 1856ж. қай ақынмен кездесті? (Сүйінбай)
13. Шоқанның немере інісі, елтаңба авторы (Шот-аман)
14. Шоқан жайлы пікір айтқан тарихшы-ғалым (Веселовский)

**Қолданылатын ресурстар:** суреттер, деректі фильмдер, презентация, карта

**Күтілетін нәтижелер:**

-XIX ғасыр – XX ғасыр басындағы Қазақстан мәдениетінің дамуы мен көрнекті өкілдерінің еңбектері негізінде білімділікке, даналыққа құштарлығы артады;

- қазақ халқының ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтауға, құрметтеуге, сүюге тәрбиеленеді;

- Ұлттық болмыс – ұлттық қадір-қасиетіміз екенін түсіне отырып, оның сатылмайтын байлық екендігіне көз жеткізеді;

- Ұлттық байлығымыз – тіліміз, дініміз, ұлтымыз, Отанымыз деген түсінікті бойларына берік сақтайды.

*7- сынып бойынша Қазақстан тарихы пәнін оқытуда Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша тапсырмалар жиынтығы*

«Қазақстан тарихы» оқу пәні білім алушылардың тарихи санасы мен отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірудің бірден-бір құралы болып табылады. Тарихи оқиғаларды, ата-бабамыздың жанқиярлық батырылық іс-әрекеттерін нақты мысалдармен, тапсырмалармен көрсете отырып, білім алушылардың ел тарихына деген оң көзқарасын қалыптастыру білім мазмұны арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың тарихи санасы мен отан тарихына деген қызығушылық деңгейін қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында оқытуда құндылыққа бағдарланған тәсілді қолдану ұсынылады. Құндылыққа бағытталған тәсіл-бұл белгілі бір құндылықтар тұрғысынан іс-әрекетті ұйымдастыру, орындау, оның нәтижелерін алу және пайдалану тәсілі екендігіне назар аудару керек.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша, 7 сыныптың оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған бұл тапсырмалар жиынтығында, оқу процесінде білім алушыларда, қазақстандық патриотизм және адал азаматтылық; қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық сияқты базалық құндылықтарды қалыптастыру бағыттары ұсынылды.

Сонымен қатар әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлін, тарихи оқиғалар мен тұлғаларды зерделеуде және тапсырмаларда сабақтың тақырыбына қатысты ұлттық көркем шығармалар мен фильмдерден үзінділерді қолдану, тарихымыздың тереңнен бастау алатынын, ата-бабаларымыздың әлем мәдениетіне қосқан үлесін, қазақстандық бірегейлікпен пен шынайылықтың дәлелі ретінде тарихи тұлғалардың тарихи мысалдары мен мәлімдемелерін қолдану ұсынылды.

Оқу бағдарламасы мен оқу мақсаттарына сәйкес құрылған тапсырмалардың басты мақсатының бірі қазақи құндылықтарымызды білім алушылардың бойына сіңіру болып табылады.

7 сынып

Бөлім: Қазақ-жоңғар қатынасы

Тақырыбы: Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы

Сабақ мақсаты: 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;

Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды?

Құндылық: Бірлік пен ынтымақ

Тапсырма №1.1

Мәтінмен жұмыс, мәтінге талдау жаса

*Аягөз* өзені бойында 3 күнге созылған шайқас болды. Қаракерей Қабанбай мен Жауғашар батырлар басшылығымен қазақтар алғашқы екі күнде жеңіске жетті. Шайқастың үшінші күні Қайып пен Әбілқайыр хандардың соғыс қимылын келісіп жүргізбегендіктен жеңіліс тапты. Жоңғар әскері Жетісу жерінен Арыс, Бөген, Шаян өзендерінің бойына, одан әрі Қазақ хандығының астанасы Түркістанға жорық жасады. Арыс бойында жоңғар әскері жеңіске жетті:

- Қазақ хандығының Аягөз шайқасында ойсырай жеңілуіне не себеп болды?
- Егер Әбілқайыр мен Қайып соғыс қимылын бірігіп жүргізсе, шайқас қалай аяқталар еді?
- Қазіргі кезеңде бірлік пен ынтымақтың еліміз үшін маңызы қалай?

Тапсырмаға қорытынды: Орталық хандық биліктің әлсіреуі, сепаратизмнің күшеюі, сыртқы жаулардың елімізге қауіп төндіруі. Қазақ хандығында бірліктің, ынтымақтың төмендеуінің салдары қандай?

Алтау ала болса ауыздағы кетеді төртеу түгел болса төбедегі келеді – мақалдарын қолдану

Тапсырма № 1.2

Төмендегі карталарға ортақ тақырып қой, қойған тақырыпқа бұл кезең сәйкес келе ма? Неге?

-------------------------------










Тапсырмаға қорытынды: 1723жыл «Ақмешін» жұт шарпыған жыл болды. бұл кезең (1723-1727жылдар) қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталды. 2,5 млн. халықтың 40% -ы қаза тапты (1 млн-нан астам).

*Ақтабан шұбырынды*

Бірлік болмай тірлік болмас,

*Бірлігі жоқ ел тозар, бірлігі күшті ел озар – мақалдарын қолдану*

Тапсырма № 1.3

Бос орынды керекті сөздермен толықтыр, қазақтардың жеңілуінің 3 себебін түсіндір

Қайғы қасіреттің символы «Елім-ай» зарлы жыры

Қаратаудың басынан ............ келеді,

Көшкен сайын бір тайлақ ........ келеді.

.........-жұртынан айырылған жаман екен,

Екі көзге мөлтілдеп жас келеді...

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| бос | көш | жас | ел |

<u>Тапсырмалар бойынша білім алушылар:</u>

1. Топта ресурстарға шолу жасай отыра XYIII ғасырды басындағы қазақ хандығының ішкі саяси жағдайына (шаруашылық, экономикалық, саяси) талдау

жасайды.

2. Әр түрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдай отыра еліміздің қазіргі ішкі саяси жағдайын зерттейді:

Қазіргі Қазақстан Республикасы: көп ұлтты мемлекет

Ұлттар арасындағы бірлік пен ынтымақ, еліміздің басты мақтанышы;

Қазіргі басты мәселелер;

Отан от басынан басталады, отбасындағы ынтымақ, бірлік.

3. Білім алушылар зерттеу нәтижесінде еліміздегі бейбіт өмірдің түп негізі бірлік пен ынтымақта екенін, оған әр отбасының, отбасының әр мүшесінің қосатын үлесі жоғары екенін түсінеді.

Тақырыбы: Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы

Сабақ мақсаты: 7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.1.1 – Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру

Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?

Құндылық: Бірлік және ынтымақ;

Тәуелсіздік және отаншылдық

Тапсырма №2.1 кестені толтыр, салыстырмалы талдау жасау.

| | Қарақұм құрылтай | Ордабасы құрылтайы |
|---|---|---|
| Хронологиясы | | |
| Өткен аумағы | | |
| Ұлы хан | | |
| Мақсаты | | |
| Қабылданған шешімдер | | |
| Тарихи маңызы | | |
| Ұқсастығы Айырмашылығы | | |

Тапсырмаға қорытынды:

Қарақұм құрылтайының нәтижесінде қазақ жерін қорғап, сақтап тұруға қол жеткізсек, Ордабасы құрылтайының нәтижесінде Аңырақай шайқасындағы ұлы жетістікке қол жеткіздік.

*Отанның іргесі мықты болу үшін оның ішкі бірлігі берік болу керек.*

*Байлық байлық емес, бірлік — байлық – мақалдарын салыстырмалы түрде қолдану*

Тақырыбы: Қазақ-жоңғар шайқастары

Сабақ мақсаты: 7.3.2.1 – Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру

Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы

түбегейлі бетбұрыс деп саналады?

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Жасампаздық және жаңашылдық

Тапсырма № 3.1

Тапсырманы сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| *«Аңырақай»* шайқасы | 1728 жылы Ұлытаудағы Бұланты өзенінің бойында, Қарасиыр деген жерде өтті |
| | Әбілқайыр ханның басшылығымен үш жүз әскері жеңіске жетті. |
| | Бұл шайқаста қазақ жасақтары тұңғыш рет ірі жеңіске жетті |
| *«Қалмақ қырылған»* шайқасы | Қазақ халқының әскери, моральдық рухы көтерілді |
| | Кіші жүз бен Орта жүз жерлерінің көп бөлігі азат етілді. Үш жүздің бірігуінің маңыздылығын көрсетті. |
| | Қазақ өлкесінің солтүстік-батысы азат етілді. |
| | Балқаш көлінің оңтүстік-батысында Итішпес Алакөл деген жерде болды |

Тапсырмаға қорытынды: Тәуелсіздік үшін хандарымыз бен батырларымыз жан алысып, жан беріскен шайқас болғанын түсіндіру.

А.Сатаевтың «Алмас қылыш» фильмін көруге тапсырма беру, https://www.youtube.com/watch?v=6bL8sLNckS4&t=37s

Деректер: 1728 жылы Райымбек батыр Ойрантөбе маңында Жетісу жеріне қоныс аударған жоңғар ақсүйектеріне тұтқиылдап соққы береді.

Тапсырма № 3.2

Төмендегі критериилер бойынша жауап дайында, талдау жаса.

- ✓ Фильмде шайқастың қандай түрі көрсетілген;
- ✓ Бұл қай шайқастың кезі;
- ✓ Жас батырдың аты кім, Жасы нешеде;
- ✓ Жауға қандай ұранмен шапты, Неге?
- ✓ Жеңіс па, жеңіліс па, талдау жаса
- ✓ Жас батыр болашақта қандай ұлы тұлғаға айналды;
- ✓ «Отан үшін отқа түс» қалай түсінесің.

«Көшпенділер» фильмінен үзінді көрсету(48.46-51.33 минут аралығы) https://www.youtube.com/watch?v=LIyi_XRwfh8&t=2942s

Тапсырмаға қорытынды: - Отанға деген ыстық сезім жасқа қарамайтынын түсіндіру

Тапсырма № 3.3

Сізге қазақ батырлары туралы мәлімет берілген, қай батыр екенін берілген сипаттамаға қарай табыңыз.

1. Түркістан өңіріндегі Бөген өзенінің жағасында дүниеге келген. Орта жүздің Арғын тайпасының Қанжығалы руынан. Ташкент қаласында сарбаздар мектебінде білім алып, 23 жасында сарбаз атанып 80 мың қолға басшы болды. 100ден астам жорыққа қатысқан. Үмбетей жырау «Алатаудай Ақша батыр» деп атады. 1730 жылы Іле өзені жағасында үлкен ерлік көрсетті. Жайық казактарымен, жоңғарлар мен Цинь империясының әскерлерімен шайқасты. Торғай өзені бойында қайтыс болып, Қ.Ясауи кесенесіне жерленген.

2. Шын есімі Ерасыл, Абылай хан « Дарабоз» деп атаған. Шығыс Қазақстан обл, Үржар ауд Барлық тауы етегінде дүниеге келген. Орта жүз Найман тайпасының Қаракерей руынан. 100ден астам жорыққа қатысқан. Жоңғарлар мен Цинь империясының әскерлерімен шайқасты. Түркістанды қорғауда, Алакөл, Бұланты, Аңырақай, Шығанақ шайқастарында найман жасақтарын басқарған. Әйелі Гауһар көптеген ұрыстарда батырмен бірге жүріп шайқасқан.

3. Алматы обл, Жамбыл ауд, Жалпақтас, Серіктас деген жерде дүниеге келген. Ұлы жүз Шапырашты тайпасы Асыл руынан. 20 жасында батыр атанған. Абылай ханның ту ұстаушы үш батырының бірі (Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Наурызбай, Шапырашты Наурызбай). 1729 жылы қалмақ батырлары Шамалған мен Қаскеленді жекпе-жекте өлтірген қас батыр.

4. Солтүстік Қазақстан обл Мағжан Жұмабаев ауд Аралағаш жерінде туған. Орта жүз Уақ тайпасы Шоға руы. Қазақ-жоңғар соғысынада ерлік көрсеткені үшін «Батыр Баян» деп атаған. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында жазылған.

5. Қазақ-орыс қатынастарын нығайтуды белсене жақтады.Ресей патшайымы Елизавета Петровнаның жарлығымен тархан атағы берілген. 1710 жылы 17 жасында Тәуке ханның қолымен жауға шауып, жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтірген. Жоңғарлармен шайқаста қол бастаған батыр. Қ.Ясауи кесенесіне жерленген.

6. Қазіргі Алматы обл Нарынқол ауданында дүниеге келген.Ұлы жүз Албан тайпасы Әлжан руынан. 17 жасында батыр атанған. 1728 жылы Ойрантөбе шайқасында Райымбек батыр бастаған қол жоңғарларға соққы береді. Алматы қаласында жерленген.

Тапсырмаға қорытынды: Батыр ақсүйектен де қарасүйектенде шығады, елі үшін жері үшін аямай күрескен адамдарды атаған.

Қызықты деректер: Кейбір ауыз әдебиеттеріне сүйенсек Қаракерей Қабанбай батыр 112 рет жекпе жекке шықса, Қанжығалы Бөгенбай батыр сексеннің сеңгеріне шыққанша 107 рет жекпе-жекке шыққан екен!

Әлемде ең көп жекпе-жекке шыққан боксшы кім болуы мүмкін, Мұхаммед Әли, Геннадий Головкиндер неше рет жекпе-жекке шыққан??? Бұрынғы жекпе-жектің қазіргіден қандай айырмашылығы бар?

*Деректер:*

Жоңғар басқыншыларына қарсы шайқасқа қазақ әйелдер де белсене қатысты:

Айтолқын- Абылай сұлтанның қызы, Айбике- Бұланбай батырдың қызы, Гауһар батыр- Қабанбай батырдың әйелі, барлаушылар жасағын басқарды.Ол барлық ірі шайқастарға қатысты. Кейінірек балалы болып, босанғаннан кейін соғысқа өзінің үлкен қызы Назымды жібереді. Қазақ ауыз әдебиетінде Гауһар батыр айтыпты деген мынадай сөз сақталған: *«Атаңның ұлы болып тума, еліңнің ері болып ту»*. Батырлардың ерен ерлігін біздің заманымызға дейін өз шығармалары арқылы жеткізген ақын-жыраулар: Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Қожаберген, Бұқар, Көтеш т.б.

Тапсырмалар бойынша білім алушылар:

1. Берілген ресурстарға шолу жасай отыра XYIII ғасырды басындағы қазақ халқының елін, жерін, отанын қорғауына (құрылтайлар мен ірі шайқастарға) талдау жасайды.

2. Әр түрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдай отыра отанымызды қазіргі жаһандану заманында қалай қорғау керек?-деген сұраққа жауап іздейді

- ✓ Қазіргі қазақ елінің әлемдегі орны;
- ✓ Білімді ұрпақ, жаңа идея;
- ✓ Қазіргі басты мәселелер;
- ✓ Білім алу менен басталады

3. Білім алушылар зерттеу нәтижесінде қазіргі кезеңде, елді қорғау, әлемдегі рөлін жоғарлату; жаңа идея, жаңа өнертабыс, жаңа технология, жаңашылдық екенін түсінеді

Тақырыбы: XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы

Сабақ мақсаты: 7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.2.2 – Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау

Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Әділдік және жауапкершілік

Тапсырма №4.1.

Карта арқылы сұрақтарға жауап бер.

І Петрге *«алтын аралас құм»* туралы көптеген аңыздар тараған Еркет (Яркенд) қаласы жөнінде хабар жетеді. 1700-1721 жж орыс-швед соғысы салдарынан қазынасы сарқылған Ресейге орасан зор қаржы қажет болды.

Сұрақ: Ресей қаржыны қайдан табады???

Сұрақ: Қазақстан Азияға шығатын кілт және қақпа



Тапсырмаға қорытынды:

Кез-келген ішкі ынтымақ бірлігі төмен мемлекетті сыртқы күштер басып алуға, өз билігін жүргізуге тырысады, бірлік пен ынтымақ ел тәуелсіздігі үшін алдыңғы орында болу керек.

Тапсырма №4.2

Сәйкестендір: Бұл сөздің авторы кім?

| «Жайық өзені қашан сарқылып, арнасы кеуіп қалғанша қазақтар оның бойынан кетпейді». | | |
|---|---|---|
|  |  |  |
| Абылай хан | Әбілқайыр хан | Тәуке хан |
| Автордың айтқан ойына қорытынды жаса: | | |

Тақырыбы: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталауы

Сабақ мақсаты: 7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;
7.3.2.2 – Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау

Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр хан Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдарлары қандай болды?

Құндылық: Бірлік және ынтымақ
Жауапкершілік

Тапсырма №5.1

1730 жылы Кіші жүз ақсүйектері Ресеймен әскери одақ құру талабын қойды. Әбілхайыр ханның мақсаттары қандай болды, белгілеп көрсет

1. Ресеймен сенімді байланыс орнатып, бар күшті жоңғарларға қарсы күреске жұмылдыру және қалмақтар мен башқұрттардың елді мазалауын тоқтату;
2. Ресейден қазақ хандығының саудасын көтеру үшін ақшалай көмек алу;
3. Жайық, Есіл, Ертіс, Ор өзендері бойындағы қазақ руларына мал шаруашылығын дамыту үшін бейбіт өмір қажет болды. Сол үшін Ресеймен келісімге келу;
4. Ресей арқылы батыс еуропа мемлекеттерімен сауда қатынасын орнату;
5. Жоңғар хандығын толығымен жойып жіберу;
6. Ресей және басқа елдерге өтетін керуен жолының қауіпсіздігін қалпына келтіру.

Тапсырмаға қорытынды: Әбілқайыр хан Ресей мемлекетінің қолдауына сүйенуге бел буды. Бұл ретте оның жеке басының ерекшеліктері де шешуші рөл атқарды. Қазақ «атаңның ұлы болма халқыңның ұлы» - бол дейді. Отан алдындағы жауапкершілік өз мүдденнен де жоғары тұру керек.

Тапсырма №5.2

Суретке қарап қай кезең екенін есіңе түсір және берілген сөздермен байланыстырып мәтін құрастыр.



- ✓ 1731 жылы 30 сәуір
- ✓ А.И. Тевкелев
- ✓ Анна Иоанновнаны
- ✓ 1731 жылы 5 қазан
- ✓ 1731жылы 10 қазан
- ✓ Майтөбе шатқалы
- ✓ Әбілқайыр хан

Тапсырмаға қорытынды:

1731жылы 10 қазан Ырғыз және Тобыл өзендерінің арасындағы Майтөбе шатқалында Әбілхайыр хан мен Кіші жүздің 29 старшыны Ресейдің қол астына кіруге ант берді.

✓ Ынтымақ, бірлік жоқ жерде,
Кез келген билік тозады;

✓ Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ - Хандар мен сұлтандардың тақ таласына байланысты алауыздығы салдарынан бұл күреске Ресей империясы да тартылды. Ресей қалайда Қазақстанды өзіне қосып алудың, қолайлы кезеңді күтумен болды. Отан үшін, халық үшін жауапкершіліктен де кейбір жағдай да жеке бастың мүддесі жоғары болған жайттарда көрініс тапты.

Тапсырма № 5.3

1731 жылғы негізгі оқиғаларды анықта

| | | |
|---|---|---|
| 1731 жыл | 1 | |
| | 2 | |
| | 3 | |

Тапсырмаға қорытынды:

1731 жылы императрица Анна Иоанновна Кіші жүздің қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы грамотаға (ресми құжатқа) қол қойды.

1731 жылғы көктемде Петербургтен А. И. Тевкелев бастаған елшілікті жіберді.

1731 жылдың 10 қазан Ресей бодандығын қабылдау.

Білім алушылармен сұрақ – жауап өткізуге болады. *«Мен Әбілқайырдың орнында болсам, не істер едім?»*

Елшілердің екінші мақсаты барлау мәліметтерін жинау – жер бедерін суреттеу, қазақтардың тілі, әдет-ғұрпы және салт-дәстүрлері туралы мәліметтер жинақтауға тиіс болды, олар қазақ сұлтандары арасында не бар екенін, анықтады???

Тапсырмалар бойынша білім алушылар:

1. Берілген ресурстарға шолу жасай отыра XYIII ғасырды басындағы Ресей құрамына ену қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, мәдениетіне, тіліне және дәстүрлеріне қалай әсер етті?

2. Өз мәдениетіміз, тіліміз, дәстүріміз:

✓ Қазақ тілі және мен, күніне қанша уақыт қазақ тілінде сөйлеймін;

✓ Отбасым және қазақ тілі;

✓ Отбасым және отбасымда сақталған дәстүрлер;

✓ Тілдегі басты мәселер;

3. Білім алушылар зерттеу нәтижесінде қазақ тілі, қазақтың салт-дәстүрі қазақ ұлтына, қазақ ұрпағына ғана керек екенін біледі. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте – мақалын, өткен тақырыпты саралай отырып әр азамат өз тілінің, өз ұлтының алдында жауапты екенін түсінеді

Тақырыбы: Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты

Сабақ мақсаты: 7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.2.3 – Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау

Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық
Әділдік және жауапкершілік

Тапсырма №5.1
Абылай ханнның билік құрған уақытындағы маңызды оқиғаларды жылдармен сәйкестендір

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1771 ж | 1 | А | Ресей патшасы Абылай ханды мойындауы | Ж | Ресеймен дипломатиялық қатынастарды нығайту |
| 1774 ж | 2 | Ә | Абылай ханның Қазақ хандығының ханы болып жариялануы | З | Қазақ хандығының экономикасын жақсарту және елді тұрақтандыру |
| 1776 ж | 3 | Б | Абылай ханның өмірден озуы | К | Қазақ хандығын біріктіру және оның ішкі саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету |
| 1779 ж | 4 | В | Қалмақтардың Қазақ жеріне шабуыл жасауы | Л | Оның мұрагерлері арасында тақ мұрагерлігі үшін күрестің басталуы |
| 1781 ж | 5 | Г | Қытаймен сауда қатынастарын орнату | М | Абылай ханның қалмақтарға қарсы жорықтары |

Тапсырмаға қорытынды: Абылай хан шексіз билікке қалай қол жеткізді? Себебі ынтымақты , бірлікті, әділдікті және жауапкершілікті алдыңғы орынға қойды!

Тапсырма № 5.3
Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық, жасампаздық

Картаға қазақ жерінің шекараларын, негізгі қалаларды (Түркістан, Ташкент, т.б.) және Абылай ханның жорық жасаған бағыттарын түсіру керек.

Картада 1771-1781 жылдар аралығындағы Абылай ханның аумақты кеңейту мақсатындағы жорықтарын белгілеу.

Негізгі қалалар мен елді мекендер: Түркістан (астана), Орынбор, Семей, Ташкент және қалмақтарға жасалған жорық бағыттарын картада көрсету.



Тапсырмаға қорытынды: Отаны туған жері үшін Абылай ханның жан алысып жан беріскен жорықтарын картада белгілеп талдау, қазақтың кең даласын сақтау, ұрпаққа табыс ету қандай қиын жолдармен келгенін ұрпақ бойына сіңіру.

Тапсырма №5.2

Абылай ханның ішкі саясатын сарала, оны бос торкөзге толтыр

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| 4 |  | 5 |
| Басты мақсаты: | | |

Тапсырманы аяқтасаң осы ішкі саясаттағы Абылай ханның басты мақсатының астын сыз.

Тапсырмаға қорытынды:

Бір орталықтан басқарылатын мемлекет құрды

Сот билігін күшейте түсті

Қақтығыстар мен барымтаны тоқтатты

Егіншілікке, шөп шабуға, балықшылыққа қолдау көрсетті

Керуен саудасын күшейтуге көңіл бөлді

Темір ұстаханаларын салудың бастамашысы болды, Ресей империясына да, Қытайға да тәуелсіз саясат ұстанып бір орталыққа бағынған мемлекет құрды.

Тапсырма №5.3

Мәтінді оқы түсіп қалған сөзді тап бір сөйлеммен НЕГЕ? сұрағына жауап бер

1759 жылы патша үкіметінің әкімшілігі Әбілмәмбетті тағынан тайдырып, оның орнына Абылайдың отыруын ұсынды және оған барлық жағынан қолдау көрсетуге уәде етті. Алайда ел арасында беделі зор әрі алыстан болжайтын көреген сұлтан бұл ұсынысты қабыл алмады.

Неге?______________________________________

«Мені хан етіп сайлаған халқым, олай болса, орыс патшасының тағына тағзым етіп, ант беруге міндетті емеспін», – деді.

Неге?______________________________________

Керемет шешендігімен, қазақтардың ежелден келе жатқан әдет заңдарын және шежіресін өте жақсы білетіндігімен ерекшеленетін.

Неге?______________________________________

Қазақ билерінің, сондай-ақ атақты қазақ батырларының беделіне арқа сүйеді. Сондай-ақ, күшті, ықпалды саяси тұлға Абылайдың кеңесшісі Бұқар жырау болды.

Неге?______________________________________

Мойынты өзенінің бойында Абылай бастаған 50 мың жасақ қалмақтарға ойсырата соққы берді. Бұл Абылай хан билігі тұсындағы орасан зор оқиға қазақ тарихында «Шаңды жорық» деген атпен қалды.

Неге?______________________________________

Тапсырмаға қорытынды:

Әбілмәмбетті тағынан тайдырып өзі отыруы елдің өз ішінде қазақтардың бірлігін ыдыратуға соқтыратын еді-бұл алдымен әділдік және халқы үшін үлкен жауапкершілік еді. өз төңірегіне халықтың құрметіне бөленген ең беделді әрі

адал адамдарды топтастыруы, қай кезде де болсада адалдық, білімділік болса ғана елдің туы биік болатынының көрінісі.

Тапсырмалар бойынша білім алушылар:

1. Берілген ресурстарға шолу жасай отыра Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты қазақ хандығының нығайтуға үлес қосты ма? - деген сұраққа жауап береміз.

2. Ішкі саясаты:

✓ Бірлік және тұтастық:

✓ Құқықтық тәртіпті сақтау:

✓ Әлеуметтік тұрақтылық:

✓ Мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтау:

3. Сыртқы саясаты:

✓ Тәуелсіздік пен дербестік:

✓ Баланс саясаты:

✓ Мәдени және рухани алмасу:

4. Білім алушылар зерттеу нәтижесінде Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатындағы бұл құндылықтар оның Қазақ хандығын нығайтуда үлкен үлес қосқанын саралайды.

Тақырыбы: XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті.

Сабақ мақсаты: 7.2.2.1 – халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау

7.2.1.1 – салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау

Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Тапсырма № 6.1

**1.** Жыраулардың шығармашылығындағы тақырыптар мен негізгі ойды кестеге жазу. Мысалы, ел бірлігі, батырлық, табиғат суреттері.

**2.** Жыраулардың қазақ қоғамындағы рөлдерін кесте түрінде жазу. Қоғамдағы әрбір жыраудың қызметі мен рөлін сипаттау.

| | | |
|---|---|---|
| Ақтамберді жырау Сарыұлы (1675-1768ж.ж) Оңтүстік Қазақстанда Қаратау бойында дүниеге келген. 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстар мен | Бұхар жырау (1684-1781ж.ж) Қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Далба тауының етегінде дүниеге келген, әйгілі жырау. Абылай ханның кеңесшісі болған. Халық арасында «көмекей әулие» атанған. | Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778ж.ж.) Оңтүстік Қазақстанда Қаратау бойында дүниеге келген Абылай кезіндегі қазақ |

| | | |
|---|---|---|
| жоңғарларға қарсы көптеген жорықтарға қатысқан. | М. Көпеев «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплатонның ақылы керек» деп жазған. | қоғамының ішкі өмірі туралы маңызды мағлұмат көзі болып табылады |
| ------------------------------ ------------------------------ ------------------------------ | ---------------------------------- ---------------------------------- --------------------------------- | ------------------------ ------------------------ ------------------------ |

Тапсырмаға қорытынды: Ақтамберді жыраудың бүкіл шығармашылығы елді ерлікке, қаһармандық пен батылдыққа үндеуге арналса, Бұқар жыраудың басты идеясы Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау мен нығайту мәселесіне арналды.

Өзінің толғауларында Абылайдың мінін ашық та батыл айтумен бірге оны прогресшіл мемлекет қайраткері ретінде де мадақтады, Бұқар жырау шындықты бетің бар, жүзің бар демей, әрқашан тура айтқан.

Үмбетей жырау қазақ батырларының көрсеткен ерлігін жырлады – жыраулар батыр, білімді, білікті, шыншыл, әділ, еңбекқор адамдар болған.

Тапсырма № 6.2

«Менің пікірім.....» сұрақтарға жауап бер(логикалық тапсырма)

??????

Тапсырма 1: Неліктен жыраулар өз шығармаларында батырлық пен ерлікті мадақтаған? Жауаптарыңызда жыраулардың сол дәуірдегі қазақ қоғамына тигізген әсерін ескеріңіз.

– Тапсырма 2: Жыраулардың шығармашылығында табиғаттың рөлі қандай болды? Табиғат көріністері арқылы олар қандай ойларды жеткізгісі келді?

– Тапсырма 3: Неліктен жыраулардың шығармаларында бірлік пен татулық маңыздылығы жиі айтылады? Бұл тақырыптардың қазақ қоғамында қандай маңызға ие болғанын талдаңыз.

– Тапсырма 4: Қазақ жырауларының ел мен жерге деген сүйіспеншілігі олардың өлеңдерінде қалай көрініс тапқан? Мысалдар келтіріп, сипаттаңыз.

– Тапсырма 5: Жыраулардың шығармаларының қазіргі заманмен байланысын анықтаңыз. Олардың шығармалары бүгінгі қазақ қоғамы үшін қандай мәнге ие?

Тапсырмаға қорытынды:

XYIII ғасырдағы қазақ ақын-жырауларының рухани және мәдени мұрасына жақын болуға көмектеседі.

Тапсырма № 6.3

Жеті атаңды білесің ба??? Жеті атаңды ата?







Тапсырмаға қорытынды: XVIII ғасырда әрбір қазақ отбасында өзіндік шежіресі болатын. Көшпелі өмір салтын ұстанған қоғамда генеалогияны білу міндетті парыз еді, тегін білмеген тексіз саналды. Шежіре қазақ қоғамында маңызды рөл атқарды:

1. ел билеушілерінің көшпелі қоғамды басқаруына,
2. ата тарихымызды кезең-кезеңімен есте сақтауға көмектесті.
3. шежіре қоғамды әлеуметтік реттеп отыру міндетін де атқарды. Мәселен, отбасылық неке қатынастарын, мал жайылымдарын бөлу мәселелерін қадағаланады.

Тақырыбы: XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті

Сабақ мақсаты: 7.2.2.4 –қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау

Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Тапсырма № 7.1

Суреттегі бұйымдар қандай материалдардан жасалды, жасайтын адамды қалай атайды және қалай қолданылғанын түсіндіріңіз.

<table>
<tr><td></td><td colspan="2" rowspan="2"></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2"></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>зергер</td><td>ұста</td><td>үйші</td><td>шебер</td><td>ерші</td></tr>
</table>

Тапсырмаға қорытынды: Қазақтар күнделікті тұрмыс үшін қажеттінің барлығын өздері даярлаған. Қалдықсыз өнім өндіру олардың жоғары экологиялық және эстетикалық мәдениетін білген. Далалықтар үшін мал өнімінің қандай да бір бөлігін керексіз етіп тастау ауыр күнә саналған. Сондықтан оларда артық және қажет емес дүниелер болмаған. Барлық мал өнімдері, тіпті оның қалдықтары да ішкі қолданыс пен өндіріске пайдаланылған. Жасалған бұйымдарды ою – өрнепен безендірген. Ою-өрнек далалықтарда байлық пен еркіндікті, дербестікті және молшылықты білдіретін.

Тапсырма № 7.2

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Бірлік және ынтымақ.

Тапсырма видео бойынша талдау жасау

Сырмақ жасау технологиясы

https://www.youtube.com/watch?v=Q0eBB_1ADIA

Кілем тоқу технологиясы
https://www.youtube.com/watch?v=BcKgmboPJmk

Тапсырмаға қорытынды: Киіз басу – қазақ халқы арасында кең таралған өнер. Киіз басумен айналысқан көшпелілер оның технологиясын барынша меңгеріп, өнер дәрежесіне жеткізген. Көшпелі өмірге қолайлы бұйымдардың бірқатары киізден дайындалған.

Кілем қарапайым құрылғы өрмек арқылы тоқылды. Ұлттық ою-өрнек салынып, қолдан тоқылған кілем өте сапалы бұйым болып саналды. Қыздар кішкентай кезінен бастап кілем тоқу өнерін үйренген.

Кілем даярлаудың өте күрделілігіне байланысты асар жасалып отырған. Оның мәні кілем тоқитын үйдің иесі ауылдастар мен туысқандарын көмекке шақырған. Ынтымақ, бірлік болса ғана ортақ мақсат іске асады.

Тапсырма № 7.3

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Менің пікірім..... (логикалық тапсырма)

✓ Қазақ зергерлік бұйымдары қоғамда қандай рөл атқарған және олар қандай символдық мағыналарға ие болған? Мысал келтіріп, түсіндіріңіз.

✓ Қазақ тұрмыстық заттарының әрқайсысы көшпелі тұрмыс салтына қаншалықты бейімделген? Торсық немесе саба сияқты заттардың пайдалы жақтарын сипаттаңыз.

✓ Неліктен қазақтар көбіне мал терісінен, ағаштан, жүннен жасалған заттарды пайдаланған? Қазақ мәдениетіндегі осы материалдардың маңызын талдаңыз.

<u>Тапсырмалар бойынша білім алушылар:</u>

1. Берілген ресурстарға шолу жасай отыра ХҮІІІ ғасырды басындағы рухани және материалдық құндылықтарға шолу жасай отырып, ата – бабамыздың әлемдік мәдениетке қосқан үлесін саралайды

2. Рухани және материалдық мәдениетке менің әулетімнің үлесі:

✓ Менің шежірем немесе жеті атасын білмеген жетесіз;

✓ Менің әулетімнің жыршысы, ақыны, батыры;

✓ Атамнан қалған мұралар;

✓ Рухани мәдениеттегі басты мәселер;

3. Білім алушылар зерттеу нәтижесінде жеті атасын білу қажеттілігін , әулет деген ұғымды түсінеді, әулетінің мақтан тұтатын қарияларын, адамдарын біледі, қазақ халқыны әлем мәдениетіне қосқан үлесін зерделейді

Тақырыбы: Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы

Сабақ мақсаты: 7.3.1.3 – Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау

Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?

Құндылық: Бірлік және ынтымақ
Тәуелсіздік және отаншылдық
Тапсырма № 8.1

Казак әскерінің құрылымын схема түрінде сызыңыз. Жеке топтары (мысалы, Сібір, Орал казактары) және олардың басқару жүйесін белгілеңіз.



Картаға казактардың басты жорық бағыттарын түсіріңіз. Қай бағытта қоныстанғанын және қандай аумақтарды игергенін белгілеңіз.



Тапсырмаға қорытынды: Жайық, Орынбор, Сібір және Жетісу казактарының әскерлері қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерін аяусыз басып-жаншуға белсене қатысты. Қазақ хандығында бір орталықтан басқару жүйесінің әлсіреуі казактардың өз мақсатын жүзеге асыруына жол берді.

Тапсырма № 8.2

Казактардың қазақ даласындағы отаршылдығын Америкадағы алғашқы колониялармен салыстырыңыз. Екі жағдайда жергілікті халыққа қандай әдістер қолданылғанын талдаңыз.

| Казактардың қазақ даласындағы отаршылдығы | Айырмашылығы | | Америкадағы алғашқы колониялар |
|---|---|---|---|
| | | | |
| Ұқсастығы | | | |

Тапсырмаға қорытынды: Казактар жерді өмір бойы пайдалану құқығына ие болды. Бірақ олар әдетте ол жерлерді қазақтарға және қоныс аударушы орыс шаруаларына жалға беріп отырды. Оларға су көздері бар ең таңдаулы құнарлы жерлер бөлінетін.

Бірлік пен білім болмаса, Көрінгенге *жем боласың*-мақалдарын қолдану

Тапсырма № 8.3

Казактардың әскери-әкімшілік құрылымы мен қазақ хандығының құрылымын салыстырыңыз. Басқару жүйелері, көшбасшылардың рөлі және әкімшілік құрылымдағы айырмашылықтарды талдаңыз.

Казактардың әскери-әкімшілік құрылымы....................................................................

1
2
3

Қазақ хандығының құрылымы..........................................................................................

1
2
3

Тапсырмаға қорытынды: Жол жөндеу жұмыстары үшін алынатын баж салығы да казактардың пайдасына түсетін. Кедейленіп, қайыршылық күйге түскен көптеген қазақтар казактарға жалданып жұмыс істеді.

Жері азған елде, Тоқшылық болмайды. Ері ынтымақты елде. Жоқшылық болмайды. Тозған қазды, топтанған қарға алады.

Тақырыбы: Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс

Сабақ мақсаты: 7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

7.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Тапсырма № 9.1

Берілген мәліметтерді ортақ бір ғана атау мен атаңыз

?????

| | | |
|---|---|---|
| | Шегара шебінің ішкі жағына уақытша өткен қазақтарға қойылатын талаптар тым қатаңдай түсті. Талап бойынша кез келген қазақты оның кездейсоқ басқа бір руласы жасаған құқық | Нұралы ханның және оның төңірегіндегілердің беделі жыл өткен сайын төмендей берді. Ол біртебірте патша үкіметінің |

| | | |
|---|---|---|
|  | бұзушылық әрекеті үшін ұстап алып, айыптауға болатын еді | қолындағы қуыршақ қолшоқпарға айналДЫ |
| | Орал казак әскерлері тарапынан бұрынғысынша дала төсіндегі «әскери іздестірулер» тоқтатылмады. | Казактардың жерін қазақтардың жалға алуына тыйым салынды. |

Тапсырмаға қорытынды: Бұл себептерден шегара шебіне таяу ауылдарында бұқаралық қозғалыс басталып, ол көп ұзамай азаттық күресіне ұласты. Көтеріліс Елек, Қобда, Ойыл, Жем және Сағыз өзендері алабын қамтыды. Өз ұлтын азат ету қозғалысы басталды. Қазақ жерінде тәуелсіздік үшін күрескен алғашқы көтеріліс болды.

Тапсырма № 9.2

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Сырым Датұлы бастаған көтерілістің басты орталықтарын картаға түсіріңіз. Мысалы, Орал өзені, Жайық бойындағы бекіністер мен шайқас болған негізгі орындарды белгілеңіз. Көтерілістің таралу аймағын картада бояп көрсетіңіз




1- кезең

✓ 1783 жылдың көктемінде қазақтар Орал шегара шебіне шабуыл жасай бастады. Қазақ жасағы Гирьял бекінісіндегі сарбаздарды тұтқынға алып, малдарын айдап кетті

✓ Орынбор мен Елек қорғанысының екі арасын байланыстыратын даңғыл жолды өз бақылауына алды.

✓ 1785 жылы қазақ жасақтары Төменгі Орал шегара шебінің аймағында патша үкіметінің әскерлерімен кескілескен шайқасқа түсті

*Игельстромның іске аспаған реформасы жайлы түсінік беру*

2- кезең

✓ 1792 жылы С. Датұлы құрамында 1000 сарбазымен Елек қорғанысына шабуыл жасады.

✓ 1797 жылдың көктемінде Сырым Датұлының жасақтары хан ордасын шабуылдады.

Тапсырмаға қорытынды: С. Датұлының бірден екі күшке: бір жағынан, патша үкіметіне, екінші жағынан, сұлтандар мен ханның төңірегіндегі топтарға қарсы күресті, патша үкіметі Еділ мен Жайық аралығындағы аумақта мал жайылымдарын уақытша пайдалануға рұқсат берді. Бұл тәуелсіздік үшін күрестің, бірігудің нәтижесі еді.

Тапсырма № 9.3

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Сырым Датұлының ұлт-азаттық көтерілісі қазақ тарихында қандай із қалдырды? Көтерілістің қазақ халқының болашағына тигізген әсерін бағалаңыз.

Қолдануға болатын критериилер:

– Отаршыл жүйеге қарсы ең алғашқы ірі бас көтеру;

– Сырым батыр XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі көрнекті саяси қайраткер;

– Патша үкіметі Еділ мен Жайық аралығындағы мал жайылымдарын пайдалану жөнінде де едәуір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болуы;

– Жайық өзенінің оң жақ жағалауында Ішкі Орда құрылуы;

– Сырым Датұлы қазақ жастарының мақтанышы.

Тапсырмаға қорытынды: Сырым Датұлы бастаған көтерілістің орасан зор тарихи маңызы болды. Ұлт-азаттық көтеріліс қазақтардың Ресей империясының отаршыл әкімшілігіне қарсы ең алғашқы ірі баскөтеруінің бірі болды. Қазақтардың рухы көтерілді, бірігіп қарсы шықса, ұлт тәуелсіздігі үшін күрессе аз болсада жетістікке жетуге болады деген ой қалыптасты. Жайықтың иесі қазақтар екенін көрсетті

<u>Тапсырмалар бойынша білім алушылар:</u>

Берілген ресурстарға шолу жасай отыра XYIII ғасырдың аяғындағы қазақ халқының елін, жерін, отанын қорғауына (ұлт азаттық көтерілістерге) талдау жасайды;

1. Тәуелсіздік пен еркіндікке ұмтылысты, білім алушы «Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде егемендігін сақтауға және нығайтуға тырысады» - деген сұраққа жауап іздейді

2. Ұлттық бірлік, Қазақстан үшін ұлттық бірлік пен этносаралық келісімінің маңызын, көп ұлтты қоғамның татулығын сақтау және біртұтас ұлттық идеологияны қалыптастыру басты міндет екенін зерделейді;

3. Қазақ дәстүрін қорғау, жер мен ресурстарды қорғау. Ұлттық дәстүрлерді сақтаумен қатар жер ресурстарын сақтау тиімді пайдалану туралы, экологиялық тепе-теңдікті сақтау туралы саралайды

Тақырыбы: 1822-1824 жж. патша реформалары

Сабақ мақсаты:

7.3.1.4 – Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;

7.1.2.1 – дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау

Зерттеу сұрағы: Неліктен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Тапсырма №10.1

1822 және 1824 жылдары патша үкіметі Орта жүз бен Кіші жүздегі хан билігін жойды. ХІХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарына қарай патша үкіметі Қазақстандағы хан билігін жоятын уақыт жетті деген қорытынды жасады. Хан билігін жоюдың себептерін талда, керекті сөздерді қой.

1. Қазақ хандары дала тұрғындарының басым көпшілігінің алдында өздерінің ...................... айырылып қалды. Жергілікті халық патша үкіметі тағайындаған хандарды көбінесе Ресей империясының кәдімгі көп ...................... бірі ғана деп қабылдады.

2. Бұл кезде патша үкіметі ..................... де, ...................... де бірнеше әкімшілікке бөлшектеген еді. Мұның өзі патша үкіметінің ......................... қазақтарды басқаруына өте қолайлы болып шықты.

3. ХІХ ғасырдың бас кезінде ..................... ұрпақтарының бірқатары патша үкіметінің әкімшілігіне белсенді .......................... білдірген оқиғалары көбейіп кетті.

4. Патша үкіметі Франциямен соғыс аяқталғаннан кейін жеткілікті назарын ............ хандығына аударды.

Тапсырмаға қорытынды: хан билігінің сақталуы патша үкіметінің өлкені шаруашылық тұрғысынан кең көлемде отарлауына кедергі келтірген еді.

Тапсырма №10.2

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Бірлік және ынтымақ

Орта жүздің әкімшілік құрылымын кесте бойынша талда және түсіндір



Орта жүзде Бөкей хан мен Уәли хан қайтыс болғаннан кейін патша үкіметі жаңадан хан тағайындап жатуды қажет деп таппады. 1822 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы М.М. Сперанский жасаған және Ресей императоры I Александрдің

жарлығымен бекітілген «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» күшіне енді.

| 1822 жылғы реформа бойынша Орта жүздің әкімшілік құрылымы мен басқару жүйесі | |
|---|---|
| Әкімшілік құрылым | Әкімшілік бірліктердің басшылары |
| | |
| | |
| | |
| 1824 жылғы реформа бойынша Кіші жүздің әкімшілік құрылымы мен басқару жүйесі | |
| | |
| | |
| | |
| Алым-салық жүйесіндегі өзгерістер | |
| Денсаулық сақтау, дін және халыққа білім беру салаларындағы жаңалықтар | |
| Сайлау тәртібі | |

Тапсырмаға қорытынды: Кіші жүз және орта жүз сұлтандарының арасындағы алауыздық әлі тоқтаған жоқ еді. Хан билігі әлсіреп, қол астындағы халық арасында беделінен айырылып тынған болатын. Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары өздерінің тәуелсіздігінен айырылып қалды. Қазақстан бірте-бірте Ресей империясының отарына айналды. Бірлік, ынтымақ болмай алауыздық болған жерде тәелсіздік елдің беріктігі болмады.

*Елінен айырылған өлгенше жылайды.*

Тапсырма №10.3

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Менің пікірім..............

Реформалар қазақ қоғамының басқару жүйесіне қалай әсер етті? Жаңа әкімшілік құрылымдар қазақ халқының дәстүрлі билік құрылымына қандай өзгерістер әкелді?

-----------------------------------------------------------------------------------------------
-

Реформалардың қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік және экономикалық өміріне әсерін талдаңыз. Бұл өзгерістер қазақтардың тұрмыс-салттарына және шаруашылығына қалай ықпал етті?

-----------------------------------------------------------------------------------------
--------

Неліктен патша үкіметі 1822 және 1824 жылдары Қазақстанда жаңа әкімшілік реформаларды енгізді? Патша үкіметінің бұл реформаларды іске асырудағы негізгі мақсаттарын сипаттаңыз.

--------------------------------------------------------------------------------------------

Тапсырмаға қорытынды: Жарғы жаңалықтары көші-қон шеңберін тарылтты, еркін көшу бостандығы мүмкін болмай қалды. Бұрыннан қалыптасқан рулық ұжымдар бір-бірімен мидай араласып кетті. Бір кездегі дамыған көшпелі малшаруашылығы тұйыққа тіреліп, жағдай күрт құлдырай бастады. Сұлтандардың бір бөлігі әсіресе жаңа қызмет лауазымдарын бөлу кезінде ескерусіз қалған бөлігі, патша үкіметінің реформаларына қарсы шықты. Ондай наразылықтардың бірқатары қарулы көтеріліске ұласты.

Тапсырмалар бойынша білім алушылар:

1. Берілген ресурстарға шолу жасай отыра 1822- 1824 жылғы реформалар қазақ қоғамына қандай өзгерістер әкелді?- талдау жасайды.

2. Дереккөздерден алынған мәліметтерді талдай отыра төмендегідей сұраққа жауап іздейді

✓ Халық мемлекетті басқаруға араласа алама?;

✓ Азаматтардың құқықтары мен бостандықтыры қалай қорғалады;

✓ Әділ салық жүйесі, отбасыларың салық төлей ма;

✓ Әлеуметтік теңсіздікті азайту үшін қандай реформалар жүрілуде?.

3. Білім алушылар зерттеу нәтижесінде 1822- 1824 жылғы реформалар қазақ қоғамына үлкен өзгерістер әкеліп, отаршылдық саясаттың көрініс ретінде танылды. Осындай өткенді ескере отырып әртүрлі реформалар жүргізуде. Елдің тарихи тәжірибесі бүгінгі күннің маңызды сабағы болмақ.

Тақырыбы: 1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі

Сабақ мақсаты: 7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

7.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Тапсырма №11.1

1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісі туралы талда, кестедегі сұрақтарға жауап бер, көтеріліс болған аумақтарды картада көрсет.

| | |
|---|---|
| Хронология | |
| Себебі | |
| Аумағы | |
| Қатысушылар | |

Тапсырмаға қорытынды: Казактардың жерді жалға беріп отыруы, айыппұлдар мен алым-салықты еселеп алып тұруы. Қазақтардың өзеннен өтіп, жағалаудағы жайылымдарды пайдалануына қатаң тыйым салынуы. Ішкі Орда қазақтары қарсы жағалауға өте алмауы, империяға қарсы шаруалар көтерілісіне жол ашты. Өз жері үшін күрес бастады.

Тапсырма №11.2

Көтеріліс барысында орын алған негізгі оқиғаларды және олардың ретін хронологиялық схемда көрсетіңіз. Әр оқиғаға қысқаша сипаттама беріңіз.



1. 2. 3. 4. 5.

Тапсырмаға қорытынды: Тастөбедегі жеңілістен кейін көтерілісшілердің күші әлсіреп, рухы төмен түсті. Исатай Тайманұлының қазасынан кейін көтеріліс бәсең тарта бастады, қозғалыс алдын ала мұқият ұйымдастырылмады, оның айқын бағдарламасы болмады, көтеріліс жергілікті шашыраңқы сипат алды, екі бағытта – әрі патша үкіметіне, әрі хан билігіне қарсы күрес жүргізілді. Ынтымақ, бірліктің болмауы, зеңбірек сияқты жаңа қару-жарақтың түрінің болмау рухты төмендетіп, жеңіліске әкеп соқтырды.

Тапсырма №11.3

Көтерілістің тарихи маңыздылығын талда.  Менің пікірім................

- Көтерілістің сәтсіздікке ұшырау себептерін сипаттаңыз. Қандай факторлар Исатай мен Махамбеттің күресін тоқтатуға мәжбүр етті?

- Көтерілістің жеңілісін қазақ қоғамындағы әлсіз тұстарымен байланыстырыңыз.

- Исатай мен Махамбеттің көтерілісі қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қандай әсер етті? Олардың әрекеттері кейінгі ұрпақтарға үлгі бола алды ма? Білім алушыларға көтерілістің тарихи маңыздылығын талдауға тапсырма беріңіз.

Тақырыбы: Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс

Сабақ мақсаты: 7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

7.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс  басшыларының  рөліне баға беру

Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Бірлік және ынтымақ

Тапсырма №12.1

Кенесары кім? Дәлелдер келтір.

| қаһарман батыр | қолбасшы | дипломат |
|---|---|---|
| аса көрнекті тұлға, | <br>Кенесары Қасымұлы | мемлекет қайраткері.<br>хан |

Тапсырмаға қорытынды: орыс зерттеушілерінің бірі Л. Мейер: «Кенесарыға көзсіз ерлік тән еді», – деп жазды. Кенесары ханның басты мақсаты Абылай хан кезіндегі аумақтың тәуелсіздігін сақтау еді. Қазақ жерінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күресті бірақ етегін кең жайып кетке империяға қарсы тұру мүмкін болмады.

Тапсырма №12.1

Құндылық: Жасампаздық

Заң және тәртіп

Диагностикалық картаны дұрыс жауаппен сәйкестендір(сандарды сәйкестендіріп қой)

| | | |
|---|---|---|
| Себептері | 1 | Қазақ билерінің құқығын шектеу: |
| | 2 | Қазақ жерлерін қорғау: |
| | 3 | Патша үкіметінің отарлау саясаты: |
| | 4 | Салықтар мен алымдар: |
| | 5 | Патша үкіметінің қысымын азайту және халықтың әл-ауқатын көтеру. |
| Мақсаты | 6 | қазақтардың тәуелсіздігін қалпына келтіру. |
| | 7 | 1837 жылы көтерілістің басталуы: |
| | 8 | Қоқан мен Хиуа хандықтарының қысымы: |
| | 9 | жергілікті халықтың дәстүрлі басқару жүйесіне араласу. |
| | 10 | Бұрынғы хандық басқару жүйесін қалпына келтіру: |
| Негізгі оқиғалар | 11 | 1841 жылы хан болып жариялануы: |

| | | |
|---|---|---|
| | 12 | Қазақ жеріндегі билікті нығайту және көтерілісшілердің рухын көтеру. |
| | 13 | Қоқан және Хиуа хандықтарымен қақтығыстар: |

Тапсырмалар бойынша білім алушылар:

1. Берілген ресурстарға шолу жасай отыра XIX ғасырдың ортасындағы ұлт-азаттық көтерілістер (Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс, Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі) қазақ қоғамына қалай әсер етті, қоғамға неге өзгерістер әкеле алмады – деген сұрақтарға жауап іздейді?

2. Көтерілістің ерекшеліктері, қазіргі кезеңмен байланысы:

- ✓ К.Қасымұлының тәуелсіздікке ұмытылысы-ұлттық мақтанышымыз;
- ✓ Ұлттық бірлік-елдің ішкі тұрақтылығы, бірегейлігі басты мақсатымыз;
- ✓ Әділдік пен еркіндік, құқықтық мемлекет үстемдігі;
- ✓ Дәстүрлі мәдениетті сақтау – мәдени мұраны қорғау

3. Білім алушылар зерттеу нәтижесінде ұлт-азаттық көтерілістер тәуелсіздікке деген ұмтылысты, ұлттық бірлік пен еркіндікке деген талпынысты көрсететінін зерделейді, осы құндылықтарды дамыту мен нығайтуға арналған шараларды талдайды.

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

8-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасына құндылықтарды кіріктіру Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл үрдіс білім алушыларды ұлттық, азаматтық және жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстырып, оларды тұлғалық дамуына әсер ету үшін жүзеге асырылады. Құндылықтарды оқу бағдарламасына кіріктіру ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, патриоттық тәрбиеге, мәдени мұраны құрметтеуге және қоғамның маңызды аспектілеріне назар аудартуға бағытталған.

Оқу бағдарламасына келесі құндылықтар кіріктіріледі. Ар-ұят, талап, ұлттық мүдде, тарихи сана мен жады: Қазақстанның тарихи оқиғалары арқылы білім алушылардың тарихи жадысын қалыптастыру. Бұл болашақ ұрпаққа тарихты ұмытпай, өткеннен сабақ алуға ықпал етеді. Тәуелсіздік Қазақстанның тәуелсіздік алу жолы, оның тарихи маңызы және осы құндылықты сақтау қажеттілігі туралы түсінік беру. Азаматтық жауапкершілік: Білім алушыларды құқықтық мемлекет ұстанымдарын түсінуге, демократиялық құндылықтарды құрметтеуге және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге үйрету. Мәдениет пен толеранттылық: Қазақстанда әртүрлі ұлттар мен мәдениеттердің бейбіт қатар өмір сүруі мен олардың үлесін бағалауды насихаттау. Еңбекқорлық пен адалдық: Тарихи тұлғалардың өмірлік жолы арқылы еңбекқорлық пен адалдық

құндылықтарын көрсету Қазақстан тарихында ұлттық мүдде, мемлекетшілдік, Қазақстан мүддесіне қызмет ету, қоғам игілігі үшін қызмет ету. Ұлттық мәдениетті дәріптеу. Бұл құндылықтар оқу процесінде сабақ тақырыптарына кіріктіріледі. Мысалы, Қазақстанның ХХ-ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайына, Алаш қозғалысы, 1916 жылғы көтерілістер тақырыптарында ұлттық, мемлекетшілдік идеяларға көңіл бөлінеді.

*Тақырып:* Қазақстанның ХХ-ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы.

Оқу мақсаты: 8.3.1.2 ХХ-ғасырдың басындағы қоғамдық – саяси процестерге баға беру.

Құндылық: Ұлтқа қызмет ету.

*Оқыту мақсаттары:*

Қазақстандағы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының салдарын түсіну.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы және 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінің Қазақстандағы әсерлерін бағалау.

Ресей Мемлекеттік Думасына қазақ зиялыларының қатысуы және олардың ұлттық мүддені қорғау жолындағы күресін талдау

« Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деген

А. Байтұрсыновтың сөзін талдау.

*Әдіс-тәсіл:* Оқулықпен жұмыс

« Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деген

А. Байтұрсыновтың сөзін талдау.

ФИШОУН әдісін жасау




1. Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды бұл проблема

2.Себептерін жазу

3.тарихи деректерді мысал ретінде келтіру

4.Қорытынды жасау

*Оқыту мақсаттары:*

Қазақ халқының өмір сүруінің қиындыққа айналуына қандай факторлар әсер еткенін талдап, әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайларды зерттеу.

Тарихи контексте бұл мәселеге қандай жағдайлар алып келгенін анықтау (отаршылдық, жер мәселесі, саяси қысым).

SWOT талдау : Қазақстанның ХХ-ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау жасайды.




*Оқыту мақсаттары:*

Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайын түсіну: Қазақ халқының алдында тұрған мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтай отырып, қоғамның сол кезеңдегі даму ерекшеліктерін терең талдау.

Тарихи сабақ алу: Бұл талдау арқылы ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық әлсіз және күшті тұстарын түсініп, бүгінгі күнмен байланысын қарастыру.

Мәселені шешу жолдарын іздеу: Күшті және әлсіз жақтарды анықтай отырып, қандай мүмкіндіктерді пайдалануға болатындығын және қандай қауіптерден сақтану қажеттігін анықтау.

Қазақстанның ХХ-ғасырдың басындағы өмірін сезіну арқылы тереңірек түсіндіру.

Тестпен жұмыс https://quizlet.com/kz/861550176/1-2 Quizlet

Ресурстар :

https://www.youtube.com/watch?v=TWyDaIIT7OM

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» (1926)

1. Таймағанбетов Ж.Қ, Байғонақов Д.С.Қазақстанның тас дәуірі. Алматы:

2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері – Қазақ халқының әлеуметтік жағдайы мен дәстүрлі шаруашылық жүйесі туралы мәліметтер.

3. Кенжебаев Б. «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» – ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының еңбектері мен әлеуметтік мәселелерді қамтитын зерттеу.

4. Алдажұманов Қ.С. «Қазақстан тарихы» (5 томдық) – Бұл еңбекте Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы саяси және экономикалық даму ерекшеліктері баяндалған.

5. Мұхамедханұлы Қ. «Алаш қозғалысы» – ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты көзқарастары мен Алашорда үкіметінің ұстанымдарына талдау жасалған.

6. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа» «М. Тынышпаевтың еңбектерінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы тарихи-статистикалық мәліметтер келтірілген.

Қалыптастырушы бағалау. Топтық. жұптық бағалау

*Тақырып: Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс*

Оқу мақсаты: 8.3.1.2 ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру;

*Құндылық:* Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл. Отанға қызмет ету

Тапсырмалар: «Қазақ» газетінде Ә. Бөкейхановтың «Тағы соғыс» мақаласы «Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін – сорлы халық болар. Жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ» деген сөзге түймедақ әдісін жасау, топта, жұпта, жекелей талдау жасау




Түймедақ әдісі

Сәйкестендіру, талдау арқылы құндылықты анықтау

| Авторлары | пікірлері | мағынасы |
|---|---|---|
| М.Дулатұлы | А.1899 жылдан кейін қазақтар мен орыстар арасындағы этностық жанжалдар даладағы өмірдің сипатты белгісіне айналды | |
| Т.Рысқұлов | Б. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күңдіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды. | |
| Ә.Бөкейханов | В. Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз | |

| | | |
|---|---|---|
| А. Байтұрсынов | Г. Жұрт сеңдей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды | |
| Қорытынды ой | | |

Қорытынды ойды білім алушылар өзі мына сөздердің негізінде шығара алады. Соғыстан халыққа тиер пайда жоқтығын. Қазақ халқының негізгі мәселесі жер екенін, патша жарлығы халықтың онсызда қиналып отырған жағдайын ушықтырып жіберді. Ұлт зиялыларының айтқан ойлары Отанын, елін сүю, қиындықтан шығу жолдарын іздеу. Қай кезде болса да Отан үшін қызмет ету.




1916 жылы Торғайда Амангелді Иманов бастаған көтеріліске қатысқан қазақтар. Архивтегі сурет.

РАФТ әдісі бойынша А.Имановқа хат жазу. Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Білім алушылар қандайда бір объектіні алып, сол рольге еніп өз ойын жазады

Ресурстар: Шәмек Тілеубаевhttps://www.azattyq.org/a/kazakhstan-the-national-uprising-of-kazakh-people-in-1916/30689666.html

Мұхтар Әуезов .Қилы заман еңбегі 114-274 беттер,Алматы 2004ж

https://www.youtube.com/watch?v=LpwG6nUfTVs

Талас Омарбеков https://kaz.inform.kz/news/talas-omarbekov-1916-zhylgy-koterilis-zhan-zhakty-zerttele-koygan-zhok_a2957620/

Қалыптастырушы бағалау. Балдық жүйе бойынша топтық, жұптық бағалау.

*Тақырып:* 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері

Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?

Оқу мақсаты: 8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру;

*Құндылық:* Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл ұрпақты тәрбиелеу. Отанға қызмет ету

Мақсаттары:— қазақ халқының ұлттық санасының ояну кезеңін және сол кездегі саяси оқиғалардың маңызын түсіну арқылы бүгінгі ұрпаққа отаншылдық, мемлекетшілдік және намысшылдық қасиеттерді тәрбиелеу.

Тапсырма: Оқулықпен жұмыс




«INSERT» әдісі арқылы білім алушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Нәтиже: Білім алушылардың түсінігі жүйеленіп, негізгі ұғымдар анықталады.

1917жылғы 27- ақпандағы буржуазиялық-демократиялық революция жүзеге асырылып, самодержавие жойылды. Халықтың, ұлт-зиялыларының қуанышында шек болмады. Бостандық; Теңдік күні туды деп есептеді. Қазақ халқының арманы орындалатындай көрінді.

Білім алушылар мәтінмен жұмыс жасап, бұрыннан білетін мәліметтерін, жаңа ақпаратты, қайшы ақпараттарды жазады. Келесі тапсырма осы оқығандарын ойлаудың алты қалпағы бойынша талдайды. Тағы да көптеген әдіс-тәсілдер арқылы бұл тақырыпты ашуға болады.

Осылай ақпан революциясының қазақ даласына әсері жайында өз пікірлерін айтады, қорытындылайды.

Нәтижесінде білім алушылар ақпан төңкерісі жайлы құнды материалдарды біліп, қызыл қалпақ кигендер ақпан төңкерісінен кейінгі эмоционалдық көңіл күйі жайында айтса, қара қалпақ сын пікірлер айтып, патша тақтан түскенімен тәуелсіздікке қол жете алмағанын айтады. Сары қалпақ уақытша үкіметтің халыққа жасаған жақсылығын айтса, Ақ қалпақ өз пікірін білдіреді, жасыл қалпақ жаңа идея ұсынады. көк қалпақ  қорытындылайды.

Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден деп Ә.Бөкейханов айтқандай қазақ зиялылары өлшеусіз еңбек етті.Ұлт зиялылары жаңа үкіметте де қызметтер атқарып,елі үшін тер төкті. Отаншыл,ұлтжанды болды.




Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден деген тақырыпқа 100-150 сөзден тұратын эссе жазу. Ақпан төңкерісі тұсындағы ұлт зиялылардың атқарған қызметі жайында жазу. Арнайы критерий беріледі.

Ресурстар: https://www.youtube.com/watch?v=d1z0huHgZIs

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты еңбегінде 1917 жылғы Ақпан төңкерісі туралы жазылған.

С.З. Зиманов – Қазақстандағы саяси-әлеуметтік процестер туралы зерттеулер жүргізген, әсіресе патша үкіметінің отарлық саясаты және оның әсерін талдаған.

М. Қозыбаев – Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның тарихын зерттеген, оның ішінде 1917 жылғы Ақпан және Қазан революцияларының Қазақстанға әсерін зерттеген.

К. Нұрпейісов – XX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен Алаш партиясы туралы еңбектер жазған. Ақпан революциясы кезеңіндегі қазақ зиялыларының қызметін зерттеген.

Т. Омарбеков – 1916-1917 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен революциялық процестерді зерттеген. Қазақстандағы көтерілістер мен революцияларға тарихи талдау жасаған.

А. Ауанасова – Қазақстандағы 1917 жылғы революциялар кезеңіндегі әлеуметтік және саяси өзгерістерді зерттеген.

Қалыптастырушы бағалау. Балдық жүйе бойынша.

*Тақырып: Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы*

Зерттеу сұрағы: Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?

Оқу мақсаты: 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау;

8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау;

Құндылық: Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл ұрпақты тәрбиелеу. Отанға қызмет ету

---

Топтық жоба: «Алаш» қозғалысының мақсаты мен жетістіктері

Тапсырма:

Білім алушыларды топтарға бөліп, әр топқа «Алаш» қозғалысының әртүрлі аспектілері бойынша зерттеу жасауды тапсырыңыз:

- Алаш зиялыларының ұлттық тәуелсіздік идеясы
- Алаш Орда үкіметінің қызметі
- Білім беру мен мәдениет саласындағы Алаш зиялыларының еңбегі
- Алаш қозғалысының қазіргі Қазақстан үшін маңызы

Мақсаты:

Білім алушылар топта жұмыс істеп, Алаш қозғалысының әртүрлі жақтарын зерттеп, олардың қоғамдағы орнын талдайды.

Дискуссия: «Алаш» қозғалысының негізгі құндылықтары

Тапсырма:

Білім алушыларды екі топқа бөліп, «Алаш» қозғалысының негізгі құндылықтары (ұлттық тәуелсіздік, білім беру, ұлттық мәдениет, әділдік) туралы пікірталас өткізу.

Мақсаты:

Білім алушылар өз ойларын дәлелдеп, Алаш қозғалысының идеологиялық құндылықтарын сараптайды және қазіргі қоғаммен байланысын табады

«Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы тақырыбында білім алушылардың тақырыпты терең түсініп, талдауы үшін түрлі тапсырмалар беруге болады.

---

2. Топтық жоба: «Алаш» қозғалысының мақсаты мен жетістіктері

Тапсырма:

Білім алушыларды топтарға бөліп, әр топқа «Алаш» қозғалысының әртүрлі аспектілері бойынша зерттеу жасауды тапсырыңыз:

- Алаш зиялыларының ұлттық тәуелсіздік идеясы
- Алаш Орда үкіметінің қызметі
- Білім беру мен мәдениет саласындағы Алаш зиялыларының еңбегі
- Алаш қозғалысының қазіргі Қазақстан үшін маңызы

Мақсаты:

Білім алушылар топта жұмыс істеп, Алаш қозғалысының әртүрлі жақтарын зерттеп, олардың қоғамдағы орнын талдайды.

---

3. Хронологиялық кесте құрастыру

Тапсырма:

«Алаш» қозғалысы мен Алаш Орда үкіметінің негізгі оқиғаларын хронологиялық кесте түрінде құрастырыңыз.

Мақсаты:
Білім алушылар Алаш қозғалысының даму кезеңдерін, маңызды оқиғаларды жүйелі түрде зерттеп, нақты тарихи уақытты дұрыс түсінеді.

---

4. Дискуссия: «Алаш» қозғалысының негізгі құндылықтары
Тапсырма:
Білім алушыларды екі топқа бөліп, «Алаш» қозғалысының негізгі құндылықтары (ұлттық тәуелсіздік, білім беру, ұлттық мәдениет, әділдік) туралы пікірталас өткізу.
Мақсаты:
Білім алушылар өз ойларын дәлелдеп, Алаш қозғалысының идеологиялық құндылықтарын сараптайды және қазіргі қоғаммен байланысын табады.

---

5. Сұрақ-жауап викторинасы
Тапсырма:
«Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы туралы викторина (сұрақ-жауап ойынын) ұйымдастырыңыз. Сұрақтар Алаш Орда, оның мүшелері, мақсаттары мен жетістіктері, тарихи маңызы туралы болуы мүмкін.
Мақсаты:
Білім алушылардың тақырып бойынша білімдерін тереңдету және еске сақтау қабілеттерін дамыту.
1. Эссе жазу
Тапсырма:
«Алаш» қозғалысының қазақ ұлттық идеясын қалыптастырудағы рөлі туралы эссе жазыңыз.
Мақсаты:
Білім алушылар «Алаш» қозғалысының тарихи мәнін, оның қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға қалай ықпал еткенін, зиялы қауымның идеяларының қазіргі қоғамға әсерін талдайды.

Алаш қозғалысы және қазақтың ұлттық идеясы туралы тест (куизлет)
https://quizlet.com/kz/694395336
Мақсаты; алаш қозғалысы және ұлттық идея жайлы толық түсіну,есте сақтау үшін білім алушылардан ал
Алаш қозғалысы және қазақтың ұлттық идеясы туралы тест quizizz https://quizizz.com/admin/quiz/61ad998a5a89bc001e14d26
Әлихан Бөкейханов алаш партиясының жетекшілерінің бірі болды. Ең өзекті мәселе аграрлық мәселе еді. Алаш қозғалысының жетекшілері патша үкіметінің қоныс аудару саясатына және қоныстанушылар пайдасына жергілікті халықтың жерлерін тартып алуға қарсы болды. Олар қазақ халқының өз жеріне меншік құқығын алуына ұмтылды. Алаш зиялыларының мақсаты жеке мемлекет құру, Алашорда үкіметін құру еді. Ұлтжанды азаматтар еді.
Ресурстар: https://www.youtube.com/watch?v=D7WMEMt6bZg
https://yandex.kz/video/preview/16005583647332061373?rdrnd=51235

https://www.youtube.com/watch?v=hLuO66FiMZU
М.Қойгелдиев Алаш қозғалысы Алматы, Мектеп 2008ж,1 том
М.Қойгелдиев Алаш қозғалысы Алматы, Мектеп 2008ж,2 том
Кәрімжан Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» Алматы 1995ж
Тұрсын Жұртбай «Ұраным – Алаш» Алматы 3 том2008-2011ж
Сұлтан Хан Аққұлы «Әлихан Бөкейханов. Шығармалары»2009-2010ж
Хангелді Әбжанов Алаш және Қазақ хандығы»алматы,2015ж
Сәбит Шілдебай «Алашорда тарихы» Алматы 2022ж
Жанұзақ Қасымбаев «Әлихан Бөкейханов: Дала көсемі»2003ж
Қалыптастырушы бағалау: Балдық жүйе бойынша.

*Тақырып; Қазақстандағы ұлттық автономиялар*

Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?

Оқу мақсаты: 8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;

Құндылық: Қазақстан мемлекеттігін нығайтуға атсалысу.

Тапсырма:

1.Ұлттық автономиялар туралы кестені толтырыңыз.

| Алаш Орда үкіметі | Түркістан (Қоқан) автономиясы |
|---|---|
| Мақсаттары қандай болды? | |
| | |
| Автономиялар өз мақсаттарына жете алды ма? Неліктен? | |
| | |

Екі үкіметтің мақсаттарын, мақсаттарына неге жете алмады жазу. Алаш Орда үкіметі басшылары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов және т.б.

Түркістан (Қоқан) автономиясы басшылары: М.Шоқай, Т.Рысқұлов т.б

Алаш Орда үкіметінің мақсатқа жете алмауы: 1919-1920 жж. Кеңес билігімен келісімге келіп, Алашорда таратылды. Кеңес үкіметі Қазақстан автономиясын құрғанымен, Алаш қайраткерлері саяси қуғынға ұшырады.

Түркістан (Қоқан) автономиясы мақсатқа жете алмауы: 1918 ж. сәуір айында большевиктер тарапынан басылып, Түркістан автономиясы таратылды. Мұстафа Шоқай шетелге эмиграцияға кетіп, Түркістанның тәуелсіздігін насихаттады.

2 тапсырма ВЕНН диаграммасын жасау



Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының айырмашылығы мен ұқсастығын толтырады.

Алаш Орда үкіметінің мақсаты: Қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау; - Ұлттық тәуелсіздік пен автономия алу; - Қазақ жерін біртұтас басқару және ұлттық мемлекет құру

Түркістан (Қоқан) автономиясының мақсаты: Түркістандағы түркі халықтарының тәуелсіздігін қамтамасыз ету; - Кеңестерге қарсы тұрып, ұлттық автономияны қолдау; - Ислам құндылықтарын қорғау.

Ұқсастығы: Ұлттық тәуелсіздік үшін күрес. Алашорда үкіметі қазақ халқының ұлттық автономиясын, жері мен мәдениетін сақтап қалуды көздеді, ал Түркістан автономиясы бүкіл Орталық Азиядағы түркі халықтарының тәуелсіздігін қорғауға ұмтылды. Кеңес билігіне қарсы.

Мақсаты: Білім алушылар топпен, жұппен жұмыс жасай отырып, қазақ даласындағы ұлттық мемлекеттердің тарихын танып, саралай біледі. Ұлт зиялыларының ел үшін еткен еңбектеріне баға береді. Тәлім, тәрбие алады.

Ресурстар :

https://www.youtube.com/watch?v=-PpgPuGLlcM

Кәрімжан Нұрпейісов – «Алаш һәм Алашорда» 1995 жыл.

Мәмбет Қойгелдиев – «Алаш қозғалысы»Алматы, 1995 жыл.

Тұрар Рысқұлов – «Түркістан автономиясы және Мұстафа Шоқай» .

Мұстафа Шоқай – «Түркістанның қасіреті» 1929-1930 жылдары

Кәкімжан Қазыбаев – «Түркістан автономиясы» : 1976 жыл.

*Тақырып: Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы*

Оқу мақсаттары:

8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;

8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу

Мақсаттары:

Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялар туралы ақпарат алу және олардың тарихи маңыздылығын талдау.

Қазақ зиялыларының тарихы мен олардың қоғамдағы рөлі жайлы білімдерін бағалау.

Әдістер мен тәсілдер:

«Дискуссиялық карта» әдісі

Мақсаты: Сын тұрғысынан ойлау мен пікірталас жүргізу дағдыларын дамыту.

Қолдану: Тақырып бойынша екі қарама-қарсы көзқарас ұсыну. Білім алушылар топтарға бөлініп, бір топ автономиялардың маңыздылығын жақтаса, екінші топ сын көзқарас білдіреді. Әр топ өз көзқарасын қорғап, дәлелдер келтіреді.

«Тарихи рөлдік ойын» әдісі

Мақсаты: Тарихи тұлғалардың қызметін түсінуге көмектесу және олардың шешімдерін бағалау.

Қолдану: Білім алушыларға қазақ зиялыларының немесе ұлттық автономия жетекшілерінің рөлдерін бөліп беріп, солардың шешімдері мен әрекеттерін көрсетуге мүмкіндік беру. Әр топ өз кейіпкерінің атынан сөйлеп, тарихи жағдайды баяндап береді. Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысқан ұлт зиялыларының Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуына тигізген әсері.

Сәйкестендіру тесті

Білім алушылар екі бағанды сәйкестендіреді: бірінші бағанда сұрақтар, екінші бағанда жауаптар.

Мысал:

| Тұлға | Қызметі |
|---|---|
| 1. Әлихан Бөкейхан | A) Қазақ тіл білімінің реформаторы |
| 2. Мұстафа Шоқай | B) Түркістан автономиясының лидері |
| 3. Ахмет Байтұрсынов | C) Алашорда үкіметінің басшысы |
| 4. Міржақып Дулатов | D) «Оян, қазақ!» еңбегінің авторы |

Реттік тест

Білім алушылар тарихи оқиғаларды хронологиялық тәртіпке сәйкес орналастырады.

Мысалдар:

1. Төмендегі оқиғаларды хронологиялық ретпен орналастырыңыз:

A) Алаш автономиясының құрылуы

B) Түркістан автономиясының жариялануы

C) Алашорданың таратылуы

D) Қазақ КСР-нің құрылуы

Ресурстар мен материалдар:

1. Тарихи оқулықтар мен ғылыми зерттеулер:

- «Қазақстан тарихы» (5-10 сынып) – ұлттық автономиялар мен Алаш қозғалысы туралы ақпарат береді.
- Мәмбет Қойгелдиев – «Алаш қозғалысы» – Алашорда мен қазақ зиялыларының қызметін жан-жақты қарастырады.
- «Қазақстан тарихы: Тәуелсіздік жылнамасы» – Алашорда және тәуелсіздік күресін талдайды.

2. Ғылыми мақалалар:

- М. Қойгелдиевтің мақалалары – Алаш қайраткерлері туралы.
- «Қазақ зиялылары және олардың қоғамдық қызметі» – зиялылардың рөлі жайлы.

3. Архив материалдары:

- Алашорда мен Түркістан автономиясының құжаттары – Орталық мемлекеттік архивте сақталған.
- Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқайдың жазбалары – түпнұсқа хаттар мен еңбектер.

4. Онлайн ресурстар:

- e-history.kz – Алашорда мен қазақ зиялылары туралы мәліметтер.
- adyrna.kz – ұлттық тарихқа арналған мақалалар.
- Ұлттық кітапхана сайты – зиялылардың еңбектері мен құжаттар.

5. Бейнекурстар мен лекциялар:

- YouTube лекциялар – Алашорда мен қазақ тарихы жайлы бейнекурстар.
- Деректі фильмдер – «Алаш Орда» туралы фильмдер.
- Көркем шығармалар:
- Әнуар Әлімжанов – «Ұстаздың оралуы» – қазақ зиялылары туралы көркем шығарма.
- Міржақып Дулатов – «Оян, қазақ!» – ұлт тәуелсіздігі туралы.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

1. Қысқа рефлексия жазу: Сабақ соңында білім алушылардан тақырып бойынша өз ойларын, не үйренгенін және қандай сұрақтары қалғанын жазуды сұраңыз. Бұл тапсырма білім алушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бағалауға көмектеседі.

2. Сұрақ-жауап сессиясы: Білім алушыларға тақырыпқа қатысты бірнеше сұрақ қойып, жауаптарын тыңдап, әрқайсысының пікірін салыстырыңыз. Сұрақтардың күрделілігін білім алушылардың білім деңгейіне сәйкес реттеп отырыңыз.

*Тақырып: Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу*

Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?

Оқу мақсаттары:

8.3.1.7 ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау;

8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау

Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Мақсаттар:

Қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылығын көрсету және білім алушыларға ел дамуы мен халықтың әл-ауқатын жақсартудағы әртүрлі экономикалық саясаттардың маңыздылығын талдау. Қоғамдық мүдделер үшін белсенді еңбек етуге, адалдық пен жауапкершілікке баулу.

Әдістер мен тәсілдер:

Сыни талдау:

- Білім алушыларды экономикалық саясаттардың оң және теріс жақтарын талдауға шақыру. Оларға әр саясаттың әсерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беру. Содан кейін олар өз қорытындыларын бөліседі.

Жағдаяттық тапсырмалар:

Қоғамдық мүдделер мен экономикалық саясаттардың қалай өзара байланысатынына байланысты нақты жағдайлар туралы сұрақтар мен

тапсырмалар беру. Білім алушылардан берілген ситуацияларға сәйкес шешімдер табуды талап ету.

Тарихи деректер арқылы SWOT талдау:

Тапсырма: Білім алушыларға әскери коммунизм мен Жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) негізгі белгілерін анықтау тапсырмасы. Оларға әр саясаттың негізгі ерекшеліктерін (экономикалық, әлеуметтік, саяси) көрсету үшін кесте жасау ұсынылады.

| STRENGTHS Күшті жақтары | WEAKNESSES әлсіз тұстары |
|---|---|
| **OPPORTUNITIES Мүмкіндіктер** | **THREATS Қауіптер** |

Бағалау: Білім алушылардың тарихи оқиғаларды талдау қабілеттерін, аргументтеу және өз пікірлерін білдіру дағдыларын бағалау.

Сәйкестендіру:

| Терминдер | Сипаттамалар | Жауап |
|---|---|---|
| 1. Әскери коммунизм | A. Бұл саясат 1918-1921 жылдары Кеңес Одағында қолданылды, ол нарықтық механизмдерді жоюға және мемлекет меншігін арттыруға бағытталған. | 1 - A |
| 2. Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) | B. Экономикалық саясат, ол мемлекет меншігін жекешелендіруге, кәсіпкерлікті дамытуға және жеке меншікке негізделген. | 2 - B |
| 3. Тоталитаризм | C. Бұл концепция қоғамды басқарудың қатал тәсілдерін сипаттайды, мемлекет азаматтардың өмірінің барлық аспектілерін бақылауға тырысады. | 3 - C |
| 4. Нарықтық экономика | D. Экономикада сатып алу мен сату еркіндігіне негізделген жүйе, ол бәсекелестік пен жеке бастаманы ынталандырады. | 4 - D |
| 5. Пландар мен есептер | F. Кеңес Одағында өндірісті жоспарлау мен бақылаудың механизмі, онда экономикалық көрсеткіштер алдын ала белгіленеді. | 5 - F |
| 6. Азық-түлік карточкалары | E. Кеңес Одағының азық-түлік тапшылығы кезінде халыққа азық-түлікті бөлудің арнайы жүйесі. | 6 - E |
| 7. Ұлттық жоба | G. Шетелден капитал тарту мен ұлттық экономиканы дамыту үшін қаржылық ресурстарды пайдалану. | 7 - G |
| 8. Инвестиция | H. Кеңес Одағында өндірістік және ауыл шаруашылық ресурстарды мемлекет меншігіне алу процесі. | 8 - H |

Бағалау: Кестенің толтырылғандығын және білім алушылардың салыстыру дағдыларын бағалау.

Ресурстар мен материалдар:

– «Кеңес Одағында экономикалық саясат: Әскери коммунизм мен Жаңа экономикалық саясат» — бұл кітап әскери коммунизм және ЖЭС кезеңдеріндегі экономикалық саясаттың өзгерістерін талдайды.

– «Сталин: Жаңа экономикалық саясаттың тарихы» — Сталиннің билігі кезеңіндегі экономикалық саясат туралы мәліметтер береді.

– «Кеңес тарихы» — Кенес тарихының түрлі аспектілерін, соның ішінде әскери коммунизм мен ЖЭС-ті зерттейді.

– «Әскери коммунизм: Тарихи контекст және экономика» – экономикалық аспектілерді талдайтын ғылыми мақала.

– «Жаңа экономикалық саясат: Нарықтық механизмдерді енгізу» – ЖЭС-тің негізгі принциптері мен мақсаттарын зерттейтін мақала.

Сайттар:

– Ресей тарихы туралы сайттар – Ресей тарихы мен Кеңес Одағының саясаты туралы ақпарат.

– Саясаттану мен экономика бойынша онлайн курстар – әскери коммунизм мен ЖЭС-ті зерттеу бойынша курстар.

Деректі фильмдер

«Кеңес Одағында экономикалық эксперименттер» – бұл фильм Кеңес Одағының экономикалық саясатын, оның ішінде әскери коммунизм мен ЖЭС-ті көрсетеді.

«Жаңа экономикалық саясат: Уақыт талабына сай» – ЖЭС-тің кезеңіндегі экономикалық өзгерістер мен реформалар туралы фильм.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

1. Жобалық жұмыс: Білім алушыларға ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жобалық жұмыс ұсыныңыз. Мысалы, белгілі бір тарихи кезеңге немесе ұлы тұлғаға арналған жоба дайындап, оның қазақ халқының құндылықтарымен байланысын көрсету.

2. Пікірталас: Білім алушыларды ұлттық құндылықтар туралы пікірталасқа қатыстыру арқылы олардың өз ойларын еркін жеткізу қабілетін бағалауға болады. Бұл тапсырма арқылы олар ұлттық мәдениет пен құндылықтарды қалай түсінетінін көрсетеді.

*Тақырып: Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру*

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының карама-қайшылығы неде?

8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау

Құндылықтар: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу – индустрияландыру елдің экономикалық және өндірістік базасын нығайтып, мемлекеттің тұрақтылығын арттырады. Өндіріс пен инфрақұрылым дамуы Қазақстанның тәуелсіздігін әрі қарай күшейтеді.

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу – индустрияландыру Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін көтеріп, елді заманауи, өндірістік және экономикалық қуаты бар мемлекет ретінде таныта алады.

Мақсаттар:

1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы индустрияландырудың негізгі кезеңдерін, оның маңыздылығы мен салдарын сипаттау.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы индустрияландыру кезеңің талдау.

Әдістер мен тәсілдер:

1. Миға шабуыл (Brainstorming)

Мақсаты: Білім алушылардың индустрияландыру туралы бастапқы білімдерін анықтап, сабаққа мотивация беру. Өту тәсілі: Білім алушыларға «Индустрияландыру дегеніміз не?» және «Индустрияландыру Қазақстанның дамуына қалай әсер етті?» деген сұрақтар қойылады. Білім алушылар өз ойларын еркін түрде айтып, талқылайды. Оқытушы ойларды тақтаға жазып, талдау жасап, сабақтың мақсаттарын түсіндіреді.

2. Кластер әдісі (Cluster method)

Мақсаты: Индустрияландыру кезеңіндегі негізгі оқиғаларды топтастырып, талқылау. Өту тәсілі: Білім алушыларға индустрияландыруға қатысты бірнеше тақырыпшалар беріледі, мысалы: «Зауыттардың салынуы», «Жұмыс күшін ұйымдастыру», «Жол қатынастарының дамуы» және т.б. Әр топ өздеріне тиісті тақырып бойынша ақпарат жинақтап, өзара кластер құрады, кейін оны қорғайды.

3. Тарихи құжаттарды талдау (Document analysis)

Мақсаты: Білім алушыларды нақты тарихи деректермен таныстырып, деректерді сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту. Өту тәсілі: Білім алушыларға 1920-1930 жылдардағы индустрияландыруға қатысты нақты құжаттар немесе статистикалық мәліметтер беріледі (мысалы, зауыттар саны, жұмысшылар туралы мәліметтер). Білім алушылар топтарда құжаттарды талқылап, индустрияландырудың Қазақстанның дамуына тигізген әсерін талдайды.

С.Садуақасов: «Қазақстан отар болып келді, отар болып қала береді» сөзі бойынша ПТМС талдауын жасау.

**ПТМС - ФОРМУЛА**

- Позиция ______________________________ *деп санаймыз*
- Түсіндіру *(себебі...)*
- Мысал *(біз мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламыз....)*
- Салдар немесе нәтиже *(айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймыз....)*

5. Тест талдау

https://quizizz.com/admin/quiz/670b8eb5837605434c757685

Ресурстар мен материалдар:

«Қазақстан тарихы» (авторлары: Т.Р. Сұлтанғазин, Ә.Х. Марғұлан)

– Қазақстанның тарихы, оның ішінде индустрияландыру кезеңін жан-жақты сипаттайды.

– «Индустриализация и ее последствия для Казахстана» (автор: Ж. Т. Сапарбаев)

– Индустрияландыру кезеңінің әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттейді.

– «Қазақстанның жаңа тарихы» (редактор: М. Қойгелді)

– 1920-1930 жылдардағы Қазақстанның дамуын талдайтын бөлімдер бар.

– Ғылыми мақалалар – eLibrary.kz

– Ұлттық архив – Тарихи деректер: mks.gov.kz

– Youtube - https://youtu.be/ISOs4GVcBGI?si=c8JHmMdzBzzc89Dg

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар

Сыни ойлау:

- Білім алушылар мәселені шешу кезінде ақпаратты талдайды және бағалайды.
- Білім алушылар әр түрлі көзқарастарды ескере отырып, өз пікірін қалыптастырады.

Өзін-өзі бағалау:

- Білім алушылар өз жұмысын талдай отырып, күшті және әлсіз жақтарын анықтайды.
- Білім алушылар жеке даму жоспарын құру және жетілдіру қабілетіне ие.

*Тақырып: Қазақстандағы ұжымдастыру*

Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке»әкеліп соқтырды?

Оқу мақсаттары:

8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардап тарын талдау;

8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау

Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Мақсаттар:

Білім алушыларға ұжымдастыру кезеңінің тарихи мәні мен мағынасын анықтау.

Қоғам игілігі үшін қызмет етудің маңыздылығын талдау .

Әдістер мен тәсілдер:

Деректермен жұмыс:

Білім алушыларға ұжымдастыру кезеңіндегі нақты тарихи деректермен (статистикалық мәліметтер, куәгерлердің, архивтік құжаттар, видео материал) танысуға мүмкіндік беру. Білім алушылар деректерді талдау, салыстыру және қорытынды жасау жұмыстарын жүргізуі тиіс.

https://youtu.be/MO2Z_NNOuIg?si=FA0MwYFT92N3DQCQ

«Ақиқат» және «Жалған»

Мазмұнды таңдайды: Тапсырма үшін бірнеше фактілер мен пікірлер жинайды. Олардың ішінде ақиқат (дұрыс) және жалған (бұрыс) ақпараттарды қосады.

Сұрақтар құрастырады: Білім алушылардан әрбір мәліметтің ақиқат немесе жалған екенін анықтауды сұрайды.

Талқылауды: Білім алушылар жауаптарын қорғап, өз пікірлерін айтуға мүмкіндік береді. Неліктен олардың таңдаулары дұрыс немесе бұрыс екендігін түсіндіреді.

«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісі

Білім алушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан тік сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

Бөліктің оң жағына Бөліктің сол жағына

Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады. Сол әсер еткен үзінділер жайында пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

Интерактивті танымдық ойын: Wordwall

https://wordwall.net/ru/resource/53669944

Ресурстар мен материалдар:

1. «Қазақстан тарихы» (8 сынып) – ҚР Білім және ғылым министрлігінің бекіткен оқулығы, ұжымдастыру кезеңіне арналған бөлімдер мен тақырыптар бар.

2. «Тарихи кезеңдер: Қазақстан тарихы» – Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерін, соның ішінде ұжымдастыруды жеңіл тілмен түсіндіреді.

Бейнемазмұн

1. YouTube-тан оқу видеолары – «Қазақстандағы ұжымдастыру» тақырыбы бойынша арнаулы видеолар мен дәрістер.

2. «Тарихи фактылар» арнасы – Қазақстан тарихына қатысты қызықты фактілер мен ақпараттар.

Мақалалар мен зерттеулер

1. «Қазақстандағы ұжымдастыру: оң және теріс жақтары» – Білім алушыларға түсінікті тілмен жазылған мақалалар, ұжымдастырудың себептері мен салдарын қарастырады.

2. «Ашаршылық және ұжымдастыру» – Тарихи кезеңнің әлеуметтік аспектілері жайлы мәліметтер.

Онлайн ресурстар

1. Қазақстан тарихы порталы – Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері мен оқиғаларына қатысты мәліметтерді табуға болады.

2. Ұлттық білім берудің электрондық ресурстары – Ұжымдастыру туралы интерактивті материалдар мен тесттер.

Интерактивті ресурстар

1. Quizlet – Білім алушыларға арналған интерактивті карточкалар мен тесттер арқылы Қазақстандағы ұжымдастыру туралы білімдерін тексеруге мүмкіндік береді.

2. Kahoot! – Білім алушылар арасында ұжымдастыру тақырыбы бойынша викториналар ұйымдастыруға арналған платформа.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

1. Қол шапалақтап қолдау (Ерекше қолдау):

- Білім алушылардың жетістіктерін мақтау.
- Қиындықтармен күресу кезінде ынталандыру.
- Топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсету.

Мысалы:

«Сендердің күш-жігерлеріңді бағалаймын! Ойларың өте жақсы!»

2. Ауызша, жазбаша бағалау:

Білім алушылардың жұмысын бағалау үшін ауызша пікірлер мен жазбаша бағалау парақтарын пайдалану.

Мысалы:

- Ауызша: «Сенің жауаптарың мені қуантты!»
- Жазбаша: «Сенің жобаңның құрылымы өте жақсы. Келесі жолы сәл кеңірек жазып көр.»

3. Өз-өзін бағалау, жұптық бағалау (рефлексия, кері байланыс):

- Білім алушыларға өз жұмыстарын және топ мүшелерінің жұмыстарын бағалауға мүмкіндік беру.

Мысалы:

- Өз-өзін бағалау: «Сен бұл тақырып бойынша не үйрендің?»
- Жұптық бағалау: «Біздің тобымызда кімнің идеясы сәтті болды?»

*Тақырып: 1920–1930 жылдардағы саяси репрессиялар*

Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?

Оқу мақсаттары:

8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау;

8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу Мақсаттар:

«Қазақстан мүддесіне қызмет ету» ұстанымын нақтылау, білім алушыларға елдің тарихындағы қиын кезеңдерді ескере отырып, ұлтжандылық сезімдерін қалыптастыру.

Білім алушыларды өткен тарихтан сабақ алуға, қазіргі заманның қоғамдық мәселелеріне белсенді қатысуға ынталандыру.

Тарихи репрессиялардың қайтадан орын алмауын қамтамасыз ету үшін азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

Әдістер мен тәсілдер:

Дереккөздерді пайдалана отырып, тақырыпты ашып, талдау жасау.

Корнелло әдісі

| | |
|---|---|
| Күні | |
| Тақырыбы | |
| Негізгі ой | Қосымша |
| Нақыл сөздер | |

| |
|---|
| |

Бағалау

| Дескриптор: Білім алушы: | Балл |
|---|---|
| Тақырып анық, толық және нақты көрсетілген. Білім алушылардың жазбасы толық пәндік контексті қамтиды. | 3 балл |
| Тақырып жартылай түсінікті, бірақ кейбір аспектілері анық емес. Пәндік контексті шектеулі. | 2 балл |
| Тақырып анық емес, не толықтай берілмеген. Пәндік контекст жоқ. | 1 балл |

Сызықтық жазба әдісі: Ақпаратты хронологиялық немесе логикалық реттілікте жазу. Бұл әдіс оқу барысында оқылғандарды ретімен түсіну мен есімізде сақтауға көмектеседі.

| Дескриптор: Білім алушы: | Балл |
|---|---|
| Негізгі фактілер мен идеялар терең, нақты және мазмұнды. Фактілер толықтай қамтылған. | 4 балл |
| Негізгі фактілер мен идеялар бар, бірақ кейбір бөліктерінде түсініксіздік немесе жеткіліксіз фактілер бар. | 3 балл |
| Негізгі фактілер мен идеялар бар, бірақ кейбір бөліктерінде түсініксіздік немесе жеткіліксіз фактілер бар. | 2 балл |
| Ақпарат жоқ немесе өте шектеулі, терең талдау жоқ. | 1 балл |

Постер әдісі (Топтық жұмыс): Маңызды ақпаратты постерге немесе үлкен параққа жазып, визуалды түрде көрсету. Бұл ақпаратты еске сақтау мен түсіну үшін пайдалы.

| Дискриптор: Білім алушы: | Балл |
|---|---|
| Топ мүшелері арасында жұмыс жақсы бөлінген, әркім өз рөлін орындаған. | 3 балл |
| Топ мүшелері арасында жұмыс бөлісуі бар, бірақ кейбіреулері белсенділік танытпаған. | 2 балл |
| Топтық жұмыс нашар ұйымдастырылған, бір-екі адам ғана жұмыс істеген. | 1 балл |

Ресурстар мен материалдар:

1. «Қазақстан тарихы» (оқулық) — Қазақстандағы саяси репрессиялар туралы мәліметтер.

2. «Жас тарихшыларға» — Жас білім алушыларға арналған кітап, оңай тілмен жазылған.

Мақалалар мен журналдар

1. «Білімді ел» журналы — Саяси репрессиялар туралы мақалалар.

2. «Қазақстан тарихы» ғылыми-практикалық журналдары — Ғылыми мақалалар мен зерттеулер.

Видеолар мен деректі фильмдер: YouTube: «Қазақстандағы саяси репрессиялар» тақырыбында деректі фильмдер.

Онлайн ресурстар

1. «Білім туралы» мемлекеттік сайты — Саяси репрессияларға арналған ақпарат.

2. «Қазақ тарихы» сайты — Саяси репрессиялар туралы мақалалар.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

1. Сұрақ-жауап сессиясы: Білім алушыларға тақырыпқа қатысты бірнеше сұрақ қойып, жауаптарын тыңдап, әрқайсысының пікірін салыстырыңыз. Сұрақтардың күрделілігін білім алушылардың білім деңгейіне сәйкес реттеп отырыңыз.

2. «Сағат тілінің бағыты» әдісі бойынша дескриптор арқылы бағалау, өзің-өзі бағалау, топтық бағалау.

*Тақырып: XX г. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым*

Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?

Оқу мақсаттары:

8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау;

8.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау

Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту

Мақсаттар:

Білім алушыларға XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның білім беру жүйесінің құрылымы мен ерекшеліктерін анықтау.

Бұл кезеңдегі ғылыми жетістіктер мен мәдени дамудың маңыздылығын талдау.

Білім алушылардың ұлттық мәдениет пен білімге деген қызығушылығын арттыру.

Әдістер мен тәсілдер:

Оқулықпен жұмыс

«INSERT» стратегиясы (Тақырыпты терең түсіну):

- Білім алушыларға тақырыпқа байланысты қазақ тіліндегі мәтіндер беріледі, олар мәтінді оқып, маңызды жерлерін белгілеу үшін «INSERT» әдісін қолданады: ✓ - таныс ақпарат, - - түсінбейтін тұс, + - жаңа ақпарат.

- Бұл әдіс білім алушылардың қазақ тіліндегі мәтінмен жұмыс істеу қабілетін дамытып, материалды терең меңгеруге көмектеседі.

Дескриптор:

- Білім алушылар білім беру жүйесінің құрылымын, енгізілген реформаларды және олардың маңыздылығын қазақ тілінде сипаттайды.
- Білім алушылар білім беру жүйесінің сол кезеңдегі саяси, әлеуметтік өзгерістермен байланысын түсіндіреді.

«Джигсо» (Оқыту әдісі):

- Білім алушыларға XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылымға қатысты қазақ тіліндегі бірнеше мәтіндер беріледі. Әр білім алушылар мәтіннің белгілі бір бөлігін оқып, оны басқа топ мүшелеріне түсіндіруі керек.
- Әр топ мүшесі оқыған бөлігін қысқаша баяндап, өз тобына түсіндіреді. Бұл әдіс білім алушылардың қазақ тілінде оқу, түсіну және түсіндіру дағдыларын дамытады.

Дескриптор:

- Білім алушылар XX ғ. 20-30 жылдары қазақ тілінің білім беру саласында қолданылу деңгейін сипаттайды.
- Білім алушылар қазақ тілінің білім мен ғылымдағы рөлі мен ықпалын дәлелдер келтіріп түсіндіреді.

«Галерея» әдісі (Білім алушылар жұмыстарының көрмесі):

- Білім алушылар XX ғ. 20-30 жылдардағы білім беру мен ғылымға қатысты өз зерттеулері немесе шығармашылық жұмыстарын қазақ тілінде жасап, сынып ішінде көрме түрінде көрсетеді.
- Әр білім алушылар немесе топ өз жұмыстарын қазақ тілінде түсіндіріп, сыныптастарын жұмыс мазмұнымен таныстырады. Бұл әдіс білім алушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Дескриптор:

- Білім алушылар білім беру жүйесі мен ғылымның дамуының қоғамға тигізген әсерін талдайды.
- Білім алушылар білім мен ғылымның ұлттық мәдениетті дамытудағы рөлін түсінеді.

Ресурстар мен материалдар:

https://youtu.be/t7-vtyGW8LE?si=doiR-Ba9ha3cYKbv

8-сыныптың Қазақстан тарихы оқулығы: Оқулықта сол кезеңдегі білім беру және ғылым саласындағы реформалар, қазақ зиялыларының үлестері сипатталған.

Мұрағаттық құжаттар:

Білім беру туралы ресми құжаттар мен фотоматериалдар: Кеңестік білім беру жүйесі туралы бұйрықтар мен жарлықтар, мектептердің фотосуреттері көрсетіледі.

Ғылыми мақалалар:

«XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі» мақалалары: Мақалаларда білім беру жүйесінің қалыптасуы және қазақ зиялыларының рөлі сипатталады.

Статистикалық мәліметтер:

Мектептер саны мен қазақ тілінде білім алғандар туралы статистика: Білім алушыларға мектептер мен білім алушылар санының өсуі туралы мәліметтер ұсынылады.

Бейнематериалдар:

Тарихи деректі фильмдер:

Кеңестік кезеңдегі білім беру жүйесі туралы деректі фильмдер көрсетіледі.

Формативті бағалау:

Өзін-өзі бағалау, топтық бағалау

*Тақырып: Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы*

*Зерттеу сұрағы: Ұлы Отан соғысының қандай батырлары халық есінде сақталды?*

Оқу мақсаттары:

8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау;

Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу

Мақсаттар:

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақстандықтардың шайқастарға қатысуының себептері мен олардың маңызын талдау.

Білім алушылар қазақстандық жауынгерлердің ерліктері мен олардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі туралы мәліметтермен танысып, бағалайды.

Әдістер мен тәсілдер:

Оқулық жұмыс. ДЖИГСО әдісі

Мақсаты:

Білім алушылардың топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту:

- Білім алушыларды бірнеше кіші топтарға бөле отырып, әрқайсысы өзіне берілген бөлікті терең зерттеп, кейін оны басқа топ мүшелеріне түсіндіреді.
- Бұл білім алушыларды бір-бірінің жұмысына қолдау көрсетіп, ортақ мақсатқа жетуге үйретеді.




Топтарға бөлу:

- Білім алушыларды 4-5 адамнан тұратын негізгі топтарға бөліңіз. Әр топ «бас топ» деп аталады.
- Бас топтардан білім алушыларды тақырып бойынша кіші «эксперттік» топтарға бөлу керек.

Тақырыпты бөліп беру: Ұлы Отан соғысының негізгі аспектілерін тақырыпшаларға бөліп, әр эксперттік топқа жеке тақырыптарды зерттеуге тапсырыңыз. Мысалы:

- Эксперттік топ 1: Соғыстың басталуы (1941 жылы шілде)
- Эксперттік топ 2: Сталинград шайқасы
- Эксперттік топ 3: Мәскеу шайқасы
- Эксперттік топ 4: Бауыржан Момышұлының ерлігі
- Эксперттік топ 5: Соғыстың аяқталуы және Жеңіс күні (1945 жылы мамыр)

Эксперттік топтарда жұмыс:

- Эксперттік топтар өздеріне берілген тақырып бойынша оқулықтан мәліметтерді оқып, өзара талқылайды. Олардың міндеті — өз тақырыбы бойынша толық ақпарат жинап, оны түсіну.
- Әр топ ішінде талқылауды ұйымдастырып, негізгі деректерді жазып алады және сыныпқа қалай түсіндіретіндерін жоспарлайды.

Бас топқа оралу:

- Әр эксперт өз «бас тобына» оралып, өзі зерттеген тақырып бойынша басқа топ мүшелеріне түсініктеме береді. Осылайша, әр білім алушылар бүкіл соғыс туралы толық мәлімет алады.

Талқылау және қорытынды:

- Барлық білім алушылар өз топтарында әр тақырыпты тыңдағаннан кейін, сыныптық талқылау ұйымдастырыңыз. Соғыстың жалпы барысы мен маңызын талқылау.
- Мұғалім соғыстың негізгі аспектілерін қорытындылап, басты оқиғаларды және олардың тарихи маңызын түсіндіріп өтеді.

Картамен жұмыс.




1. Картаны талдау

- Шайқас орындарын көрсету: Білім алушыларға картаны таратып, онда Ұлы Отан соғысы кезінде болған негізгі шайқастардың (Мәскеу, Сталинград, Курск, Ленинград) орындарын белгілеу.
- Әскери операцияларды көрсету: «Операция Багратион», «Сталинград операциясы», «Курск шайқасы» секілді әскери операциялардың маршруттарын картаға түсіру.

2. Географиялық сипаттама

Картамен жұмыс: Білім алушылар картаны зерттеп, әр шайқастың географиялық ерекшеліктері мен климаттық жағдайларын сипаттайды. Мысалы, Сталинград шайқасының қалаға географиялық жағынан жақындығы мен су жолдарының рөлі.

3. Картографиялық тапсырмалар

Картографиялық тапсырма: Білім алушыларға картаны пайдаланып, әр шайқастың уақытын, қатысқан тараптарды, жеңістер мен жеңілістерді көрсету.

Картаның интерактивті нұсқалары: Онлайн карталарды (мысалы, Google Maps) пайдалана отырып, соғыс барысында маңызды орындарды зерттеу және оларды тарихи контекстe талдау.

4. Тарихи фактілермен жұмыс

- Фактілер жинау: Білім алушылар картамен жұмыс барысында әр шайқас туралы тарихи фактілерді жинайды (мысалы, қатысқан әскер саны, жетекшілер, стратегиялық мақсаттар).
- Топтық жұмыс: Білім алушылар топтарға бөлініп, әр топ өздері таңдаған шайқас туралы карта жасап, оны сыныпта қорғайды.

1. Ресурстар мен материалдар:

Бауыржан Момышұлы – *«Артымызда Мәскеу»*: Мәскеу шайқасына қатысу және әскери тәжірибе туралы естеліктер.

2. Бауыржан Момышұлы – *«Волоколамск тас жолы»*: Волоколамск бағытындағы шайқас пен командирлік қабілеттері туралы.

3. Александр Бек – *«Волоколамск тас жолы»*: Бауыржан Момышұлының естеліктері негізінде жазылған туынды.

4. Лев Толстой – *«Соғыс және бейбітшілік»*: Француз-Ресей соғысы туралы классикалық шығарма, әскери өмір мен адам табиғатын зерттейді.

Деректі фильмдер:

1. «Великая Отечественная война»: Соғыс кезеңін және оның тарихи маңызын зерттейтін деректі фильмдер.
2. «Сталинград»: Сталинград шайқасын баяндайтын тарихи деректі фильм.
3. «Битва за Москву»: Мәскеу шайқасы туралы.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

Бағалау критерийлері:

- Эксперттік жұмыс сапасы: Әр білім алушылар өз тақырыбын қаншалықты терең түсінген және басқаларға жеткізе білген.
- Топтық ынтымақтастық: Топ мүшелерінің өзара әрекеттесу деңгейі және өзара қолдау.
- Презентация: Әр білім алушылардың өз тақырыбын анық, жүйелі түрде түсіндіре алуы.
- Білімді қабылдау: Бас топтағы білім алушылардың жалпы тақырыпты толық меңгергенін тексеру үшін соңында сұрақтар қою немесе шағын тест алу.

*Тақырып: Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы*

*Зерттеу сұрағы: Ұлы Отан соғысының қандай батырлары халық есінде сақталды?*

Оқу мақсаттары:

8.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу

Мақсаттар:

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақстандықтардың шайқастарға қатысуының себептері мен олардың маңызын талдау. Білім алушылар қазақстандық жауынгерлердің ерліктері мен олардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі туралы мәліметтермен танысып, бағалайды.

Әдістер мен тәсілдер:

https://youtu.be/Ay2F3DKBzkw деректі фильмін көрсету. Осы фильм негізінде тапсырмалар беріледі. Сыныптв топқа бөлу. Әр топқа жекелеген тапсырмалар беріледі.

Бірінші топ, «Бауыржан Момышұлы Гитлер армиясын немен таңқалдырды?» постер жасау.

Екінші топ, Бауыржан Момышұлының әскери қызметінің басталуы? Хронологиялық кесте жасау.

Үшінші топ, Бауыржан Момышұлының ерлігі? Бауыржан Момышұлының тарихи бейнесін жасау.

Ресурстар мен материалдар:

1. «Артымызда Мәскеу» – Мәскеу шайқасына қатысуы мен батальон командирі ретіндегі ерліктері туралы.

2. «Волоколамск тас жолы» – Александр Бектің жазуымен, Волоколам бағытындағы шайқас кезіндегі әскери тәжірибесі мен жауынгерлік тактикасы.

3. «Қанмен жазылған кітап» – Әскери тактика мен стратегияларға қатысты көзқарастары.

Деректі фильмдер:

- Қазақ теледидарында Бауыржан Момышұлы туралы деректі фильмдер түсірілген. YouTube материалдары

Музейлер:

- Алматыдағы Ұлттық мұражайда және басқа өңірлерде Момышұлының өміріне арналған экспозициялар.

Формативті бағалауға арналған тапсырмалар мысалдары:

Бауыржан Момышұлы сияқты батыр тұлғаның ерлігін үлгі ете отырып, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуға баулу.

Топтық бағалау.

Бағалау критерийлері:

1. Топ мүшелерінің ынтымақтастығы: Әр мүшенің белсенділігі, пікірлерді тыңдап, қолдау көрсетуі.

2. Топтық жұмыстың ұйымдастырылуы: Рөлдерді дұрыс бөлу, бірлескен әрекеттер және тапсырманы уақытында орында

3. Шығармашылық және патриоттық көзқарас: Бауыржан Момышұлының ерлігін мысалға алып, шығармашылық шешімдер ұсыну.

4. Талдау және проблемаларды шешу: Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған нақты қадамдарды көрсету.

5. Презентация сапасы: Жұмысты нақты және қызықты жеткізе білу.

Қорытынды рефлексия:

Топтар өз жұмысын аяқтағаннан кейін, рефлексия кезеңін ұйымдастырыңыз. Білім алушылардан не үйренгендерін, қандай қиындықтарға тап болғандарын және топ ішінде қалай жұмыс істегендерін сұраңыз. Бұл қадам әр білім алушылардың топтық жұмысқа қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл әдіс тек топтық жұмысты бағалау ғана емес, сонымен қатар, білім алушыларға ұлт батырларының ерліктері арқылы Отанға деген сүйіспеншілікті нығайтып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуға тәрбиелеудің де жолы бола алады.

*Алматы қаласындағы М. Әуезов атындағы № 128 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі Н.Ә.Мәуленқұлдың тәжірибесінен*

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | М. Әуезов атындағы № 128 ЖББМ |

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Қазақстан тарихы | |
| **Бөлім:** | Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Мәуленқұл Н.Ә. | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 8** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Қазақстандағы ұлттық автономиялар<br>**Зерттеу сұрағы**: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады? | |
| **Құндылық:** | Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;<br>8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау | |
| **Сабақтың мақсаты** | Білім алушылар өткен оқиғалардың салдарларын түсінеді. Алаш Орда үкіметі, Қоқан автономиясы және Қазақ АКСР-ң құрылу тарихын түсінеді. | |
| **Тарихи концепт** | Интерпретация | |
| **Сабақтың барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Б ағалау** | **Ресу рстар** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br><br>Өзін-өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру | **«Саусақ ұшы» білімдерін анықтау мақсатында ойталқы жүргізу.**<br><br>- Мұстафа Шоқай туралы не білесіздер?<br>**М Презентация арқылы сабақтың тақырыбы және мақсатын білім алушыларға таныстыру.** (жетістік өлшемдеріне назар аудару)<br>**Зерттеу сұрақтары:**<br>Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының маңыздылығы неде?<br>**Б М.Шоқай туралы бейнематериал көрсету.** (үзінді)<br>1) Жетелеуші сұрақтар:<br>- Не көрдіңіз?<br>- Не сезіндіңіз?<br>- Не ойландырды?<br>2) Бейнематериалға сүйене отырып, берілген сұрақтарға ізденіс жүргізу (сөздікпен жұмыс)<br>1. М.Шоқай **кім?**<br>2. М.Шоқай **нені** ұсынды?<br>3. **Неге** кеңестерге қарсы болды?<br>4. **Қашан** Түркістан автономиясын құруға атсалысты? | Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу | Мадақтау | Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Қазақ университеті, 1992<br>Қойгелдиев М.Қ,, Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. Ана тілі, 1993<br><br>Қойгелдиев М. Қ. Алаш қозғалысы. Санат, 2008 |

<table>
<tr><td></td><td>5. М.Шоқай Түркістан автономиясы таратылғаннан кейін қайда кетті?</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жаңа білім</td><td>Зерттеу және талдау<br>Тапсырма №1<br>Білім алушылар жаңа білімді пайдаланып берілген негізгі тарихи оқиғалардың уақытын тауып, ретімен орналастарыту қажет<br><br>Ретімен орналастыр<br><table>
<tr><td>Ташкент қаласындағы Түркістан өлкелік солдат, жұмысшы және шаруа, қырғыз және мұсылман депутаттарының ІІІ сьезі болып өтті</td></tr>
<tr><td>Түркістан автономиясының уақытша үкіметі сайланды</td></tr>
<tr><td>Алаш автономиясының құрылуы</td></tr>
<tr><td>Ташкентте Кеңестердің Ү Түркістан өлкелік сьезі</td></tr>
<tr><td>Қоқанда ІҮ Төтенше Жалпымұсылмандық сьезд</td></tr>
<tr><td>ІІ Бүкілқазақтық сьезд</td></tr>
</table><br>ЕБҚ білім алушы берілген тапсырманың 3 -уін орындайды.<br><br>Тапсырма №2<br>Сәйкестендіру<br>Білім алушылар берілген тапсырмада тарихи тұлғалардың аты-мен суретін сәйкестендеріп, қай партияға тиесілі екенін көрсетеді<br>
<br>ЕБҚ білім алушыға қолдау көрсету мақсатында суреттің үлкен нұсқасын ұсынамын.<br><br>Тапсырма №3<br>Білім алушылар вен диаграммасына ұқсас құрылымда кесте толтырады. Алашорда автономиясы мен Түркістан автономиясының айырмашылықтары мен ұқсас жақтарын жазады</td><td>Дескрипторлар<br><br>Берілген тарихи оқиғалардың уақытын біледі; Оларды ретімен орналастыру үшін талдау жасайды;<br><br>Тарихи тұлғалардың суретін және есімдерін біледі;<br>Партиядағы қызметіне талқылау жүргізеді.</td><td>ҚБ<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>«Ең үздік жауап»</td><td>Кітап, презентация<br><br>Learning app қосымшасы<br>https://learningapps.org/watch?v=payc3awhc22<br><br>Презентация, сурет</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>Тапсырма<br>Алашорда автономиясы / Ұқсас жақтары / Түркістан автономи…<br>1. 2. 3. / 1. 2. 3. / 1. 2. 3.<br>**Дескриптор**<br>Алашорда автономиясына тән маңызды үш ерекшеліктерді анықтайды<br>Түркістан автономиясына тән маңызды үш ерекшеліктерді анықтайды<br>Алашорда автономиясы мен Түркістан автономиясының үш ұқсас жақтарын анықтайды<br><br>**ЕБҚ** Алаш автономияснының белгілерін сипаттап өтеді . | Алашорда автономиясының белгілерін көрсетеді; Түркістан автономиясының белгілерін көрсетеді; Ұқсастықтарын анықтайды | | |
| Бекіту | Сабақты қорытындылау<br>Үйге тапсырма<br>Қазақстан территориясындағы ұлттық автономиялар<br>Тарихи тұлғаларға кішігірім сипаттама жазып келу | Сабақтың тақырыбын қорытындылау | « Ең үздік жауап» | Презентация |
| Кері байланыс | <br>ә | Тақырып бойынша не білетінін, нені әлі жетілдіру керек екенің көрсетеді. | Білім алушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | Плакат, стикер |

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

*Бөлім тақырыбы: Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)*

*Тақырып:*

- Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы.

Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейінгі қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?

-Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені

Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?

- Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері

Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?

Оқу мақсаты:

-9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау

-9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге

баға беру;

-9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау

-9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау;

-9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау

-9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау

Құндылықтар:

Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу

Талап: Сыни және креативті ойлау

Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу

Міндеті: Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:

-соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның экономика мен өнеркәсіптегі даму жағдайына баға беру;

-соғыстан кейінгі жылдардағы халықтың әлеуметтік жағдайын сипаттау;

-XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешеннің құрылу салдарын саралау;

- Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге тигізген әсерін талдау;

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1-тапсырма. Кесте толтыру.

Қазақстанның индустриялы дамуы

| Соғыстан кейінгі жылдары іске қосылған өнеркәсіп орындары | Көлік жәнен энергетика саласындағы жетістер |
| --- | --- |
| | |

2-тапсырма. Терминдер сөздермен жұмыс.

- Әскери-өндірістік кешен
- Ғарыш
- Полигон
- Ведомство

3-тапсырма. Қазақстан аумағындағы сынақ алаңдарына SWOT талдау жасау.



| | |
|---|---|
| S (күшті жақтары) | |
| W (әлсіз жақтары) | |
| O (мүмкіндіктер) | |
| T (қауіп-қатерлер) | |

4-тапсырма. «Тұлғаны таны» әдісі

- Е. Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға беріңіз.

-»Бекмаханов ісінің» барысы мен нәтижесіне таладу жасаңыз.



5-тапсырма. Семей полигоны жөнінде бейнебаян көру. Концептуалды кесте толтыру

| | |
|---|---|
| Орналасты | Семей облысы Абыралы ауданы және Павлодар облысының Май мен Аққу ауданы, Қарағанды облысының Егіндібұлақ пен Қарқаралы ауданы |
| Уақыты | 1949-1989 жылдар аралығында |
| Алғашқы сынақ | 1949 жылы 29 тамыз таңғы сағат 6:20 |
| Жарылыс саны | 470 |

| | |
|---|---|
| Жарылыстың қуаты: | 22 килотонна |

Қолданылатын ресурстар: карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

Күтілетін нәтижелер:

-соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның экономика мен өнеркәсіптегі даму жағдайына баға бере отырып, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруын түсініп, елінің болашағы үшін аянбай еңбек етуге жігерленеді;

- Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешеннің құрылу салдарын саралау негізінде қоршаған ортаны аялауға, туған жерін қастерлеуге тәрбиеленеді;

- Сталиндік идеологияның қоғамдық-саяси өмірге тигізген кері әсерлері мен орасан зор зардаптарын талдау арқылы қоғам үшін күресетін ұлтжанды азамат болып қалыптасуына әсер етеді.

**Сынып:** 9

**Бөлім тақырыбы:** Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар)

**Тақырып:**

-»Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы.

Зерттеу сұрағы: «Жылымық кезеңі» қоғамға қандай өзгеріс әкелді?

-Тың игеру жылдарындағы Қазақстан.

Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?

-Қазақ КСР экономикасының шикізатқа бағытталуы.

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?

**Оқу мақсаты:**

-9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау

-9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау;

-9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру

-9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу

Талап: Дұрыс қарым-қатына орната білу

Ар-ұят: Шешім қабылдай білу мен жауапкершілікті сезіну

**Міндеті:** Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

-»Жылымық кезеңінің» мәні мен қарама-қайшылық сипатына талдау жасау;

- Хрущевтік кезеңде ауылшаруашылығындағы орын алған өзгерістерді бағалай отырып, Қазақстандағы тың игеру эпопеясының барысын, салдары мен нәтижесін айқындау;

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма.GREAT формуласы бойынша Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру шараларының тарихи маңызына талдау жасау.

| | |
|---|---|
| G (Groundbreaking) –елеулі, маңызды | |
| R (Remembered) - есте қаларлық | |
| E (Events) - маңызды оқиға | |
| A (Affected) - болашаққа әсер ететін | |
| T (Terrifying) - кездескен қиындықтары | |

2-тапсырма. IDEA формуласы бойынша Теміртау оқиғасына талдау жасау.

| | |
|---|---|
| I(Identify) Себеп-салдар –тарихи оқиғалардың себебін анықтау | |
| D (Describe) –тиісті дәлелдерді сипаттау | |
| E(Explain) –бұл себептер тарихи оқиғаларға қалай әсер еткенін түсіндіру | |
| A (Analyze) -бұл дәлелдердің маңыздылығын талдау | |

3-тапсырма. Сәйкестендіру

**Қазақ КСР-і өнеркәсібінің дамуы**

| | | |
|---|---|---|
| Қарағанды металлургия зауыты | | шойын |
| Ермак ферроқорытпа зауыты | | хромит |
| Қаратау комбинаты | | фосфор |

4-тапсырма. Кестені толтыру.

**50-жылдардағы қоғамдық-саяси өмір**

| КОКП ОК-нің 1956 жылы қабылдаған қаулысы | М. Елікбаев не үшін қуадалуға ұшырады | Теміртаудағы толқулардың себебі неде? |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

5-тапсырма. Кестені толтыру.

**«Жылымық» кезеңіндегі басты өзгерістер**

| 1954 жыл | 1955 жыл | 1956 жыл | 1957 жыл | 1958 жыл | 1959 жыл | 1960-1962 ж | 1961 жыл | 1963 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуы | Байқоңыр ғарыш кешенін іске қосу | КОКП XXсъезі Сталиннің жеке басына табынуды айыптады. | Экономикалық ау мақтық ұстаным бойынша басқаруды қайта құру. | Қазақстан өнім шығаруда одақтас республикалар бойынша 3-ші орынға шықты. | Темір тау қаласындағы толқулар | Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы болып қызмет етті. | Ақмола қаласы атын Целиноградқа ауыстыру. | Ядролық қаруды ауада, ғарыш кеңістігінде, су астында жаруға тыйым салу туралы шарт. |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

**Күтілетін нәтижелер:**

-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістердің мәні туралы түсінік қалыптастырады;

-тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді және тарихи тұлғалардың қызметін отандық тарих тұрғысынан сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдылары дамиды;

-қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерді бағдарлай алады.

**Сынып:** 9

**Бөлім тақырыбы:** Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар)

**Тақырып:**

-1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы

Зерттеу сұрағы: Не себепті 1965-1985 жылдар «тоқырау» кезеңі деп аталды?

-XX ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар

Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың. екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?

- «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық процестер

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай факторлар әсер етті?

**Оқу мақсаты:**

-9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау;

-9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру

-9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау;

-9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау;

-9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру

-9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау.

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Талап: Сыни және креативті ойлау

Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдау

**Міндеті:** Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

-1965-1985 жж. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына сипаттама беру;

-1970-1980 жж. Қазақстандағы ауылшаруашылығы дамуындағы дағдарыстың себептері мен салдарын ашып көрсету;

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. «Тақырыптық түйінді сөздер». Тақырып: 1965-1985 жж. Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы

Бұл әдісті сабақты қорытындылау немесе өткен сабақты еске түсіру, бекіту кезеңінде жеке білім алушыға немесе барлық сыныпқа қолдануға болады.

| | |
|---|---|
| Деформациялар | |
| Дағдарыс | |
| Экстенсивті | |
| Интенсивті | |
| Қайта құру | |
| Ұжымдастыру | |
| Индустрияландыру | |

Екі баған беріледі, біріншісіне өткен тақырыпқа сай (негізгі) және сай емес сөздер жазылады, екінші баған бос, сол бос бағанға тақырыпқа сай ұғымдарды енгізу керек. Олардың мағынасын ауызша сұрап кетуге болады, не себепті бұл тақырыпқа сай екенін дәлелдеуді сұрауға да болады. Бұл әдіс білім алушының тақырыпты жақсы есте сақтауына, өз ойын дәлелдей алуына, өз білімін, бір-бірінің білімін тексеруіне өте тиімді.

2-тапсырма. Хронологиялық кесте «Тарихи тұлға». Мемлекет қайраткері Д.А. Қонаевтың өмірбаяны.

| | |
|---|---|
| 1931 жыл | |

| | |
|---|---|
| 1936 жыл | |
| 1942 жыл | |
| 1952 жыл | |
| 1955 жыл | |
| 1960 жыл | |
| 1964 жыл | |
| 1986 жыл | |

3-тапсырма. Венн диаграммасы. Мемлекет қайраткерлері Ж. Шаяхметов пен Ж. Тәшенов қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауы.




4-тапсырма. Кестені толтыру. 1960-1980 жж жүргізілген ауылшаруашылығындағы өзгерістер және олардың нәтижелері бойынша кесте.

| Ауыл шаруашылығын дамытуға жасалған шаралар | Ауыл шаруашылығында жүргізілген іс-шаралар-дың нәтижесі |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

**Күтілетін нәтижелер:**

-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістердің мәні туралы түсінік қалыптастырады;

-тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді және тарихи тұлғалардың қызметін отандық тарих тұрғысынан сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдылары дамиды;

-қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерді бағдарлай алады.

**Сынып:** 9

**Бөлім тақырыбы:** Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985 жылдар)

**Тақырып:**

-ХХ ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы

Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?

-ХХ ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері

Зерттеу сұрағы: ХХ ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?

-ХХ ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы

Зерттеу сұрағы: Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?

**Оқу мақсаты:**

-9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру;

-9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау;

-9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау;

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу

Талап: Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету

Ар-ұят: Отбасының, өз ортасының абыройын асыру

**Міндеті:** Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

-1945-1985 жж. Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуына сипаттама беру;

- ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақстандық ғалымдардың ғылымның дамуына қосқан үлесіне баға беру;

- Кеңестік Қазақстандағы әдебиет пен өнер, ұлттық дәстүрлі поэзия жанрын анықтай отырып, қазақ әдебиетшілерінің шығармашылығына талдау жасау

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. Сәйкестендіру.

| | | |
|---|---|---|
| 2008 жылы 20 қаңтар | A | Президент жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды |
| 1995 жылы 1 наурыз | B | «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қайта қабылданды |
| 2011 жылы 11 қазан | C | «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» атты заңға қол қойылды |

2-тапсырма. Салыстыру кестесі

| Соғысқа дейінгі Қазақстандағы білімнің жағдайы | Соғыстан кейінгі Қазақстандағы білімнің жағдайы | Қазіргі таңдағы Қазақстандағы білімнің дамуы |
|---|---|---|
| | | |

3-тапсырма. Кестені толтыру

**1940-1980 жылдардағы мәдениеттің дамуы**

| Көрнекті ақын-жазушылар | Қазақтың кәсіби композиторлары | Танымал актерлер |
|---|---|---|
| | | |

4-тапсырма. Кестені толтыру

1940-1980 жылдардағы ғылым және білім, әдебиет

| Қазақ КСР ҒА-ның құрылған жылы | «Жылымық» кезеңінде ақталған тарихи тұлғалар | КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілген кітап: атауы, автор, жылы |
|---|---|---|
| | | |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

**Күтілетін нәтижелер:**

-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістердің мәні туралы түсінік қалыптастырады;

-тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді және тарихи тұлғалардың қызметін отандық тарих тұрғысынан сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдылары дамиды;

-қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерді бағдарлай алады.

**Сынып:** 9

**Бөлім тақырыбы:** Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)

**Тақырып:**

-Қазақстан «Қайта құрудың» бастапқы кезеңінде

Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?

-Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?

-»Қайта құру» жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер

Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық сананы қалай өзгертті?

**Оқу мақсаты:**

-9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау;

-9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талдау;

-9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру;

-9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау.

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу

Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу

Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету

**Міндеті:** Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

- «Қайта құру» реформасының Қазақстанға әкелген өзгерістеріне тарихи баға беру;
- Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының себептері мен барысын, салдары мен нәтижесіне талдау жасай отырып, оқиғаның тарихи маңызын ашу;

-»Қайта құру» жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық өзгерістерге баға беру.

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. Жинақтама карта. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы.

| | |
|---|---|
| Желтоқсан оқиғасының себебі | Ондағы жылдар бойы қордаланған келеңсіздіктер, қоғамның әлеуметтік, мәдени салаларын қамтыған өрескел кемшіліктер, ұлт мәселесінің шиеленісуі республика жастарының ызасын тудырып, күрес жолына алып келді. Республиканың бірінші басшысының ауыстырылуы оған түрткі болды. |
| Желтоқсан оқиғасының сипаты | Наразылық бейбіт шеру түрінде өтіп, сипат алды. Ол мемлекеттік құрылысты құлатуға бағытталған жоқ. Қазақ жастарының бас көтеруі-бұл ұлтшылдық емес еді; ол-басқа халықтарға, соның ішінде орыс халқына қарсы бағытталған жоқ. Ол-сол кездегі ел билеуге келген басқа ұлт өкілінің жүргізген әлеуметтік экономикалық саясатына наразылық еді. |
| Желтоқсан оқиғасының қорытындылары | Бұл оқиға билік басындағылардың іс-әрекетін әшкереледі. Жазалау шараларын жүргізу кезінде ұрып-соғу, техника мен медицинаны қолданып қинау, итке талату, қарға жатқызу, су киіммен аязда қатыру сияқты тәсілдерді қолдану |

| | |
|---|---|
| | арқылы коммунист-басшылар өздерінің интеллектуалдық-рухани әлемінің шын мәніндегі жұтаңдығын көрсетті. *Қазақ ұлтшылдығы* деген терминді енгізу арқылы бүкіл халыққа күйе жағуға тырысты. |
| Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы | Желтоқсан оқиғасы-Қазақстан тарихындағы естен кетпес, аса ауыр және қайғылы беттердің бірі. Бұл оқиға Қазақстанда ғана емес, КСРО-да жаңа еніп келе жатқан жас демократияның басы болатын. Сондықтан да оның жүгі ауыр, шығыны көп болды. Бұл оқиға жаңа бағыттың-экономикалық реформалардың, әлеуметтік бетбұрыстардың жаңа серпінмен дамуына себепші болды. Көп ұзамай Балтық бойы елдері бостандық жолындағы күресін бастады. Тбилиси, Баку толқулары тұтанды. Желтоқсан оқиғасы – қазақ халқының ар-намысының қасіреті. |

2-тапсырма. Берілген ақпараттың ақиқат немесе жалған екенін анықтау

| | **Ақпараттар** | **А қиқат** | **Жа лған** |
|---|---|---|---|
| | Желтоқсан оқиғасы 1996 жылы болды | | |
| | Жастар ұрандарының бірі: «Тіліміз жоғалмасын, жеріміз тоналмасын!» | | |
| | 1-сатысы: желтоқсанның 17- інен 18-не дейінгі уақыт | | |
| | Желтоқсан көтерілісіне КОКП ОК-нің Қаулысымен “қазақ ұлтшылдығының көрінісі” деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. | | |
| | КСРО ІІМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған “Құйын — 86” операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды. | | |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

**Күтілетін нәтижелер:**

-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістердің мәні туралы түсінік қалыптастырады;

-тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді және тарихи тұлғалардың қызметін отандық тарих тұрғысынан сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдылары дамиды;

-қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерді бағдарлай алады.

**Сынып:** 9

**Бөлім тақырыбы:** Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)

**Тақырып:**

-Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы

Зерттеу сұрағы: «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?

-Н.Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?

-Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар

Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?

-Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?

--Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы

Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?

-Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде?

**Оқу мақсаты:**

-9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау;

-9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру

-9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға беру

-9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық – саяси дамуын талдау;

-9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау;

-9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуның кепілі ретінде бағалау

-9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру;

-9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау

-9.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау;

-9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау;

-9.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау

-9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау;

-9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру

-9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау;

-9.3.2.4 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу

**Міндеті:** Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

-Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызына талдау жасау;

-Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралардың барысы мен тарихи маңызына сипаттама беру.

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. Кестені толтыру. Тәуелсіздік жолындағы қадам

| **Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі** | |
|---|---|
| **Тарихи маңызы** | **Халықаралық маңызы** |
| 1. Қазақстанның тәуелсіздігі-қазақ халқының екі жарым ғасырдан астам жүргізген күресінің нәтижесінде жүзеге асты.<br>2. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кету қауіпінен құтылды.<br>3. Ұлттық тіл, мәдениет қайта жанданды, кедергісіз табиғи даму жолына түсті.<br>4. Шетелде түрлі себеппен қалып қойған қандастарымыздың оралуына жол ашылды.<br>5. Меншіктің көп түрлілігіне негізделген нарықтық қатынастарға көшіп, экономикалық өрлеу жолына түсті.<br>6. Қазақстан демократиялық даму жолын қалаған, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет болып құрылды.<br>7. Республика тұрғындары азаматтық еркіндік пен әлеуметтік теңдікті сезіне бастады.<br>8. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуына жол ашылды.<br>9. Бұқаралық ақпарат идеологиялық бақылаудан құтылды.<br>10. Тарихтағы *ақтаңдақтар* ашылып, жазықсыз жазаланғандар ақталды. | 1. Еуропаның шығысы мен Азияның батысында демократиялық жаңару жолын қалаған жаңа мемлекет пайда болды.<br>2. Әлемдік қауымдастық жаңа демократияшыл күштермен толықтырылуда.<br>3. Аумағында атом қаруы орналасқан мемлекет ретінде Қазақстанның сыртқы саясатындағы әр қадамына әлем саясатшылары көңіл бөліп отырды.<br>Қазақстанның атом қаруын таратпау туралы бастамасы әлемде атом соғысын болдырмау үшін күреске қосылған маңызды үлес болды. |

| | |
|---|---|
| 11. Ұлтаралық қатынастардың нағыз келбеті ашылды. | |

2-тапсырма. Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайының маңызын сипаттау.

| **Құрылтай** | **Уақыты** | **Маңызы** |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

3-тапсырма. ПТМС формуласы.

Қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау үшін ПТМС формуласын қолдану Позиция (мен солай санаймын,...)

Түсіндіру (....себебі,...)

Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын....)

4-тапсырма. Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа енуінің тарихи маңызын талдау.

| **БҰҰ** | **ШЫҰ** | **ЕҚЫҰ** | **ТМД** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| Маңыздылығы | | | |

5-тапсырма. Ақпараттың ақиқат/жалған екенін анықтау.

| Аргумент | Ақиқат | Жалған | Түсіндіру |
|---|---|---|---|
| 1. Тәуелсіздіктің алғашқы қадамы Мемлекеттік Егемендікті жариялау болды. | | | |
| 2. 1998 жылы Қазақстан БҰҰ-на мүшелікке қабылданды | | | |
| 3. Қазақстанның тәуелсіздігін ең алғаш мойындаған Қытай елі болды. | | | |
| 4. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданды. | | | |
| 5. Қазақстан Республикасы атауы 1990 жылы 10 желтоқсанда енгізілді. | | | |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

**Күтілетін нәтижелер:**

-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістердің мәні туралы түсінік қалыптастырады;

-тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді және тарихи тұлғалардың қызметін отандық тарих тұрғысынан сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдылары дамиды;

-қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерді бағдарлай алады.

**Сынып:** 9

**Бөлім тақырыбы:** Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге  дейін)

**Тақырып:**

-»Қазақстан - 2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең

Зерттеу сұрағы: «Қазақстан - 2030» Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?

-Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы

Зерттеу сұрағы: Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?

-Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы

Зерттеу сұрағы: Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?

-Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?

-Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы

Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?

- «Қазақстан – 2050» стратегиялары

Зерттеу сұрағы: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?

- Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары

Зерттеу сұрағы: «5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» ұлт жоспары неліктен қабылданды?

**Оқу мақсаты:**

-9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау;

-9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау;

-9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау;

-9.4.1.4 аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдау;

-9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу;

-9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау;

-9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау;

-9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру;

-9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау;

-9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау;

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу

Талап: Физикалық белсенді болу

Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдау

**Міндеті:** Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

-Қазақстан дамуының ұзақмерзімді мемлекеттік стратегиясына сараптама жасау, талдау;

-нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсеріне талдау жасай отырып, аграрлық сектордағы жаңғырудың басты бағыттарын анықтау;

-халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөліне оңтайлы баға беру.

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. «SWOT» талдау. Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы орны

| | |
|---|---|
| Күшті жағы | Әлсіз жағы |
| Мүмкіндіктері | Қаупі |

2-тапсырма.GREAT формуласы бойынша тәуелсіз Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатына талдау жасау.

| | |
|---|---|
| G (Groundbreaking) –елеулі, маңызды | |
| R (Remembered) - есте қаларлық | |
| E (Events) - маңызды оқиға | |
| A (Affected) - болашаққа әсер ететін | |
| T (Terrifying) - кездескен қиындықтары | |

2-тапсырма. IDEA формуласы бойынша Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен қарым-қатынасына талдау жасау.

| | |
|---|---|
| I(Identify) Себеп-салдар –тарихи оқиғалардың себебін анықтау | |
| D (Describe) –тиісті дәлелдерді сипаттау | |
| E(Explain) –бұл себептер тарихи оқиғаларға қалай әсер еткенін түсіндіру | |
| A (Analyze) -бұл дәлелдердің маңыздылығын талдау | |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

**Күтілетін нәтижелер:**

-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістердің мәні туралы түсінік қалыптастырады;

-тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді және тарихи тұлғалардың қызметін отандық тарих тұрғысынан сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдылары дамиды;

-қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерді бағдарлай алады.

**Сынып:** 9

**Бөлім тақырыбы:** Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)

**Тақырып:**

-Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы

Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?

-Тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің дамуы

Зерттеу сұрағы: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?

-Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі

Зерттеу сұрағы: Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табуда?

**Оқу мақсаты:**

-9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру;

-9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау;

-9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы);

-9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау;

-9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау.

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау

Талап: Жеке және командамен жұмыс істей білу

Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну

**Міндеті:** Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылар бойына сіңіру;

**Оқытудағы іс-әрекет/мазмұны:**

-XX ғасырдың екінші жартысындағы білім мен ғылым жүйесінің даму үдерісіне талдау жасау;

-мемлекеттің білім мен ғылым саласындағы саясатына баға беру;

- қазіргі кезеңдегі өнер мен әдебиеттің даму үдерісін анықтау арқылы ұлттық құндылықтарды дамыту;

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

1-тапсырма. Сәйкестендіру.

| | | |
|---|---|---|
| 2008 жылы 20 қаңтар | A | Президент жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды |
| 1995 жылы 1 наурыз | B | «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қайта қабылданды |
| 2011 жылы 11 қазан | C | «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» атты заңға қол қойылды |

2-тапсырма. Термин сөздермен жұмыс.

- Дін –
- Ислам –
- Конфессия –
- Дәстүрлі дін –
- Толеранттылық-

3-тапсырма. Кестені толтыру.

**1980 жылдардағы соңындағы Қазақстанның рухани-мәдени дамуындағы үдерістер**

| 1989 жылғы 22 қыркүйек – «Қазақ КСР-інің тілдері туралы» Заң | 1988 жылғы «Жазықсыз жазаланғандарды ақтау жөніндегі қаулы» | Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі |
|---|---|---|
| | | |

**Қолданылатын ресурстар:** карта, презентация, кестелер, сызбалар, тарихи суреттер

**Күтілетін нәтижелер:**

-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістердің мәні туралы түсінік қалыптастырады;

-тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен үдерістерді және тарихи тұлғалардың қызметін отандық тарих тұрғысынан сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдылары дамиды;

-қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерді бағдарлай алады.

Күтілетін нәтижелер

- ұлттық рухты, дәстүр мен тәрбиенің әдет-ғұрпын жаңғырту;
- өскелең ұрпақ арасында дәстүрлі құндылықтарды тарату;

-ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және ұлттық құндылықтардың халық өміріндегі маңыздылығы арттыру;

-ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жандандыру;

- тарих пен дәстүр арқылы патриоттық рухты нығайту.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1.С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. »Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008 ж.

2.М.С.Керімбаева. »Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі». Астана, 2007 ж.

3.https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D1%83%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%8F%D1%82;

4. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D1%83%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%B8_-_%D0%B0%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D0%B3%D0%B5%D1%80%D1%88%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA_%D1%82%D3%99%D1%80%D0%B1%D0%B8%D0%B5%D1%81%D1%96;

5. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D0%B3%D0%B5%D1%80%D1%88%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA;

6. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B#%D2%B0%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B_%D2%9B%D2%B1%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%80

10-сынып «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Алматы қаласы №174 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі Тортаева Капиза Долдашевнаның іс-тәжірибесінен:

**Бөлім:** Өркениет: даму ерекшеліктері

**Тарау:** Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы

**Тақырып-1:** Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері

**Оқыту мақсаттары**

10.1.1. 1-«Орталық Азия» түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану

**Құндылықтар:** Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу. Әлемдік тарихты отандық тарих контексінде қарастыра отырып, дәстүрлі мәдениетке құрметпен карауды қалыптастыру

**Міндеті:** Елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу, ұлттық мирас пен мәдениет дәріптеу

**Әдіс-тәсілдер:**

«Борт журналы әдісі»

«Борт журналы» әдісі оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы негізінде пайда болған. Сабақтың барлық кезеңдерінде қолданыла береді.

1. 5-7 минуттық мәтін дауыстап оқылады.

2. Білім алушылар 20 минут ішінде өз «борт журналдарын» толтырады (тәжірибемен байланыстыра отырып, түйінді сөздер, суреттер, т.б. жазады).

3. Топта өз журналдарының мазмұнын талқылайды, бір-бірінің сұрақтарына жауап береді, түсінбеген жағдайларда кеңес алады.

4. Мұғалім бүкіл сыныппен «борт журналдарын» талқылайды, тақырып бойынша қорытынды ой тұжырымдалады.

**Тапсырма**

| Негізгі түсініктер | Түйінді сөздер мен мәліметтер, сурет, карта | Орталық Азия» түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау |
|---|---|---|
| | | |

**Бөлім:** Өркениет: даму ерекшеліктері

**Тарау:** «Ұлы Дала өркениеті

**Тақырып-2:** «Ұлы Дала»: тарихи-географиялық сипаттамасы

**Оқыту мақсаттары**

10.1.2.1-картаны пайдаланып «Ұлы Дала» тарихи-географиялық аймағын анықтау;

10.1.2.2-тарихи дерек көздерді талдау негізінде «Ұлы Дала» ұғымының мәнін түсіндіру

**Құндылықтар:** Ұлттық мүдде

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

**Міндеті:** Ұлы Дала ұғымы арқылы ұлттық құндылықтарымызды насихаттау;

Еліне адал қызмет ету.

**Әдіс-тәсілдер:**

«Модельдеу әдісін» қолдану арқылы М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңін дереккөз ретінде пайдалана отырып, «Ұлы Даланың» тарихи-географиялық сипаттамасын құрастыру және өлеңнің идеялық құндылығын бағалау.

**Тапсырма**

1. «Ұлы Дала» және «Дешті Қыпшақ» ұғымдары мен өзіңнің туған өлке туралы көзқарасыңды байланыстыру;

2. «Туған жердің әр тасы қымбат»

«Өзге елде сұлтан болғанша,

Өз елінде ұлтан бол» деген қазақ мақал-мәтелінің мағынасын Ұлы Даланың көшпелілер дүниетанымында «ата жұрт», «атамекен» ұғымының алатын орнын талдау;

3. Қазақстан аймағындағы өзендер мен көлдерді картадан белгілеу арқылы олардың аймағын ретімен орналастыру;

4. М. Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңінде қандай географиялық аймақтар туралы ой қозғайды?

5. Қазақ ақын жазушылардың шығармаларынан Тұран, ЕрТүрік, Алаш елі, Ұлы Дала, Дешті Қыпшақ тіркестері қандай тарихи кезеңдер туралы ой қозғайды деген сұрақ бойынша ой толғау ұсынылады.

**Ресурстар мен қосымша материалдар:**



Түркістан (үзінді)

Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сары құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шетсіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт - Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.

*Мағжан Жұмабаев*

**Бөлім:** Этникалық және әлеуметтік процестер

**Тарау:** Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы

**Тақырып-3:** Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары

**Оқыту мақсаттары:** 10.2.2.1 -қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін «ру», «тайпа », «жүз», « ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын пайдалану;

10.2.2.2 -тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау;

10.2.2.8 - туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени-генетикалық код» ұғымын қолдану

**Құндылықтар:** Ар-ұят

**Міндеті:** Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалау;

Кішіге ізет, үлкенге құрмет құндылығын бойына дарыту.

**Әдіс-тәсілдер:**

**«Жеті қазына» әдісі**

Жеті қазына- қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсінік.

Қазақ халқы Жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады:

**Жүйрік ат** – *жігіттің қанаты;*

**Қыран бүркіт** – *жігіттің алғырлығы, бүріп түсер күш-қуаты;*

**Құмай тазы** – *сенімі, досқа адал беріктігі;*

**Берен мылтық** – *оты, қаһары;*

**Қақпан** – *серті, бірсөзді мәрттігі;*

**Алмас кездігі** – *сұсы, айбыны;*

**Сұлу әйел** – *ер-азаматтың артындағы қамалы, отының берекесі.*

Сыныптағы білім алушылар жеті шағын топтарға бөлінеді, әр шағын топ қазына бойынша отырады.

Бірінші қадам: топ атауына байланысты 3-мақал-мәтел айтады және оның мағынасына талдау жасайды.

Екінші қадам: 7 топ өздеріне берілген сұрақтар бойынша ой тұжырымдарын айтады

Үшінші қадам: Әр білім алушы өзінің «Жеті атасы мен шежіресі» бойынша ойсарап жасайды.

**Тапсырма**

**Мақсаты:** Қазақтың ру-тайпалық құрылымының қалыптасуының тарихи шарттары мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы тектік ұғымды талдау арқылы «Жеті ата» құндылығымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

**Шарты:**

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы «тек», «жеті ата» сияқты қасиетті ұғымдардың 7 бірліктен тұратын ой тұжырымын жасау.

1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәстүр мен салттың алатын орны;

2. Дәстүрлі қазақ қоғамының этникалық құрылымы;

3. Қазақ қоғамында «Ата-жұрт», «Ата -мекен» ұғымы неге қасиетті деп саналады? Қазіргі уақытта бұл ұғымдар біздің қоғам үшін актуальды ма? пікірлер, ойсараптаулар;

4. Түркі халықтары «Ұлы Даланы» неге Атажұртымыз деп санайды? Тарихи деректермен дәлелдеу.

5. Тек – адам ұрпағының сапалық белгілерін айқындайтын индикатор ұғымын қазіргі медицинадағы ДНК, генетикалық зерттеулермен байланыстыра отырып ой тұжырымын жасау;

6. Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы: табиғи құбылыстар, дүние, тіршілік, рух туралы көзқарастарының ғылыми негізін талдау;

7. «Жеті ата» ұлтымыздың мәдени-генетикалық коды. Шежіренің « Жеті атаны» сақтаудағы маңызы.

**Ресурстар мен қосымша материалдар:**

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде» қазақтың шежіресін былайша тарқатады: Алаштан Сейілхан, Жайылхан атты екі бала тарайды. Соның Сейілханынан сегіз арыс түркімен таратылады да, Жайылханның ұрпағы туралы шежірешілер екі түрлі пікір таратады. Соның бірінде Жайылханнан Қазақ, Созақ, Ұзақ деген үш бала дүниеге келеді. Осының Созағы қарақалпақтардың, Ұзағы қырғыздар мен хакастардың түп атасы деп есептейді. Ал Қазағынан келіп Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген балалар дүниеге келеді. Олардан Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз тараса керек.

Екінші нұсқада Алаштың екінші баласы Жайылханнан үш бала емес, бір ғана ұл Майқы болады. Майқыдан Өзбек және Сыбан деген екі ұл туады. Сыбаннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Қазақ пен Созақ, Созақтан Қарақалпақ, ал Қарақалпақтан Ақарысты таратады. Қырғыздардың ақ айыр қалпақ киетіндігі осыған байланысты болса керек[1,81б.].

https://el.kz/aza-_rularyny-_-rany_men_ta-basy-_-ly_zh-z_-suretter_23367/

Қазақ деген ортақ атаудың аясындағы: қаңылы, шанышқылы, керейіттер Есім ханның (1630 жылдары жасаған) өлімінен соң қазақтардан бөлініп кетеді. Уәлиханның тұсында (XIX бірінші ширегінде) Орта жүз құрамынан бөлінген қоңыраттың бір бөлігі қазіргі кезде Бұқара, Қоқан, Ташкент, әсіресе, көбі Қаратау атыраптары мен Талас бойындағы өзбек руларына жақын жерлерде көшіп-қонып жүр..... қыпшақ, қаңылы, үйсін...жалайыр, найман, керей, керейіттердің ескіден келе жатқан ру екенін айтсам да, Шыңғыс хан жорығынан аз -маз түсінігі барлар білуге тиіс.

*Ш. Уәлиханов Зерттеулер, ғылыми жазбалар, хаттар Алматы, 2014. «Қазақ шежіресі» 15-16 бет*

«Шежірелерді түрік әлемінің мәдени феномені ретінде қарастырудың - түрік халықтарының этникалық тұтастығын, тарихи бірлігін түсінуге көмегі бар. Шежіре көшпелілер өркениетінің маңызды тарихи-мәдени дәстүрі болғанымен,

қазақ тарихын зерттеуде аз қолданылған дерек түрі. Шежіре дәстүрін оның келтіріп отырған деректерін сараптау жолымен зерттеу, ғылыми баға берудің тәжірибелік мәні зор. Қазақ халқының тарихи дерек қорында жинақталған шежіре мұрасын тиянақты талдау жолымен ғылыми айналымға молынан енгізу арқылы тарихи танымдағы қазақ халқының ұлттық тарихының сипаттау ерекшелігі айқындалып, бұдан басқа заттық, жазба деректері негізінде жазылған тарихи еңбектерде қолданыс табады» [48].

*Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу (монография). – Астана: BG-Print, 2013. 7 бет.*

**Текті тұлға тәрбиелеудің ғылыми негізі**

Қазақ әр нәрсенің «арғы тегін», «шыққан тегін» білуге үлкен мән бергенді. Көшпелі үшін тұтас нәрсе-құдіретті күш, қастерлі құбылыс, құпиялы тылсым дүние, әсерлі де әдемі әлем. Осыдан арғы текке деген-Тәңірге,Ұмайға, Жер-Суға табынушылық (культтық өмір сүру), олардың арақатынасына ритуалдық (ғұрыптық) рәсім-салттар қалыптасты. Көшпелі жер кезіп, ел кезіп жүріп, бұрынғы мен бүгінгінің, бөгде мен жаңаның, кәрі мен жастың, көрген мен ойдағының арақатынасын білуге тәнті болған. Неге? Өйткені, ол дүниені тұтас қабылдаған. Өмірге тура жолды іздеген. Тектанудың пайда болуына, көне замандағы тайпа, топ, ата өз ішінен тұрмыс құрып, оның соңы олардың ұрпақтарының ортасында неше түрлі ауру-сырқау, кем-кетік жандардың дүниеге келуі, тіптен, кейбіреулерінің мүлдем құрып кетуге жетуі басты себеп болған. Тек – адамның түп нәсілін, арғы атасын білдіретін тарихи ұғым.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «текті» сөзіне келесідей анықтамалар берілген:

«1) шыққан тегі бір, тұқымдас, тектес;

2) тегі, шыққан жері жақсы. Текті жер – үлгілі, өнегелі ел, ауыл».

Демек, қазақта тектің физиологиялық тұқым жалғаудан бөлек, адам ұрпағының сапалық белгілерін айқындайтын индикатор екендігін аңғаруға болады. Ежелден, ата-бабаларымыз тектіліктің деңгейлерін тұқым мен қан тектілігі, азаматтың өз басының тектілігі, халықтың тектілігі деп ажыратқан. Ұлан-байтақ жерде туған көшпелі қазақ текті халық: мінезі кең, көреген, сезгіш, естігіш, ақылы терең, күш қуаты мығым, рухы асқақ, намысы зор да өткір әрі басқаға таптатып, мұқалтып, ұрлатып төменшіктеуді еш-қашан қаламаған, еңсесі биік жұрт. Текті ғылыми тұрғыда, тірі ағзалардағы тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын анықтайтын генетика ілімі зерттейді. Тұқым қуалаушылық дегеніміз организмдердің келесі ұрпақ-тарында ата-бабаларына ұқсас белгілердің сақталу қабілеті және осы қасиеттің негі-зінде түрдің біртектілігінің сақталынуы болса, ал, өзгергіштік – организмдердің өз аталық-аналықтарынан басқа, жаңа белгілерге немесе қасиеттерге ие болу қабілеттілігі. Тектің әлеуеті генетикада тұқым қуалаушылықты зерттеуде кеңінен қолданылады.

*Қобдабай Қабдыразақұлы, жазушы*
*https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8874*

Ру, қауым, тайпа, жүз – дәстүрлі көшпелілік әдептің іргетасы болғандығы даусыз. «У ішсең де, руыңмен іш» дейді халық мақалы. Қазақтың дәстүрлі рулық қоғамы туысқандық қатынастарға негізделгені де белгілі.

Ш. Уалиханов атап өткендей, жүз бен жүздің, жүз ішіндегі рулардың бір бірімен арасындағы қатынас нағыз тығыз туысқандыққа сәйкес, ал рулардың өз жүзіне деген қатынасы баланың әкеге, үлкен жүздің аға руына көзқарасы жиеннің нағашысына қатынасындай. Әрине, рулық адамның классикалық көшпелілік қоғамдағы оң құндылықтары туралы жеткілікті жазылған.

Алайда, бір жағдайда ескеру қажет. Қауым жеке тұлғаны, кісіні емес, алдымен тұтастықты қайталауға ұмтылады. Бұл тұлғалық енжарлықтың бір себебі де болып табылады. Қазақтың бір мақалы «Жеңім жаман болса, жағам жақсы, өзім жаман болсам, ағам жақсы» дейді. Мақалды екі түрлі түсіндіруге болады. Бірінші жағынан, арқа сүйетін тұлғаның болуы қалыптасып келе жатқан жас өркен үшін маңызды. Қауымшылдық құндылығы тек тікелей отбасылық негіздерге сүйенуден ғана емес, сонымен бірге аталас-руластарымен бір болумен айшықталады.

*Т. Ғабитов Қазақ мәдениетінің теориясы тарихы*

*Алматы: Қазақ университеті, 2021*

Шалкиіз жырау (үзінді)

Атаның ұлы жақсыға
Малыңды бер де, басың қос,
Бір күні болар керегі.
Бостаны бар-ды теректің,
Болаты бар-ды беректің,
Тұсындағы болған нартың қорлама,
Тұсындағы болған нартың қорласаң,
Табылмас-ты керектің.

*XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы / редактор Ә. Дербісалиев. – Алматы: Ғылым, 2002. – 75 б*

**Бөлім:** Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан

**Тарау:** Ұлы Дала көшпенділерінің империялары

**Тақырып-4**: Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері

**Оқыту мақсаттары:** 10.3.1.2 -Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;

10.3.2.1 -деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау;

10.3.2.2 -ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау;

10.3.2.3 -Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау

**Құндылықтар:** Ұлттық мүдде

**Міндеті:** Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға үлес қосу;
Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу;

**Әдіс-тәсілдер:**
**«Домбыра» әдісі**



Басы: қарастырылатын немесе зерттелетін тақырып жазылады.

Құлағы: негізгі ұғым, тақырыптың мазмұны, тірек сөздер беріледі.

Екі ішегі: анықтаған проблема себептері мен проблемалық сұрақ беріледі.

Пернелері: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілерді анықтау, зерттеу.

Тиегі: талдау.

Шанағы: жұмыстың нәтижесі мен қортынды пікірлер мен ой жазылады. «Домбыра» әдісін қолдану арқылы тапсырма орындау ұсынылады

**Тапсырма-1**

Басы: «Түрік қағанаты Орта Азиядағы алғашқы біртұтас мемлекет»

Құлағы: Түркі дәуіріндегі мемлекеттерге сипаттама беру, жазба деректерді талдау,

Екі ішегі: Түркі империясынан кейінгі пайда болған мемлекеттердің ішкі, сыртқы саясатын талдау.

Пернелер: Түркі империясының мұрагерлері: Түрік қағанаты, Батыс түрік қағанаты, Шығыс түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ мемлекеті, Қарахан мемлекеті, Қарақытай, Қыпшақ мемлекеті

Тиегі: Түркі империясының әлемдік тарихта алатын орнын анықтау

Шанағы: Ұлы Түркі -империясы Еуразия даласының державасы

**Тапсырма-2**

**«Креативті матрица» әдісі** – *графикалық органайзер*

«Түркі дәуірі кезеңіндегі мемлекеттер тарихының» шарықтау шегі мен бәсеңсу нүктелерінің тербеліс сызығын сызыңыз, себеп салдарын талдау ұсынылады.



**Ресурстар мен қосымша материалдар:**

Шамасы Түн -жабғы өз атасына сенбей, оның енші аймағын ісі Жабғы-қағанға алып бергісі келеді, бірақ оның өзі жеңіліп, қаза табады. Қалай болған күнде де, ордада болған төңкерістен кейін, армия қасиетіндегі дулылар да көтеріледі, сөйтіп Бөрішадтың басына қауіп төнеді. Алайда ол аман құтылады да, кейін Орта Азиядан, нушеби елінен келіп шығады. Осындай дүрлігістен кейін түркіттер Кавказдың арғы бетінен кетуге мәжбүр болды, олардың орнын дереу парсылар басып қалды

*Лев Гумилев «Көне түркілер» Алматы, 1994. 200-201б*

https://www.youtube.com/watch?v=UhfqYn0ABds

https://www.youtube.com/watch?v=640rxHEnS4Y

**Бөлім:** Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан

**Тарау:** Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет

**Тақырып-5**: Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары

Оқыту мақсаттары: 10.3.1.2 -Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;

10.3.3.2 -Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау;

10.3.3.3-мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу

**Құндылықтар:** Талап

**Міндеті:**

Білуге жаңаны тануға құштар болу;

Сыни-креативті ойлау;

Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық;

**Әдіс-тәсілдер:**

**«Асық» әдісі**

«Асық» әдісі бойынша екі нұсқа ұсынылады.

Бірінші нұсқа бойынша асықтың электронды нұсқасын экранға шығару арқылы қолдану;

Екінші нұсқа бойынша асықты иіру арқылы қолдану;

Алшы – асықтың иірілгенде табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған аса мән беріледі. Ол - бірінші дәрежелі асық.

Тәйке – асықтың иірілгенде табаны үстіне қарап, тұрық түсуі. Ол – екінші дәрежелі асық.

Бүк – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шік – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.




**Тапсырма-1**

Асықтың 4-қыры бойынша сұрақтар жазылу ұсынылады.

«Шік»-Қазақ хандығының құрылу тарихы туралы деректерді салыстыра отырып, мемлекеттің қалыптасу тарихының тарихи маңызын ашу;

«Бүк» -Неге «Қазақ хандарының шежіресі» Шыңғыс ханан басталады? Шыңғыс хан туралы жазба деректерді зерттеу;

«Тәйке»- Қазақтың Ұлы хандарының мемлекетті нығайтудағы маңызын тарихи деректермен талдау;

«Алшы» - Сақ, Ғұн, Түркі мемлекеттері және Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастықтың 3-нұсқасын ұсыну, Қазақ хандығының саяси басқару институттарындағы «Дала демократиясы» болғандығын дәйектермен дәлелдеу.

**Тапсырма-2**

Зерттеу жұмысы: Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет

Ойсараптың сұрақтары:

1. XIII ғасыр басындағы монғолдар жаулаушылығының Қазақстан аумағындағы этно үдерістерге тигізген сандық пен сапалық сипаттағы теріс және оң белгілерін анықтау;

2. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына қоныстанған қыпшақтық емес этно компоненттердің XIII–XIV ғғ. қыпшақтануы барысына әсер еткен факторларды айқындап, қыпшақтану үдерісінің қорытындысын анықтау;

3. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңіндегі этно үдерістерге талдаулар жасап, Қазақ хандығының құрылуына негіз қалаған этно компоненттерді анықтау;

4. XV ғасырдың бірінші жартысындағы Әбілқайыр хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайына талдау жасау арқылы олардың Қазақ хандығының құрылуына тигізген саяси ықпалдарына нықтау;

5. XV ғасырдың ортасындағы Моғолстан мемлекетіндегі саяси жағдайлардың Қазақ хандығының Жетісуда құрылуына тигізген рөлін анықтау;

Ойсараптың сұрақтары:

1. XV ғасыр ортасындағы Мауереннаһр мен Хорасанда өмірсүрген Темір әулеті мемлекетіндегі саяси жағдайлардың Қазақ хандығының құрылуындағы маңызын анықтау;

2. Қазақ хандарының шығу тегі Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен бастау алатындығын дәлелдеу және Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының негізін қалаудағы тарихи рөлін көрсету;

3. Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуіне қатысты мәселелерді айқындау;

4. Хандықтың құрылған жылына қатысты пікірлерге талдау жасап, олардың кемшіліктері мен қателерін көрсету;

5. Қазақ хандығының құрылуы барысын кезеңдерге бөліп қарастыру, әр кезеңге есипаттама беру және Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын ашып көрсету.

**Ресурстар мен қосымша материалдар:**

https://e-history.kz/kz/news/show/2166

XV ғасырдың ортасында Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде құрылып, көп ұзамай бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтағы мемлекеттің бірден-бір көрінісі болған – Қазақ хандығы біртұтас, бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік құрылым ретінде 260 жылдай, ал бытыраңқылық күйдетағы да 100 жылдан аса өмір сүріп, XIXғ. 20-шы жылдарында біржолата тарихтың еншісінде қалады.

Осылайша, 3,5 ғасырдан аса тарихы болған Қазақхандығы, біріншіден, б.з.д. І-ші мың жылдықтың басынан-б.э. ІІ-ші мың жылдығының ортасына дейін Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттік құрылымдар мен мемлекеттердің заңды жалғасы, мұрагері болса, екіншіден, XV ғасырдың ортасынан XIXғ. І-ширегі аралығында қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болып саналады.

1864 жылы «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты үш бөлімнен тұратын еңбектің екінші бөлімінде В.В. Вельяминов-Зернов қазақ сұлтаны Оразмұхаммедтің шығу тегін анықтау барысында парсы тіліндегі «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерін алғаш рет орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізеді.

Қазақ сұлтанының төртінші атасы Жәнібек хан болғандықтан, зерттеуші Жәнібек ханға қатысты «Тарих-иРашиди» мәліметтерін түгел аударып береді. Солдеректегі Қазақ хандығының қалай құрылғандығын баяндайтын мәлімет күні бүгінге дейін ең негізгі, ең басты мәлімет ретінде болып отыр. В.В. Вельяминов-Зернов бұл деректе талдау жасамаса да, ол айналымға енгізуші ретінде тақырыптың тарихнамасында алғашқы болып айтылады.

Осы кезеңдегі тарихшылардың көпшілігі өз зерттеулерінде В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегіндегі мәліметтің мазмұнын баяндау арқылы Қазақ хандығының құрылуын түсіндіреді [2]. Ш. Құдайбердіұлы ғана ауыз әдебиетінің мәліметтерін енгізу арқылы тақырыптың деректік қорын кеңейтеді.

*Б.Б.Кәрібаев «Қазақ хандығының құрылу тарихы» Алматы, 2015. 10-13 б*
*https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/iblock/791/791c5288dca286ac9f5ecf8b18aa80ed.pdf&ln=kz*

**Бөлім:** Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан

**Тарау:** Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы

**Тақырып-6** Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі

**Оқыту мақсаттары:** 10.3.4.1 -Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау;

10.3.4.2 -қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу;

10.3.4.3 -Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу

**Құндылықтар:** Ұлттық мүдде

**Міндеті:** Қазақстан мемлекеттігін нығайтуға атсалысу

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл болу

**Әдіс-тәсілдер:**

«Киіз үй» әдісі -1

«Киіз үй» әдісі бойынша екі нұсқа ұсынылады.

Бірінші нұсқа бойынша киіз үй құрылысының электронды нұсқасы экраннан көрсетіледі.

Екінші нұсқа бойынша киіз үйдің жасалған макеті білім алушылардың алдына немесе көлемі үлкен етіліп тақтаға ілініледі.

Киіз үйдің құрылысы бойынша талқыланатын тақырыпты немесе мәселені 4 бөлікке (топқа) бөлу ұсынылады.

1-бөлік бойынша тақырыпқа немесе талқыланатын мәселені таңдау;

2-бөлік бойынша сұрақтар мен ресурстар бойынша жұмыс ұсынылады;

3-бөлік бойынша зерттеу, анықтау, талдау;

4-бөлік Тұжырым мен ой қорытындысы.




**Тапсырма**

1-бөлік

Қазақтың тәуелсіздік жолындағы күрес тарихы- тақырыбын уықтағы сұрақтар арқылы талдау ұсынылады.

1-уықтың сұрағы

С. Датұлы көтерілісінің тарихи маңызы

2-уықтың сұрағы

Бөкей Ордасындағы көтеріліс

3-уықтың сұрағы
Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс
4-уықтың сұрағы
1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі орталықтары
5-уықтың сұрағы
Алашорда ұлттық автономиясы
6-уықтың сұрағы
Түркістан (Қоқан) автономиясы
7-уықтың сұрағы
Ұлттық автономиялардың тарихи маңызы
3-бөлік
Ұлт -азаттық көтерілістер туралы зерттеу еңбектерді саралап, талдайды.
4-бөлік Тұжырым мен ой қорытындысы

Тапсырма-2

«Тұлғаны танып біл» әдісі бойынша білім алушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топқа тарихи тұлғалардың суреттері беріледі. Топ өздеріне берілген тұлғаның тарихи портретін жасайды.








**Ресурстар мен қосымша материалдар:**
Кенесары ханды жауға тастап кеткен қай Рүстем?

Қазір тарих беттерінде хан Кенені қырғыздың қоршауында тастап кеткен Рүстем сұлтан Абылай ханның немересі деп жазылып жүр. Соңғы шыққан деректі фильмде де Рүстем – Абылайдың ұрпағы. Бүткіл ел де солай қабылдайтын болды. Тарихқа үңіліп қарайтын болсақ, тарихшылар жаңылысып жүрген сыңайлы.

Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысты алғашқы зерттеген Е. Бекмаханов: «Кенесары сондай-ақ 100 жігітке Наурызбайды басшы қылып, Алатау маңын мекендеген немере ағасы сұлтан Рүстем Абылаевқа аттандырды» дейді. Ол Рүстемнен өзін қоластындағы қазақтарымен қабылдауын сұрайды. Рүстем елшілерді жақсы қарсы алып, Кенесарыға былай жауап жібереді: «Менің берер ақылым: Құдай әзірше күнәсін кешіріп тұрғанда аталған жерлерді тастап, менің жаныма көшіп келсін»[2, 281-282-бб].

Сонымен қатар автор: «Кенесары Ұлы жүз сұлтандарының көмегі мен қолдауына сене алатын еді. Олардың кейбірімен тіпті туыстық қатынаста болатын (мысалы, сұлтан Рүстем, Сөк Абылайханов)» деп жазады[2, 327-б].

Бекмаханов екі жерде Рүстемді «Абылаев» немесе «Абылайханов» деп оның Кенесарының «немере ағасы» дейді. Мұнда Рүстемді Абылай ханның ұлы екендігін, және оның Кенесарыдан жасы үлкен екендігін нақты біліп отырмыз. ХІХ-ғасырдың басында жазылған Қытай дерегі «Шыңжаң ши люе» жинағында Рүстем – Абылай ханның бесінші ұлы[3, 258-б].

Кейінгі Шоқан Уәлихановтың жинағында Рүстем – Абылай ханның әйелі Бабақ ханымнан туған алты ұлдың екіншісі. Бабақ ханым – Қашқар бегі Кенже-Сарттың қызы [4, с.175-176].

Қытай дерегі бойынша, ХІХ ғасырдың басында Рүстем сұлтан «қара арғын», яғни «қарауыл арғын» руының басқарушысы болған [5, 139-б].

Қазақтың біртуар тұлғасы Абай Құнанбайұлы шәкірті Көкбай ақынға тапсырыспен Кенесары туралы дастан жаздырғаны мәлім. Көкбай бірнеше уақыт мәлімет жинап, «Төрт төре» дастанын дүниеге әкеледі. Дастанда Рүстем мен Кенесарының кездескендігі мен туыстығы туралы тың мәлімет береді. Онда «Рүстем Кенеменен немере еді, Қолынан бір кісінің не келеді? Астыртын жүруші еді хабарласып, Ақыл мен қайраты мол кемел еді» деген шумақтары бар. Кенесары мен Рүстем кездесіп, Рүстем көзіне жас алады. Ақынның «Қасым, Саржан, Есенгелді өлмей тұрып, Көп жылдан жолықпаған бір-біріне» деген шумағы 1840 жылдан бері кездеспегенін айтып отыр [10, 63-64-бб].

Егер Рүстемнің Абылайдың бесінші ұлы екенін ескерсек, бұл кезде оның жасы сексеннен асып қалған шағы.

https://abai.kz/index.php/post/38122

Сырым Датұлы – XVIII ғ. Орал-Каспий аймағындағы қазақтардың халықтық-демократиялық қозғалысының көшбасшысы

Осы тақырыптың зерттелуіне келсек, алдымен ХІХ ғ. 30-40 жж. ресейлік авторлар (А.И.Левшин - «Описание киргиз казачиьих и киргиз кайсацких орд и степей», М.Красовкий - «Область сибирских киргизов. Материалы для

географии и статистики России», Л.Мейер - «Киргизская степь Оренбургского ведомоства», А.И.Добромыслов - «Тургайская область», А.П.Чулошников - «К истории феодальных отношений в Казахстане XVII-XVIII вв.», А.П. Рязанов - «Батыр Сырым Датов» зерттеу мақаласы) аталады. Солардың ішінде кеңестік тарихшы Михаил Порфирьевич Вяткиннің есімін ерекше аталады. Сырым қозғалысының тарихын терең зерттеген тарихшы туралы профессор Н.В. Алексеенко «М.П. Вяткин және оның Сырым Датұлы көтерілісі туралы еңбектері» атты кітабын да шығарды.

Мамандардың айтуынша, 1943 жылғы Қазақ КСР тарихының Сырым көтерілісі туралы 11 тарауын осы автор жазған. 1947 жылы «Батыр Сырым» атты монографиясы жарық көрді. Одан кейін 5 томдық Қазақ КСР тарихында академик А.Нүсіпбеков жазған, бұл академиялық еңбектің материалдары маркстік-лениндік метология тұрғысынан жазылғаны белгілі.

М.П. Вяткиннің Сырым туралы зерттеуінде «Туған елі Сырымның жанқиярлық ерлігін, кемеңгерлігін, шешендігін ерекше қастерлеген. Оның ел ішіндегі дау дамайға жасаған әділ төрелігі турасында халық жадында көптеген аңыздар сақталған. Соның бәрінде XVIII ғасырда өз халқын қаһармандық күреске бастаған ұлт көсемі дәріптеледі... Хиуа ханына қашып барған кезде ол: қарақалпақ, өзбек, қазақ, түрікмен өзара күш қосып, орыс патшасына қарсы шығайық. Жападан жалғыз күресіп мен оны жеңе алмаймын. Мені құртқан соң орыс патшасы сендерге ауыз салады» деп ағынан жарыла тілек айтқан. Алайда Хиуа ханы оған құлақ аспағаны» жазылды.

Сырым батыр тек көтеріліс басшысы болмай, қарапайым халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға күш салған, отырықшылықты жақтаған. Қазіргі Ақтөбе облысында «Сырым бөгеті» су қоймасы сақталған. Осы жерде Ойылдың суын көрші ауылдарға жіберу үшін 500 адамға канал қаздырған. Сондай-ақ, О.Игельстромның император ІІ Екатеринаға жазған хаттарында «Сырым батыр мен басқа да старшындардың Ордаға жақын маңайдан мешіттер мен балалар үшін мектептер салу туралы тілектері болғаны» жазылады. «Сырым 90-ға қараған шағында Хиуада бақилық болған», ел арасында батырдың «ажалым қай жерден келсе, мені сол жерге қойыңдар деген» аманаты сақталған. ¬Қазіргі Хорезм облысына қарасты Үргеніш қаласынан 60 шақырым жерде «Ғайып ата» қорымы бар, оны зерттеушілер батырдың есімімен байланыстырады.

*Аяған Б.Ғ. - Мемлекет тарихы институтының директоры,*
*тарих ғылымдарының докторы, профессор*

Жанқожа батырдың тарихы

*(Жанқожа батырдың баласы – Жолшы батырдың аузынан 1929 жылы жазылып алынған. Жазып алған – немересі Көрегенов Қобылан).*

“Жанқожа батырдың тарихы” деп аталатын бұл көлемді қолжазбада Сыр бойы тұрғындарының сүйікті батыры “Ел қорғаны – Ер Жәкең” атанған Жанқожа батыр Нұрымбетұлының өмірбаяндық шежіресі баяндалған. Мұнда батырдың

ата-тек шежіресі тарқатылуымен бірге Жанқожаның сыртқы басқыншы жауларға қарсы жасаған жорықтары кезең-кезеңімен әсерлі әңгімеленген. Әр оқиғаға жеке тарау беріліп, тақырып қойылған. 17 тарауға бөлінген тарихи шежіренің соңында Жанқожа батырдан тараған ұрпақтары туралы нақты мәліметтер кездеседі.

Әрине, өткен ғасыр басында жазылған шежіренің мазмұнында аздаған стильдік кемшіліктер болғанымен, мұндағы әңгімелер батыр жайындағы бұрын айтылып, жазылып жүрген тарихи деректерден онша алшақтамайды. Қайта Жанқожа батырдың ер тұлғасын, бекзат болмысын, кескін-келбетін, мінез-құлқы мен басқа да кісілік сипаттарын аша, толықтыра түседі.

Қолжазбаның сыртқы мұқаба бетінде «Жанқожа батырдың тарихы». Материалын, тарихын құрастырып жинаған Жанқожа батырдың туған немересі Көрегенов Қобылан. Ескерту. Бұл жазылған тарихи материал Жанқожа батырдың баласы Жолшы батырдың 1929 жылы өлер алдында өз аузынан жазылып алынды. Қобылан. 17 октябрь, 1945 жыл. Город Казалинск. Кзылординская обл» деген жазу бар.

Қазіргі уақытта ҚР ҰҒА Орталық Ғылыми кітапханасының Сирек қолжазбалар қорында сақтаулы тұр (ОҒК. ҚҚ: 734-бума). Қолжазба бұрын жарияланбаған. Сыр өңірі тарихы үшін аса бағалы мұраны тауып, газетке ұсынушы – облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы, түркітанушы, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосан.

P.S. Қолжазбаның иесі – Жанқожа батырдың туған шөбересі Қобылан Көрегеновтің ұрпақтары қазіргі таңда Тараз және Астана қалаларында тұратындығы белгілі болды. Әулеттің қазіргі үлкені – Жасарал Қобыланұлы Көрегенов ұзақ жылдар бойы ҚР Бас прокуратурасы институтында жауапты қызметтер атқарған.

*https://syrboyi.kz/tarih/zhanozha-batyrdy-tarihy-31794/*

**Бөлім:** Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан

**Тарау:** Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы

**Тақырып- 7** Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы

**Оқыту мақсаттары:** 10.3.1.2 -Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;

10.3.4.6 -Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау;

10.3.4.7-мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау.

**Құндылықтар:** Талап

**Міндеті:**

Ұлттық болмысты қалыптастыру

Мемлекет мүддесі

Жаңа қоғамның тұлғаларын қалыптастыру

Жаһандану және ұлттық құндылық

**Әдіс-тәсілдер:**

**Тапсырма-1**

GREAT- тапсырмасы бойынша «Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты беттері» талдауы ұсынылады.

| | |
|---|---|
| G (Groundbreaking) - елеулі/ бетбұрыс | |
| R (Remembered) - есте қаларлық | |
| E (Events) - маңызды оқиға | |
| A (Affected) - болашаққа әсері | |
| T (Terrifying) кездескен қиындықтар | |

**Тапсырма-2**

1. Көк Түркілердің «Мәңгік ел» идеясын Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік саясатының түп қазығы етіп алуы үшін қандай жоба ұсынасыз;
2. Ұлттық құндылық пен ұлт болмысын қалыптастыруда Абай мұраларын саралау. Абайдың қандай шығармасынан ұлттық мінез бен болмысты тануға болады? Мысал келтіру.
3. Абайдың «Толық адам» сіздің көзқарасыңызбен қандай қасиеттерге ие болуы тиіс; (төмендегі сызбаны толтыру)




**Ресурстар мен қосымша материал**дар:

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» *атты мақаласынан 2020 жылғы 08 қаңтар*

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте

алмаймыз. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек.

Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек

*Абай Құнанбайұлы*

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,

Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

**Бөлім:** Мәдениеттің дамуы

**Тарау:** Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы

**Тақырып- 8** Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы

**Оқыту мақсаттары:** 10.4.1.3 -қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін «әдет-ғұрып» «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдарын пайдалану;

10.4.1.4 -қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру

**Құндылықтар:**

Ұлттық мүдде

Ар-ұят

**Міндеті:**

Ұлттық мұраны сақтау;

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Ісіне адал, сөзіне берік болу;

**Тапсырма**

**«ПОПС формуласы» әдісі (жеке жұмыс)**

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы рухани-адамгершілік құндылықтар

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Рухани адамгершілік құндылық – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, ұлттық болмысты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық құндылықтың құрамдас бөлігі.

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | | |
| **Пәні:** | Қазақстан тарихы | |
| **Бөлім:** | Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 10** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:** | Ұлы Дала көшпенділерінің империялары . Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 10.3.1.2 -Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;<br>10.3.2.1 -деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау;<br>10.3.2.2 -ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау;<br>10.3.2.3 -Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау |
| **Сабақтың мақсаты** | • Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісін екендігін зерттеу еңбектері арқылы дәлелдейді;<br>• Түркі империясының мұрагерлерін анықтайды;<br>• Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің халықаралық аренадағы рөлін түсіндіреді және баға береді. |
| **Құндылықтар** | • Ұлттық мүдде, талап<br>• Міндеті:<br>Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға үлес қосу;<br>Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;<br>Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу; |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br><br>Өзін-өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру | **Ой қозғау**<br>**«Артығын алып таста»**<br> <br><br> <br><br>Суретте белгілі-бір қарама-қайшылықтар бар ма?<br>Суреттер топтамасынан артығын анықта<br>Суреттерден не көріп тұрсыңдар?<br>Суреттердің ортақ тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?<br>Білім алушылардың болжам жауаптары арқылы сабақ тақырыбы, | Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Суреттерге қарай отырып бүкіл сыныптық талқылау арқылы тақырыпқа шығады | **ҚБ**<br>Мұғалім кері байланыс беріп отырады | Тақырыптық суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сабақ мақсаттары мен бағалау критерилері анықталынып, таныстырылады. | | | |
| Жаңа білім | «Домбыра» әдісі<br><br>Басы: карастырылатын немесе зерттелетін тақырып жазылады.<br>Құлағы: негізгі ұғым, тақырыптың мазмұны, тірек сөздер беріледі.<br>Екі ішегі: анықтаған проблема себептері мен проблемалық сұрақ беріледі.<br>Пернелері: проблемаларды шешу жолдары, карама-қайшылық тудырушы кедергілерді анықтау, зерттеу.<br>Тиегі: талдау.<br>Шанағы: жұмыстың нәтижесі мен қортынды пікірлер мен ой жазылады. «Домбыра» әдісін қолдану арқылы тапсырма орындау ұсынылады<br>Тапсырма-1<br>Басы: «Түрік қағанаты Орта Азиядағы алғашқы біртұтас мемлекет»<br>Құлағы: Түркі дәуіріндегі мемлекеттерге сипаттама беру, жазба деректерді талдау,<br>Екі ішегі: Түркі қағанатынан кейінгі пайда болған мемлекеттердің ішкі, сыртқы саясатын талдау.<br>Пернелер: Түркі империясының мұрагерлері: Түрік қағанаты, Батыс түрік қағанаты, Шығыс түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ мемлекеті, Қарахан мемлекеті, Қарақытай, Қыпшақ мемлекеті<br>Тиегі: Түркі империясының әлемдік тарихта алатын орнын анықтау<br>Шанағы: Ұлы Түркі -империясы Еуразия даласының державасы<br>Тапсырма-2 | **Дескриптор**<br>- Түрік қағанаты Орта Азиядағы алғашқы біртұтас мемлекет» екенін анықтайды;<br>-Түркі империясының мұрагерлерін кім екенін анықтайды;<br>- Түркі дәуіріндегі мемлекеттерге сипаттама береді, жазба деректерді талдайды;<br>- Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерін және олардың айырмашылықтарын анықтайды;<br><br>-Ерте орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасын сипаттама береді және талдайды;<br>-Түркі империясының әлемдік тарихта алатын орнын анықтау , талдайды;<br>Тірек-сызба | **ҚБ**<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>«Ең үздік жауап»<br><br>**ҚБ**<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады | Акпараттық мәтіндер<br><br>Суреттер<br>https://yandex.kz/images/search?pos=20&from=tab<br>https://www.youtube.com/watch?v=UhfqYn0ABds<br><br>карталар<br><br>тірек-сызбалар<br><br>https://yandex.kz/images/search?pos=4&from=tabbar&img_url=https://upload.wikimedia.org/wikipedia/commons/3/32/%25D0%259A%25D0%25<br>https://www |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>«Креативті матрица» әдісі – графикалық органайзер<br>«Түркі дәуірі кезеңіндегі мемлекеттер тарихының» шарықтау шегі мен бәсеңсу нүктелерінің тербеліс сызығын сызыңыз, себеп салдарын талдау ұсынылады.<br></td>
<td>жұмыстарын қорғайды;<br>Өзара бағалау жүреді.<br>Дескриптор білім алушылар-<br>- Ерте орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің тарихындағы шарықтауы мен құлдырау кезеңдерін анықтайды, себеп-салдарын талдайды;<br>- Дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің тарихындағы шарықтауы мен құлдырау кезеңдерін анықтайды, себеп-салдарын талдайды;</td>
<td>Өзін-өзі бағалау</td>
<td>.youtube.com/watch?v=640rxHEnS4Y<br><br>«Креативті матрица» әдісі</td>
</tr>
<tr>
<td>Бекіту</td>
<td>Сабақты қорытындылау<br>«Арым жанымның садағасы» халық даналығына ой қортынды.<br>Үйге тапсырма<br>Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері</td>
<td>Білім алушылар тақырыпты қорытындылау</td>
<td>«Ең үздік жауап»</td>
<td>Акпараттық карточка</td>
</tr>
<tr>
<td>Кері байланыс</td>
<td>«ҚҚҚ» әдісі<br><table><tr><td>Қ / З (құнды)</td><td>Қ / З (қызық)</td><td>Қ / З (Қиын)</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</td>
<td>Білім алушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</td>
<td>А4, конспект</td>
</tr>
</table>

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласындағы №4 Қандыағаш қалалық жалпы орта білім беру мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Кадиркулова Фарида Нурадиновнаның тәжірибесінен

11-сынып Қазақстан тарихы
І БӨЛІМ
Өркениет: Даму ерекшеліктері
Тақырыбы: Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы
Оқыту мақсаты:
11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу;
11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін «тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі» , «қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдарын пайдалана отырып анықтау;
11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу
Құндылық: Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу
Талап: адал еңбекті құрметтеу
Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету;

Көшпелілер немесе көшпелі қоғам, көшпелі өркениет дегеніміз – негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып, күнкөрісінің көзі мал өнімдерінен тұратын, белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп- қонып тіршілік ететін адамдардың әлеуметтік -экономикалық ,саяси қауымдастығы және өркениеті.



Көшпелі мал шаруашылығына өтудің себептерінің бірі- жылқыны қолға үйрету. Жылқы ең алдымен Солтүстік Қазақстанда үйретілді

Жылқыны қолға үйрету, атқа міну мәдениеті -бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналған. Көшпенділер әлемінің мәдени коды. Автокөлік қозғалтқышының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенген. Себебі, бұл дәстүр жер бетіндегі салт атты үстемдік құрған Ұлы дәуірге деген құрмет.

Мал шаруашылығының үш түрі болады. Көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы мал шаруашылығы. Таза көшпелі мал шаруашылығы қалыптасқан аймақ: БАТЫС және ОРТАЛЫҚ Қазақстан. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы Алтай мен Жетісу сияқты таулы аймақта дамыды. Отырықшы мал шаруашылығы ОҢТҮСТІК яғни, Сырдария, Шу, Келес өзендерінің

аңғарларында жақсы дамыды. Бұл аймақтағы шаруалар егіншілікпен де айналысты.

Тапсырма: Қазақстанның картасына шаруашылық түрлерінің дамыған аймақтарын және төрт түлік малдың қандай  түрлері басым өсірілгенін белгілейді. Қазақстанның қай бөлігінде егін шаруашылығының дамығанын көрсетеді.






Тапсырма:

Көшпелі өмір салты мен отырықшы өмірді салыстырады.

| Көшпелі өмір | Отырықшылық |
|---|---|
| | |

Тақырып: Қолөнер мен кәсіп.

Оқыту мақсаты: 11.1.3.4 этнографиялық материалдардың қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау

Құндылық: : Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау.

Талап: Адал еңбекті құрметтеу

Ар-ұят: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Қолөнер  - ежелден келе жатқан кәсіп, қазақ халқының танымал өнерінің бірі. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан - ұрпаққа беріліп отырады. Өнер туындыларының иесін шебер деп атаған.

Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған. Қолөнер дүниежүзінің әр халқында бар.

Сонымен қатар әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді.

Тапсырма: Қазақ халқының қолөнер туындыларының ерекшеліктері неде?

Қазақтар көне дәуірден Қазақстан жерін мекендеген тайпалар (сақтар, ғұндар, ортағасырлық түркілер, қыпшақтар тб) рухани-материалдық мәдениеттің тікелей мұрагері. Қазақтардың киізден жасаған бұйымдары қазіргі күндегі үлгілермен үндесіп келеді. Киіз және теріден тігілген шалбармен етік үлгілері XX ғ дала тұрғындарында кездеседі. Ата -бабаларымыз атқа міну мәдениеті

арқылы қазіргі киім үлгісінің компоненттерін қалыптастырды. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болу үшін киімді астыңғы және үстіңгі деп екіге бөлген.

Сонау сақ заманынан бері қазақ халқы киіз үй жасауды білді.

Ата -бабаларымыз атқа міну мәдениеті арқылы қазіргі киім үлгісінің компоненттерін қалыптастырды. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болу үшін киімді астыңғы және үстіңгі деп екіге бөлген.




Тапсырма:

1.Қазақ халқы дәстүрлі қолөнер бұйымдарының өткен және бүгінгі күнгі сипатына салыстырмалы талдау жасау.

2.Қазіргі уақытта қазақ халқының қолөнерін ұлттық тәрбиенің негізі ретінде жаңғырту мүмкін бе?

3.Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері мен кәсібін сипаттаңыз.

| Қолөнер мен кәсіп түрлері | Сипаттама |
|---|---|
| Ұсталық | |
| Зергерлік | |
| Тігінші | |

Тақырыбы: Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының ролі.

Оқыту мақсаты:

11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу;

11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау

Құндылық:

Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау

Талап: Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау

Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Ұлы Жібек жолы – Батыс пен Шығыстың арасындағы ежелгі және ортағасырлық жол. Б.з.д II ғасырдың ортасынан XIY ғасырға дейін, яғни Теңіз жолының ашылуына дейін өмір сүрген. 1877 ж неміс географы В.Рихтгофен Батыс пен Шығыс арасындағы байланысты түсіндіру үшін «Жібек жолы» терминін ұсынды. Еуразияның тарихында маңызды орын алғандықтан, кейін оған «Ұлы» сөзі қосылды. Тарихшылар айтып өткендей, Ұлы Жібек жолы үлкен ағашқа ұқсайды, себебі оның көптеген бағыттары болған.

Осылайша, сауда айналымы көптеген қалаларды қамтыды. Ұлы жібек жолының қашықтығы 12000 шақырымды құрады. Сондықтан, саудагерлер мұндай қашықтықты толық жүріп өтпеген. Көп жағдайда олар ауысумен жүріп, жолдың ортасында өз тауарларын ауыстырып алып отырған. Қытай императорының сауда жасайтын серіктестерді іздеу үшін жіберген арнайы дипломатиялық керуені Қытайға 13 жылдан кейін бір – ақ оралған.

Жібек жолы сүрлеуін жылқы салған. Жібек жолы арқылы көп жағдайда жүзім мен мақта, жылқылар мен азықтық дақылдар жеткізілді. Ұлы Жібек жолының пайда болуының арқасында қолөнер шеберлері жаңа өнер түрлерін игерді. Шеберлер темірден жасалған бұйымдарды жасау ісін Шығыстан, ал шыны жасау ісін Батыстан үйренді. Қытай аңыздарында жібек жіпті ең алғаш болып Си Линг – чи патша ханым алған делінген.

Аңызға сүйенсек, патша ханым шай ішіп отырған кезде оның шана аяғына ағаштан жібі шығып тұрған құрт түсіп кетеді. Сөйтіп, патша ханым құрттың жібін тарқатып алып, осылайша алғашқы жіп алынады.

Сабақ барысында Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау арқылы халқымыздың тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүріне деген құрмет сезімін оятуға болады және ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, түрлі мәдениетті түсініп, құрметтеуге үйренеді. Ұлы Жібек жолы - адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіштердің бірі. Ұлы Жібек жолы халықаралық мәдени, экономикалық байланыстың дамуына өзіндік үлес қосты. Қазақстан Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Ұлы Жібек жолы қала мәдениетінің дамуына, 20 көшпелілер мен отырықшылар арасында өзара экономикалық байланыстың орнығуына, ортағасырлық сәулет өнерінің дамуына септігін тигізді

«Миға шабуыл» әдісі бойынша сұрақтар:

Жібек матасы басқа елдерге қалай таралған?

Бұл жол неліктен Ұлы Жібек жолы?

Ұлы Жібек жолы тек сауда жолы ғана емес, мәдениеттің өркендеу жолына мысал келтіріңіз

1-тапсырма. Карталармен жұмыс.

«Егер, онда, өйткені» әдісі.

№1 картадағы ақпаратты оқиды, Жібек жолының маршруттары мен Қазақстан жеріндегі қалаларды анықтайды. «Өрмекші әдісі» арқылы ортағасырлық қалаларды жазып шығу




№2 картадағы ақпаратты оқиды, Жібек жолының маршруттары мен қазақстан жеріндегі қалаларды анықтайды және дүниежүзілік бағыттарын талдайды



Тақырып: XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы

Оқыту мақсаты:

11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану;

11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Талап: уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау;

Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету.

Қазақ халқының XX ғасырдың басында дәстүрлі шаруашылығы күйреді. Қазақстан КСРО – ның шикізат базасына айналды. XX ғ басында қазақ халқының өмір сүруі қиындай түсті. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі А. Байтұрсынұлы сол кездегі өлкенің шаруашылығын отарлаудың салдары мен қазақ ауылдарының қасіретінің аумағын сипаттай келе, «Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп жазып кеткен. Қазақстан социалистік даму

жолында экономикалық жүйені жаңғырта отырып, индустриялық даму кезеңін бастан кешірді.

Социалистік қоғамға өту тәртібінің ерекшелігі – Ресей өнеркәсібінің шикізат базасына айналған Қазақстан аумағынан табиғи байлықтарды тасып әкетуге барлық жағдайлар жасалды. XX ғ басында өнеркәсіп экономиканың жетекші саласына айналды.

Қазақстан қорғасын өндіруден І орын, түсті металлдар өндіруден ІІ орын, көмір және мұнай өндіруден ІІІ орынды иеленді. Жаңа өнеркәсіп орындары іске қосылды. Қазақстан аумағында Қарағанды көмір алабы, Ембі мұнай кәсіпшілігі, Шымкент қорғасын комбинаты, Қарсақпай мыс қорыту комбинаты т.б өнеркәсіп орындары көптеп ашылды. Алайда, индустрияландыру саясаты Қазақстанда ауыр өнеркәсібін дамытуға бағытталмаған еді.

Олар шикізат базасы ретінде Орталық Ресейдің қоры болып қала берді.1926-1940 жж. индустриялық даму Қазақстанды ірі жетістіктерге жеткізді.

( бейнефильм. https: // www.youtube.com /watch? v=2_jZkvCxWA)

Тапсырма:

1. «Экономикалық жүйе» ұғымына сипаттама беріңіз
2. «Дәстүрлі (аграрлы)экономиканың» белгілерін атаңыз
3. «Жоспарлы (социалистік) экономиканың» дамуына сипаттама беріңіз

Тапсырма:

Қосымша материалдарды пайдалана отырып, индустрияландырудың « Оң» және «Теріс» әсерін анықтап, кесте толтырыңыз.

| Оң әсері | Теріс әсері |
|---|---|
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| 3. | 3. |

Тапсырма: Картамен жұмыс




Картадан индустрияландыру нәтижесінде салынған кәсіпорындарды анықтап, Қазақстанның қай аумағында орналасқанын көрсетіңіз

Тақырыбы: Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы

Оқыту мақсаты:

11.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау;

11.1.4.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау

Құндылық:

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Талап: Сыни және креативті ;

Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидасын қолдау.

XX ғ Қазақстан Ресей империясының отары ретінде қарсы алды. Өлкеміздің экономикасы жалпы Ресейлік шаруашылық жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды. Қазақстан Ресей өлкесінің шикізат базасына айналды. Жоспарлы экономика өмір сүрген 70 жылдың көлемінде елдің экономикасы дағдарысқа ұшырай бастады. Қоғамдық меншік адамдардың еңбекке деген ынтасын жойды. Барлығы да жоғарыдан жоспарланды. Өндірістің негізгі құралдары министрліктердің қарамағына шоғырланды.

1991 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЕГЕМЕН,ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ.

Әкімшіл-әміршіл жүйе, жоспарлы экономика өмірден кетті.1965-85 жж тарихта «Тоқырау жылдары» деп аталғанын ескере отырып, Қазақстан экономикасындағы өзгерістерге талдау жасаймыз.

- Бұрынғы КСРО ның одақтас республикалары арасында байланыстар үзілді;
- Негізгі тұтыну тауарларының жетіспеушілігі байқалды;
- Баға босатылды;
- Бұқара халықтың жалақысы азық-түлік алудан артылмады;
- Зауыт-фабрикалар жабылып, жұмыссыздық орын алды;
- 15000- дай өнеркәсіп орындары жекешелендіріліп, мүлік талан таражға салынды.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін, әлеуметтік - экономикалық өзгерістер қажет болды. Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, ҚР Президенті Н. Назарбаев : «Алдымен экономика, сосын саясат» деген қағиданы ұстанды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан экономикасының дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

**2001 ж бүгінге дейін**

**1996-2000 жж**

**1991-1995 жж**

Ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы 1 қазанда қабылданған. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған. Стратегияда көзделген мақсат - ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату.

Кез келген мемлекеттің дамуы және әлемдік аренада өзінің орнын қалыптастыруы алға қойған мақсатына байланысты екені анық. Себебі: жүйелі және сауатты құрылған бағдарламасыз мемлекеттің алға қарай жылжуы мүмкін емес. Сол үшін Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін көп ұзамай өте ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асыра бастады.

Тапсырма: Ой түрткі сұрақтар арқылы

-Стратегия терминін қалай түсінесіз?

Стратегияларды қабылдау неге керек?

«Қазақстан – 2030» даму стратегияларын топта талқылау.

Кез келген стратегияны SWOT әдісі арқылы талдау жасау.

Теңгенің енгізілуімен Қазақстан толық мағынасында тәуелсіз мемлекеттің барлық нышандары (елтаңбасы, туы, әнұраны, ұлттық валютасы) бар егеменді елге айналды. Әр елдің ұлттық ақшасы болады. Біздің ұлттық ақшамыз теңге. «Ақша» сөзіне балама ретінде «валюта» сөзі қолданылады.



II бөлім Саяси-құқықтық үрдістер

Тақырыбы: Қазақстан халқы моноэтникалық құрамының өзгеруі.

( XYIII ғасыр - XX ғасырдың басы)

Оқыту мақсаты: 11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «аграрлық саясат», «көші-қон саясаты», «моноэтностық құрам» ұғымдарын пайдалану;

11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу

Құндылық:

Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылу;

Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдау.

XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін Қазақстан халқының түгелдей дерлік құрамы қазақтар болды. XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстан халқының ұлттық құрамы өзгеріске ұшырай бастады.

Қазақстанға Ресейден орыс шаруалары 1861 жылғы басыбайлылық құқықты жойғаннан және XIX ғасырдың екінші жартысындағы өлкеде жүргізілген әкімшілік реформалардан кейін кеңінен қоныс аударыла бастады. 1897 жылы Қазақстан аумағында 4 млн-нан астам адам өмір сүрді, олардың 81,7%-ын қазақтар құрады. Тұрғындардың қалған бөлігі казактар және қоныс аударушы шаруалар, ұйғыр, дүнген, татар, өзбек т.б. ұлт өкілдерінен тұрды.

Қоныс аударушылардың едәуір бөлігі Қазақстанға XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында келді.

Тапсырма: Жаңа терминдік сөздермен жұмыс жасау

Ассимиляция, демография, депортация, моноэтникалық құрам

Тапсырма: «Суреттер сөйлейді» әдісі жаңа тақырыптың не туралы болатынын болжайды.



| | |
|---|---|
|  |  |

Талқылауға арналған сұрақ:

Қоныс аударушылардың қазақ жеріне көптеп келуіне қандай оқиғалар себеп болды?

Неліктен өзге ұлт өкілдерін қазақ жеріне қоныстандыру саясаты жүргізілді?

Картамен жұмыс:




Қосымша деректерді пайдаланып, өздері тұратын облыс, аудан, ауылдағы диаспораларды , олардың саны мен орналасқан аймақтарын зерттеу.

«Тоғыз шаршы» әдісімен суреттер желісі бойынша

Тірек сөздер: Көші-қон саясаты, казактық отарлау, шаруалық отарлау, аграрлық саясат, столыпиндік реформалар, этникалық топ, полиэтникалық қоғам, моноэтностық құрам ,ассимиляция, демография, депортация деген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беру.

Тақырып: Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі

Оқу мақсаты:

11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылу;

Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдау.

Қазақстан Республикасы – жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүретін политикалық мемлекет. Бүгінде халқының саны 19 миллионға жуық адамды құрайды. Оның ішінде мемлекет құраушы қазақтардың үлесі 70% - ға жетті. Тәуелсіздік тұғырын биік ұстаған қазақстан түрлі этникалық топтардың арасындағы келісім мен татулықты сақтап қалды. XX ғасырдың 80-90 жылдар тоғысында орын ала бастаған ұлтаралық жанжалдардың қаупін дер кезінде бағалай алдық. Мұны терең түсінген ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев ұзақ мерзімді ұлтаралық саясат жүргізуді назарға алып, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың тиімді жолдарын үйлестірді.



Қазақстан Республикасының Конституциясында «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар

бойынша ешкімді ешқашан кемсітуге болмайды» деп жазылған.

Қазіргі таңда Қазақстан- зайырлы мемлекет. Мемлекеттің дінге қатысты саясаты конфессияаралық татулық пен төзімділікті нығайтуға бағытталған. Елбасы Н.Ә.Назарбаев : «Жалпы екі нәрседен -діни фанатизм мен діни көрсоқырлықтан бірдей сақтанған жөн»,- деп ескертеді.

Қазақстанның берік ұстанымы – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісім.

1-Тапсырма: Термин сөздердің анықтамасын жаз. Атеизм, Доктрина, ҚМДБ, Сепаратистер

2-тапсырма: Сабақта жинақталған білімдерін қолданып, Қазақстандағы қазіргі ахуалға SWOT талдау жасаңдар.

| S күшті /мықты жақтары | | |
|---|---|---|
| W әлсіз жақтары | | |
| O Мүмкіндіктер | | |
| T қауіп - қатерлер | | |

III бөлім Қоғамдық – саяси ойдың дамуы

Оқу мақсаты:

11.3.1.1 Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау;

11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Талап: Сыни және креативті ойлау

Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу

Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік құрылымды б.з.б. VIII–III ғасырларда сақ тайпалық одақтары қалыптастырды. Сақтардың мәдениеті адамзат өркениетінің ғажайып жетістіктеріне жатады. Есік обасынан табылған тостағандағы жазу сақтардың әліпбиі болғандығынан мәлімет береді. Табиғатты ерекше құрметтеген сақтар жануарларды «аң стилі» деп аталатын зергерлік бұйымдарда тамаша шеберлікпен бейнелеген.

Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік құрылымды б.з.б. YIII-III ғғ сақ тайпалық одақтары қалыптастырды. Сақтардың мәдениеті адамзат өркениетінің ғажайып жетістіктеріне жатады.





Ұлы дала ойшылдарының қоғам мен мемлекет туралы пікірлеріне тоқталып өтсек, Анахарсис сақ ғұламасы.Гнур патшасының ұлы. «Қызғаныш пен қорқыныш – адамның ең жаман қасиеттері»деген екен

Күлтегін-« Өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым» деген жолдарынан түпкі мақсаты ел бірлігі екенін аңғаруға болады.

Б.з. VI ғасырынан Түркі кезеңі басталады. Ұлы далада 552 жылы Түрік қағанаты құрылды. Түрік қағанаты ыдыраса да Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттары, Оғыз, Қарахан мемлекеттері мен Қыпшақ хандығы дәуірледі. Моңғол шапқыншылығынан соң Қазақстан аумағында негізін Шыңғысханның ұрпақтары қалаған Алтын Орда, ол ыдырағаннан кейін Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандықтары өмір сүрді. Аталған мемлекеттік бірлестіктердің негізінде қазақ халқы қалыптасып, Қазақ хандығы құрылды.

1- тапсырма: «Тұлғаны таны»



http:// topreferat.com. kz/referattar/sayasatt anu/11806-abu- nasyr-al-farabidingsayasi-oypikirleri.htm1

«Ашық микрофон» әдісі

Ойлан: Қазақ халқының жерге қатысты қандай даналық сөздері мен мақал-мәтелдерін білесіңдер?

Түрік қағанатының күшеюіне ықпал еткен тұлғаларды атаңдар?

Анықта: Елімізде әл-Фарабиге көрсетілген құрметті неден байқауға болады?

Пікірлесу: Ж. Баласағұни еңбегіндегі қоғам құндылықтарын қазіргі біздің қоғаммен салыстыруға болама?

Тақырып: Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы

Оқу мақсаты:

11.3.1.3 Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау;

11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Талап: Сыни және креативті ойлау

Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы сонау сақ, ғұн дәуірінен басталады. Ары қарай түркі дәуірінде, кейін Алтын Орда кезінде де жалғаса береді. Қазақ жерінің батысында ХҮ ғасырдың ортасында Ноғай Ордасы, Жетісу өңірінде Моғол хандығы, Орталық Қазақстан мен Сыр бойында Әбілқайыр хандығы өмір сүрді. Олардың арасындағы саяси бытыраңқылық ұлттық біртұтас, қуатты мемлекеттің құрылуын қажет етті. Қазақ хандығы осы үрдісті қорытындылаған тарихи оқиға болып табылады.

Сабақта қазақ хандарының есімдерімен топқа бөлу. Әр топқа кюар код арқылы тапсырмалар дайындау.

Қазақ хандығының құрылуы, Қасым хан туралы авторы белгісіз «Аламара-йи шах Исмаил» шығармасында Қасым хан туралы таңғажайып деректерді келтіру. Хақназар, Есім хан, Тәуке хан заманындағы қоғамдық ойларға тоқталу. Ақындар мен жыраулардың ,қазақ билерінің қазақ хандығының қоғамдық - саяси өміріне көзқарасы туралы айтылады.

1-тапсырма: Қазақ хандығы тұсындағы ақындар мен қазіргі уақыттағы ақындардың қоғамдағы ролін салыстыру.

2-тапсырма: «Балық қаңқасы» әдісі арқылы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» тақырыптарында флипчарт қорғайды; жалған/ақиқат арқылы сабақты бекіту.

3-тапсырма Тест жұмысы

Тақырып: «Зар заман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары

Оқу мақсаты:

11.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдерінің идеяларын түсіндіру;
11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Талап: Сыни және креативті ойлау

Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу

Деректі бейнебаянды тыңдау http: //www.youtube.com / watch?V=ewyNZ5DU9Nc

Қазақ халқының ХҮIII ғасырдағы тәуелсіздік үшін күресі «Ерлік дәуірі» аталды. Сол кезеңдегі жыраулар жас ұрпақты жаудан қаймықпай қарсы тұруға,

табандылық пен ерлікке шақырды. XIX ғасырдан бастап, жеке поэтикалық шығармашылық ала бастады. Күнделікті өмірдің әртүрлі салаларын, қарапайым адамды, оның ішкі дүниесі мен мінез – құлықтарын жыр етуде жаңа бастама қалыптасты. Жазушы М. Әуезов атап кеткендей, «Зар заман» дәуірінің ақындары XIX ғасырдың ортасына дейін елдің өткен өмірін аңсап, ұлтты рухани құндылықтарынан ажырамауға шақырды, халықтың тағдырын мұң-зармен жырлады. «Зар заман» ақындары шығармаларындағы негізгі ортақ идея – ел бірлігі мен мемлекет тұтастығы: «Біз бірлік берекеден айырылып барамыз, бүйте берсек құримыз», - деп қайғы – мұңға берілу сарыны да байқалады.

1-тапсырма: Ақын - жыраулар шығармаларының негізгі ойларын анықтаңдар

| Шортанбай Қанайұлы | Мұрат Мөңкеұлы | Дулат Бабатайұлы |
|---|---|---|
| Арам арсыз жан шықты,<br>Қайыры жоқ бай шықты.<br>Сауып ішер сүті жоқ,<br>Мініп көрер күші жоқ,<br>Ақша деген мал шықты | Еділді тартып алғаны – Етекке қолды салғаны.<br>Жайықты тартып алғаны – Жағаға қолды салғаны. | Ыдыстың параның,<br>Қотара құйса толмайтын.<br>Ашылған әбден араның,<br>Түйені жұтсаң түгімен,<br>Биені жұтсаң бүгімен,<br>Қақалмай бір - ақ толғайтын. |

2-тапсырма: «Артығын алып таста» әдісі

Зар заман ақындары өткен өмірге оралуды армандады

Зар заман ақын – жыраулары патша үкіметі саясатына қолдау көрсетті

Зар заман ақындары отарлау саясатының жағымсыз салдарын сынады

Тақырып: XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық – саяси көзқарастары

Оқу мақсаты:

11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау;

11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету

https : // articlekz/com / kk /article /15466 «Қазақ даласындағы алғашқы ағартушылар дүниетанымдарының саяси мазмұны»

Ағарту ісіндегі алғашқы серпіліс 1867-1868 жж. әкімшілік реформалардан кейін басталды. Мектептер мен медреселер ашу үшін уезд бастығының арнайы рұқсатын алу керек болды.

Мектеп бағдарламалары Ресейлік биліктің қатаң бақылауында болды. XIX ғасырда Ш. Уалиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин бастаған қазақ ағартушыларының тобы қалыптасты. Білім беру орталықтары ашыла бастады. XIX ғасырда Ақмола мен Семейде бастауыш мектептер мен гимназиялар ашылды. Облыс орталықтарында әйелдер гимназиялары мен мұғалімдер семинарияларының, көшпелі ауыл мектептерінің ашылуы болды. XIX ғасырдың II жартысынан бастап, Омбы,Семей,Орал, Ақмола қалалары халыққа білім беретін орталық болды.





Бұл суреттерді не біріктіре алады?

Тапсырма: Үш ағартушы ғалымның қоғамдық- саяси көзқарастарының ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтаңдар

«Таза тақта» әдісі арқылы білім алушылар кез келген датаны, атауды таңдап түсініктеме береді.

Тақырып: Алаш қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары

Оқу мақсаты:

11.3.2.2 Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру;
11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу

Талап: Сыни және креативті ойлау

Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету




http: // old.zhasalash.kz / ruhaniyat / 7325.html

Алаш қозғалысының қалыптасуы халықтың мыңдаған жылдық мемлекеттілігінің дәстүрін жаңғырту үшін күрес жолындағы ең маңызды кезең еді. Қазақ қоғамының көзі ашық, көкірегі ояу ұлтжанды азаматтары ұлттық идея төңірегінде топтасты. Алайда тарих тәлкегімен XX ғасырдың 30-жылдарынан 80-жылдардың аяғына дейін Алаш қозғалысы ғылыми тұрғыдан зерттелмей ұмыт қала берді, жарық көрген жарияланымдарда «ұлтшыл-буржуазияшыл» ретінде бағаланды. Алаш зиялылары Ресей империясының алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алған парасатты азаматтар еді. Бұл жағдай Алаш жетекшілерінің идеологиялық және жеке тұрғыдан тұлға ретінде қалыптасуында зор рөл атқарды. Ресей губернияларында оқып және жұмыс істеп жүрген кезде олар саяси күресте тәжірибе жинақтап, алғашында бірқатар партиялар (эсер, кадет т.б.) қатарына қосылды. Алаш зиялылары қазақ дәстүрі негізінде Батыс Европа демократиясы тәжірибесін пайдаланып, болашақта ұлттық мемлекет құру идеясын ту етіп көтерді.1917 жылы сәуірде Орынборда қазақ съезі шақырылды. Онда Бүкіл қазақ съезін ұйымдастыруға шешім қабылданды. Съездің жер, дін, мәдени- қоғамдық саяси-әлеуметтік экономикалық және басқа да мәселелерді шешу жолдарын анықтауда маңызы зор болды. Алаш идеясы халықтың жаршысына айналған «Қазақ» газетін өмірге әкелді. Газет 1913 1918 жылдары шығып тұрды. «Қазақ» газеті ұлттың сана сезімінің оянуына түрткі болды.

Алаш партиясы

http: //www.youtube.com /watch?
V=ejhxtmMSn4A

Сұрақтар:
«Қазақ» газеті не туралы жазылуы мүмкін?
Бұл газет қоғамда қандай рол атқарды деп ойлайсыңдар?
Газеттің шығуына кімдер ат салысты?

Газеттің қазіргі газеттерден айырмашылығы?

1-тапсырма: «Алаш» партиясының бағдарламасын талдап, мақсаты мен міндетін анықтап, кесте толтыру. GREAT формуласы бойынша Алаш ұлттық автономиясының жариялануының тарихи маңызын талдау.

2-тапсырма: ПТМС – формуласы

«Қазақстанда саяси белсенділік артты...» өз пікіріңізді негіздеңіз

Позиция (менің пікірімше ....)

Түсіндіру (себебі...)

Мысалы (мен оны келесідей дәлелдей аламын...)

Салдары (айтылғандардың негізінде, келесідей қорытынды жасаймын... )

Тақырып: Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары

Оқу мақсаты:

11.3.3.2 «Мәңгілік Ел» идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтау;

11.3.3.3 «Мәңгілік Ел – патриоттық актісін» және «Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын» зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну




Салтанат қақпасының Қазақстанда орнатылуының мәні неде?

Бүгінгі таңда қазақ елінің жүрегі - Астана болса, оның айшықты нысаны – «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы деп толық айта аламыз. Қазақстан Тәуелсіздігінің торқалы тойының құрметіне айшықты сәулет нысанын салу идеясы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осы ретте «Мәңгілік ел» «Алла тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді. Қазақстан бүгінде дамыған елдермен терезесі тең, әлемдік қауымдастық таныған абыройлы мемлекет. «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы қазақ ұлтының болмысы мен тарихын, жас мемлекеттің аяққа тұруы мен дамуының алғашқы 20 жылда 2011 жылы бой көтерді

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея.Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылы «Қазақстан жолы – 2050 : бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ» атты Жолдауында жаңа біріктіруші «Мәңгілік

Ел» ұлттық идеясын ұсынды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізіндегі маңызды жалпыұлттық 7 құндылық:

Біріншіден, бұл- Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанасы.

Екіншіден, бұл- қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл- зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл - индустрияландыру мен иновацияларға негізделген экономикалық өнім.

Бесіншіден, бұл- Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, бұл- тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл- еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік , өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

1-тапсырма: «Мәңгілік ел» идеясының 7 құндылығы туралы айта келіп,

Жалғастыр. «Мәңгілік елге» айналу үшін....

Ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін....

«ФОРСАЙТ» әдісі арқылы:1. Болашақ Қазақстанды қалай елестетемін?

2.Көздеген болашаққа жету үшін Не бар,

Не жоқ?

3.Барымызды қалай пайдалану керекпіз?

4.Жоқты қалай бар қыламыз?

5.Болашаққа көз жеткізу үшін не істеу керек?

6.Қандай шараларды жүргізуіміз керек?

IV бөлім Білім мен ғылымның дамуы

Тақырып: Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы

Оқу мақсаты:

11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау; 11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу

Құндылық. : Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну

Ерте орта ғасыр кезеңінен Қазақстан жерінде күрделі тарихи оқиғалар орын алып, саяси жағдай өзгере бастады. Осы кезде түркітілдес халықтар этникалық және саяси үстемдікке ие болды. VI ғасырдың ортасында «түркі» аталатын тайпа одақтарының мемлекеті Түрік қағанаты құрылды. YII ғасырда Батыс Түрік және Шығыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінді. Түркі қағанаттарының қарамағына отырықшы, көшпелі де халықтар енді. Орта ғасырларда Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері құрылғанын білеміз. Ежелгі түркілердің ділі мен тілі, даналығы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан. Орхон- Енисей жазбалары

– Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдениетімен тарихы тұрғысынан баға жетпес құнды дүние.

Араб мәдениеті әлем өркениетінің орталығына айналды. Ежелгі дүниенің жетістіктері араб тіліне аударылды. Араб тілінің үстемдігі исламның таралуына септігін тигізді. Орта ғасырдағы көрнекті тұлғалардың бірі, қазақ даласынан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби өзінің білімділігі арқасында «екінші ұстаз» атанған ұлы ғұлама. Орта ғасырдың әйгілі және танымал ғалымдарының бірі Махмұт Қашғари Қарахан мемлекетінің аумағында дүниеге келген. Орта ғасырдың көрнекті ғұлама, ойшыл және ақындарының бірі Жүсіп Баласағұни Баласағұн қаласында дүниеге келген.

Сұрақ: Ежелгі түркі жазулары ғылымның дамуына қаншалықты үлес қосқан?

(Күлтегін және Талас жазбалары)





1-тапсырма:Мәтінмен жұмыс

Мәтін мазмұны бойынша 10 кілт сөзді анықта және олардың мағынасын түсіндір;

Мәтін мазмұнын 10 сөйлем арқылы мазмұндап бер;

Мәтіннің жоспарын құрастыр;

Мәтін бойынша 3 қарапайым және 3 күрделі сұрақ құрастыр;

2-тапсырма «Фишбоун» әдісін қолдана отырып, Қазақстанның исламдану себептері мен салдары мен ғылым мен білімнің дамуы арасындағы байланысты қадағалау, логикалық тізбекті құру.

3-тапсырма: Тақырып бойынша хабарлама жасау:

Әл – Фарабидің ғылыми қызметі

М. Қашқаридың ғылыми ізденістері

Ж. Баласағұнидың еңбектері

Тақырып: Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары

Оқу мақсаты:

11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін "сауатсыздықты жою", "қызыл отау", "мұғалімдер институты", "мектептегі білім беру", "кәсіби білім беру", "жоғары оқу орындары" ұғымдарын пайдалану; 11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу
Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу
Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну

Большевиктер билікке келген алғашқы күндерінен бастап жаппай сауатсыздықты жою үшін күрес жүргізуге кірісті. Кеңес үкіметінің жергілікті билік органдары Азамат соғысы жағдайында мүмкіндігінше мектептер ашты. Халықты ағарту арқылы большевиктер өздерінің идеологиясын сіңіруді және қарапайым адамдардың сеніміне кіруді көздеді. 1918 жылы шілдеде Түркістан АКСР інде Халық ағарту комиссариаты ,ал бұған дейін Қырғыз революциялық комитетінде мектеп бөлімі ашылған еді.1919 жылы желтоқсанда В.И.Ленин «РКФСР халықтары арасында сауатсыздықты жою туралы» Декретке қол қойды. Сауатсыздықты жою күресінде «қызыл отау» аталатын білім ошақтары жұмыс істеді. Олар отырықшы халық арасында оқу үйі атқаратын міндеттерді орындады.

1924 жылдың ақпан айында «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының қазақстандық бөлімі жұмысын бастады. 1918 жылы Қазақстан аумағының едәуір бөлігін қамтитын РКФСР-да қабылданған «Бірыңғай еңбек мектебі туралы» ережесіне сәйкес бұрынғы бастауыш училищелер, гимназиялар, реалдық училищелер және басқа да оқу орындарының орнына 2 сатылы бірыңғай еңбек мектептері құрылды. 1920–1921 оқу жылында республикадағы мектептердің саны 2410-ға жетті (1914–1915 оқу жылында – 2011). Мектептердегі білім беру деңгейі әлі де нашар еді. Балалар мен мұғалімдерге арналған оқулықтар мен оқу құралдары тапшы болды. Әсіресе қазақ мектептерінде оқулықтар жетіспеді. Сондықтан да Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары сауатты деген ел азаматтарын қазақ мектептері үшін оқулықтар жазуға шақырды.

Қазақтың ұлт зиялылары шығармашылық тұрғыда табысты еңбек етіп, мәдени құрылыс, халыққа білім беру саласын жеделдетуге зор үлестерін қосты. Қазақ тілінде оқулықтар жазылды. Мұндай оқулықтардың авторлары А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Ә. Ермековтер болды. Алгебрадан қазақ тіліндегі мектеп оқулығын Қаныш Сәтбаев, географиядан Әлихан Бөкейхан, Қазақстан тарихын профессор Санжар Асфендияров құрастырды. 1928 жылдың соңына қарай қазақ мектептері үшін 30-дан астам оқулық жарық көрді.

1-тапсырма:

Техникум, училище, бірыңғай еңбек мектептері, жоғары оқу орындары, институт, ғылыми зерттеу орталықтары, академия ұғымдарының мағынасын сәйкестендіруге тапсырма беріледі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Училище | | Ғылыми қауымдастықтың жоспарлауын, ұйымдастыруын және қызметті іске асыратын ірі жоғары ғылыми орталық | |
| | Бірыңғай еңбек мектебі | | Ауыл шаруашылық, педагогика және медицина, мәдениет пен өнер саласындағы негізгі орта техникалық білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны. | |
| | Техникум | | жоғары білімді мамандар даярлау ісін жетілдіруге бағытталған белгілі-бір салада еңбек ететін мамандардың біліктілігін жетілдіретін оқу орындары | |
| | Жоғары оқу орындары | | Еңбек дағдылары мен жалпы орта білім беретін барлық балаларға қолжетімді оқу орны | |
| | Ғылым Академиясы | | Белгілі-бір ғылым саласы бойынша зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын бас мекеме | |
| | Ғылыми зерттеу орталықтары | | Ауыл шаруашылық, құрылыс, машина жасау саласындағы арнайы мамандандырылған техникалық кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны. | |

2-тапсырма:

«Венн диаграммасы» әдісі арқылы Кеңестік білім беру мен қазіргі білім беру жүйесін салыстыру

| Кеңестік білім беру жүйесі айырмашылығы | Ұқсастықтары | Қазіргі білім беру жүйесі айырмашылығы |
|---|---|---|
| 1.<br>2.<br>3. | | 1.<br>2.<br>3. |

Тақырып: Қазақстан Республикасы білімі мен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы

Оқу мақсаты:

11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау;

11.4.3.2 әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау;

11.4.3.3 Қазақстан Республикасы «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау

Құндылық: Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну

Қазақстанда білім беру саласын, соның ішінде мектепке дейінгі білім беруді жан-жақты дамыту және қолдау міндеті алға қойылған. Зияткер, білімді, көзі ашық және жоғары мәдениетті халықтың ғана болашағы табысты болмақ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мектепке дейінгі білім беру мекемелері саны азайды. Бала туу көрсеткіші төмендеді. Мектепке дейінгі ұйымдар жекешелендірілді.1999 жылы мектепке дейінгі ұйымдар саны 80% ға қысқарды. Кейінгі жылдары мектепке дейінгі тәрбиелеу желісі қалпына келе бастады.2010 жылы барлық мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді балабақшамен қамтамасыз ету үшін «Балапан» арнайы мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан орта білім беру бойынша жетекші орынға шықты. Білім мен ғылым министрлігі елімізде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуді қолға алды. Білімнің жаңартылған мазмұнының стандарттары енгізілді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» (НЗМ) жобасы жүзеге асырыла бастады.2003-2004 оқу жылы мектеп бітірушілері үшін Ұлттық бірыңғай тест тапсыру енгізілді. 1993 жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау туралы қаулысы бекітілді. Болашақ" халықаралық стипендиясы 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қаулысымен бекітілген.

Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі қарсаңында одан әрі реформалар жүргізу, ел экономикасының басым секторлары үшін жоғары білікті кадрлар мен мамандар даярлау.

1-тапсырма: Қазақстандық білім беру жүйесіне SWOT талдау жасаңдар

| S-мықты жағы | W-әлсіз жағы |
|---|---|
| О-мүмкіндіктер | Т-қауіп-қатер |

2-тапсырма:

Пікірің қажет: «Болашақ» бағдарламасына байланысты сұрақтарға жауап бер.

1 Болашақ бағдарламасының пайдасы қандай?

2 ««Болашақ» бағдарламасының кейбір түлектері елге келіп қызмет еткісі келмейді» деген пікірге келісесің бе?

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кем дегенде 3 ерекшелігін атаңыз? https://www.youtube.com/watch?v=HOdXfW46Yy8

| | |
|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | |
| Пәні: | Қазақстан тарихы |
| Бөлім: | 4. Мәдениет, білім мен ғылымның дамуы |

| | | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 11 кл | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | 11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу | |
| Сабақтың мақсаты | тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтап, ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін талдау | |
| Құндылықтар | Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету<br>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу<br>Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі//уақыты | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br><br>Өзін-өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру | Сәлемдесу. Білім алушыларды түгелдеу. Сабаққа назарларын аудару Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.<br><br>Қызығушылықты ояту<br>Білім алушыларға ортағасырлық ғалымдардың суреттерін көрсету қажет. Сосын төмендегідей сұрақтар беріледі. Осы сұрақтардың төңірегінде сыныптық талқылау ұйымдастыруға болады.<br><br><br>Білім алушылардың ой-пікірлерін тыңдағаннан соң, білім алушыларға сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстырылады | Білім алушылар ортағасырлық ғалымдардың суреттері бойынша өз жауаптарын ұсынады | ҚБ<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады | Мұғалім презентациясы |
| Жаңа білім | Зерттеу сұрақтары:<br>▪ ортағасырлық ғалымдардың еңбегінің тарихи құндылығы неде? | Мәтінмен жұмыс жасайды | ҚБ<br>Мұғалім білім алушылар | «5 R маңызды |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
Білім алушыларға «5R маңыздылық» кестесін толтыруды тапсыру керек.<br>
Тапсырма: «5R маңыздылық» кестесі
<table>
<tr><td>Есте қалатыны</td><td>Бұны есте сақтайды ма?<br>Кім?<br>Қайда?</td></tr>
<tr><td>Нәтижелі</td><td>Бұл оқиғалар неге алып келді?<br>Жағымды немесе жағымсыз нәтижелер?</td></tr>
<tr><td>Айрықша/ мәнді</td><td>Нақты сол уақытта қандай көрініс тапты?<br>Бұл оқиғаны маңызды немесе бірегей деп санады ма?</td></tr>
<tr><td>Резонансты</td><td>Бүгінгі күнгі біздің мәдениетте бұл оқиға қалайда көрініс табады ма ?<br>Бүгінгі күнгі қоғамның қалыптасуына бұл оқиға өзінің әсерін тигізді ме ?<br>Адамдар бұл оқиғадан сабақ алды ма?</td></tr>
<tr><td>Айқындайтын/ басқа да қырларын көрсететін</td><td>Берілген оқиға сол уақыттағы адамдардың ой-пікірі мен іс-әрекеттері туралы қандай ақпарат бере алады ?</td></tr>
</table>
ЕББҚ білім алушыға қолдау көрсету мақсатында суреттің үлкен нұсқасын ұсынамын.<br>
білім алушыларға жұмыстарын сыныпқа таныстыруын сұраңыз. Олар бір-бірін тыңдап, жұмыстарын толықтырады немесе өзгерте алады.<br>
білім алушылар «Бес саусақ» әдісі бойынша кестеде берілген сұрақтарға өз жауаптарын негіздеп, толтырады.
<table>
<tr><td>Кім?</td><td>Не?</td><td>Қашан?</td><td>Қайда?</td><td>Неліктен?</td></tr>
</table>
</td>
<td>
Білім алушылар ортағасырлық ғалымдардың еңбегінің тарихи құндылығын анықтайды; ортағасырлық ғалымдардың еңбектерінің мазмұнын ашады;<br>
ортағасырлық ғалымдардың еңбегінің тарихи еңбектерінің ерекшеліктерін ажыратады;<br>
ортағасырлық ғалымдардың еңбегінің тарихи маңыздылығына баға береді;<br><br>
Білім алушылар<br>
зерттеу сұрағына сыныптық талқылау жасайды<br><br>
Жұптық жұмыс жасауда ЕБҚ білім алушыларға жұпты таңдауда
</td>
<td>
жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>
Дескриптор<br>
- ортағасырлық ғалымдардың еңбегінің тарихи құндылығын анықтайды;<br>
- ортағасырлық ғалымдардың еңбектерінің мазмұнын ашады;<br>
- ортағасырлық ғалымдардың еңбегінің тарихи еңбектерінің ерекшеліктерін ажыратады;<br>
ортағасырлық ғалымдардың еңбегінің тарихи маңыздылығына баға береді;
</td>
<td>
лық» кестесі<br><br>
Ақпараттық карточкалар<br><br>
Үлестірмелі қағаздар<br><br>
Танымдық мәтіндер<br><br>
Кесте
</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жұптық жұмыс жасауда ЕБҚ білім алушыларға жұпты таңдауда қолдау көрсетіледі | қолдау көрсетіледі | | |
| Бекіту | Сабақты қорытындылау<br>Үйге тапсырма<br>Көне түркі жазбалары ортағасырлық ғылымның дамуына әсер етті, себебі ... | Сабақтың тақырыбын қорытындылау | «Ең үздік жауап» | Ақпараттық карточка |
| Кері байланыс | Кері байланыс<br>« Білімді стикер». Мына сұрақтар бойынша жауап береді.<br>- Не білдім?<br>- Не білемін?<br>- Не білгім келеді? | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Білім алушылар бағалай критерийлеріменн өз деңгейлерін бағалайды | А4, конспект |

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ | |
| Пәні: | Қазақстан тарихы | |
| Бөлім: | 2.Этникалық және әлеуметтік саяси-процестер | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 11 сынып | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | 11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау | |
| Сабақтың мақсаты | Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін сақтап қалуда жарияланған мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламаларды зерттейді | |
| Тарихи концепт | Маңыздылық | |
| Құндылықтарға баулу | Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылу; | |

| | |
|---|---|
| | Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу;<br>Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдау. |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі//уақыты | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br>Өзін-өзі тексеру<br><br><br><br>Өткен білімді еске түсіру | Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>Сәлемдесу. Жағымды ахуал орнату<br>Миға шабуыл жасай отырып, өткенді еске түсіру<br>«Тарсия» әдісі арқылы үй тапсырмасын қорытындылау<br>Жаңа сабақты «Болжау» әдісі<br>Шаңыраққа сұрақтар ілінген<br>«Этнос», «Татулық», «Келісім», «Бейбітшілік», «Қазақстан халқы Ассамблеясы», «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Полиэтникалық мәдениет», «Ұлтаралық келісім» , «Ұлттық қауіпсіздік», «Атеизм», «Әлемдік және дәстүрлі діндер»<br>Топқа түстер арқылы бөлінеді<br>Жаңа сабақ<br>Бейнежазба: «Бір шаңырақ астында»<br>Топтық жұмыс<br>I топ «Көк»<br>II топ «Сары»<br>III топ «Жасыл»<br>Кітаппен жұмыс Мәтінмен танысу<br>Топтық жұмыс | Білім алушылар сөздіктерді сәйкестендіреді<br><br>Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br><br>Түстердің мағынасы айтылады. | ҚБ Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады | Кеспе пазл<br><br>Стикер |
| Жаңа білім | <u>Деңгейлік сұрақтар:</u><br>**1.** Елімізде азамат үшін ең қымбат қазына не?<br>**2.** Ұлтаралық келісім дегенді қалай түсінесіздер?<br>**3.** Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылу мақсаты неде?<br>Сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне тоқталып өтемін.<br>II. Зерттеу мен талдау<br><u>Талдау және зерттеу</u><br>«Ұлтаралық және конфессияаралық келісім -- ел тұрақтылығының негізі» бейнебаян | Мәтінмен жұмыс<br><br>Мәтіннен негізгі идеяны анықтайды<br><u>Бағалау критерийлері:</u><br>Ел тұрақтылығын сақтауда | 3 балл<br><br>« Ең үздік жауап» | <u>https://assembly.kz/</u><br><br><u>http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070_</u> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көрсетіледі.<br>1-Тапсырма. Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасы – маңызды стратегиялық құжат<br>II топ Еліміздің тіл саясаты<br>III топ Қазақстан – дінаралық диалог орталығы<br>2-тапсырма ZipGrade арқылы тест жасау | қажетті 3 басты атқарылып жатқан жұмыстарды анықтайды | 5 балл<br>2 балл | По стер |
| Бекіту | Сабақты қорытындылау үшін SWOT талдау<br>Үйге тапсырма<br>Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі | Сабақт ың тақырыбын қорытындыла у | « Ең үздік жауап» | Ақ параттық карточка |
| Кері байланыс | «Пирамида» әдісі арқылы<br>Бір-біріңмен келісім болды ма?<br>Бүгін татулық болды ма?<br>Өзіңді қалай бағалар едің? | «Пира мида» әдісі арқылы<br>Кері байланыс береді | Бі лім алушыл ар өз деңгейле рін бағалайд ы | А4 , конспект |

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған* ***«Құқық негіздері»*** *пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

«Құқық негіздері» оқу пәні азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі-азаматтардың құқықтық білімін жетілдіріп, құқықтық сауаттылық пен мәдениетін қалыптастыру құралы болып табылады. Жалпы білім беретін мектептерде «құқық негіздері » пәні білім алушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті негізгі білімдері мен дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған. Оқу пәнінің мақсаты - құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға, міндеттемелерін орындауға қажетті білім мен дағдылары, саяси-құқықтық сананы қалыптастырады. «Құқық негіздері» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: Құқық және мемлекет, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы, Отбасы құқығы, Әкімшілік құқық, Қылмыстық құқық бөлімдерін қамтиды. Қоғамдық процестерді реттеудегі құқық нормаларының маңыздылығын нақты мысалдармен көрсете отырып, білім алушылардың құқыққа деген оң көзқарасын қалыптастыру білім мазмұны арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін деңгейін қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында оқытуда құндылыққа бағдарланған тәсілді қолдану ұсынылады. Құндылыққа бағытталған тәсіл-бұл белгілі бір құндылықтар тұрғысынан іс-әрекетті ұйымдастыру, орындау, оның нәтижелерін алу және пайдалану тәсілі екендігіне назар аудару керек.

Қоғам дамыған сайын, заман талаптары жаңарып, адамдар арасындағы қарым -қатынастар өзгереді, олар күрделі және сан қилы бола түседі. Білім алушылар осы пән арқылы әрекетке қабілетті, азаматы болатынын, Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген барлық құқықтарға ие болып, барлық міндеттерді орындау керектігін біле отырып, Отанын қорғауға дайын болу , халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін қорғай білу құндылықтарына машықтанады. Құқық негіздері пәні білім алушыларға өз елінің заңдарын білуге, құрметтеуге және орындау керектігін түсінеді. Осы оқулық арқылы құқықтық сана мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, құқықтық мәдениеттерің түрлі жағдайларда шешім қабылдау қабілеттері мен патриотизмі, дағдылары мен біліктілігі қалыптасады. Құқық негіздері пәні білім алушыларға болашақта жұмысқа орналасу, келісімдер жасау, өз кәсібіңді ашу, неке, отбасылық құндылықтар, өз елінің тарихын, салт дәстүрін құрметтеуге баулиды. «Құқық негіздері» пәнін оқытуда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдер ұсынылады:-«кейс-стади», білім алушылардың проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айту, дәлелдеу, гипотеза ұсыну,, зерттеуді одан әрі жоспарлау қабілеттерін дамытатын ынталандырушы-проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу, белгілі бір тақырып бойынша «фишбоун», «миға шабуыл», «автор орындығы» «оймышты ара», «өз тұрғыңды таңда» әдістерін ұйымдастыру,(әр білім алушы алған білімі бойынша өз идеясын ұсыну, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау, және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау) сабақта білім алушылардың белсенділігін қажет ететін құқықтық проблемаларды талқылау, пікірталастар және құқықтық мәселелерді талқылауда ресурстар мен компьютерлік қарым-қатынас құралдарын пайдалану ұсынылады. Пәнді оқу барысында өмірден алынған мысалдар, тарихи фактілер мен әртүрлі өмірлік жағдаяттар мен тапсырмаларды меңгереді және зерттеушілік қабілеттерін дамытады. *Құндылық:* Азаматтық жауапкершілік, Құрмет

*Бөлім: Құқық түсінігі*

Мысалы: Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді? тақырыбында

9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен ролін түсіндіру кезінде -адамдардың мінез-құлқы қоғамдық өмірдің мүдделерін бұзатын болса, онда қоғамға зиян келтіреді, тәртіпсіздік басталатынын, ал әлеуметтік нормалар, адамдардың мінез құлықтарын тәртіпке келтіріп отыратынын біледі, оқыту мақсатына сәйкес, әлеуметтік норма ұғымдарының мағынасын анықтап, құқықтың қоғамдық қатынастардағы ролін көрсету. Білім алушылар әлеуметтік норма мен құқық нормаларына жұптық, топтық тапсырмалар орындайды. «Сынып сүрлеуі» ойыны топта нені істеуге болатыны және нені істеуге

болмайтынын көрсетеді. Әлеуметтік нормалар адамдардың мінез-құлықтарын реттеп отыру үшін қайырымдылық, жауыздық, әдемілік, тәрбиелік, пайдалылық, жақсылық, жамандық, заңдылық, әділеттілік түсініктері қолданылады. Әлеуметтік нормалар-қоғам өмірін жөнсіздіктерге итермелеуге жол бермейтін, керісінше әрбір азамат мемлекет үшін сондай-ақ бүкіл адамзат үшін тиімді қолайлы, пайдалы болуға мүмкіндік береді. Солардың ішінде қоғам үшін ең маңыздылары-адам өміріндегі басты құндылықтарды: өмір сүруді, денсаулықты, бостандықты қорғайтын нормалар. Олар қоғамның тұтастығын қамтамасыз етуге, оған тұрақтылық пен тыныштықты қамтамсыз етуі тиіс. Бұл құқық нормалары. Сабақ барысында білім алушылар топта және жұптағы тапсырмаларды талқылап, ортақ шешімге келіп, ортақ нормаларды өздері жазып шығады және шешім қабылдау, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамиды әрі ұлттық құндылықтармен бірге базалық , азаматтық жауапкершілік мен заңды құрметтеу құндылықтары қалыптасады.

Құндылыққа бағытталған тәсіл білім алушыларға топтық жұмыс барысында қоғам игілігі үшін қызмет етуге, жеке және командамен жұмыс істей білуге машықтанады. Мұнда ұлттық мүдде мен талап дәріптеледі. Білім алушылар құқық, мораль, әлеуметтік норма, заң, құқықтық мемлекет ұғымдарының мағынасын анықтайды; құқықтық және моралдік норманың айырмашылықтары мен байланыстарын анықтайды;

Құндылыққа бағдарланған тәсіл негізінде білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениет деңгейін арттыруда мыналарды ескеру қажет:

Құқық нормалары - мемлекет тарапынан белгіленген қорғалатын қоғамдық қатынастарды реттеп отыруды көздейтін ережелер екенін түсінеді, күнделікті өмірде өздерінің іс-әрекетін қандай да бір жалпы қабылданған үлгілер бойынша жүргізу қажет кезде құқықпен істес болған кезінен мысалдар келтіре алады. Мысалы: Мектепке келіп, білім алу құқығы ,денсаулық сақтау, еңбек ету құқығы т.б.

- Білім алушы әр келтірген мысалдар арқылы құқықтық реттеудің пайдасын түсіндіру;
- Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге;
- Сабақ барысында ұлттық салт-дәстүр, әдет ғұрыптардан мысалдар келтіру арқылы ұлттық құндылықтармен байланыстыру ұсынылады;
- Пәнаралық байланыс орнату, Әдебиет, Қазақстан тарихымен байланыстыра отыру:
- НҚА мен жұмыс барысында заң терминологияларымен жұмыс жүргізу;
- Оқыту барысында пікірталастар мен шағын топтармен жұмыс жүргізу, өз тұрғысын таңдауда өз ойын, заң арқылы дәлелдер келтіре білуге, фактілермен жұмыс жасауға дағдыланады.

Мысалы: 9.1 Азаматтық құқық түсінігі бөлімі, Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді ? тақырыбы бойынша құндылығын қарастырайық.

*Құндылық:Құрмет*

Тақырыбы: Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?

Оқу мақсаты: 9.3.1.1азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру

*Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:* Түрлі ақпарат көздерінен мәлімет алады, тұжырым жасайды, сұрақ құрастырады, пікір алмасады

2. Заңнамалардың мазмұнын түсінеді, интерпретация жасай алады, түйін жазады.

– азаматтық құқық
– құқық қабілеттілік
– әрекет қабілеттілік
– меншік
– тараптардың теңдігі
– шарт еркіндігі
– меншікке қол сұқпаушылық
– біреудің жеке ісіне келісімсіз араласпау

*Білім алушылар:*

1. «Мүліктік және мүліктік емес қатынастар» ұғымына мысалдар келтіріп, азаматтық құқық ұғымына толық анықтама береді.

2. Азаматтық құқық қағидаттары «Ойталқы» түрлі ақпарат көздерінен мәлімет алып, тұжырым жасайды, сұрақтар құрастырып, пікір алмасады.

*Оқыту процесінде қолданылатын ресурстар:*

Қазақстан Республикасының Конституциясы 13 бап, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 2 бап, 338 бап, 284 баптар

*Құндылық:* Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Өмір бойы білім алу

*Бөлім:* 9.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары

*Сабақтың тақырыбы*: Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды?

*Оқу мақсаты:* 9.2.1.1 Конституциялық құрылым негіздерін түсіндіру

*Оқытудағы іс-әрекет мазмұны:* Бұл бөлім ҚР адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы білімді қалыптастырады

*Білім алушылар:* Білім алушы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің белгілерін, артықшылықтарын, кемшіліктерін анықтайды

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет белгілерін анықтайды

*Бағалау критерийлері:* Бұл бөлім ҚР адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы білімді қалыптастырады

*Ресурс: Презентация PP*

*Сурет* [https://laicismo.org/la-s](https://laicismo.org/la-s);http://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/va=%9D%D0%A1

*Құндылық : Ұлттық демократиялық-патриоттық ұстанымдарын бойына сіңіру.*

*Бөлім:9.*1 Азаматтық құқық түсінігі

*Сабақтың тақырыбы:* Қазақстан Республикасында адам мен азаматтардың қандай құқықтары мен міндеттері бар?

*Оқыту мақсаты:*9.2.1.1 Конституциялық құрылым негіздерін түсіндіру

*Оқудағы іс-әрекет:* Топтық, жұптық жұмыстар барысында ашық сұрақтар тастау арқылы жағдаяттық тапсырмалар орындайды

*Білім алушылар:* «Құқықтық мемлекет» ұғымы мен белгілерін сипаттау. Құқықтық мемлекеттің маңыздылығы мен ерекшеліктерін анықтай алады

*Бағалау критерийлері:* Құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтайды

*Құндылық: Жауапкершілік, адалдық*

*Бөлім:* 9.1 Еңбек құқығы түсінігі

*Сабақтың тақырыбы:* ҚР Конституциясының 24-ші бабы нені көздейді?

*Оқыту мақсаты:* 9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру

*Оқудағы іс-әрекет:* Конституцияда ерікті еңбек құқығының сақталуына кепілдіктерді анықтайды. Қ.Р. Конституциясының 24 бабының тармақтарына мысалдар келтіріп, жағдаяттар шешеді.

*Білім алушылар:* «Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасы (айтылым, тыңдалым дағдылары)

- «Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» тақырыбында шағын ой-толғау жазу
- Сабақта қолданылатын терминдер
- еңбек
- еңбек кодексі
- еңбек құқығы
- еңбек
- жалақы
- жұмыссыздық

ҚР Конституциясының 24 бабына сәйкес...

Әркімнің еңбек ету бостандығына, ... құқығы бар, өйткені...

Еңбек ету маңызды, өйткені...

Еңбек құқығы... реттейді

*Бағалау критерийлері:* Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтайды.

ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіреді.

*Құндылық* Құрмет, Ынтымақтастық

*Бөлім:9.1* Әкімшілік құқық түсінігі

*Сабақтың тақырыбы:* Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды?

*Оқыту мақсаты:*9.6.2.1әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау

9.6.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдау тәртібін түсіндіру

*Оқудағы іс-әрекет:* әкімшілік жауапкершіліктің негізгі ережелерін, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін нормативті-құқықтық актілерді біледі, әкімшілік жаза түрлерін анықтайды, жағдаяттарды талдайды.

*Білім алушылар:* әкімшілік жауапкершіліктің негізгі ережелерін «Мозаика» әдісі арқылы НҚА-мен жұмыс жасайды, Әкімшілік құқықбұзушылық кодекстің баптарын біледі және ортаға салады, әкімшілік жаза түрлерін анықтап, жағдаяттарды шешеді.

*Бағалау критерийлері:* әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтайды, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдау тәртібін түсінеді.

*Ресурстар* :Қ.Р. әкімшілік құқықбұзушылық кодексі htt://www.youtube.com/watch?v-Hvza60gZy ZO

*Құндылық :Азаматтық жауапкершілік*

*Бөлім:9.1* Азаматтық құқық түсінігі

*Сабақтың тақырыбы:* Қалай меншік иесі бола аламыз?

*Оқу мақсаты:9.3.2.1.* Меншік түрлерін анықтау

*Оқытудағы іс-әрекет:* Меншік түрлерін анықтайды.

*Білім алушылар:* Меншік түрлерімен танысады және оның маңыздылығын анықтайды. Жеке меншік пен мемлекеттік меншікке жататын нысандарды ажырата алады.

*Бағалау критерийлері:* Меншік түрлерін түсінеді оның маңыздылығын анықтайды. Негізгі ұғымдар мен түсініктер қалыптасады.

*Ресурс:* Ақпараттық мәтін, таратпа материалдар

*Құндылық: Басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбау, Конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеу, азаматтық жауапкершілік, елжандылық*

*Сабақтың тақырыбы:* Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершіліктерді туындатады?

*Оқу мақсаты:*9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершілікті анықтау

*Оқытудағы іс-әрекет:* Ұғымдарының мәнін ашады, азаматтық құқықтық міндеттемелерді талдап, анықтайды, мысалдар келтіріп, олардың шешімін ұсынып, пікір алмасады.

*Білім алушылар:* Міндеттеме, борышкер, шарт, азаматтық құқықтық жауапкершілік, ұғымдарының мәнін ашады, азаматтық құқықтық міндеттемелерді талдап, жауапкершілігін анықтайды, азаматтық құқықтағы

міндеттемелер мен шарттарға мысалдар келтіріп, олардың шешімін ұсынып, пікір алмасады.

*Бағалау критерийлері:* азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершілікті анықтай алады.

*Ресурс: Ақпараттық мәтін* *www.youtube.com/watch?v -Svabf5qEW9Y, Қ.Р.Конституциясы. htt://adilet.zan.kz*

*Құндылық:* Құрмет, адалдықты ұстану
*Бөлім: 9.1 Отбасы құқығы түсінігі*
*Сабақтың тақырыбы*: Заңнамада отбасы қалай қорғалған?
*Оқу мақсаты: 9.5.1.1* неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру
*Оқытудағы іс-әрекет мазмұны*: Неке мен отбасының қоғамдағы маңызды ролін түсінеді
*Білім алушылар:* Бейнебаянды көріп, отбасы ұғымы аясында талқылау жүргізеді, пікірін айтады
Тақырып аясында зерттеу жүргізеді, отбасы моделін жасайды.
«Мерейлі отбасы қандай болуы керек?» атты шағын ой толғау жазады
Білім алушылар отбасы мен некенің маңызды ролі туралы өз пікірлерін айта алады.
*Тірек сөздер:* Отбасы, неке, отбасы мүшелері, ерлі-зайыптылар, отбасы құқығы, толық отбасы, толық емес отбасы
*Бағалау критерийлері:*
Әрбір тапсырманың , бағалау критерийлеріне сәйкес білу, түсіну, білімін қолдану, жинақтау, бағалау дағдылары бағаланады.
Отбасы мен некенің маңызын түсінеді;
Отбасының қызметін заңнамаға сүйеніп түсіндіре алады;
Отбасының мерейлі болуының маңызы туралы қорытынды жасайды.

*Құндылық:* Азаматтық қоғам принциптерін құрметтейді;
Қазақстандық патриотизм қасиеттеріне баулиды
*Сабақтың тақырыбы*: Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?
*Оқу мақсаты:* 9.6.1.1Әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру
*Оқытудағы іс-әрекет мазмұны*: Әкімшілік құқық ұғымын сұрақ-жауап алмасу негізінде түсіндіреді
Жағдаяттарды талдау арқылы, заң баптарына сілтеме жасайды
Проблемалық сұрақтарға жауап берудің негізінде «Әкімшілік-құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?» деген сұрағына қорытынды шығарады.
*Білім алушылар:* Суреттерді қолдана отырып «Миға шабуыл» әдісі арқылы әкімшілік құқық саласымен танысады (айтылым және жазылым дағдылары)

Әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесін анықтап, әкімшілік құқықтың ерекшеліктерін талдайды. (айтылым және тыңдалым дағдылары).

- Әкімшілік құқық дегеніміз –(...)
- Бұл (...) табылды
- Бұл (...) реттеледі
- Әкімшілік құқығын білу маңызды, себебі (...)

Әкімшілік құқық субъектілеріне мыналар жатады (...)

*Бағалау критерийлері:* Әкімшілік құқық ұғымын түсінеді

Сұрақтарға жауап бере отырып, заңдарға сілтемей жасайды және қорытынды жасай алады.

*Ресурстар:* А. Маханбетова, Б. Жұбанышев. Құқық негіздері. 10 сынып. Әдістемелік нұсқау.

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

http://adilet.zan.kz Сайт законов РК

http://www.zakon.kz/4603298-v- z Әкімшілік құқық бұзушылық

Кодексінің жаңа редакциясы http://www.youtube.com/watch?v=

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы N 258 Конституциялық заңы. «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 5 маусым N 152-156

Таранов А. ҚР Әкімшілік құқығы. – Алматы: Баспа, 2003 Тірек-сызбалар Кесте Карта

*Құндылық:* Қазақстандық патриотизм

*Бөлім: 9.1 қылмыстық құқық түсінігі*

*Сабақтың тақырыбы*: Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекшелігі неде?

*Оқу мақсаты:* 9.7.1.1қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру

*Сабақтың мақсаты:* Қылмыстың белгілері мен құрамын ажырата білу

*Оқытудағы іс-әрекет мазмұны*:

1.Қылмыс ұғымын түсіндіреді

2.Қылмыс түрлерінің кемінде төртеуін анықтайды

3.Қылмыстық құқық жүйесінің бөлімдерін біледі

4. Қылмыстық құқықтың функцияларын анықтап кесте толтырады.

Жағдаятты талдап, қылмыс құрамын анықтайды, қылмысқа қатысушыларды сипаттайды, қылмыс жасау сатыларын талдайды, қылмыс түрлерін атайды

*Білім алушылар:* Жағдаятты талдап, қылмыс құрамын анықтайды, қылмысқа қатысушыларды сипаттайды, қылмыс жасау сатыларын талдайды, қылмыс түрлерін атайды

*Ресурстар:* Ақпараттық мәтін, Үлестірме қағаздар, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі http://adilet.zan.kz, ҚР Қылмыстық Кодексі http://bilimkozy.idhost.kz/425-zhassprmderd-ylmysty-zhauapkershlg.html

*Жамбыл облысы Тараз қаласының Төле би атындағы №8 гимназиясының Тарих және құқық негіздері пәндерінің мұғалімі Оразкулова Гулжан Алтынхановнаның тәжірибесінен*

| Сынып пән | Бөлім тақырыптары | Құндылықтар | Мазмұны |
|---|---|---|---|
| 9 сынып<br><br>Құқық негіздері | Құқық түсінігі | Құрмет<br><br><br><br>Азаматтық жауапкершілік<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Патриотизм<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл | 1.Қоғамда құқықтық қатынастарды реттейтін түрлі нормалар бар. Бұл нормалар әлеуметтік нормалар деп аталады. Мораль-адамның іс-әрекетін қайырымдылық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғыдан реттеп отыратын нормалар мен принциптер жүйесі.<br>2. Бұл нормаларға құқық , дін, адамгершілік және мораль(имандылық) әдет-ғұрып, салт-дәстүр жатады. Білім алушылар ұлттық салт-дәстүрлерді біледі, оны құрметтеу әрбір азаматтық қасиетті борышы екенін ұғындыруға жетелейді.<br>3. Адамдар күнделікті өмірде үнемі қарым- қатынас үстінде болады, сол арқылы құқықтық әрекетке қатысушылар болып табылады. Білім алушы құқық нормаларын білуді және оны күнделікті өмірде сақтау керектігін үйренеді.<br>Мысалы:<br>-Мектепке келу үшін қандай құқықтық нормаларды еңсердіңіз?<br>-Құқық азаматтарға не үшін қажет?<br>- Құқық нормалары дегенді қалай түсінесің?<br>Сабақта білім алушылардың құқық нормаларын сақтау, құрметтеу, заңдық қарым-қатынас және әлеуметтік нормаларды сақтай отырып, ұлттық құндылықтарды дамытуға ықпал етеді.<br>Құқық нормалары негізінде білім алушыларға өз құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін түсіндіру, қазақ мәдениетінің озық үлгісінде тәрбиелеу; әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін терең академиялық білім беру; өзіндік ізденіс пен өз бетімен білім алу қабілеттерін тұрақты қалыптастыру; өзін-өзі жетілдіру мен дамыту қажеттілігін сезіну |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Құқықтық мемлекет | Құрмет. Азаматтық жауапкершілік Патриотизм | Құқықтық мемлекет-қазіргі заманғы өркениет дамуының жоғарғы сатысы және оның басты жетістігі. Құқықтық мемлекет -қоғам мен жеке тұлғаның құқықтық қорғалуын өзінің басты мақсаты етіп қояды. Құқық «ақиқат» сөзімен немесе әділдік ұғымымен шендеседі. Құқық әділеттілік ұғымын білдіреді. «Адам игілігіне қызмет ететін, өзге адамдардың мүддесін кемітпейтін және қоғамға зиянын тигізбейтіннің бәрін әділдік деп есептеу керек» Гегель «менің басқа адамдардың құқығын құрметтеуім әділеттілік »деп білген. Білім алушылар құқықтық мемлекеттің белгілерін анықтайды; құқықтық мәдениеттің маңызын түсінеді; білім алушыларға өз құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін түсіндіру, қазақ мәдениетінің озық үлгісінде тәрбиелеу; әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін терең академиялық білім беру; өзіндік ізденіс пен өз бетімен білім алу қабілеттерін тұрақты қалыптастыру; өзін-өзі жетілдіру мен дамыту қажеттілігін сезіну |
| | Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары | Әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін терең академиялық білім беру; өзіндік ізденіс пен өз бетімен білім алу қабілеттерін тұрақты қалыптастыру; өзін-өзі жетілдіру мен дамыту қажеттілігін сезіну<br><br>Дұрыс қарым- | Заң қоғам үшін аса маңызды қоғамдық қатынастарды -экономиканы, саясатты, отбасы қарым-қатынастарын, экологияны, қауіпсіздік мәселесін реттеп отырады. Алайда , заң адам баласы үшін ең маңыздысы -оның құқығын реттеп отырады.<br>Адам құқығы-жеке тұлғаға берілген тиісті мүмкіндіктер. Бұл мүмкіндіктер оның өміріне, азаматтық ар-намысына, іс-әрекет еркіндігіне кепілдік береді.<br>Адам құқығы идеясы кенеттен пайда болған жоқ. Адамзат бұл мәселе төңірегінде ерте заманнан ойлана білді. Дөрекі қара күш, зорлық-зомбылықты ауыздықтамай қоғам толыққанды тыныстай алмайды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жұрт әскери әрекет орын алған мемлекеттердің бәрінде адам құқығы аяққа тапталғанын түсінді, қаншама адам суықтан, аштықтан қырылды, қаруды сынақ кезінде, адамдар жоқ болып кетті.<br>1948 жылы БҰҰ қабылдаған Декларация фашизм мен нацизмнің екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жан түршігерлік айуандығына, адамзаттың үн қатуы негізінде дүниеге келді. Адам құқығы халықаралық заң нормалары жүйесі ретінде алғаш рет 1948 жылы қабылданып, бұл Декларация барлық мемлекеттердің Конституция жасаудың үлгісі болды. Адам құқығы концепциясын жасаудың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қатынас орната білу | негізі- адамның қадір қасиетін түсіну және оны құрметтей білуге машықтанады. Біздің құқығымыз бен еркіндігіміз- біздің адам ретіндегі қадір -қасиетімізді мемлекет тарапынан қол сұғудан қорғап тұратын қалқан. Білім алушылар конституциялық құқық және азаматтың құқықтары мен еркіндіктерін және міндеттерін біледі, оларды өмірде қолдануды үйренеді. Мектепте сақтауға тиісті құқықтар мен міндеттерді біліп, дұрыс қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Заңдарды сақтау мен құрметтеудің маңыздылығын түсінуге көмектеседі және оны бұзбауға дағдыға айналдыруға ықпал етеді.<br>Білім алушылар сабақта өз құқықтары мен бостандықтарын біліп, құқықтық құндылықтары қалыптасады.<br>құндылығы: Өмір бойы білім алу. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Мәңгілік ел» құндылығы: еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.<br>құндылығы: өмір бойы білім алу |
| | Азаматтық құқық түсінігі | Құрмет.<br>Азаматтық жауапкершілік | Күнделікті өмірде оқиғалар өтіп жатады, осы оқиғалардың ішінде азаматтық құқық реттейтін азаматтық-құқықтық қатынастыр белгілі орын алады.<br>Мысалы: автобусты пайдаланған кезде, жолақы төлеп, адам тасымалдау келісімшарты бойынша әрекет етеді осындай мысалдар арқылы білім алушыларды адалдыққа, ізеттілік қасиеттерді үйренуге шақырады.<br>Білім алушылар үзіліс кезінде асханаға барып тамақтанып, мұнда да азаматтық құқықтық қатынастарға- сатып алу және сату келісімшарты бойынша қатынасқа түсе отырып, тауар таңдау құқығы мен сатушының қандай құқығы мен міндеттері туралы құқықтық білімдерін дамытып, саралайды.<br>- Тұтынушы ретінде сапалы тауар талап етуге, тауар туралы толық дұрыс ақпарат алуға қаржыны тиімді жоспарлауға машықтанады.<br>- Алған тауардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуы керектігін;<br>-Ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін қорғауды заң арқылы жүзеге асыра алатынын біліп, құқықтық білімін өмірде қолдана білуге, қаржылық сауаттылығын дамытуға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелейді. Азаматтық құқық қағидасы ұғымын түсіндіреді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | және азаматтық құқық қағидаларын анықтай Азаматтық құқық қағидаларына кемінде үш мысал келтіреді.<br>Азаматтық құқық ұғымын толық ашып бере алады;<br>Азаматтық құқықтың қандай қоғамдық қатынастарды реттейтінін сипаттайды; Азаматтық құқықтың күнделікті өмірде алатын орны туралы мысал келтіру арқылы сипаттай алады.<br>– Құрмет (топтық жұмыстағы өзара құрмет, бір-бірін тыңдауы және уақыт ережелерін сақтау, заңға құрмет, басқалардың құқықтарына құрмет ұғымдарының аясында жұмыс жасау арқылы)<br>– Азаматтық жауапкершілік (заңды сақтау, міндеттерді орындау арқылы)<br>– Қазақстандық патриотизм (ҚР Конституциясы мен негізгі заңнамаларын оқып, үйрену арқылы)<br>– Еркіндік (өз ойлары мен тұжырымдарын жеткізу арқылы) құндылықтар қалыптасады. |
| | Еңбек құқығы түсінігі | Жауапкершілік<br>Адалдық<br>Адал еңбекті құрметтеу | -Адамның тіршілік әрекеті мен дамуының негізі еңбек болып табылады<br>- Қ.Р.Конституциясының 24-бабында еңбек бостандығы құқығы, мамандық пен жұмыс түрін таңдау құқығы бекітілген.<br>- Еңбек саласында кемсітушілікке, еңбекке мәжбүрлеуге тиым салынған. Еңбек ету адам өміріндегі қажетті шарт. Адам өз өміріне керектінің бәрін-азықты, киім-кешекті, баспананы т.б. өз еңбегімен жасайды. Еңбек ету құқығы адамның жүрек қалауына, қабілетіне, кәсіби даярлығына, біліміне сәйкес мамандық, еңбек, жұмыс түрін таңдау құқығын қамтиды. Білім алған соң жұмысқа орналасу мәселесі туады. Сендерді алда не күтіп тұр?<br>Ия, еңбек ету- әркімнің экономикалық құқығы, бірақ әлемде жұмыссыздық шын мәнінде жойылмайтын нәрсе екенін есте ұстау керек. Жұмыссыз қалған адам мемлекет тарапынан қолдау табуы тиіс, мұндай жағдайда 10 күн ішінде халықты еңбекпен қамту орталығына тіркелуі тиіс Егер осы шартты орындаса, мемлекет ол адамға материалдық жәрдемақы төлеуге міндетті, орталық оған лайықты жұмыс іздейтін болады. Әр адам жұмыс орынында, өзге де кез келген орында өз құқығын пайдалана білуді және дұрыс қарым қатынас орната білуге машықтанады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Адалдық<br>Жауапкершілік | Бұл еңбекке ақы төлеу құқығына да, тынығу құқығына да, денсаулық сақтау құқығына да, жеке өмір сүру құқығына да қатысты. Жұмысқа тұрған кезде ең алдымен, еңбек келісім шартын жасауы керек. Келісім-шарт бойынша қызметкер белгілі бір мамандық, білік немесе лауазым бойынша жұмыс атқаруға міндеттенеді, ал кәсіпорын оған жалақы төлеп, еңбек туралы заңда көзделген еңбек тәртібін сақтауға міндеттенеді. Білім алушылар адал еңбекті құрметтеуді, заңды біліп, қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылығын дәріптеуге септігін тигізеді.<br>Мысалы: Жағдаяттар шешу арқылы , Қандай заң бұзылғанын, қызметкер қандай қате жіберді? Оған қандай ақыл-кеңес бересің ? деген сұрақтарға жауап алу арқылы, білім алушылардың құқықтық білімін қалыптастыра отырып, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну құндылығын дамытады. Жауапкершілік, адалдық құндылықтары қалыптасады. |
| | Неке және отбасы құқығы түсінігі | Отбасы мүшелерінің бір-біріне құрмет көрсетуі<br><br>Әділдік және жауапкершілік | Отбасы қоғамда өмірдің басты құндылықтарының бірі және бақытты өмір сүрудің шарты. Қоғамдағы өмірдің тұрақтылығы немесе тұрақсыздығы, ұлт денсаулығы тікелей отбасының жағдайына байланысты. Отбасында балалардың санасына, құқықтық және адамгершілік қағидаттарына негізделген : Отанды қорғау, ар, намыс, бастамашылық, еңбексүйгіштік, мақсаттылық, ананы құрметтеу, үлкендерді сыйлау, қайырымдылық, аяушылық білдіру туралы сияқты жалпыға ортақ идеялар бала кезден бастап отбасында сіңірілуі керек. Білім алушылар осы құндылықтар арқылы өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанының бір мүшесі екенін сезінеді. Өйткені олар-өз елінің болашақ азаматтары.<br>Қазақ тілінде осы идеяларды айқындайтын көптеген мақал-мәтелдер бар. Мысалы: «Үлкенді сыйлау-кісілік», «Әдепті елдің қыздары-қырмызы қызыл жібектей», «Әдептілік белгісі-иіліп сәлем бергені» ұлттық мирасты, ұлттық мәдениетті дәріптеуге шақырады<br>Неке -жауапкершілік. Неке екі адамның ерікті одағы. Қазақтар некеге ерекше көңіл бөлген. Мысалы: қазақ халқында жеті атаға дейін туыстар арасында неке құруға тиым салынған. Бұл қағида «Жеті ата» деп аталады. Осындай мысалдар арқылы ұлттық мәдениетті дәріптеуге септігін тигізеді. Сабақ мазмұны білім |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | алушылардың бойында отбасы мүшелерінің бір-бірлеріне құрмет көрсетуі, адалдықты ұстану құндылықтарын дарытуға бағытталады. Қоғамдағы отбасы құндылығын түсінуі арқылы мейірімді болуға тәрбиелейді. |
| | Әкім шілік құқық түсінігі | Қоға м игілігі үшін қызмет ету | Әкімшілік құқық нормалары атқарушы билік органдарының құрылу, қайта құрылу және таратылу тәртібін, олардың тізімін, іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін, құзыреттілігін және және де бұл органдардың құқықтық мәртебесінің басқа да жақтарын, олардың құрылымы мен іс-әрекетінің барысын анықтауды үйретеді. Білім алушылар әкімшілік құқық субъектісінің әкімшілік нормалар негізінде құқықтар мен міндеттемелерге ие болатынын және оны жүзеге асыра алатынын түсінеді. Отаншылдық, жауапкершілік , тәртіп құндылығы қалыптасады.<br>Мысалы: Білім алушылар автобуста келе жатып бір-бірімен қатты және дөрекі сөйлеуге болмайтынын ол үшін әкімшілік жауапкершілік бар екенін біледі, оны бұзбауға машықтанады. |
| | | Қазақ станның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу | Қоғам жылдам өсіп, дамуда, қоғамдық қатынастардың жаңа түрлері пайда болуда, сонымен қатар құқықбұзушылықтың түрлері де көбеюде. Мемлекеттің мақсаты құқықбұзушылық үшін жазалау ғана болмау керек, оның алдын алуға оның санын қысқартуға ұмтылу. Әкімшілік құқықбұзушылық жасауға бейім жасөспірімдермен жеке алдын алу шараларын өткізу арқылы -құқықбұзушылық жасауға итермелейтін шарттар мен себептерді жою туралы түсінік беру арқылы жаңа құқықбұзушылық жасаудан сақтандырады және Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуға шақырады |
| | | Заң және тәртіп | Білім алушыларда Отанын және заңдарды құрметтеу, заңдарды бұлжытпай орындау тәртіпті болу құндылығы қалыптасады. |
| | Қылм ыстық құқық түсінігі | Акаде миялық адалдық қағидатын қолдау | Қылмыстық-құқықтық нормалар қылмыстық заңның міндеттерін және оның әрекет ету аясын, қылмыстық қағидаттары мен негіздемесін, «қылмыстық құқықбұзушылық» пен «қылмыстық жауапкершілік» түсінігі мен түрлерін анықтайды. Қылмыстық заң қоғамға қауіпті әрекет жасауға тиым салады. Осылайша қылмыстық заң бекітілген тәртіпті қорғайды, заңда қылмыс жасауы мүмкін жеке тұлғалардың санасына тежеу салуға әсер ететін арнайы нормаларды санасына сіңіруге ықпал етеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қазақ халқының мыңдаған жылдар бойғы тарихында билер сотының орны ерекше болған. Ел басына күн туған заманда халқына пана болған билер әрекеті арқылы әділдікті, жауапкершілікті, тәуелсіздікті аңсаған асыл арманын, халықты берекеге , ынтымаққа шақырған ымырашылдық, ел арасындағы тәртіпті нығайту құндылықтары қалыптасады. Ұлттық құндылықтар дәріптеледі.<br>1.Қылмыс ұғымын түсіндіреді<br>2.Қылмыс түрлерінің кемінде төртеуін анықтайды<br><u>Сыни ойлау:</u><br>Жағдаятты талдап, қылмыс құрамын анықтайды, қылмысқа қатысушыларды сипаттайды, қылмыс жасау сатыларын талдайды, қылмыс түрлерін атайды<br>Азаматтық қоғам принциптерін құрметтейді;<br>Заңды сыйлауға бейімделеді;<br>Қазақстандық патриотизм қасиеттеріне баулиды |

**Қысқа мерзімді жоспар**
**9 сынып, 1-тоқсан**
**Тәрбие құндылығы: Жауапкершілік, адалдық**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | Еңбек құқығы | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Оразкулова Гулжан Алтынхановна | | | |
| Күні: | | | | |
| Сынып:9 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | 9.1 Еңбек құқығы түсінігі | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары: | 9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру | | | |
| Сабақтың мақсаты: | Еңбек құқығы туралы біледі және оның қажеттілігін түсінеді | | | |
| Бағалау критерийлері: | Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтайды.<br>ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіреді. | | | |
| Құндылықтарға баулу: | Жауапкершілік, адалдық<br>Адал еңбекті құрметтеу | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі Қызығушылықты ояту 8 мин. | М Сабаққа кіріспе жасаңыз. 1 тапсырма: Еңбектің адам өмірінде алатын орны мен маңызы жайлы үлгі–өнеге беретін аңыз немесе оқиғаны талданады. «Еңбекпен тапқан нан» Сабақта қолданылатын терминдер<br>● еңбек<br>● еңбек кодексі<br>● еңбек құқығы<br>● еңбек<br>● жалақы жұмыссыздық<br>Б Білім алушыларға мынадай сұрақтар қойылады:<br>1. Берілген аңыз не туралы?<br>2. Сіз оны қалай түсінесіз?<br>3. Қандай ой түюге болады?<br>*ЕБҚ бар білім алушыны ( СДВГ бар назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы) алдыңғы қатарға мұғалімнің жанына отыруын қадағаланады.* | Оқу құралын дайындау. Зейінді педагогке аудару. ЕБҚ бар білім алушы алдыңғы қатарға отырады.<br>Дескриптор:<br>- Аңыз мазмұнын түсінеді Аңыздағы негізгі мәселені анықтай алады | ҚБ Білім алушылар жауабын мұқият тыңдап «Өте жақсы», « Жақсы», «Жарайсың» деп ауызша бағалап отыру. | Тақырыптық суреттер<br>Ақпараттық мәтін<br>Үлестірмелі қағаздар<br>Қазақстан Республикасының Конституциясы.<br>http:// adilet.zan.kz<br>Суреттер |
| Сабақтың ортасы Жаңа сабақ 30 мин | Еңбек құқығы саласын зерделеу маған не береді деген сұрақ аясында | *ЕБҚ бар білім алушыны(ларды) ең* | **ҚБ.** Мұғалім білім алушылар | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасын орындайды.<br>2 тапсырма:<br>Еңбек туралы мақал мәтелдер, өмірден мысалдар келтіре отырып, төмендегі сұрақтарға жауап береді:<br>1. Мақалдардың шығу себептері неліктен қажет болды?<br>2. Неге адамдар осындай мақал-мәтелдерді өмірлерінде қолданды?<br>Еңбек жайлы өзіндік ойлануға мүмкіндік беріледі<br>*ЕБҚ бар білім алушыны топ басшы етіп сайлап, топ ережесін сақтауға қатысты анық, нақты нұсқаулар беріледі.*<br>3 тапсырма: анықтаманы өз сөзімен түсіндіру.<br>Еңбек құқығы — меншіктің түріне, шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқықтық пішіміне қарамастан, кәсіпорын (мекеме, ұйым) қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру саласындағы қарым-қатынастарды реттеп, олардың әлеуметтік құқыларын қорғайтын нормалар жиынтығы.<br>Олар ҚР Конституциясының | *оңай сұраққа жауап беруін сұрай отырып, қозғалысқа түсіру арқылы қолдау білдіру.*<br><br>Дескриптор:<br>Мақал-мәтелдердің түпкі ойын түсінеді<br>Мақал-мәтелдердің еңбек мәселесін жеткізу жолдарын талдай алады<br><br>Дескриптор:<br>Мәтінді оқиды және түсінеді<br>Мәтіндегі ойды анықтайды және қолдана алады<br><br>Дескриптор:<br>кәсіпті еркін таңдау көрсетеді<br>еңбектегі теңдікті біледі<br>еңбек дауларын шешу мәселесін талдайды тынығуға құқылы | жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>**ҚБ.**<br>«Тамаша!»<br>«Жарайсың!»<br>«Жақсы!»<br>«Талпын!»<br><br>**ҚБ**<br>«Өзін-өзі бағалау»<br><br>ҚБ<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>ҚБ<br>«Алақан-жұлды<br><br>ҚБ<br>«Ең үздік жауап» | Тірек-сызбалар<br>Кесте<br><br>Үлестірме қағаздар<br>ҚБ парағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 24-бабының 4-тармағын оқып, мағынасын түсіндіреді.<br>4 тапсырма:<br>Бап тармақтарына сәйкес проблемалық жағдаяттарды ойлап тауып, шешімдерін табуды жасайды. | екендігін бағалайды | ҚБ «Өзін-өзі бағалау» | |
| Сабақтың соңы<br>Қорытынды<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин. | Кері байланыс<br>- нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | бағалау критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды. | А4, конспект |
| Үй тапсырмасы | Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» екі тұжырымның біреуін дәлелдеңіз | | | |

**Пайдаланған ресурстар:**

**Адал еңбектің наны.**

Қазақ халқы қашан да еңбекке аса үлкен мән беріп, бала тәрбиесінде де еңбекқорлықты маңызды санаған. Бұған дәлел ретінде «Еңбек – адамның екінші анасы», «Еңбек мұратқа жеткізер», «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады»,- деген мақалдардан еңбектенудің адамдарға қажетті нағыз байлық екендігін аңғаруға болады. Ал еріншектік, жалқаулық жақсы қасиетке жатпайды. Тіпті ұлы дана Абай атамыз да еріншектікті бес дұшпанның біреуі санаған.

Сондықтан балалар кішкене күнінен еңбекке құштар болып, адал еңбекпен тауып жеген нанның тәтті болатынын білуіміз керек. Себебі, біз еңбектенудің арқасында көптеген нәрселерге қол жеткіземіз. Мысалы, күнделікті ішіп- жейтін тамағымыз бен киетін киіміміздің өзі еңбекпен келеді.

Адам өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады.

 


**Қазақстан Республикасы Конституциясының 24 бабы**

Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

Әркімнің тынығуға құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысына кепілдік беріледі.

*Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған* ***«Құқық негіздері»*** *пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы «Ш.Уәлиханов атындағы №1 орта мектеп» КММ-ның тарих және құқық негіздері пәндерінің педагогі, «зерттеуші педагог» **Ергали Ултуар Ергалиевнаның** іс-тәжірибесінен:

Білім беруде Құқық – қоғамдағы ең негізгі және маңызды қатынастарды реттейтін, қоғамға пайдалы, қажетті қатынастардың дамуына жол ашып, қорғап, ал қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал. Сонымен бірге, құқық азаматтардың бостандығын, қоғам алдындағы міндеттерін жариялап және оларды жүзеге асыруда заң жүзінде кепілдікті қамтамассыз етеді.

Құқық нормалары мен ережелері адамдардың іс- әрекеттері мен мінез-құлықтарының қоғамдық мүддеге, белгіленген тәртіпке, қабылданған заңдарға сай келуін талап етеді. Сондықтан да осы талаптарға сай өмір сүру, еңбек ету және т.б. әрекеттерге бару үшін, оларды білу әрбір азаматтың борышы, міндеті.

Олай болса, білім алушы жастарға құқықтық білім беріп, олардың жеке тұлғасын қалыптастыруда мектептегі құқықтық тәрбиенің мақсаты:

– Өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау және оларды сыйлау рухында тәрбиелеу.

– Мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз Отанын қорғауға әрқашанда дайын болуға жаттықтыру.

– Өз елінің материалдық және рухани байлығын сақтап, оны молайтуға қабілетті, іскер адамдарды тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Білім алушыларға мемлекет, мемлекеттік құрылым және құқық, құқықтық нормалар жайында жан – жақты білімдерді меңгерту.

Бұл бағытта мектеп Жарғысы, білім алушыларға арналған мінез-құлық ережелері құқықтық білімнің алғашқы негізін қалайды. Онда білім алушылардың құқықтары мен міндеттері туралы нормалар бар. Міне, осы қарапайым құқықтық нормалар төменгі сыныптан бастап жоғарғы сыныптарға дейін оқу-тәрбие процесінің барлық құрылымында түсіндіруден, білім беруден, оқытудан басталады.

Мемлекет пен мемлекеттік заңдарға құрметпен қарау сезімдерін тәрбиелеу. Мұндағы маңызды мәселе – бүгінгі таңдағы елімізді қайта құру кезеңінде парламентте қабылданып жатқан заңдарды таныстыру, олардың қоғамдағы демократияны дамытып, әділдікті баянды етуде атқаратын қызметі мен ерекшеліктеріне көңіл бөлу, соның негізінде білім алушылардың сана – сезімдерін және қоғам, заң алдындағы жауапкершіліктерін тәрбиелеу.

Жеткіншектердің мінез-құлықтары мен жүріс-тұрыстарын заң талаптарына сай қалыптастырып, адамгершілікті әдет-дағдыға тәрбиелеу. Демек, құқықтық тәрбие арқылы білім алушыларды күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасауына дайындауы тиіс. Еліміздің өндіріс құралдары мен қорын қоғамдық меншік ретінде көздің қарашағындай сақтап, Отанымыздың қуатын арттырып, халықтық әл-ауқатын одан әрі жақсарта түсуге талпынатын талапкерді тәрбиелеу.

Біздің қоғамымыз гуманист-ұжымшыл, ол халық үшін қызмет жасайтын жан болу керек. Ата – заңның 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деп атап көрсетілген. Олай болса, адам баласы Қазақстан Республикасының азаматы болған жерде бір- біріне қамқор болып, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысуы тиіс. Ол үшін құқықтық тәрбиенің міндеті –жас өспірімдердің азаматтық белсенділігін қалыптастыру, заңды бұзушылыққа қарсы күресу. Әр түрлі әлеуметтік-құқықтық маңызы бар жұмыстарға қатыстыру.

Жоғарыда аталған міндеттер (талаптар), біріншіден, мектеп практикасында іске асырылған жағдайда ғана құқықтық тәрбие дұрыс жолға қойылды деп атауға болады.

Сонымен қатар, екіншіден, жалпы білім беретін мектеп әлеуметтік мекемелердің бірі ретінде білім алушыларға заман талабына сай, лайықты құқықтық білім беру, олардың құқықтық сана – сезімін қалыптастыруда шынайы ағартушылық орны болған жағдайда ғана іс жүзіне асады. Себебі, балалардың мектепте оқитын шағы – адамның сана сезімінің қалыптасуының ең бір нәтижелі кезеңі. Сондықтан, мектеп білім алушыға алғашқы күннен бастап қоғамның

қатаң және шүбәсіз талаптарын қойып, оны лайықты мінез-құлық ережелерімен ұштастыру қажет.

Бұл жұмыс қоғамдық сананың қол жеткен табыстарын, білім алушылардың жас ерекшеліктерін, ой-саналарының дәрежесін т.б. жағдайларды ескеріп жүргізілуі керек.




Қазіргі жағдайда жас ұрпақтардың сана – сезіміне, әрекет-қылығына әсер ететін жағдайлар сан алуан. Сондықтан да, құқықтық тәрбие жұмысын жүргізгенде оның түрлерін, амал-тәсілдерін, ұйымдастыру жолдарын алдын-ала анықтап, белгілеп алу қажет.

Білім алушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру, тек қана құқықтық тәрбие жұмысы арқылы ғана жүзеге асырылмайды. Мектепте күнделікті жүріп жатқан барлық оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру жұмысының да тікелей немесе жанамалап қатысы бар.




Білім алушыларға құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана сезімін бірінші кезекте қалыптастырудың маңызы зор. Себебі, құқықтық сана – қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде білім алушылардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдықпен тәрбиешілікті нығайту – мектептегі оқу – тәрбие жұмыстарының негізгі бір бағыты. Сондықтан пән мазмұны арқылы білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру маңызды болып табылады.

**АР-ҰЯТ Ұлттық құндылығын пән мазмұны арқылы жүзеге асыру тәжірибесі**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:1.** | Адам құқықтары түсінік | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Ергали У.Е | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:11** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 10.1.3.1 – тұлғаның құқықтық мүмкіндіктері түсінігін көрсете отырып, адамның құқығы мен бостандығы ұғымдарын түсіндіру; | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Тұлғалылық құқықтық мүмкіндіктерді анықтау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бағалау критерийлері:** | Адам құқығының түсінігі және негізгі түрлерін анықтайды;<br>Қазақстан және тұлға мемлекеттердің құқықтық мемлекет ретіндегі функциаларын түсіндіреді;<br>ҚР -да адам құқығының ролін постер әдісі арқылы дәлелдейді | | | |
| **Құндылықтарға баулу:** | ● **Халқына қызмет ету** | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Қызығушылықты ояту<br>8 мин. | **Б Адам құқығы қарастырмас бұрын “адам, “ тұлға ” , “азамат” ұғысдарының арақатынасын білу маңызы.**<br>**М** Жаңа тақырыппен таныстыру. Сабақтың қандай оқу дағдылары мен оқу мақсаттары болатынын ескерту.<br>Құқық не екенін еске түсіру.<br>Құқық дегеніміз не ?-деген сұраққа жауап береді.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны алдыңғы қатарға мұғалімнің жанына отыруын қадағаланады.* | Оқу құралын дайындау.<br>Зейінді педагогке аудару.<br>.<br>Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.<br>Өз ойларын ортаға салады.<br>Жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.<br>Өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізу. | **10** балдық шкала<br>**ҚБ**<br>Білім алушылар жауабын мұқият тыңдап «Өте жақсы», « Жақсы», «Жарайсың» деп ауызша бағалап отыру. | Тірек сөздермен жұмыс:<br>Адам;<br>тұлға;<br>азамат;<br>Адам құқығы мен бостандығы |
| **Сабақтың ортасы**<br>**Жаңа сабақ** | **М/Б “Адам құқығым мен босандығы туралы” түсінік сипатьайды**<br>**Топпен жұмыс: келтіру.**<br>**1-топ. Адам құқығымен** | **Дескриптор:**<br>1. ҚР Адам | **ҚБ.**<br>«Тамаша!»<br>«Жарайсың!» | ҚР Конституциясы. |

<table>
<tr>
<td>30 мин</td>
<td>бостандық туралы түсінік<br>2-топ. Адам құқығымен бостандығын жіктелуі<br>3-топ. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі<br>4-топ. Адам құқыңымен қорғау механизмі<br>ЕБҚ бар білім алушыны топ басшы етіп сайлап, топ ережесін сақтауға қатысты анық, нақты нұсқаулар беріледі.<br>Жұппен жұмыс:<br>Қазақстан «File» әдісі арқылыАдам құқығының Ерекшелігін айталы<br><table>
<tr><td>«F» - негізгі фактіні анықтаңыз</td><td></td></tr>
<tr><td>«I»- негізгі ндсясын айқындаңыз</td><td></td></tr>
<tr><td>«L» - көтерілген негізгі анықтаныз</td><td></td></tr>
</table><br>Жеке жұмыс.<br>Адам құқығының мен бостандығын жіктеу<br>Б Адам құқығы маңыздылығына қарай қаншаға жіктеледі? - сұрағына жауап арқылы бүкілсыныптық талқылау өткізу және интеллект карта салу.</td>
<td>құқығын анықтайды<br>2. Адам құқығының босандығын, мәрбесін түсіндіреді<br>.</td>
<td>«Жақсы!»<br>«Талпын!<br>Дескриптор:2 б<br>1.Адам құқығына тән белгілерді негіздейді;<br>2.Адам құқығының функцияларына баға береді.<br>Дескриптор:2 б<br>1.Бүкіл сынып адам және азаматтың құқықтарын атайды;<br>2. Адам және азаматтың міндеттерін көрсетеді.<br>ҚБ.<br>Тамаша жауап!<br>Жақсы жауап!<br>Тағы да ойланып көр!<br>Дескриптор 6 б<br>Білім алушылар Адам құқығының мен бостандығын жіктеу алады.<br>Білім алушылар Адам</td>
<td>Ақпараттық мәтін.<br><br>Үлестірмелі қағаздар.<br><br>Тірек-сызбалар.<br>Кесте.</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | құқығының қорғау механизмінің анықтайды | |
| **Сабақтың соңы Қорытынды Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.** | Кері байланыс<br>Маған ... қызықты болды<br>Маған ... бұл болашақта қажет болады...<br>Бұл ... қиындық туғызды...<br>Мені ойландырды... | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | леуметті-экономикалық Жеке құқық Саяси құқы ұғымдарын атап көрсетеді. |
| **Үй тапсырмасы** | 50-беттегі 2-деңгейлі тапсырманы орындау. | | | |

## АР-ҰЯТ Ұлттық құндылығын пән мазмұны арқылы жүзеге асыру тәжірибесі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бөлім:** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ергали У.Е | | | |
| **Күні:** | | | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Құқықтық мемлекет түсінігі және оның принциптері | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 10.1.2.1 – құқықтық мемлекеттің принциптерін айқындау; | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | құқықтық мемлекеттің принципте рін айқындау;<br>әлемдік тәжірибедегі құқықтық мемлекеттің мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету | | | |
| **Құндылықтар** | **Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну** | | | |
| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| Ұйымдастыру | Психологиялық релаксация, сергіту сәті. | Білім алушылар өз жауаптарын ұсынады | **10 балдық щкала ҚБ** | *Суреттер* |

<table>
<tr>
<td>Өзін-өзі тексеру<br><br>Өтке н білімді еске түсіру<br>10 мин</td>
<td>Білім алушылар бұл белгілер қандай мемлекет екендігін анықтауы тиіс Пікір айту<br>Құқықтық мемлекеттің белгілері:<br>1. Заң үстемдігі<br>2. Заң алдындағы азаматтардың теңдігі<br>3. Биліктің тармақтарға бөлінуі<br>4. Сот тәуелсіздігі<br>5. Саяси көппікірлік</td>
<td></td>
<td>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</td>
<td>през ентация</td>
</tr>
<tr>
<td>Жаңа білім<br><br>20 мин</td>
<td>Тірек сөздер<br>Құқық<br>Әділдік теңдік<br>Бостандық<br>Термин сөздер<br>Норма -жазбаша және ауызша бекітілген , тұрақталған әдет-ғұрып ережелері<br>1-тапсырма<br>Жеке жұмыс<br>Құқықтық белгілер кестені толтырып анықтама береді .
<table>
<tr><th>Жүйелік</th><th>Жалпыға міндетті</th><th>Формалды анықтылығы</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
2-тапсырма<br>Жұптық құқық<br>Құқықтық белгілерді<br>IDEA әдісі бойынша аналитикалық талдау жасайды.
<table>
<tr><td>I-Identify) -баптың негізгі идеясы; анықтау</td><td></td></tr>
<tr><td>D (Describe) - бапта көрсетілген құқықты іске асыру мүмкіндігі:</td><td></td></tr>
<tr><td>E (Explain) - осы себептердің мәселеге қалай ықпал еткенін түсіндіру</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Тірек сөздер ен жұмыс. Жұмыс жасау арқылы құқықтың негізгі белгілерін анықтау<br><br>Білім алушылар анықтамасын айтады. Қылмыстың төрт белгісін табады<br><br>Білім алушылар құқықтық белгілері мен міндетін біледі;<br>Құқықтық процестің қағидатын түсіндіреді</td>
<td>ҚБ<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>1. ескриптор :3 б<br>- Анықтамасын біледі;<br>- Құқықтық белгілерін 3 белгісін табады<br><br>Дескриптор:2 б<br>Құқықтық процестің міндетін біледі;<br>Құқықтық белгілерін және</td>
<td>Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы оқулық<br>Алматы "Мектеп" 2015<br><br>Қосымша 1<br><br>Үлестірмелі қағаздар</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | A (Analyze) - осы себептердің маңыздылығына талдау жасау<br><br>**Топтық жұмыс**<br>құқықтық мемлекеттің принциптерін анықтау<br>1-Топ<br>2-Топ<br>3-Топ | *Білім алушылар бір отбасы болып ұйымшылдық танытып кластер қорғайды* | *аналитикалық талдау жасай алады*<br><br>Дескриптор:5 б<br>Білім алушылар 3 топқа бөлініп<br>Құқықтық мемлекеттің принциптерін анықтайды<br>Принциптердің маңызын, қызметін, қаншаға бөлікке бөлінетінін түсіндіре алады. | |
| Бекіту<br><br>5 мин<br>Кері байланыс<br><br>5 мин | Сабақты қорытындылау<br>Үйге тапсырма<br>Жалғастырыңыз:<br>Маған ... қызықты болды<br>Бұл ... қиындық туғызды<br>Осы ... мені ойландырды | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Білім алушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | А4, конспект |

## «Талап» Ұлттық құндылығын пән мазмұны арқылы жүзеге асыру тәжірибесі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | **Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам** |
| Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда) | |
| Күні: | Ергали Ултуар Ергалиева |
| Сынып:10 | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары | 10.1.2.3 - конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату;<br>10.1.2.4 - азаматтық қоғамның мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету |
| Сабақтың мақсаты | Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының негізгі мәнін ашу |
| Құндылықтар | Адал еңбекті құрметтеу |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдас-тыру**<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br>7 минут<br><br>Жаңа тақырыпқа қадам<br>3 минут | **М/Б** Білім алушыларға адам құқықтарының бұзылуы туралы суреттер топтамасын ұсынамыз, Бүкілсыныптық талқылау жүргіземіз, сол арқылы жаңа тақырыпқа шығамыз. Сұрақтар:<br>- суреттер топтамасынан не көріп тұрсыз?<br>- суреттер топтамасын қандай атау беруге болады?<br>- біздің қоғамда Адам құқықтарын бұзу жағдайлары кездесіп жата ма?<br>**М** Білім алушыларды жаңа тақырыппен таныстырамыз. Білім алушыларға бүгінгі сабақтың қандай оқу дағдылары мен оқу мақсаттары болатыны туралы пікірін сұраймыз. Бағдарлама бойынша қарастырылатын оқу дағдылары, оқу және сабақ мақсаттарымен таныстырамыз.<br>**Қ**Бұл оқу үдерісінде білім алушылар бойынаАзаматтық жауапкершілік және Қазақстандық патриотизм атты мемлекет құндылықтары дарытылады | Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br>Білім алушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді | 10 балдық шкала<br>ҚБ «Мадақтау сэндвичі»<br>Білім алушылар жауабын мұқият тыңдап «жақсы», «өте жақсы», «жарайсың» деп ауызша бағалап отырамыз. | Тақырыптық суреттер |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>Жаңа білім<br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10 минут</td>
<td>«Адам құқығы» туралы бейнеролик көрсетіп, оның аясында талқылау ұйымдастыру. Бейнеролик бойынша сұрақтар:<br>- Адам құқықтарының өзге елдерде сақталуының ерекшеліктері қандай?<br>- Біздің қоғамда қалыптасқан адамдардың өзара құрметінің көріністері қандай?<br>ЕБҚ: білім алушы шығарылып берілген тапсырманы орындайды<br>ҚБұл оқу үдерісінде білім алушылар бойына<br>Азаматтық жауапкершілік және Қазақстандық патриотизм атты мемлекет құндылықтары дарытылады<br>1-тапсырма<br>Жұптық жұмыс<br>PETT формуласы. Азаматтық қоғамның негізгі элементтері мен институттары өзгерісі мен сабақтастығын талдайық!<br>
<table>
<tr><td>Pace (Қарқын) Өзгерістер қаншалықты жылдам жүрді? Жылдам, баяу, бірізді, бірізсіз?;</td><td></td></tr>
<tr><td>Extent (Масштаб) – өзгерістер қаншалықты елеулі/ауқымды болды? Елеулі, елеусіз, жаппай, революциялық?;</td><td></td></tr>
<tr><td>Turning points (Бетбұрыстысәттер) – сабақтастық табиғатынан өзгеріс</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Білім алушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды<br>Білім алушыларғаҚР Конституциясының II бөлімін ұсынамыз.Ол бөлімде Адам құқықтарынсаяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени бағыттар бойынша ҚР Конституциясының баптарын жіктейді.<br>Білім алушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.<br>Білім алушылар бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</td>
<td>ҚБ<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>Дескриптор: : білімалушылар бейне баянды көріп, түсінгенің айтады.<br><br><br>Дескриптор:4 б<br>1. Білім алушылар Азаматтық қоғамның негізі элементтері мен институттары өзгерісі мен сабақтастығын талдайды<br><br>ҚБ «Алақан-жұлдыз»<br><br>ҚБ «Ең үздік жауап»</td>
<td>Әбсаттаров Р., Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері қандай? / Р. Әбсаттаров// Ақиқат.- 2004.- N12.- 30-36б.<br><br><br><br><br><br><br>А. Ибраева, Г. Әлібаева, Қ. Айтхожин. «Құқықтану» .–Алматы: Мектеп, 2006 жыл .<br><br>Е. Куандықов, Ш. Маликова, С. Есетова. «Құқықтану» . – Алматы: Дәуір, 2007 жыл.<br>Жоламан Қ.Д. «Мемлекет және құқық теориясы». – Алматы: Нұр-пресс, 2007.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td><table><tr><td>сипатына ауысатынқан дай да бір сэттер бар ма?;</td><td></td></tr><tr><td>Trends (Үрдістер) – ұзақ уақыт кезеңінде прогрестен регреске қарай өзгеру үрдісі болды ма?)</td><td></td></tr></table>ЕББ білім алушыға суреттер/иллюстрациялар ұсынылады;<br>Топтық жұмыс<br>«Эйлер шеңбері» әдісі<br>Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралау.<br>Идеялар жинақталып, сараланады<br>А-4 парақка, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, кезекпен идеялар талқыланып, жазылады. Не?Қалай? Неге? Нәтиже? деген Мәселер бойынша идеялар сараланады.</td>
<td>Білім алушылар тақырыпқа сай өз ойларын еркін жеткізеді .</td>
<td>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»<br>Дис криптор: 6б азаматтың құқықтары мен бостандық тарын жіктейді (саяси, азаматтық, әлеуметтік, экономика лық және мәдени) және адам мен азаматтың міндеттерін ажыратады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 минут</td>
<td>Кері байланыс<br>Кері байланыс<br>1. Мен сабақ қызықты ______________ қызықсыз болды деп ойлаймын.<br>2. Мен сабақта: үйрендім көп нәрсені ______________ үйренгенім аз болды.<br>3. Мен басқаларды мұқият _______________ зейінсіз тыңдадым.<br>4. Мен пікірсайыстарға жиі _______________ сирек қатыстым<br>5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын _____________ риза емеспін.</td>
<td>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</td>
<td>Білім алушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</td>
<td>А4, конспект</td>
</tr>
<tr>
<td>Үй тапсырмасы</td>
<td colspan="4">Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары</td>
</tr>
<tr><td></td><td colspan="4"></td></tr>
<tr><td></td><td colspan="4"></td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | Қазақстан Республикасы ның конституция лық құқық жүйесі |
| **Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)** | |
| **Күні:** | |
| **Сынып: саны:** | Қатысушылар саны: Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазақстан Республикасы конституция лық құқығының институттары |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 10.2.1.2 - Конституциялық құқықтың қайнар көздерін анықтау және олардың міндеттерін түсіндіру (Конституция, Конституциялық заңдар, Конституциялық Кеңестің актілері және тағы басқалар) |
| **Сабақтың мақсаты** | -ҚР Конституциясына сиапаттама беру;<br>-конституциялық құқық институттарын құқықтық норма жүйесі ретінде түсіндіру;<br>-конституциялық құқықтың қайнар көздерін анықтап, міндеттерінің мәнін ашу. |
| **Құндылықтар** | Ұлттық мүдде : Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру<br>Өзін-өзі тексеру<br>Өткен білімді еске түсіру | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сабақ тақырыбына бағыттау үшін білім алушыларға келесі сұрақтар негізінде сыныппен талқылау ұйымдастырыңыз.<br>-Конституция дегеніміз не?<br>-Неліктен ҚР Конституциясы қабылданды?<br>-ҚР Конституциясы қандай бөлімдерден тұрады?<br>-Конституцияның осындай құрылымынан қандай<br>ой-түйін шығаруға болады?<br>Мұғалім талқылау сұрақтарының балама жауаптарын алдын-ала дайындайды. Сол жауаптар арқылы білім алушылар өзін-өзі бағалайды**.** | Білім алушылар өз ойларын ортаға салады. Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br><br>Білім алушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді | Мұғалімнің кері байланысы<br>10 балдық щкала | Тақырыптық суреттер |
| Сабақтың ортасы | Бейнебаян | Білім алушылар бейнебаянды | **ҚБ** Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият | ҚР Конституциясы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ҚР республикасының қайнар көзін қалай анықтаймыз?<br>Құқықтық нормалары дегеніміз?<br>ҚР Конституциясы жайында не білдіңдер?<br><br>Топтық жұмыс 1-тапсырма «Ойлан, жұптас, бөліс»- мәтінмен жұмыс<br>Топтарға Қазақстан Республикасы Конституциясында анықталған негізгі конституциялық құқық институттары туралы мәтіндер таратылады:<br>***1-топ:*** *Конституциялық құрылыс негіздері*<br>***2-топ:*** *Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі негіздері*<br>***3-топ:*** *Мемлекеттік билік жүйесі*<br>***4-топ:*** *Жергілікті басқару жүйесі*<br>Топтар өз жұмыстарын графикалық сызба негізінде жасап, қорғайды.<br>**ЕБҚ** білім алушыға дереккөздің форматын үлкейтіп, қолдау жасау<br><br>**Топтық жұмыс 2-тапсырма**<br>**ДЖИГСО** стратегиясы<br>**Президент, Парламент, Үкімет, Сот және Жергілікті басқару органдары** Конституцияда және Конституциялық заңдарда қалай нақтыланғанын анықтау тапсырмасы беріледі.<br>**1-топ:** Президент<br>**2-топ:** Парламент<br>**3-топ:** Үкімет<br>**4-топ:** Сот | көріп түсінгендерін айтады<br><br>Білім алушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды<br><br>Білім алушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.<br><br>Білім алушылар бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.<br><br>ДЖИГС О стратегиясы бойынша білім алушылар топта талқылғаннан кейін, топ мүшелері басқа топтарға бір делегаттан аттандырып, өзара өз ақпараттарымен алмасады.<br><br>Жұптар Конституциял | тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>**ҚБ** «Ең үздік жауап»<br><br>Дескриптор: 4 б<br>Білім алушылар топтық жұмыс барыснда Қазақстан Республикасы Конституциясында анықталған негізгі конституциялық құқық институттары туралы біледі.<br><br>Білім алушылар графикалық сызба негізінде түсіндіре алады.<br><br>Дескриптор :2 б<br>Конституцияда және Конституциялық заңдарда қалай нақтыланғанын анықтайды<br>Әр топ кластер ретінде карайды | Ата заңымыздың құрылымы мен тарихы<br>https://www.youtube.com/watch?v=MHbl8CyJAgk<br><br>Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі<br>http://adilet.zan.kz<br><br>Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты<br>http://www.akorda.kz/<br><br>Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теорияся. – Алматы, 2003.<br><br>Е. Куандыков, Ш. Маликова, С. Есетова. «Құқықтану». – Алматы: Дәуір, 2007 жыл.<br><br>Жоламан Қ.Д. «Мемлекет және құқық теориясы». – Алматы: Нұр-пресс, 2007. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **5-топ:**Жергілікті басқару органдары<br>-ҚР Конституциясының баптарына сәйкес бұл институттар қандай жолдармен құрылады?<br>-Бұл инстутттар қандай өкілеттіліктерге ие және соған сәйкес қандай қызметтер атқарады?<br>-Бұл институттар қандай қағидаттарға сай қарым-қатынас жасайды?<br>*Жұптық жұмыс*<br>**3-тапсырма**<br>**«Конституциялық құқық»** ұғымына ассоциация жасайды.<br>4 тапсырма<br>Жеке жұмыс<br>**Конституциялық – құқықтық институттар** дегеніміз қоғамдық қатынастың бір жақты және өзара байланысын реттейтін және біршама өзіндік топтар құрайтын конституциялық құқық нормаларының жиынтығы.<br>**Пікірің қажет!**<br>*Жергілікті басқару органдарының билік әлеуетін кеңейту қажет: иә – жоқ.*<br>Пікірталастың уақыты қатаң бақылауда болуы тиіс: спикерлерді мұқият таңдаңыз, екі жаққа тең 2 минуттан және сұрақтарға жауап беру үшін 5 минуттан уақыт беріңіз.<br>Білім алушылар өздерінің жауаптарын дәйектер келтіру арқылы түсіндіреді. | ық құқық институтары қалай нақтыланғаны н анықтау үшін төмендегі сұрақтарға сүйенеді: | Дескриптор: 4 б<br>Білім алушылар жұп болып Конституциялық құқыққа асссоция жасай біледі.<br><br>**ҚБ** «Мен саған, сен маған»<br><br>**ҚБ** «Өзін-өзі бағалау» | |
| Сабақтың соңы | Сабақты қорытындылау<br>Үйге тапсырма<br>Қазақстан Республикасы конституция<br>лық құқығының институттары | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Білім алушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | А4, конспект |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Кері байланыс:**<br>Wordoll | | | |

**«Ұлттық мүдде, Талап, Ар-Ұят» Ұлттық құндылықтарын пән мазмұны арқылы жүзеге асыру тәжірибесі**

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | | |
| **Пәні:** | Құқық негіздері | |
| **Бөлім:** | Жеке құқық<br>Отбасы құқығы жүйесі | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ергали У.Е | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 10** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 10.3.3.2 - Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру;<br>10.3.3.3 - әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру | |
| **Құндылықтар** | Ұлттық мүдде: **Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;**<br>Талап: **Сыни және креативті ;**<br>Ар-ұят: **Академиялық адалдық қағидасын қолдау;** | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br><br>Өзін-өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br>5 мин | **Ой салу**<br><br>-Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі<br>**Б.** Білім алушылар сабақта жаңа тақырыппен, оқу мақсатымен, бағалау критерийлерімен, терминдермен танысады. | Сабаққа ынталанады.<br>Жағымды ахуал туады.<br>Білім алушылар өз пікірлерін ортаға салады | **10 балдық шкала**<br>**ҚБ**<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады | Тақырыптық суреттер |

<table>
<tr>
<td>Жаңа білім<br><br>30 мин</td>
<td>Мағынаны тану.<br>Академиялық білімдер түсіндірілімі.<br>Жазып ал да, жаттап ал!!!<br>Неке - ерлі-зайыптылар арасындағы, <u>отбасын құру мақсатымен</u> заңдарда белгіленген тәрртіпте тіркелген еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ.<br>Отбасы - некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы.<br><br><u>ОТБАСЫ ҚАҒИДАЛАРЫ</u>:
<table>
<tr><td></td><td><u>Некені тіркеу</u></td><td><u>Отбасын құру және сақтау қағидағалары</u></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Білім алушылар мәтінмен жұмыс жасайды<br><br>Білім алушылар берілген кестені толырып , аанықтама береді<br><br>ҚБ<br>Мұғалім білім</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Білім алушылардың міндеті– берілген жазба жұмысының талапқа сай орындалуын қамтамасыз ету.<br>ЕБҚ білім алушыға қолдау көрсету мақсатында суреттің үлкен нұсқасын ұсынамын.<br>«Попс формуласы»: Ерлі зайыптылардың жеке және мүлікті құқық қатынастарының тоқтатылуын некенің тоқтатылуы деп түсінеді<br>1-қадам: «Менің ойымша...»<br>2-қадам: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»<br>3-қадам: «Оны мен мынадай фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»<br>4-қадам: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»<br>ЕБҚ білім алушылар маңызды тірек сөздерді жазып алады;<br>БЛИЦ СҰРАҚТАР жаттығуын жүргізу ;<br>**Сұрақ №1**<br>Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі –зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім қалай аталады?<br>**Жауабы:Неке шарты**<br>**Сұрақ №2**<br>Некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер азаматтық хал актілерін жазу органына арыз берген күннен бастап неше ай өткен соң жүргізіледі?**Жауабы: 1 ай**<br>**Сұрақ №3**<br>Қайсысы бұрыс?<br>А) Жылқайдарова Айым Болатқызы<br>Ә) Дастан-Жылқайдарова Айым Болатқызы<br>Б) Дастан-Мұса-Жылқайдарова Айым Болатқызы<br>**Жауабы:** Дастан-Мұса-Жылқайдарова Айым Болатқызы<br>**Сұрақ №4**<br>Неке шартының негізінде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі 40/60 пайызға бөлінуі мүмкін бе?<br>**Жауабы:** Мүмкін<br>ЕБҚ білім алушыға тапсырманы үлгі бойынша жасауды ұсыныңыз | алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>Білім алушылар БЛИЦ ксұрақтарына жауап береді | **ҚБ**<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>«Ең үздік жауап»<br><br>Дескриптор:2 балл<br>Отбасы қағидаттарын анықтайды;<br>Некені тіркеу қағидаларын сипаттайды;<br>Отбасын құру және сақтау қағидаларын ажыратады;<br><br>«Екі жұлдық,бір ұсыныс»<br><br>Дескриптор: 4 балл<br>Ерлі зайыптылардың жеке қатынастарын анықтайды;<br>Ерлі зайыптылардың мүлікті құқық қатынастарын сипаттайды; | Неке (ерлі-зайыптылардың) және отбасы туралы. Қазақстан Республикасының Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2013.<br><br>http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;<br><br>Отбасы мүшелері http://www.youtube.com/watch?v=YCP5f16NEzg<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=61ELOQQbHdk |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Дескриптор: 4 балл<br>Некеге тұрушы адамдардың келісімдерін түсіндіреді;<br>азаматтық хал актілерін жазу заңдылықтарын сипаттайды;<br>Неке шартының негізінде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкітерінің бөліну ерекшеліктерін түсіндіреді;<br><br>Өзін-өзі бағалау | ҚР Статистикалық агентігі www. stat.gov.kz |
| Кері байланыс 10 мин | Сабақты қорытындылау<br>Үйге тапсырма<br>Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі<br>**«Бұл сабақты оқып, мен…»**<br>Білмеймін .......<br>Білемін .....<br>Түсінемін .....<br>Түсінемін және қолдана аламын ....<br>Басқа біреуді үйрете аламын ..... | Сабақтың тақырыбын қорытындылау<br>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | «Ең үздік жауап»<br>Білім алушылар бағалай критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды | Ақпараттық карточка<br><br>А4, конспект |

## «Талап» Ұлттық құндылығын пән мазмұны арқылы жүзеге асыру тәжірибесі

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | |
| **Пәні:** | Құқық негіздері |
| **Бөлім:** | Жеке құқық |

| | Еңбек құқығы жүйесі | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ергали У.Е | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 10** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Қазақстан Республикасында еңбек қатынастары ның құқықтық реттелуі | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 10.3.4.1 - Қазақстан Республикасы еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру;<br>10.3.4.2 - әртүрлі өмірлік жағдаяттарда еңбек құқықтарының іске асуын зерттеу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Еңбек қатынастарының құқықтық реттелу ерекшеліктерін, қағидаларын, еңбек құқығының жүзеге асу жолдарын анықтау | |
| **Құндылықтар** | Ұлттық мүдде: **Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға үлес қосу;**<br>Талап: **Жеке және командамен жұмыс істей білу;**<br>Ар-ұят: **Адал еңбекті құрметтеу; Достарына,сыныптастарына,отбасы мүшелеріне қамқор болу,мейрімділік таныту;** | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br><br>Өзін-өзі тексеру<br><br>5 мин<br><br>Өткен білімді еске түсіру | Миға шабуыл<br>Жеке жұмыс<br>-«Еңбек бәрін жеңбек» мағынасын түсіндір<br>Еңбек жайлы қандвй мақал-мәтелдер білесіз? | Сабаққа ынталанады.<br>Жағымды ахуал туады.<br>Білім алушылар өз пікірлерін ортаға салады<br>Сыни тұрғыда ойлауды қалыптастырады. | **10 балдық шкала**<br>**ҚБ** Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады | сурет |
| Жаңа білім | **1 -тапсырма жұптық Мәтінмен жұмыс**<br>1. Еңбек құқығының түсінігі<br>2. Еңбек құқығының субъектілері<br>3. Еңбек құқығы субъектілерінің түрлері:<br>4. Еңбек құқығының қайнар көзде<br>5. Еңбек құқығының қағидалары: | Оқушлар Еңбек құқығына түсінік береді | Дескриптор:5 б<br>Білім алушылар еңбек құқығының түсігін біледі<br>Білім алушылар еңбек құқығының субъектілерін анықтайды | Құқық негіздері, Практикум, Әдістемелік құрал, Астана 2015 ж. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ЕБҚ білім алушыға тапсырмада жетіспейтін сөзді толықтыруды ұсыныңыз<br>**<u>2 -тапсырма</u>**<br>**<u>Топтық жұмыс</u>**<br>**<u>ҚР Конституциясы</u>**<br>**24-бап. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар**<br>1.Азаматтың қандай еңбек түрімен айналысатындығы туралы шешімді кім қабылдайды?<br>2.Ерікті еңбек ету дегеніміз не? Еріксіз еңбек ету қандай жағдайларда мүмкін?<br>**Еңбек қатынастарының ерекшеліктері: ҚР Еңбек кодексі мен ҚР заңнамаларын негізге ала отырып жағдаяттар шешу**<br>***Жағдаят №1***<br>Мектеп директоры өзіне кедергі келтіріп жүрген кәсіподақ ұйымынан құтылмақшы болды. Осы мақсатта ол мұғалімдер мен басқа да мектеп қызметкерлерін өз кеңсесіне бір-бірлеп шақырды және екі арыздың бірін жазуға таңдауды ұсынды: не кәсіподақтан шығу арызы немесе өз еркі бойынша жұмыстан шығу арызын жазу. Математика мұғалімі өз құқықтарын қорғау үшін сотқа баруға шешім қабылдады.<br>Мектеп директоры еңбек заңнамасының қандай қағидаларын бұзып отыр?<br>ЕБҚ білім алушыларына (есту, көру, қабылдау деңгейі төмен)қосымша қолдау көрсету мақсатында үлестірме материал беріледі. | Білім алушылар топ болып жағдаятқа жауап береді | Білім алушылар еңбек құқығы субъектілерінің түрлерін жазады<br>Білім алушылар құқығының қайнар көзде екенің дәлелдейді<br>Білім алушылар еңбек қағидаларын анықтайды<br>«Ең үздік жауап»<br><br>**Бағалау критерийі:**<br>Берілген жағдаяттардың шешімін анықтайды<br>**Дескриптор:**<br>Заңнамаға сүйене отырып, заңға сілтеме жасай отырып мәселенің шешімін көрсетеді<br>**ҚБ**<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br>«Екі жұлдық,бір ұсыныс»<br><br>Өзін-өзі бағалау | Тажибаева А.Х. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ Оқу - әдістемелік құрал, 2016<br><br>Ахметов А., Ахметова Г. Еңбек құқығы. Оқулық. – Алматы : «Нұр-пресс», 2005. – 405 бет.<br><br>ҚР Конституциясы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту<br>Кері байланыс | Сабақты қорытындылау<br>Үйге тапсырма<br>Қазақстан Республикасында еңбек қатынастары ның құқықтық реттелуі | Сабақтың тақырыбын қорытындылау | «Ең үздік жауап» | Ақпараттық карточка |
| | **Кері байланыс**<br>Мен мына тұстарды басқаларға түсіндіре аламын...<br>Тақырыппен таныстым, бірақ ...<br>... сәйкес жағдаяттарды шеше аламын | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Білім алушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | А 4, конспект |

Оқу процесінде құқықтық тәрбие жұмысын 1-ші сыныптан бастап, белгілі бір жүйелікпен ұйымдастырылған түрде білім алушының оқуды бітіргенге дейінгі аралығында жүргізу маңызды. Себебі, құқық әрбір адамның қоғамдағы жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, адамдармен, жалпы тіршілік ету ортасымен қарым –қатынасын реттейді.




Тарихтан бізге мәлім Маңу Заңы және XII кесте Заңы, Наполеон кодексі, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» т.с.с. құқық жайында жазылған жазба ескерткіштердің болғаны. Яғни, қай қоғамды алмасақ та, оның өзіне тән құқық қорғау ережелерінің болғаны.

Әсіресе, құқық туындап отырған күрделі мәселені шешуде моральдық нормалардың дәрменсіздігі жағдайында адамдардың қарым – қатынасын реттеуге көмектеседі, көптеген сұрақтарға жауап беріп, сол жағдайдан шығудың жолдарын көрсетеді. Сондықтан да оны білу, әрбір азаматтың парызы.

Құқықтық білім мен тәрбиенің нәтижелі болуы үшін білім алушылардың жасын, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, әр баланың жеке басының қасиеттерін ескеру керек. Сол себептен де құқықтық тәрбие беру жұмысы бірнеше сатыдан тұрады: 1-4 сыныпта; 5-7 сыныпта; 8-9 сыныпта; 10-11 сыныптар аралығында. Сатыдан сатыға көшкенде құқықтық тәрбие күрделеніп, тереңдей береді. Білім алушылардың құқықтық сана – сезімін қалыптастыруда бір сатыда қол жеткен табыс келесі сатыда баянды етіліп, молая беруі тиіс.

Тәрбиенің негізі мектептегі оқу болса, білім алушыларға оқу пәндерінің құқықтық тәрбие берудегі қызметі айрықша. География, биология пәндерін оқытқанда балаларға қоршаған ортаны сақтап, тиімді пайдалануға, қорғауға арналған заңдар туралы мәлімет беруге болады. Ол Ата Заңның 38 бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» деп атап көрсетілген.

Тіл туралы ілімді алатын болсақ, оның өзінде де заңға байланысты мәселелердің бар екенін байқаймыз. Заңға сәйкес халыққа білім берудің негізгі принциптерінің бірі -әрбір баланың оқу тілін өз тілімен таңдауы. Бұл ұлттық мәдениетті көркейтіп, халықтар достығын нығайтуға бағытталған заңдық принцип.

Әдебиеттің де құқықтық тәрбие беруде маңызы зор.




Тікелей құқықтық тәрбие беру-арнайы жүргізілетін сабақтар, әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі күнде ол мектепте «Құқық негіздері» пәні аясында жүзеге асырылуда. Пән мазмұнына ұлттық құндылықтарды кіріктіріп, оны оқу процесінде тиімді жүзеге асыру білім алушының құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі Отбасының қоғамдағы маңыздылығы: Отбасының әлеуметтік мәні неде? тақырыбы аясында білім алушылар отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау барысында әлеуметтік желілердің Отбасы өмірінің этикасы мен психологиясына және ұлттық құндылықтарға зияны мен пайдасын ашып көрсете отырып, білім алушы бойына ұлттық құндылықтар қалыптастырылды.

Заң туралы мәліметтерді білім алушылардың құқықты оқу факультативінде де алу мүмкіндігі бар. Бұл факультатив негізінен білім алушылардың жоғарғы сыныптарында ұйымдастырылып, олардың бұрын алған білімдерін толықтыруға септігін тигізеді.

Білім алушыларға құқықтық білім беруде саяси оқу да өз нәтижесін береді. Онда парламентте қабылданған заңдарды оқып үйрену, жастардың арасында қоғамға жат әрекеттердің болу себептеріне талдау жасау секілді жұмыстарды атқарудың маңызын атаған жөн. Кейінгі кезде осы бағытта «Қалқан мен семсер»

атты құқықтың білім беру клубтарының жұмысы кеңінен қолдануда. Мұның жұмысында әр тарапты құқық қорғау тақырыптарына арналған дәрістер, әңгімелер, сұрақ-жауап кештері, кездесулер өткізіліп отырады.

Құқықтық тәрбие жүйесіне қатысты жұмыстар мен оның тәсілдерін сапалы түрде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра пайдаланған жағдайда ғана оның жұмысы нәтижелі болмақ.

***Құқық тәрбиесінің адамгершілік және халықтық тәрбиемен байланысы***

Білім алушыларға адамгершілік тұрғысында тәрбие беруде ата – бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегенің мәні зор. Сөз қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, содан өзіне тәлім — тәрбие алған бабаларымыздың қасиетіне бүгінде не жетсін!

«Ұйқы кедейліктің төте жолы», «Байлық бір жұттық», «Өнерлі өрге жүзеді», «Ата – анасын сыйлаған адал бала» т.с.с. тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бере отырып, ұрпақтарды адамгершілік пен құқықтық тәрбиеге баулыған. Сонымен ата – бабамыздың үлгісін, жол-жоралғысын еске ала отырып, тарихта өткен хандарды, олардың жарлықтарын, билердің әділ шешімдерін білім алушыларға меңгертудің де мәні зор. Сондықтан, оқу процесінде пән мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру аясында өмірге, еңбекке аттанатын білім алушылардың бойында адамгершілік қасиет пен құқықтық мәдениеттің негіздері бірлікте қалыптасуы тиіс.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген аталы сөзді халқымыз бекер айтпаған. Бұл тәлімгерлік мақал білім – тәрбие беретін мектеп пен отбасына ортақ қағида. Ол үшін әр отбасы, әр ата – ана құқықтық нормалар туралы ұғымдарды жете түсініп, мемлекеттік заңдарды құрметтеуі, оларды мүлтіксіз орындап, жауапкершілікпен қарауы, өз балаларын құқықтық мәдениет пен білімді меңгеруге бағыттай отырып, ата – баба тәжірибесін үнемі назарда ұстап тәрбиелеуі маңызды.

Сонымен қатар пән мазмұны арқылы білім алушыларға құқықтық білім беру жүйесінде құқықтық ұғымдарды, идеяларды, түсініктерді талдап, құқықтық актілердің мазмұнын дұрыс ұғынуға бағыт беру арқылы, білім алушылардың сана – сезімдерін, ой – парасаттарын, құқықтық нормаларын қатаң сақтай білуге, қоғамдық орындарда жүріп- тұру ережелерін қатаң сақтауға, сонымен бірге айналасындағы адамдардың ар-ожданын, адамгершілік сезімдерін құрметтеуге тәрбиелеу басты назарда болуы шарт.

Заң – қоғамдық пікірге, оның мүшелерінің көзқарасы мен қалауына байланысты туындап, барлық азаматтарды мойындайтын жалпы ережелер жиынтығы.

Негізінде қоғамды адам емес заң билеу керектігін ежелден философтар тұжырымдаған. Сондықтан да заңды білу – заман талабы. Бүгінде Қазақстан Республикасында демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясын жүзеге асыру, ондағы әр бір азаматтың өз құқықтарын жете біліп, соған сай сана – сезімін қалыптастырып, мінез-құлық пен түрлі әрекеттерінде құқықтық нормаларды басшылыққа алу дағдыға айналуы тиіс. Ол үшін:

– Білім алушыларға жалпы орта білім беру жүйесінде құқықтық білім мен тәрбие беруді жан-жақты тереңдету.

– Білім алушылардың құқықтық мәдениеті мен адамгершілік тәрбиесін бірлікте қалыптастыру.

– Әрбір білім алушының осы бағытта жеке сауаттылығын үнемі ынталандырып отыру.

– Оларға қылмыстың кез-келген түріне жиркенішпен қарап, төзбеуге бағыт –бағдар беріп отыру.

– Мектепте құқық негіздерінен алған білімдері мен тәжірибелерін практика жүзінде қолдана білуге үйрету маңызды болып табылады.

*Жалпы орта білім беру деңгейінің 11-сыныбына арналған* ***«Құқық негіздері»*** *пәнін оқытуда Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар*

Алматы қаласы, Медеу ауданы «Ы. Алтынсарин атындағы №159 гимназия» МКК-ның тарих және құқық негіздері пәндерінің педагогі, «шебер педагог» Гулмира Сагатовна Асанбекованың іс-тәжірибесінен:

Қазіргі уақытта білім беру әр жолы жаңа технологиялармен байытыла отырып дамуда. Педагогикалық процеске тиімді бағыттар мен жаңа тәсілдер енгізу барысында инновациялық әдістемелер жетілдірілуде. Сонымен қатар жаһандану заманында әрбір мемлекет өзінің менталитетін, ұлттық ерекшеліктерін сақтауы маңызды болып табылады. Осы жағдайда ұлттық мұра ретінде қалыптасқан және жетілдірілген ұлттық құндылықтарымыздың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, практика мен ғылым жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыру, сапалы білім алу үшін жағдай жасау, тұлғаның рухани, дене және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салты мен адамгершілік үшін берік негіздер қалыптастыру жеке тұлғаны дамыту, ой-өрісін және өзін-өзі тануын байыту» атап көрсетілген.

Еліміздің әрбір азаматының білім алу құқығына сәйкес әрбір білім алушының ұлттық құндылықтарға, ұлттық тәрбиенің ерекшеліктеріне құрметін қалыптастыру, дамыту, оқыту процестерін дидактикалық жағдайлармен қамтамасыз етудің жан-жақты қажеттілігі артады.

Ұлттық құндылықтар – біздің ұлттық дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымыз, халқымыздың мәдениеті мен өнері. Ұлттық құндылықтарды жаңа ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту ісіндегі озық технологиялармен байланыстыра отырып, әрбір жаста ұлттық патриотты, өзіне сенімді тұлғаны тәрбиелеу қажет.

Егер қазақ ағартушысы М. Жұмабаев: «Тәрбиеші баланы өзі тұратын, өмір сүретін және жасайтын ұлттың рухында тәрбиелеуге міндетті» деп пайымдаса, онда қазақ ғалымы Жүсіпбек Аймауытов: «Егер мектеп бітіруші бүкіл әлемге, басқаларға және өз өміріне білімді адамның саналы көзқарасымен қарайтын

болса, онда білім берудің негізгі және ең басты мақсаты түсінікті болады. Мектеп бұл бағытта болашақта жас адамның дамуы үшін берік іргетас қалауы тиіс», деп атап көрсеткен.

Сондықтан да білім мазмұнына ұлттық құндылықтарды кіріктіру және оны оқу процесінде тәрбие құралы ретінде тұтастықта жүзеге асыру бүгінгі күннің басты талабы болап табылады. Өйткені– ұрпақты биік мұраттарға жетелейтін сапалы білімнің негізі. Ол адам жанын ізгілікке бағыттап, құнды адами қасиеттермен тәрбиелейді. Қазіргі кезең – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлттың болашағы болмақ. Ұлағатты ұрпақ – ұлттың сапасының айнасы. Сондықтан ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік, инабаттылық, мейірімділік, бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттерді бойына сіңірген жасампаз азаматты тәрбиелеу аса маңызды. Еліміздің өркендеуі мен дамуы үшін өз халқына сүйіспеншілікпен қарап, мемлекет мүддесін жоғары қоятын, білімді әрі адал ұрпақ тәрбиелеу – ең өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда болуы тиіс. Сондықтан Біртұтас тәрбие бағдарламасында айқындалған Ұлттық құндылықтар Ұлттық мүдде, Ар-Ұят, Талап құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіре отырып оқу процесінде жүзеге асыру маңызды болып табылады.



| | |
|---|---|
| | |
| Ұлттық мүдде құндылықтары | *Пән мазмұны арқылы жүзеге асыру* |
| 1. Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу | Қазақстан Республикасы- құқықтық мемлекет<br>*11.1.2.1 - Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының құқықтық саясат концепциясы, Қазақстан Республикасының адам құқығы саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары концепциясы және тағы басқалар) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру* |
| 2. Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу | Заңдылық және құқықтық тәртіп<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |
| 3. Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу | Құқықтық сана<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |
| 4. Қоғам игілігі үшін қызмет ету | Заңдық жауапкершілік<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |
| 5. Ұлттық мұраға ұқыпты қарау | Алқабилер соты ұғымы және оның қызметінің негіздері<br>11.4.1.3 – Қазақстан Республикасы алқабилер соты қызметінің құқықтық негіздерін анықтау |
| 6. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу | Жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу<br>*11.2.3.1 - жер құқығының құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру;*<br>*11.2.3.2 - Қазақстан Республикасының Жер кодексі негізінде жерге меншік құқығы, пайдалану құқығы, және басқа да құқық түрлерін ажырату* |

| | |
|---|---|
| 7. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | Азаматтық сот ісін жүргізу түрлері. Азаматтық сот ісін жүргізу үдерісінің кезеңдері<br>11.4.2.3 - Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес соттың істі қарау негіздері мен ерекшеліктері бойынша білімдерін шығармашылық түрде көрсету |
| 8. Ұлттық мәдениетті дәріптеу | Құқықтық мәдениет. Құқықтық мінез-құлық<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |

## *Білім алушылардан күтілетін нәтижелер:*

- ***Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болады;***
- ***Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;***
- ***Елінің тарихын құрметтейді;***
- ***Ұлттық мұрасты, мәдениетті дәріптейді;***
- ***Құқықтық және*** ***болады.***

## АР-ҰЯТ




| 11 сынып, Құқық негіздері | |
|---|---|
| Ар-Ұят құндылықтары | *Пән мазмұны арқылы жүзеге асыру* |
| 1. Академиялық адалдық қағидатын қолдану | Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық үшін құқықтық (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік) жауапкершілік |

| | |
|---|---|
| | *11.2.5.1 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты басқа құқық бұзушылық түрлерінен (заңсыз сыйақы алу, алаяқтық) ажырату;*<br>*11.2.5.2 - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау* |
| 2. Әдеп нормаларын ұстану | Құқықтық мінез-құлық<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |
| 3. Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну | Азаматтық-құқықтық келісімшарт<br>*11.3.1.1 - келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру;*<br>*11.3.1.2 - келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру* |
| 4. Адал еңбекті құрметтеу | Кәмелетке толмағандардың еңбек құқықтарын жүзеге асыру<br>*11.3.5.1 - еңбек құқығын қамтамасыз ету тәсілдерінің тиімділігін құқықтық жағдаяттар мысалында бағалау;*<br>*11.3.5.2 - кәмелетке толмағандардың еңбек құқығын жүзеге асыруын зерттеу* |
| 5. Халқына адал қызмет ету | Заңдылық және құқықтық тәртіп<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |
| 6. Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту | Заңдық жауапкершілік<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |
| 7. Сөзіне берік, ісіне адал болу | Құқықтық сана<br>*11.1.1.3 - заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;*<br>*11.1.1.4 - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру* |
| 8. Отбасының өз ортасының абыройын асыру | Отбасы, отбасы түрлері<br>*11.3.4.1 - ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру* |
| 9. Өзін, отбасының, сыныптың, мектептің, | Ата-аналардың балалары алдындағы және балалардың ата-аналары алдындағы құқықтары мен міндеттері |

| | |
|---|---|
| қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну | *11.3.4.1 - ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру* |

## *Білім алушылардан күтілетін нәтижелер:*

- ***Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;***
- ***Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;***
- ***Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;***
- ***Достарын, сыныптастарын сыйлайды;***
- ***Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.***




| **11 сынып, Құқық негіздері** | |
|---|---|
| **Талап құндылықтары** | *Пән мазмұны арқылы жүзеге асыру* |
| **Сыни және креативті ойлау** | Құқықтық жанжалдарды шешу жолдары<br>*11.1.3.2 азаматтардың құқығын қорғайтын (адвокат, медиатор және тағы басқа) тұлғалардың функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау* |
| **Жеке және командамен жұмыс істей білу** | Қазақстан ...ының азаматтық қоғам институттары<br>**ТАЛАП**<br>*11.1.2.2 ... Республикасы азаматтық қоғамының негізгі фун...алдық қажеттілігін түсіндіру;* |
| **Білуге, жаңаны тануға құштар болу** | Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет<br>*11.1.2.1 - Қазақстан Республикасы-ның саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі* |

| | |
|---|---|
| | *құқықтық саясатының тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 жарлығы), Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 қаулысы) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру* |
| **Физикалық белсенді болу** | Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар<br>*11.2.4.1 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау* |
| **Салауатты өмір салтын ұстану** | Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар құқықтарының қорғалуы және жүзеге асырылуы<br>*11.1.3.4 Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын жүзеге асыру және қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру* |
| **Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету** | Білікті заң көмегін алу құқығы<br>*11.1.3.3 Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру* |
| **Дұрыс қарым-қатынасты орнату** | Еңбек дауларының қаралуы<br>*11.3.5.3 жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарастыру механизмдерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау* |
| **Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау** | Сақтандыру шарты<br>*11.3.1.1 келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру;*<br>*11.3.1.2 келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру* |

***Білім алушылардан күтілетін нәтижелер:***

- ***Жан мен тән тазалығын сақтайды;***
- ***Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;***
- ***Қоршаған орта тазалығын сақтайды;***
- ***Ақпараттық, медиа және қаржылай сауатты болады;***
- ***Ізденімпаз және жасампаз тұлға болады.***

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ құндылығын білім мазмұнына кіріктіріп, оқу процесінде жүзеге асыру бойынша ұсынымдар. 11- сынып, 1-тоқсан

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **Мемлекет және құқық** |
| **Педагогтің аты-жөні** | Асанбекова Гулмира Сагатовна |
| **Күні:** | |

| Сынып:11 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:** | Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 11.1.2.1 - Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының құқықтық саясат концепциясы, Қазақстан Республикасының адам құқығы саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары концепциясы және тағы басқалар) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Құқықтық мемлекеттің мәнін анықтау. | |
| **Бағалау критерийлері:** | Құқықтық мемлекетке тән белгілерді анықтайды;<br>Қазақстан және өзге мемлекеттердің құқықтық мемлекет ретіндегі белгілерін интеллект карта арқылы көрсетеді;<br>Құқықтық мемлекеттің маңыздылығын анықтап, баға береді. (Құқықтық мемлекет не себепті қажет? сұрағына жауап береді). | |
| **Құндылықтарға баулу:** | ● Құрмет (топтық жұмыстағы өзара құрмет, бір-бірін тыңдауы және уақыт ережелерін сақтау, заңға құрмет);<br>● Азаматтық жауапкершілік (заңды сақтау, міндеттерді орындау);<br>● Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік (ҚР Конституциясы мен негізгі заңнамаларын оқып, үйрену);<br>● Ынтымақтастық (топпен жұмыста оқып-үйрену арқылы білім алушылар арасындағы өзара сыйласымдылық арқылы қатынас ). | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Білім алушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Қызығушылықты ояту<br>8 мин. | **Б** Мемлекет құрылымының негізі ретінде ҚР Конституциясының құрылымы мен мазмұнын және оның құқықтық мемлекет ретіндегі ерекшеліктерін қарастыру.<br>**М** Жаңа тақырыппен таныстыру. Сабақтың қандай оқу дағдылары мен оқу мақсаттары болатынын ескерту. | Оқу құралын дайындау.<br>Зейінді педагогке аудару.<br>ЕБҚ бар білім алушы алдыңғы қатарға отырады.<br>Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу. | **ҚБ**<br>Білім алушылар жауабын мұқият тыңдап «Өте жақсы», «Жақсы», «Жарайсың» деп ауызша бағалап отыру. | Тірек сөздермен жұмыс:<br>Демократия;<br>Құқық;<br>Құқықтық мемлекет;<br>Биліктің бөлінуі. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мемлекет дегеннің не екенін еске түсіру.<br>ҚР Конституциясының 1-бабы: «ҚР өзін құқықтық мемлекет ретінде бекітті» делінген.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны (* ***СДВГ бар назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы)*** *алдыңғы қатарға мұғалімнің жанына отыруын қадағаланады.* | Өз ойларын ортаға салады.<br>Жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.<br>Өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізу. | | |
| **Сабақтың ортасы**<br>**Жаңа сабақ**<br>**30 мин** | **М/Б**<br>**Топпен жұмыс:** «ҚР Конституциясына жалпы сипаттама» **келтіру.**<br>**1-топ.** 1-2 бөлім баптарымен;<br>**2-топ.** 3-4 бөлім баптарымен;<br>**3-топ.** 5-6 бөлім баптарымен;<br>**4-топ.** 7-бөлім баптарымен;<br>**5-топ.** 8-9 бөлім баптарымен.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны топ басшы етіп сайлап, топ ережесін сақтауға қатысты анық, нақты нұсқаулар беріледі.*<br>**Жұппен жұмыс:**<br>Қазақстан Республикасындағы биліктің үш тармағын анықтау:<br>ҚР | **Дескриптор:**<br>1. ҚР Конституциясының бөлімдерін баптарымен көрсетеді;<br>2. Конституция бөлімдерінің атауларын нақтылайды.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны(ларды) ең оңай сұраққа жауап беруін сұрай отырып, қозғалысқа түсіру арқылы қолдау білдіру.*<br>**Дескриптор:**<br>1.Биліктің үш буынын атайды; | **ҚБ.**<br>Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br>**ҚБ.**<br>«Тамаша!»<br>«Жарайсың!»<br>«Жақсы!»<br>«Талпын!»<br>**ҚБ**<br>«Өзін-өзі бағалау»<br>ҚБ. | ҚР Конституциясы.<br>Ақпараттық мәтін.<br>Үлестірмелі қағаздар.<br>Тірек-сызбалар.<br>Кесте. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>біліктің үші буыны:<br><table><tr><td>аңшығарушы</td><td>тқарушы</td><td>от</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br><br>Жеке жұмыс.<br>Құқықтық мемлекетке тән белгілерді негіздеу<br>Құқықтық мемлекетте адам және азаматтың құқықтары мен міндеттері қалай көрінеді?<br>Б<br>Конституцияда көрсетілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтары іс жүзінде орындалуда ма? - сұрағына жауап арқылы бүкіл сыныптық талқылау өткізу және интеллект карта салу.</td>
<td>2.Біліктің әр буынын сипаттайды;<br>3. Билік буындарына баға береді.<br><br>Дескриптор:<br>1.Құқықтық мемлекетке тән белгілерді негіздейді;<br>2.Құқықтық мемлекетке баға береді.<br><br>Дескриптор:<br>1.Бүкіл сынып адам және азаматтың құқықтарын атайды;<br>2. Адам және азаматтың міндеттерін көрсетеді.</td>
<td>Тамаша жауап!<br>Жақсы жауап!<br>Тағы да ойланып көр!</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>Қорытынды<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.</td>
<td>Кері байланыс<br>Маған ... қызықты болды<br>Маған ... бұл болашақта қажет болады...<br>Бұл ... қиындық туғызды...<br>Мені ойландырды...</td>
<td>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</td>
<td>бағалау критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды.</td>
<td>Импичмент,<br>Вето,<br>Вотум,<br>Сот тәуелсіздігі ұғымдарын атап көрсетеді.</td>
</tr>
<tr>
<td>Үй тапсырмасы</td>
<td>50-беттегі 2-деңгейлі</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тапсырманы орындау. | | | |

**АР-ҰЯТ құндылығын білім мазмұнына кіріктіріп, оқу процесінде жүзеге асыру бойынша ұсынымдар Қысқа мерзімді жоспар**
**11– сынып, 2-тоқсан**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Жария құқық | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Асанбекова Гулмира Сагатовна | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:11** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | «Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық» түсінігі мен белгілері. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық түрлері. | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 11.2.5.1 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты басқа құқық бұзушылық түрлерінен (заңсыз сыйақы алу, алаяқтық) ажырату; | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Білім алушыларға құқық қорғау органдарының міндеттерін, құрылымын, қызметін түсіндіре отырып, олардың мемлекет пен азаматтардың мүддесін қорғайтын мемлекеттік органдар екендігін ұғындыру | |
| **Бағалау критерийлері:** | Сыбайлас жемқорлық ұғымын біледі;<br>Сыбайлас жемқорлық зардаптарын анықтайды;<br>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі барлық алынған білімдерін саралай отырып, жағдаяттардың шешімін талдайды. | |
| **Құндылықтарға баулу:** | Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп, ашықтық, ***академиялық адалдық қағидатын қолдау.*** | |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**Ұйымдастыру**<br>**Кезеңі**<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**8 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі** (сәлемдесіп, білім алушылардың көңіл-күйлерін сұрай отырып, назарларын сабаққа, сабақ мақсатын аудару, білім алушыларды түгендеу).<br>*ЕБҚ бар білім алушыны (* ***СДВГ бар назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы)*** *алдыңғы қатарға мұғалімнің* | Оқу құралын дайындау.<br>Зейінді педагогке аудару.<br>ЕБҚ бар білім алушы алдыңғы қатарға отырады.<br>Білім алушылар өз ойларын ортаға салады. | Педагог ауызша кері байланыс береді.<br>ҚБ<br>Дұрыс!<br>Жақсы!<br>Ынталан! | Интербелсенді тақтадағы үй тапсырмасына қатысты сұрақтарды көрсету.<br>Тақырыптық суреттер мен ұғымдар:<br>Сыбайлас жемқорлық; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *жанына отыруын қадағаланады.*<br>**Ой қозғау**<br>Б. Сабақ мәселесі не жайында болмақ?<br>**БЫМ. Бейнекөрсетілімді қарап шығу**<br>Бейнекөрсетілім не туралы екен?<br>Онда не баяндалған?<br>Қандай ақпарат алдыңыздар?<br>Педагог білім алушыларды жаңа сабақ тақырыбы және сабақтың мақсатымен таныстырады. | Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.<br>Білім алушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді. | Бейнекөрсетілімді мұқият қарап шығу.<br>Педагогтің сұрақтарына жауап беру.<br>Педагог ауызша кері байланыс береді.<br>Дұрыс!<br>Жақсы!<br>Тағы да ойланып көр! | Билік өкілі;<br>Сыбайлас жемкорлық көрінісі.<br>https://www.youtube.com/watch?v=xRRyCV9CicU |
| **Сабақтың ортасы:** | **П(педагог)**<br>Сыныпқа **жеке жұмыс** береді.<br>**Ж.**<br>**І. Жеке жұмыс**.<br>Оқулық мәтініндегі №1,2 пункттердегі (168-170 беттері )мәтінді оқи отырып, тест сұрақтарына жауап беру.<br>**Т.**<br>**ІІ. Топпен жұмыс. «Джигсо» әдісі арқылы дереккөзді сипаттау.**<br>Педагог сыныпты **4 топқа** бөледі. Әр топқа атаулар үлестіреді. Содан кейін әр топтың атауларына қарай, дереккөз ұсынады.<br>**1-топ**. Сыбайлас жемкорлық түрлері<br>**2-топ**. Сыбайлас жемкорлықтың мінез-құлық түрлері<br>**3-топ**. Сыбайлас жемкорлық құқықбұзушылық белгілері | Әрбір білім алушы **жеке жұмыс** жасайды.<br>Білім алушылар педагог қойған тест сұрақтарына жауап береді.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны(ларды) ең оңай сұраққа жауап беруін сұрай отырып, қозғалысқа түсіру арқылы қолдау білдіру.*<br>Әр топта отырған білім алушылар суреттегі бейнеге қарай отырып, педагог берген | **ҚБ**<br>Педагог білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.<br>ҚБ<br>**«Бағдаршам»**<br>Жекелеген білім алушылар сыбайлас жемкорлықтың дамуына әсер еткен **push** (итеруші) және **pull** (тартушы ) факторлардан екіден кем емес мысалдар келтіреді. | Ақпараттық мәтін<br>Үлестірмелі қағаздар.<br>Суреттер.<br>Суреттер<br>ҚБ парағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **4-топ** сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдары<br><br>**1-тапсырма. «Ойлан! Ерекшелігін тап!»** Берілген деректерді пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлықтың басқа құқықбұзушылықтан ерекшелігін сипаттап жазыңыздар.<br>Ерекшілік:<br>1-<br>2-<br>3-<br><br>**III. Топпен жұмыс. Деректен жұмыс.** Салыстырмалы деректерді пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлықтың азаймай тұрғанын түсіндіріп жазыңыздар.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны топ басшы етіп сайлап, топ ережесін сақтауға қатысты анық, нақты нұсқаулар беріледі.*<br>**2-тапсырма.** Салыстырмалы деректерді пайдалана отырып, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен жүргізіліп жатқан күрес туралы түсіндіріп жазыңыздар.<br><br>**Ж.**<br>**IV. Жұппен жұмыс. «Ойлан.** | дереккөз бойынша ауызша баяндайды.<br><br>**1-тапсырма бойынша дескриптор:**<br>1. Деректерді 1-ші ерекшелігіне 1-2 түсіндірме жазады;<br>2. Деректерді қолданып 2-ші ерекшелігіне 1-2 түсіндірме жазады;<br>3. Деректерді қолданып 3-ші ерекшелігіне 1-2 түсіндірме жазады;.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны(лард ы) ең оңай сұраққа жауап беруін сұрай отырып, қозғалысқа түсіру арқылы қолдау білдіру.*<br>Педагог берген тапсырманы орындайды.<br>Баламалы пікір ұсынады.<br>Көзқарасын білдіреді.<br>**Дескриптор:** | ҚБ «**Бас бармақ**»<br><br>ҚБ.<br>Тамаша жауап!<br>Жақсы жауап!<br>Тағы да ойланып көр!<br><br>ҚБ. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жұптас. Бөліс» әдісі.** Педагог сыныпты жұптарға бөледі. Барлық білім алушыларды бір және екі деп санап шығады.<br>№1 деген жұптарға «Сыбайлас жемқорлықты тоқтату шаралары»<br>№2 деген жұптарға «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу түрлері».<br>**3-тапсырма.** Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың ерекшеліктері мен айырмашылығын интерпретациялау. | 1. Салыстырмалы деректерді қолдана отырып, сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2-3 негізін келтіреді;<br>Дәптерлеріне жазады.<br><br>Жұп болып жұмыс істейді.<br><br>**Дескриптор**:<br>1.Ерекшелігіне 2 негіз келтіреді:<br>2. Айырмашылығын 2 мысал арқылы анықтайды. | Тамаша жауап!<br>Жақсы жауап!<br>Тағы да ойланып көр! | |
| **Сабақтың соңы Қорытынды Ой толғаныс. Рефлексия**<br>**7 мин.** | **Кері байланыс**:<br>Бүгінгі тақырып қызықты әрі түсінікті болды:<br>Иә \| тақыр<br><br>**Рефлексия:** «**ҚҚҚ**<br>Маған қажет болды<br>Маған құнды болд<br>Маған қиын болды | **Кері байланыс**:<br>*Бүгінгі тақырып қызықты әрі түсінікті болды/*<br>негіздейді<br><br>**Рефлексия:** «**ҚҚҚ**» әдісі | | Интерактивті тақтадағы жазба<br><br>Түрлі түсті стикерлер |
| **Үй тапсырмасы** | Өз тұратын қалада сыбайлас жемқорлықпен қалай күресетінін (қысқаша мәлімет жазу) | | | |

## Талап құндылығын білім мазмұнына кіріктіріп, оқу процесінде жүзеге асыру бойынша ұсынымдар Қысқа мерзімді жоспар
## 11– сынып, 4-тоқсан

# Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Іс жүргізу құқығының негіздері<br>Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Асанбекова Гулмира Сагатовна | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:11** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Талап қою бойынша іс-жүргізу негіздері | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 11.4.2.1 - талап қою шарттарын түсіндіру;<br>11.4.2.2 - талап қою арызын оның мазмұны мен формасына қойылатын шарттарға сәйкес құрастыру | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Талап қою туралы, талап арыздың не екені, оны қалай жасау керектігін қарастыру. | |
| **Бағалау критерийлері:** | Талап қою бойынша іс-жүргізуді анықтайды;<br>Талап қою арызын жаза алады;<br>Жауапкердің талап арыздан қорғану шараларын сипаттайды;<br>Талап қоюды қамтамасыз етеді. | |
| **Құндылықтарға баулу:** | ● Құрмет (топтық жұмыстағы өзара құрмет, бір-бірін тыңдауы және уақыт ережелерін сақтау, заңға құрмет);<br>● Азаматтық жауапкершілік (заңды сақтау, міндеттерді орындау);<br>● Әділдік және жауапкершілік;<br>● Заң және тәртіп;<br>● Ашықтық;<br>● Ынтымақтастық (топпен жұмыста оқып-үйрену арқылы білім алушылар арасындағы өзара сыйласымды лық арқылы қатынас ). | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Білім алушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Қызығушылықты ояту<br>8 мин. | **Б.** Кез келген адам бұзылған немесе даулы құқықты қорғау үшін сотқа жүгінеді дегеннен бастап түсіндіру.<br>**М.** Жаңа тақырыппен таныстыру. Сабақтың қандай оқу дағдылары мен оқу мақсаттары болатынын ескерту. | Оқу құралын дайындау.<br>Зейінді педагогке аудару.<br><br>ЕБҚ бар білім алушы алдыңғы қатарға отырады.<br>Білім алушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Білім алушылар | **ҚБ**<br>Білім алушылар жауабын мұқият тыңдап<br><br>«Керемет!»<br>«Тамаша!»<br>«Жарайсың!»<br>«Жақсы!» | Тірек сөздермен жұмыс:<br>Талап қою<br>Талап арыз<br>Талап қоюға қарсы құралдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тірек сөздерді жаздыру.<br>Талап қою-белгілі бір дау қозғаудың, құқықты қорғаудың әмбебап құралы.<br>149-беттегі «Тарих беттерінен» мәтінді оқыту және талдау.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны (* ***СДВГ бар назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы)*** *алдыңғы қатарға мұғалімнің жанына отыруын қадағаланады.* | жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.<br>Өз ойларын ортаға салады.<br>Жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.<br><br>Өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізу. | деп ауызша бағалап отыру. | |
| **Сабақтың ортасы**<br>**Жаңа сабақ 30 мин** | **М/Б**<br>**Топпен жұмыс:** «Талап қою элементтерін» талдау.<br>**1-топ.** Талап қою нысаны;<br>**2-топ.** Талап қою негіздері;<br>**3-топ.** Құқықтық талап қою негіздері;<br>**4-топ.** Нақты талап қою негіздері.<br>*ЕБҚ бар білім алушыны топ басшы етіп сайлап, топ ережесін сақтауға қатысты анық, нақты нұсқаулар беріледі.*<br>**Жұппен жұмыс:**<br>Талап қою арызының мазмұнын жасау: | **Дескриптор:**<br>1.Талап қою элементтерін көрсетеді;<br>2. Талап қою шарттарын нақтылайды.<br><br>*ЕБҚ бар білім алушыны(ларды) ең оңай сұраққа жауап беруін сұрай отырып, қозғалысқа түсіру арқылы қолдау білдіру.*<br><br>**Дескриптор:**<br>1.Жұппен талап қою арызының | **ҚБ.** Мұғалім білім алушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>**ҚБ.** «Тамаша!»<br>«Жарайсың!»<br>«Жақсы!»<br>«Талпын!»<br><br>**ҚБ** «Өзін-өзі бағалау»<br><br>ҚБ. | Ақпараттық мәтін.<br><br>Талап қою элементтері сызбасы<br><br>Жауапкердің қорғану шаралары сызбасы<br><br>Талап қою арызының мазмұны фотосы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Үлгі:<br><br>Қосымша ақпарат<br>**Талап қою арызының мазму**<br>1) талап қою арызы берілетін<br>2) талап қоюшының тегі, аты;<br>3) жауапкердің тегі, аты және<br>4) егер талап қоюшы заңды тұлға<br>5) талап қоюшының заңды мүд<br>мәні;<br>6) талап қоюшы өз талаптарын<br>растайтын дәлелдемелердің<br>7) егер бұл заңда белгіленсе<br>дейінгі тәртібін сақтау турал<br>8) талап қою бағасы, егер шағ<br>дауланатын ақшалай сомала<br>8) талап қою арызына қоса бе<br><br>**Жеке жұмыс.**<br>Жауапкердің талап арыздан қорғану шараларын сипаттау.<br><br>**Б** Талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды анықтау. | мазмұнын құрастырады;<br>2. Өтінішітің бір үлгісін жасайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>1.Талап арыздан қорғану шараларына тән белгілерді негіздейді;<br>2.Қорғану шараларына баға береді.<br>**Дескриптор**:<br>1.Бүкіл сынып шараларды атайды;<br>2. Шаралардың қолданылуын көрсетеді. | Тамаша жауап!<br>Жақсы жауап!<br>Тағы да ойланып көр! | |
| **Сабақтың соңы**<br>**Қорытынды**<br>**Ой толғаныс.**<br>**Рефлексия**<br>**7 мин.** | Кері байланыс<br>Маған ... қызықты болды<br>Маған ... бұл болашақта қажет болады...<br>Бұл ... қиындық туғызды...<br>Мені ойландырды... | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | бағалау критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды. | Талап қою арызы;<br>Талап қою;<br>Қарсы талап қою;<br>Талап қоюды қамтамасыз ету шаралары ұғымдарын атап көрсетеді. |
| **Үй тапсырмасы** | 153-беттегі 1-деңгейлі тапсырманы орындау. Жағдаятты шешу. | | | |

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық құндылықтарға балалар мен жасөспірімдердің бойына сіңіруіміз қажеттілігін баса айтты. «Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан XXI ғасырда лайықты орнын табады» - деді[1].

Осыған орай, жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процессі құндылықтарға негізделуі тиіс. Білім алушының бойына ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру тетігін мұқият жоспарлап жүзеге асыру маңызды болып табылады.

Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық құндылықтарын оқу процесінде 11-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» пәні мазмұны аясында жүзеге асыру бойынша ұсынымдар.

***Бөлім:*** Мемлекет және құқық

***Тақырып:*** *Заңдылық және құқықтық тәртіп.*

***Оқыту мақсаттары:*** 11.1.1.3 заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын накты мысалдармен түсіндіру.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

***Мазмұны мен қолданылатын ресурстар:***

Қоғам тәртіпке, заңдылыққа негізделіп, соған арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін реттейтін қағидалардың әсерімен орнатылады. Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты құқықтық реттеу өте күрделі, ол көп салалы, көп жүйелі процесс. Құқықтық басқарудың екі күрделі бағыты: құқықтың қоғамдағы қатынастарға тигізетін әсері, ықпалы және құқықтық реттеудің, басқарудың рөлі. Бұл екі процесті қосып айтқанда-қатынасты құқықтық реттеудің, басқарудың механизмі дейді.

Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеу механизмі құрылымының элементтері: құқықтық норма, құқықтық қатынас және заңды құқық пен міндеттің орындалуы туралы акті.

*1).Құқықтық норма*- арқылы қоғамдағы заңдылықтың, тәртіптің талабы, мазмұны, шеңбері, мүдде-мақсаты анықталады; олардың орындалу бағыттары, жолдары, тәсілдері көрсетіледі. Егер дұрыс орындалмаса, жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі.

*2).Құқықтық қатынас* арқылы субъектілердің ара байланысын мүдде-мақсатын, құқық пен міндеттерін анықтап біліп отырады. Ол мүдде-мақсаттарды

қандай нормативтік актілер арқылы іске асырады; қатынастың басталуы мен аяқталуы көрсетіледі.

*3).Заңды құқық пен міндеттің* орындалуы туралы актіде қатынастың толық орындалып, аяқталуы; мүдде-мақсаттың екі жақты іске асуы; дұрыс орындалмаса себептері көрсетіледі, оны түзеу, орындау жолдары анықталады.

Осы үш элементтерге сәйкес қатынасты реттеу механизмі үш кезеңге бөлінеді: қатынастың басталуы, ол қатынасты реттеу үшін жаңа норманың өмірге келуі, субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің орындалуы.

Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу механизмінің жақсы сапалы жұмыс атқару үшін субъектілердің рухани сана-сезімі, құқықтық білімі, мамандық тәжірибесі жоғары дәрежеде болуы керек. Мемлекет осы мәселелерге зор көңіл бөледі. Себебі бұл механизмнің алдында тұрған мақсат қоғамдағы ең күрделі, аса жауапты мүдде-мақсат- ол нормативтік актілердің дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету. Сол арқылы халықтың бостандығын, теңдігін дұрыс дамыту, қоғамда әділеттілікті, демократияны орнату, құқықтық мемлекетті қалыптастыру.

*Заңдылық* дегеніміз- мемлекеттің Конституциясын, парламенттің қабылдаған заңдарын, Президенттің заң күші бар жарлықтарын қатаң бақылап, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу. Заңға тәуелді актілерді бақылау заңдылыққа жатпайды. Заңдылықтың мазмұны үш элементтен құрылады:

*1.Қоғамда әділ заң саясаты болу керек. Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты, теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты т.б. жақсылықты қорғау керек; мемлекет пен азаматтардың арақатынасын дұрыс басқару.*

*2. Конституцияның, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау. «Сөз бен іс бір жерден» шығу керек.*

*3. Конституция мен заңды халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу.*

Міне осы элементтер іс жүзінде бірігіп, қалыптасса, қоғамда заңдылық орнап, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік болады.

Заңдылықты қорғау субъектілері: мемлекет, оның органдары, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар егерде заңды рұқсат болса, жеке тұлғалар - азаматтар заңдылықты қорғаудың субъектісі болмайды. Олар заңды бұзса, құқықтық тәртіпті бұзған болып саналады.

*Заңдылық*- дамыған елдердің саяси, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік құрылысының негізі. Жақсы заңдылық қоғамның барлық саласына өзінің әсерін, ықпалын тигізеді. Заңдылықтың өзіне тән ерекшеліктері:

-заңдылық барлық қоғам көлемінде дамиды; оны орындау, дамыту барлық қоғамның жұмысы. Бұл жұмысты қамтамасыз ету мемлекеттің, бірлестіктердің, одақтардың, ұжымдардың, саяси партиялардың міндеті. Бақылау мемлекеттік органның жұмысы.

*-заңдылық нормативтік актілермен тығыз байланыста дамиды, олар бір-біріне әсер етіп отырады. Бірі жақсы дамыса, екіншісі де жақсы дамиды,*

*нашар дамыса, екеуінің де деңгейі төмен болады. Сондықтан заңдылық мемлекетте бір-бірімен тығыз байланысты екі мәселені дұрыс дамытуды қалайды:*

*-заң шығаруды дамыту, нығайту, кемшілікке жол бермеу;*

*-заңды бұлжытпай, уақытында орындауды қамтамасыз ету.*

Заңдылықтың негізгі талабы:

*-заңның үстемдігін қамтамасыз ету;*

*-заңды түсіну мен орындаудың бірлестігін қатаң орындау;*

*-адам өз құқығын, өз бостандығын қорғаймын деп басқаның құқығына нұқсан келтірмеуге міндетті;*

*-заңдылыққа еш мәселені қарсы қоюға болмайды;*

*- құқықты бұзушылыққа қатаң күрес жүргізу.*

Құқықтық тәртіптің жоғары дәрежеде болуы заңдылықтың деңгейіне байланысты. Заңдылық жақсы болса, тәртіп те жақсы болады. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

*Құқықтық тәртіп-* қоғамдағы қатынастардың жүйе-салаларының нормативтік актілер арқылы дұрыс, жақсы, уақытында реттеліп, орындалуы.

Қоғамдағы заңдылық, бостандық, құқықтық тәртіп, демократия бір-бірімен тығыз байланыста дамиды, бір-біріне зор әсер, ықпал жасайды.

Әр мемлекетте қоғамдық тәртіп және құқықтық тәртіп болады. Қоғамдағы қабылданған барлық әлеуметтік нормаларды мемлекеттік органдар, бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар, азаматтар дұрыс, уақытында орындау-қоғамдық тәртіп. Қоғамдық қатынастардың жағдайы құқық нормалардың талабына сәйкес болса- құқықтық тәртіп. Екеуі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды. *Заңдылық пен құқықтық тәртіптің* әлеуметтік маңызы:

1) Қоғамдық өмір бір қалыпты жақсы дамиды;
2) Мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдармен органдар жақсы жұмыс жасайды;
3) Барлық адамдардың құқығын, бостандығын, барлық ұйымдардың, ұжымдардың мүдде-мақсатын дұрыс орындап, дамытуға мүмкіншілік туады.

*Құқықтық тәртіп-* заңдылықтың дәйекті, нақтылы толық орындалуы. *Заңдылық-* құқықтық тәртіптің мазмұны мен мақсаты, мұраты мен қағидалары. Заңдылық пен құқықтық тәртіп тығыз байланысты. *Құқықтық тәртіп-* заңдылықтың мазмұны мен мүдде-мақсаты. Осы екі ұғым бірлесіп орындалады.

*«Баспасөз материалдарымен жұмыс» әдісі*

Білім алушыларды шағын топпен баспасөз материалдарымен жұмыс жасату тиімді әдіс. Бұл өте қажет ақпараттарды іздеу, білім алушылардың теориялық білімдерін бекіту мен жіктеу, сонымен теориялық материалдарды меңгерту үдерісінде қолданылуы мүмкін.

Сыныпты ең алдымен 4-6 шағын топтарға бөліп алу қажет. Әр топ өзара ұқсамайтын немесе бірыңғай тапсырма алуы тиіс. Топқа газет, журнал, бюллетень, суреттер немесе қағазға жазылған дайын мәлімет, мәтін беріледі. Әр топқа теңдей қылып, бөліп берген дұрыс болады.

Үлгі тапсырма:

а) Заңдылық пен құқықтық тәртіп туралы мәтінді оқып, одан ақпараттарды тауып, оны төмендегідей топтарға жіктеп орналастыруды тапсыруға болады:

1. құқықтық норма;
2. құқықтық қатынас;
3. заңды құқық пен міндеттің орындалуы;
4. заңдылық;
5. құқықтық тәртіп.

ә) Заңдылық пен құқықтық тәртіптің өзара байланысын, ерекшеліктерін, өзара ұқсастығын көрсетуді тапсыру.

– сипаты
– ерекшелігі
– ұқсастығы
– байланысы
– маңызы

Әр топ (саны - 4) тапсырма алып, берілген басқа материалдан өзара сәйкестендіріп, А 4-ке орналастырып, желімдеп, жанына түсіндірмесін жазып қояды. Әр топ өзінің жасағанын түсіндіретін бір білім алушы тағайындайды. Әр топ мүшелері бір – біріне сұрақтар қоя алады, топ өз жұмыстарын аяқтасымен, А-4-ке жасалған жұмыстарын педагог жинап алу керек, ары қарай нормативті бағалауды өткізу қажет.

***Бөлім:*** Мемлекет және құқық

**Тақырып:** *Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет*

**Оқыту мақсаттары:** 11.1.2.1 Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 жарлығы), Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарын бекіту туралы

(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 қаулысы) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** *тәуелсіздік және отаншылдық, құрмет,* ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

| **І. Құқықтық мемлекеттің белгілері жазылған үлестірмелерді білім алушыларға тарату:** | |
|---|---|
| 1.Дамыған азаматтық қоғамның болуы; | 5.Халық егемендігінің, мемлекеттік егемендіктің конституциялық құқықтық шектелуі. Мұның өзі биліктің түпкі қайнар көзі- халық деген сөз; |
| 2.Мемлекет қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау, шаруашылық қызметке қажетті құқықтық жағдайлар туғызу т.т. салаларымен шектелінуі; | 6.Заң шығарушы, атқарушы, сот биліктерінің бөлінісі, бұл Конституцияда белгіленген тәртіп бойынша қызметтер бірлігін көрсетеді. Заң шығарушы биліктің |

| | |
|---|---|
| | жоғарылығын, оның шешімдерінің жалпыға бірдей міндеттілігін жоққа шығармайды; |
| 3.Барлық азаматтардың тең құқықтығы, адам құқығынның мемлекет заңдарынан жоғары тұруы; | 7.Азаматтық қатынастарды мемлекеттік реттеуде тыйым салу тәсілінен рұқсат ету тәсілінің басымдылығы. Бұл құқықтық мемлекет жағдайында «Заңмен тыйым салынбаған нәрсенің бәріне рұқсат етіледі» деген ұстанымды білдіреді; |
| 4. Құқықтың жалпылығы, оның барлық азаматтарға, ұйымдарға, мекемелерге, мемлекеттік билік органдарына да таралуы; | 8.Даралық еркіндігін шектеудің жалғыз жолы- басқа адамдардың құқығы мен еркіндігі. Құқықтық мемлекетті даралыққа берілген шексіз еркіндік деп түсінуге болмайды. Себебі, басқалардың еркіндігі бұзылған жерде даралықтың да еркіндігі жойылады. |
| | |

Берілген белгілерге қарай, құқықтық мемлекеттің түпкі мақсатын анықтауды тапсыру.

**ІІ. «Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет» деп аталатын салыстыру кестелерін толтыру.**

| **Азаматтық қоғам белгілері** | **Құқықтық мемлекет белгілері** |
|---|---|
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| 3. | 3. |

Кестені талдату.

**ІІІ. Абай құқықтық мемлекет хақында** (білім алушыларға талдату үшін ұсыну)

Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасындағы құқықтық мемлекет қақында айтылған ойлары да әлі зерттелмеген тың тақырып. Әрине, Абайдың шығармаларында нақты құқықтық мемлекет деген термин немесе ұғым кездеспейді. Бірақ оның осы мәселе туралы айтылған ойлары, көтерген проблемалары құқықтық мемлекет принциптерімен ұштасатынын анық байқауға болады.

Ұлы ойшыл шығармаларында заң шығаратын жоғарғы органның (парламенттің) ең жоғарғы өкімет ретінде танылып, оның қабылдаған заңдарының қатынастарды реттеуде тиімді рөл атқаратынына сеніммен қарайды. Абай құқықтық мемлекетте заңның үстемдігін қоғамның барлық саласында арттыруды, заңның күшімен, тиімділігімен демократияны, билік жүргізуді жетілдіруді және мемлекет органдарының жеке адам, жалпы халық алдында

жауаптылығын талап етеді. Мұндай құқықтық мемлекеттің принциптеріне сай келетін Абай идеяларының құндылығын: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім». ***(«Отыз жетінші сөз»)*** деген пікірінен аңғарамыз. Абай ғылыми негіздерге сүйеніп, халықтың барлық пікірі ескеріліп қабылданған заңның құқықтық мемлекетте атқаратын міндетіне, оның қоғамды өзгертуде, алға қарай дамытуда шексіз рөл атқаратынына зор сеніммен қарайды. Бүгінгі күннің талабы Абай көрсеткен идеяны нақты әлеуметтік практикада растап отыр. Бұл да оның көрегендігінің айғағы болса керек.

Абай құқықтық мемлекет идеясының негізгі талаптарының бірі — кәсіби парламенттің құрылуына ерекше назар аударады. Ойшылдың зерделі пайымдауынша, мемлекеттегі кәсіби парламентті сайлаудан, қалып- тастырудан елдің өркендеп өсуі, өкімет билігінің тиімді әрі халық талабынан шығатын ең жоғарғы орган болуына күмән келтірмейді. Абайдың ойынша парламентке «халықтың... сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын» ***(«Үшінші сөз»).***

Құқықтық мемлекет идеясының ең өзекті мәселелерінің бірі — адам құқығы және оның мемлекет тарапынан тиімді қорғалуы. Міне, осыған байланысты Абай өзінің еңбектерінде бұл мәселеге ерекше назар аударады. Ол жеке адамдардың туа біткеннен қалыптасқан тендік, табиғи құқық идеясының жақтаушысы және жаршысы. Ол батыс Еуропа ойшылдары ұсынған және уағыздаған бұл идеяның қазақ, қоғамына қажеттігін дәлелдейді.

**Сұрақтар:**

1.Ұлы Абай құқықтық мемлекет туралы қандай ойлар айтқан?

2. Абай билік органдарына қатысты қандай ой айтты?

3. Абайдың адам құқығына қатысты қандай ойын байқадыңдар?

IV. Педагог сыныпты бірнеше топтарға бөліп, әр топқа өз мемлекетін құруды тапсырғаны дұрыс. Сонымен бірге, педагог, оларға мемлекеттік басқару жүйесін жасауды, республика немесе монархия ма деп сұрау қажет. Ары қарай мемлекеттің ішкі экономикалық және әлеуметтік жағдайын белгілейтін бір-екі заң қабылдауды тапсыруға болады. Білім алушылар өздері құрған әр топтағы мемлекетті бір-бірімен шарт жасауы қажет деп те тапсырма беруге болады. Ары қарай мемлекетаралық кез келген бір даулы мәселе тауып, соны бейбіт жолмен шешу әдісін табуды тапсырса да ұтымды болады. Егер мемлекет құратын болсаңдар, қандай басқару формасын таңдар едіңдер, ең алдымен қандай заң қабылдар едіңдер, егер мемлекет құрмайтын болсаңдар, өз араларындағы қарым-қатынастарды басқаша қалай ұйымдастырар едіңдер деген сұрақтар қойған жөн.

IV. **Тарихқа назар аударайық**. Хан атағына тек қана Шыңғыс хан тұқымы – Шыңғысханның төрт ұлы: Жошының Шағатайдың, Үгедей мен Төленің тікелей ұрпақтары ие болды. Қазақтардың ішінде Шыңғысхан тұқымдарын тамаға тұйық ру-төрелер құрады, қазақ хандары солардың қатарынан сайланды. Қазақ ханы олардың сіңірген еңбектеріне сәйкес бірнеше үміткердің ішінен сайланды. Әрбір қазақ жауынгері – азамат сайлауға қатысуға құқылы ғана емес, мұны істеуге міндетті де болды. Әрқайсысы хан тағына үміткер туралы

білетіндерінің бәрін шектеусіз айтуға құқылы болды. Халық шешендердің сөздерін қуаттады немесе жоққа шығарды. Қазақтарда хан билігін шектейтін бірқатар әдет-ғұрыптар болды. Мысалы, хан сайланғаннан кейін оның дүние-мүлкі халыққа таратылып берілді. Бұл ханға енді оның жеке мүдделерінің жоқ екендігін, тек бүкіл халықтың мүдделері ғана бар екендігін еске салды. Одан кейін мал ханға он еселенген мөлшерде қайтарылды, бірақ бұл халықтың қазынаға тартқан сыйы болды. Бұл мал ханның жеке мүлкі емес, мемлекеттік мақсаттарды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мемлекеттік мүлік болды. Әрбір адамда әрқашанда дауыс беру құқығы сақталды қазақтар оны пайдаланды.

Қазақ хандығында жоғары заң шығарушы билікке мәслихат – сұлтандар мен қауымдар өкілдерінің съезі ие болды. Берілген мәтінді білім алушылармен бірге оқып, талдау. Оның күшті және әлсіз жақтарын табу.

Атқарушы билік толықтай ханның қолында болды.

XV–XVI ғасырларда қазақ хандары олар орындайтын міндеттерден шығатын кең өкілеттіліктерге ие болды. Хан жоғары бас қолбасшы ретінде соғыс жариялай, бітім жасай алды, хандықтың бүкіл аумағына өз қалауынша билік жүргізді, қол астындағы қалалардың билеушілері мен ұлыстардың басшыларын тағайындады. Ханға өзіне бағыныштылар өлім жазасына кесу және хандықтың бүкіл халқы үшін міндетті заңдар мен өкімдер шығару құқығы тиесілі болды. Ханның жанында кеңесші орган – билер кеңесі болды, оған неғұрлым беделді билер мен қауымдар қауымдастықтарының өкілдері кірді. Билер сот билігін жүзеге асырды. Билер қоғамда қалыптасқан әдеттегі құқық, әділеттілік пен моральдық нұсқаулар негізінде шешімдер қабылдады.

Билердің беделі халықтың мойындауынан білінді. Билер іс жүзінде мемлекеттің барлық құқықтық функцияларын орындады: қолданыстағы заңдардың білгірлері, сақтаушылары мен түрлендірушілері, реформашылар мен заң шығарушылар, хандар мен сұлтандардың кеңесшілері. Билер шешендер болды. Сот жария, сөйлеу формасында өткізілді, барлық жағдайларда да қорғаушы қатыстырылды. Билер соттарының шешімдері олар шығарылғаннан кейін бірден орындалды. Қазақ мақалында: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол!» делінеді. Бұл ойды XVII ғасырда – XVIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген әйгілі Әйтеке би бейнелі түрде білдірді: «Менің өмірім халыққа тиесілі, ал маған менің өлімім ғана тиесілі».

V. **Бұл пікірдің мағынасын ашып көрсетіңіздер.**

Платон «Заңдар» Диалогында: «Мен заңның күші жоқ және әлде біреудің билігі астында болатын мемлекеттің жуырда опат болатынын көріп тұрмын. Заң – билеушілердің үстінен қарайтын әмірші, ал олар – оның құлдары болатын жерден мен мемлекеттерге тек құдайлар сыйлауы мүмкін барлық игіліктер мен мемлекеттің құтқарылуын көремін» деп жазды.

Платонның бұл пікірін **талқылаңыздар**. Платонның сөзі заманауи Қазақстан үшін өзекті ме?

ҚР-нда құқықтық мемлекет проблемаларды бөліп үдерісінде қандай проблемаларды бөліп көрсетуге болады?

**Сұрақтарға жауап іздеу:**

1. Қазақ халқының мемлекеті мен құқығының ерекшеліктерін бөліп көрсетіңдер. Ойшылдар билеуге қандай баға берді? Билердің сотын неліктен халық соты деп атауға болады?

2. Құқықтық мемлекет теориясын дамытқан ойшылдардың есімдерін атаңдар. Хрестоматияны пайдаланыңыздар.

3. Билікті бөлудің мәні мен басты мақсаты неде?

***Бөлім:*** Мемлекет және құқық

***Тақырып:*** *Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы*

***Оқыту мақсаттары***: 11.1.2.2 Қазақстан Республикасы азаматтық қоғамының негізгі функционалдық қажеттілігін түсіндіру.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** *құрмет,* ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

I. Берілген кестені толтырту, сұрақтарға жауап бергізу.

| | | |
|---|---|---|
| **Саяси партиялар** | **Үкіметтік емес ұйымдар** | **Бұқаралық ақпарат құралдары** |
| | | |

**Сұрақтар:**

1. Саяси партиялар қалай және қандай мақсатта құрылады?
2. Қандай саяси партияларды білесіңдер?
3. ҚР Парламентінде қандай партиялардың өкілдері бар?
4. Үкіметтік емес ұйым/ҮЕҰ дегенді қалай түсінесіңдер?
5. ҮЕҰ-ның қандай түрлері болады?
6. ҮЕҰ қандай мақсаттарды көздеп құрылады?
7. ҮЕҰ қызметіне мемлекет қалай қарайды?
8. БАҚ рөлі неде?
9. БАҚ түрлерін атаңдар.
10. БАҚ-тың қоғам өміріндегі маңызы неде?

II. Жеке жұмыс. БАҚ-тың қоғам өміріндегі қызметі туралы ақпарат жинау және оның маңызын **ПТМС** формуласына салып талдау.

Позиция (мен солай ойлаймын,...)

Түсіндіру (... себебі,...)

Мысал (мен мұны мынандай мысалдар арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын...)

III. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы адамдарды тәрбиелейді дегенге «**INSERT**» кестесі бойынша тұжырым жасау

| + | V | **?** | **-** |
|---|---|---|---|

| Жаңа ақпарат | Ойымды растайды (білемін) | Мені ойландырады (толғандырады) | Менің пікіріме қарсы (түсініксіз) |
|---|---|---|---|
| | | | |

IV. **Өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.**

Азаматтық қоғам – бұл олардың көмегімен индивидтер және олардың топтары мүдделері қанағаттандырылатын адамгершілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық қатынастар мен институттардың жиынтығы. Берілген азаматтық қоғамның құрылымын қарапайым сөзбен ашып жазу.

Азаматтық қоғамның құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) мемлекеттік емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен институттар (меншік, еңбек, кәсіпкерлік);

2) мемлекеттік тәуелсіз өндірушілер жиынтығы (жеке фирмалар және т.б.);

3) қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер;

4) саяси партиялар мен қозғалыстар;

5) билік беру және тәрбиелеу мемлекеттік емес саласы;

6) бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік емес жүйесі;

7) отбасы;

8) шіркеу және т.б.

**V. Азаматтық қоғамның функцияларын талдату.**

| Мемлекет пен қарым-қатынас | Ұйымдастыру | Тәрбиелік | Адам құқықтарын қорғау |
|---|---|---|---|
| Үйлестіру;<br>Жағдайлар жасау;<br>Үндесу жолымен шешу;<br>Насихаттау. | Қолдау, дамыту, көтермелеу;<br>Жұмысқа қатысу;<br>Қамтамасыз ету. | Негіздерін бекіту;<br>Қызметтер көрсету;<br>Еріктілік қызметі;<br>Қайырымдылықты дамыту;<br>Көмек беру. | Іске асыру;<br>Жағдай жасау;<br>Қолдау;<br>Ашықтықты қамтамасыз ету. |

Әр функцияға мысалдар келтіру.

**Қайырымдылық қорлары:**

| Қайырымдылық қорларының бағытын талдау | Бағыттары: |
|---|---|
| «Дара» | |
| «Сәби» | |
| «Мейірімділік» | |

**Азаматтық қоғам институттарының қызметін талдау.**

| Қазақстан Республикасының азаматтық қоғам институттары | Мәні | Маңызы |
|---|---|---|
| Саяси партиялар: *«Аманат», «Ақ жол», «Бірлік», «Ауыл», ҚКХП, ҚЖСДП.* | | |
| Үкіметтік емес ұйымдар: «Азаматтық қоғамды дамыту қоғамдастығы»; *«Жастар бастамаларын дамыту орталығы»; «Көмек және қалқан»; «Тұтынушылар құқығын қорғау», «Жасыл ел»; «USAID», «UNICEF».* | | |
| Бұқаралық ақпарат құралдары: *«Төртінші билік»* | Классикалық БАҚ: *Газет, журнал, кітап* | Қазіргі БАҚ: *Интернет, теледидар, радио* |

**Білім алушыларға жасату:**

1. Азаматтық қоғамға анықтама беріңіздер. Азаматтық қоғамның белгілерін атаңыздар. Азаматтық қоғамның құрылымы қандай болады?

2. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы қандай?

3. Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуына кедергі жасайтын проблемаларды бөліп көрсетіңіздер. Ол үшін хрестоматияны пайдаланыңыздар.

**Үйге тапсырма**. Қазақ халқының қысқа да нұсқа нақылдарын оқып шығыңыздар және талқылаңыздар. Бұл идеяларда билерге қойылатын талаптар баяндалған. Бұл идеяларды қазіргі уақытта қандай салада қолдануға болады?

***Бөлім:*** Мемлекет және құқық

***Тақырып:*** *Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы*

***Оқыту мақсаттары***: 11.1.3.1 - нақты мысал келтіре отырып, Қазақстан Республикасының адам және азаматтың құқығы мен бостандықтарын қорғау механизмін түсіндіру;

11.1.3.2 - азаматтардың құқығын қорғайтын (адвокат, медиатор және тағы басқа) тұлғалардың функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.




I.«Адам құқығы» ұғымын «Нысана» арқылы анықтау және дәптерлеріне толтырту.

II.Құқығымыз бұзылған жағдайда кімге жүгінеміз?

| | |
|---|---|
| **1.Ата-анамызға** | **2. Педагогтерге** |
| **2.Жоғары тұрған ұйымға** | **4.Сотқа** |

**III.Адам құқығын қорғау**- адам құқығы мен бостандықтарын қорғау, олардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және жекелегн адамдар жүзеге асыратын қызмет.

**Қуыным**- бұзылған немесе дауланатын құқықты қорғаудың заңды жолы.

https://www.youtube.com/watch?v=IjO7aVaeHIc

IV. Берілген сілтеме арқылы бейнематериалды қарап, адам құқығы деген не және оны неліктен қорғау қажет екенін талдату.

***Адам құқығы әлемде бірдей қорғала ма?*** → ***Адам құқығы қалай қорғалу қажет?*** → ***Біздің елімізде адам құқығы толық қорғала ма?***

V.Елімізде адам құқығын қорғаудың ең танымал мысалдарын негізге ала отырып, **«GROW»** формуласы бойынша оның тарихи негізі мен маңызына талдау жасату.

G-Goal-мақсаты

R-realıty-іске асырылуы

O-optıons-мүмкіндіктері

W-Way forward-алға қарай әрекет ету

VI. «Азамат» түсінігі адамды заң жағынан, нақты мемлекетпен тұрақты құқықтық байланыста болатын тұлға ретінде сипатталады.

*Адам құқықтары мен бостандықтары – бұл заңмен және мемлекетпен қорғалатын, адам мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған мүмкін болатын мінез-құлық өлшемі.* Адам құқықтары ол дүниеге келген сәттен бастап пайда болады, олардан ешкім айыра алмайды. Сондықтан олар *табиғи және ажырамас (ажыратылмайтын) құқықтар* деп аталады.

Адамның ең мәнді табиғи құқығы – өмір сүру құқығы. Адамды өмірінен айыруға ешкімнің құқығы жоқ.

Құқықсыз міндеттер жоқ, сондай-ақ міндеттерсіз құқықтар да жоқ. Осы пікірді талқыландар. Сендер оны қалай түсінесіңдер? Адам құқықтарының ғана өмір сүруі мүмкін бе?

Төмендегі берілген ұғымдардың жанына тиісті мағынасын ашып жазу.

1. Өмір сүру құқығы-
2. Жеке тұлғаның қадір-қасиеті-
3. Бостандық пен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы-
4. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылық-
5. Жеке өмірге қол сұғылмаушылық-
6. Хат-хабар алысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиялығы-
7. Ұлтты анықтау құқығы-
8. Ана тілін пайдалану құқығы-
9. Жүріп-тұру және тұратын жерді таңдау бостандығы-
10. Ар-ұждан бостандығы-

АҚШ-тың әйгілі саясаткері Б.Франклин былай деген еді: «Бұл дүниеде сөзсіз болмай коймайтын нәрсе – өлім мен салықтар». **Бұл пікірді талқылаңыздар.**

VII. **Шығармашылық тапсырма:**

1. «ҚР азаматтарының құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысы» тақырыбына ғылыми зерттеу жүргізіңіздер. ҚР Конституциясының мәтінін, БАҚ материалдарын пайдаланыңыздар, өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

2. ҚР азаматтарының конституциялық міндеттерінің мазмұнын ашып көрсетіңіздер. Біздің елімізде көптеген міндеттер неліктен тиісті дәрежесінде орындалмайды? Өз міндеттерін орындамайтын адамдарға қандай кеңес берген болар едіңіздер? Мысалы, қоршаған ортаны ластаушыларға, әртүрлі құқық бұзушылықтар жасаушыларға, өз балаларына немесе ата-аналарына қамқорлық жасалмайтындарға?

**Сұрақтар:**

1. Адам құқықтары мен азамат құқықтарының мазмұнын ашып көрсетіңіздер. Адамның табиғи құқықтарының мәні неде деп ойлайсыздар?

2. Адам мен азамат құқықтарын қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі қандай?

3. Адам мен азаматтың құқықтарына берілетін кепілдіктердің мазмұнын ашып көрсетіңіздер.

***Бөлім:*** Мемлекет және құқық

***Тақырып:*** *Қазақстан Республикасындағы ювеналды юстиция*

***Оқыту мақсаттары***: 11.1.3.3 - Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

*I. Сыныппен интервью әдісі арқылы педагог алдын ала-дайындаған сұрақтарға жауаптар іздетіп, білім алушылармен өткізіп көру.*






*Қазақстандық ювеналды жүйе қалай жұмыс істейді?*

Ювеналды әділет жүйесін дамыту тұжырымдамасы бар. Оған әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, ювеналды адвокаттар, ювеналды полиция мен ювеналды прокуратура және, әрине, сот кіреді. Ювеналды соттар балаларға қатысты қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қарайды. Қылмыстық саясатты ізгілендіру арқылы соттар жазалау шарасы ретінде бас бостандығынан айыруды, атап айтқанда, алғаш рет қылмыс жасаған адамдарға, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға азырақ қолдана бастады.

Ювенальды әділет - бұл кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот төрелігін жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің жүйесі және оның басты мақсаты - балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету. Еліміздің ірі қалалары мен облыс орталықтарында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар 2012 жылы құрылды.

*Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың қандай түрлері кеңінен таралған? Қандай отбасылардың балалары қауіп-қатер аймағына жиі түседі?*

Өткен жылы осындай соттың бірі көбінесе ҚР ҚК-нің 188 және 191-баптары («Ұрлық» және «Тонау» - авт.) бойынша қылмыстық істерді қараған. «Ұрлық» санатындағы 16 іс және «Тонау» санатындағы бес іс үкім шығарумен қаралды. Бұл 2004-2006 жылдары туған жастардың кейде заңсыз баю жолын таңдағанын білдіретін қайғылы көрсеткіш. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру бойынша істер бар - өткен жылы бес жәбірленуші кәмелетке толмағандармен осындай сегіз іс, тонау бойынша - кәмелетке толмағандардың бесеуімен осындай 11 іс, бұзақылық бойынша - 18 жасқа толмаған жеті жәбірленушімен 4 іс келіп түсті.

Қылмыстық істердің 50% -ында ата-аналары балаларын асырап-бағу үшін күні бойы жұмыс істейтін және оларды тәрбиелеуге үлгермейтін толық емес отбасынан шыққан жасөспірімдер болып табылады. Ал балаларды тәрбиелеуде ұсақ-түйек нәрсе болмайды.

Егер кез келген қылмыс бойынша өтетін күдіктілердің ішінен 18 жасқа дейінгі бір адам болса, онда іс соттылыққа өтеді. Сот оны қарап, кәмелетке толмаған адамға ғана емес, ересек айыпталушыларға да қатысты үкім шығаратын болады.

*Жас құқық бұзушылар туралы сөз болғанда, олардың жасы басты жеңілдететін жағдай болып табыла ма?*

Үкім жасалған қылмыстың ауырлығына, істің мән-жайларына байланысты. Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау кезінде оның өмір сүру және тәрбиелеу жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы бойынша үлкеннің ықпал етуі ескеріледі. Бірақ, шын мәнінде, кәмелетке толмаған жас - бұл басты жеңілдетуші мән-жай, және кәмелетке толмаған адамға жаза сол қылмыс үшін ересектерге салынатыннан төмен көзделген.

Кәмелетке толмаған адамның қайтыс болуына немесе денсаулығына ауыр зиян келтірмей бірінші рет қылмыс жасағаны үшін сот ақталмайтын негіздер бойынша тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық істі қысқарта алады, бұл ретте кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал ету шараларын, мысалы, бос уақытын шектеуді белгілейді.

Дегенмен, 14 жастан бастап балалар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілікке тартылады. Мысалы, жасөспірім қару қолданып, денсаулығына ауыр зиян келтірген немесе абайсызда қаза тапқан. Сонда істің мән-жайын ескере отырып, бас бостандығынан айыруға байланысты жаза тағайындалуы мүмкін, оны өтеу үшін ол республикадағы кәмелетке толмағандарға арналған жалғыз Алматыдағы колонияға жіберіледі. 18 жасқа толғаннан кейін оны ересектер колониясына ауыстырады. Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі 16 жастан басталатын істердің санаттары бар.

*Біздің балалар үшін сот жүйесі халықаралық стандарттарға сай келе ме? Ол балалардың жасына, олардың психологиясының ерекшеліктеріне қаншалықты бейімделген?*

Толық сәйкес келеді. Біздің құқықтық базамыздың негізінде БҰҰ-ның ең төменгі стандартты ережелері, 1994 жылы Қазақстан ратификациялаған Бала құқықтары туралы конвенция, 2005 жылы біздің еліміз ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті жатыр. Балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына байланысты істердің санаты адамдардың кіруі шектеулі жабық режімде қаралады. Зардап шеккен балаларды нақтылау қажет болған жағдайда ғана алаңдатуға тырысамыз және бұл балалар психологының, білім беру басқармасы өкілдерінің қатысуымен жасалады. Кейде бала бәрін жайбарақат айтып беруі үшін сотталушыны сот залынан шығарып жібереді.

II. Кәмелетке толмағандар төмендегідей құрылымдарға жүгіне алады:




***Жағдаяттарды шешу:***

***1.***Кәмелетке толмаған 8 сынып білім алушысы сыныптастары мен жоғары сынып білім алушылары тарапынан мектептегі үнемі мазақтау мен келемеждеу субъектісі болды. Оның ата-анасы бұл жағдайды білген соң, мектеп әкімшілігі мен педагогтерге хабарласады. Білім алушының қандай құқықтары бұзылды деп ойлайсыздар? Оның ата-анасы қайда және қай жерге шағымдана алады? Жағдаяттарды қалай шешер едіңіздер?

***2.*** 5 сынып білім алушысы А-ның ата-анасы мен туған інісі көлік апатынан қайтыс болды. Кәмелетке толмаған С-ның әжесінен басқа еш туысы жоқ еді, енді әжесі де қайтыс болды. Олардың құқықтарын қандай органдар қорғайды?

***3.*** Кәмелетке толмаған Ж-ның ата-анасы мүгедек жандар, отбасына азық-түлік және басқа да нәрселер жетпейтіндіктен, Ж мектепке бармай, жұмысқа баруды жөн санады. Ата-анасы оның мектепке баруын өтінді. Ж мектепке бармай жұмысқа орналаса ала ма? Оның жағдайын қалай шешер едіңіздер?

***Бөлім:*** Мемлекет және құқық

***Тақырып:*** *Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі*

***Оқыту мақсаттары***: 11.1.4.1 - сот жүйесі элементтерін анықтау және оны графикалық түрде көрсету; 11.1.4.2 - судьялар мәртебесі және олардың қызметінің кепілдемесін ашып көрсету.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** құрмет, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

I. Ұлы Абайдың еліміздің тарихындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы айтқандарын талдау.

Абай өз заманының болмысынан әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілген ойшыл. Бүгінгі қайта құру кезеңінде қалыптастырылып жатқан құқықтық мемлекетіміздің проблемаларына дәлме-дәл жауап беріп тұрғанына танданбасқа болмайды. Сондай мәселелердің бірі — сот тәуелсіздігі туралы. Абай құқықтық

мемлекетте сот органдарын тәуелсіз етуді жан-тәнімен жақтайды. Бұл пікірді іс жүзіне асыру үшін Абай судьяларды сот қызметіне өмірлік етіп сайлауды талап етеді. «...Әрбір... елден толымды-білімді ... кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендіктен түссе, әйтпесе түспесе» деп жазды қазақ ағартушысы ***(«Үшінші сөз»).***

Судьяларды тәуелсіз ету туралы Абай ұсынған идея қазіргі таңда бірқатар өркениетті мемлекеттерде іс жүзіне асқан. Италияда, Францияда, АҚШ-та және басқа да көптеген мемлекеттерде судьялар өмірлік болып сай- ланады да, қызметтен тек Абай айтқандай «жаманшылығы әшкере білінгендіктен», яғни қылмыс немесе заңға қарсы жасалған теріс қылықтары үшін ғана босатылады. Мысалы, АҚШ Конституциясының 3-ші бабының бірінші бөлігі мынадай қағиданы бекітеді: «Судьялар өздерінің қызметтерін мінсіз ұстағанға дейін сақтай алады және белгілі мерзімдерде өз қызметтері үшін ақы алып тұрады және өзінің қызметінде болып тұрғанда кемітілуі тиіс емес».

Міне, осындай салыстырмалы талдаудан кейін Абай АҚШ-тың 1787 жылы қабылданған Конституциясымен өте жақсы таныс болғандығын аңғартады. Ол Семейге айдалып келген Е.П.Михаэлис, С.С.Гросс, А.А.Леонтьев, А.Л.Блек сияқты белгілі революционерлерден немесе оз тарапынан Семей қаласындағы кітапхананың қорында сақталған басылымдардан АҚШ-тың негізгі заңының мазмұны туралы мағлұмат алған сияқты. Болашақта бұл пікірімізді нақтылай түсу үшін ғылыми ізденістер жүргізу ойымызда бар.

Сонымен қатар, Абай сот билігінің тәуелсіздігін жақтай келе, судьялардың шығарған үкімі мен шешімдері тек заңға негізделіп, жан-жақты зерттелген және мұқият дәлелденген фактілерге сүйенген материалдармен тиянақталуын әділ соттың ең баеты ісі, қызметі деп таниды. «Кез келген үкімнің яки жазықтылықты яки жазықсыздықты анықтаудың негізінде өзінің бүкіл жиынтығымен фактілер жатуға тиіс» деп тұжырым жасайды ұлы ағартушы.

II. Судьяның міндеттері:

| **Міндеттер:** | **Сипаттамасы:** |
|---|---|
| **1.** | |
| **2.** | |
| **3.** | |
| **4.** | |
| **5.** | |

III. Судья болғысы келетін кандидаттарға қойылатын талаптар:

| Судья бола алады: | Судья бола алмайды: |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

IV. Билер туралы қазақ халқының нақыл сөздерінің ішінен білім алушылар 1-2 нақыл сөзді таңдап, талдайды:

– Еліне қарай-биі, Алланың берген сыйы;
– Би болмас-белін жуан буғанменен, тазармас заты жаман-жуғанменен;
– Би болмаған би болса, айтылмаған сөз қалмас;
– Тура биде туған жоқ.

***Бөлім:*** *Жария құқық*

***Тақырып:*** *Азаматтық - Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институты*

***Оқыту мақсаттары***: 11.2.1.1 - азаматтық ұғымын ашу; 11.2.1.2 - қазақстандық азаматтықты алу және азаматтықтан айырылудың негіздемелерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.




**РЕТТ техникасы** арқылы ҚР азаматтық, азаматтықты алу, азаматтықтан айырудың негіздемелеріне нақты мысалдар келтіре отырып талдау.

**Шағын топпен жұмыс. Қазақстан Республикасы азаматтығы алудың тәртібі:**

**1-топ**. ҚР-ның «ҚР-ның азаматтығы туралы» Заңының 10 бабына сәйкес азаматтық:

- тууы бойынша;
- ҚР-ның азаматтығына қабылдау нәтижесінде;
- ҚР-ның халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша;
- осы Заңда көзделген өзге де негіздер бойынша алынады.

Заңның 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өздерінің өтінішхаттары бойынша осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштер бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Заңның 16-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығы жеңілдетілген (тіркеу) тәртіппен қабылданады:

Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығына:

- тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын қандастар;
- тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын, өздерінің ерік қалауынан тыс азаматтығынан айырылған немесе оны жоғалтқан жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары, сондай-ақ олардың ұрпақтары;
- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында білім алатын этникалық қазақтар қабылдануы мүмкін.

Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтық алу туралы материалдарды қарау мерзімі өтініш берілген күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.

**2-топ**. Жеңілдетілген тәртіппен азаматтыққа қабылдау құқығы жоқ және ҚР-ның азаматтығын қабылдауға ниет білдірген шетелдіктер тұрғылықты жері бойынша көші-қон полициясының аумақтық бөлімшелеріне өтініш хат беруі тиіс. Өтініш хат ҚР президентінің атына беріледі. Өтініште азаматтыққа қабылдау себептері көрсетілуі тиіс. Ішкі істер органдарының ҚР-ның азаматтығына қабылдау бойынша өтініш хаттарды (өтініштерді) қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларына Ішкі істер органдарының ҚР азаматтығымен байланысты мәселелерді қарау бойынша өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

- белгіленген нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- өмірбаян;
- өлшемі 3,5 х 4,5 см. төрт фотосурет;
- ҚР-ның «ҚР-ның азаматтығы туралы» Заңының 1 бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;
- жеке басын куәландыратын және Келісімге қатысушы елдердің біреуінің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 1АЕК көлемінде мемлекеттік баж салығының төленгені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат;
- басқа мемлекеттің құзыретті органмен берілген бұрынғы азаматтығы жоқтығы немесе тоқтатылғаны туралы анықтама.

Аталған құжаттардан басқа:

- ҚР Президентінің 2005 жылғы 6 маусымдағы N 1587 Жарлығымен оларға қатысты азаматтыққа қабылдаудың жеңілдетілген тәртібі белгіленген

адамдар үшін кәсіптер мен талаптар тізбесінің талаптарына жауап беретін адамдар - бейінді мемлекеттік органның өтініш хатын;

- ҚР-на тарихи Отаны ретінде тұрақты тұруға қайтып келген адамдар үшін – қандас куәлігі және бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы өтініші;
- ҚР-ның азаматтығына қабылдау туралы өтініш хат (өтініш) білдірген адам өтініш берген сәтте ҚР-ның азаматымен некеде тұрса, онда неке туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмесін тапсырады.
- ҚР-на тұрақты тұру мақсатында келген және жақын туыстарының біреуі ҚР-ның азаматтары болып табылатын бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары олардың ҚР-ның азаматтарымен туыстық деңгейін куәландыратын құжаттарды (туу туралы куәлік, неке туралы куәлік және т.б.) ұсынады.

Аудандық (қалалық) ішкі істер органдары азаматтыққа қабылдау туралы мәліметтерді облыстардың және Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Полиция департаменттеріне тапсырады, ал олар құжаттарды тексеріп, олар бойынша тұжырымдама жасап, Ішкі Істер министрлігіне табыстайды. ІІМ ол мәліметтерді өз тұжырымдамасымен бірге ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқықтық бөліміне жолдайды.

**3-топ**. Азаматтықты алу сәті

Адам қай сәттен ҚР-ның азаматы болып табылатынын анықтау үшін Заңның 37 бабын пайдалану қажет, оған сәйкес ҚР азаматтығын:

- азаматтыққа қабылдау туралы ҚР Президентінің жарлығы шыққан күні;
- кәмелетке толмағандардың туған немесе асырап алынған күні;
- кәмелетке толмағандардың ата-анасын ҚР азаматтығына қабылдау туралы ҚР Президентінің жарлығы шыққан күні;
- азаматтық мемлекетаралық шарттарында көзделгендей тәртіп бойынша тіркелген күні;
- жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) ҚР-ның азаматтығын алу тіркелген күні алады

Кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар атынан өтініш хат беру

18 жасқа толмаған балаларға, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтарға қатысты азаматтыққа қабылдау туралы нотариалдық куәландырылған өтініш хат олардың заңды өкілдерімен беріледі. Өтінішке баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, әрекетке қабілетсіздігін растайтын құжат және әрекетке қабілетсіз адамның заңды өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат қоса тіркеледі.14 пен 18 жас аралығындағы бала үшін оның өзінің қолы қойылған және нотариалды куәландырылған жеке келісім талап етіледі. Ішкі істер органдарының ҚР азаматтығына қабылдау бойынша өтініш хаттарды (өтініштерді) қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларының 2 тараудың 11 тармағына сәйкес, жергілікті ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында, ҚР ІІМ-де және ҚР-ның басқа да мемлекеттік органдарының өтініш хатты (өтінішті) қарау мерзімі осы органдардың әрқайсысында бір айдан, ал жалпы алғанда – алты айдан аспауы тиіс.

ПД ҚР Президентінің Жарлығын алғаннан кейін қалалық, аудандық ішкі істер органдары арқылы өтініш иелерінің тұрғылықты жері бойынша күнтізбелік бес күн мерзімінде оларға қаралған өтініш хаттардың (өтініштердің) нәтижелері туралы хабардар етеді. Шетелдіктерге және ҚР-ның азаматтығына қабылданған азаматтығы жоқ адамдарға анықтама беріледі, ол оларға белгіленген тәртіпте ҚР азаматының жеке куәлігін немесе паспортын беру үшін негізі болып табылады.

**4-топ**. Бала туған кезде ата-анасының екеуі де ҚР-ның азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан ҚР-ның азаматы болып табылады.

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болған жағдайындағы баланың азаматтығы

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі ҚР-ның азаматы болған жағдайда бала:

- ҚР-ның аумағында туса;
- ҚР-нан тыс жерде туса, бірақ, ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде ҚР территориясында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол ҚР-ның азаматы болып табылады.

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі ҚР-ның азаматы болған жағдайда, егер осы кезде ата-анасының екеуінің де ҚР-нан тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері болса, ҚР нан тыс жерде туған баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады.

Бала туған кезде ата-анасының біреуі ҚР азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан ҚР-ның азаматы болып табылады.

**5-топ**. Баланың анасы азаматтығы жоқ адам болып, ал әкесі ҚР-ның азаматы деп танылып, әкелігі анықталған ретте 14 жасқа толмаған бала қай жерде туғанына қарамастан ҚР-ның азаматы болады. Бұл бала ҚР нан тыс жерлерде тұрақты тұрған ретте оның азаматтығы ата-анасының жазбаша арызы бойынша анықталады.

Ата-аналары баланың азаматтығы туралы келісімге келмеген жағдайда, азаматтық сот тәртібінде анықталады.

Ата-анасы белгісіз баланың азаматтығы

Ата-анасының екеуі де белгісіз ҚР территориясындағы бала ҚР-ның азаматы болып табылады.

Азаматтығы жоқ адамдардың баласының ҚР азаматтығын алуы

ҚР-ның аумағында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың ҚР-ның аумағында туған баласы ҚР-ның азаматы болып табылады.

*Шағын топта білім алушылар ҚР азаматтығын алу тәртібін заң баптарына сәйкес талдайды, бірнеше мысалдар келтіреді.*

**Жағдаяттарды талқыландар:**

1. Ерлі-зайыпты Г. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. Алайда олар бала дүниеге келген кезде Англияда, оқуда болды. Азаматтық белгілеуге байланысты қиындықтар туындай ма?

2. Ивановтар отбасы ҚР елшілігіне өздеріне азаматтық беру туралы өтінішпен жүгінді. Олардың өздері Қазақстан аумағында ешқашан тұрған жоқ, бірақ онда көп жылдар бойы отағасының үлкен ағасы картайған ата-аналарымен бірге тұрады. Ивановтардың азаматтық мәселесі қалай шешіледі?

3. Балалар үйінің жанынан емшек еметін сәби табылды, ата-аналарын анықтаудың сәті түспеді. Сәби кім болып танылады: азаматтығы жоқ тұлға; Қазақстан Республикасының азаматы; шетелдік азамат?

4. Қазақстан азаматы М. басқа мемлекеттің заң органына қызмет етуге кірді. Оның азаматтығы туралы мәселе қалай шешіледі?

5. Қазақстан азаматы шекарадан тыс жерде, Қырғызстан Республикасының Бішкек қаласында ЖКО-сын жасады, оқиға орнынан қашып, Қазақстанға келді. ЖКО-н жасағаны үшін Қазақстан азаматы шет мемлекетке беріле ме? Қазақстан азаматы қай елдің заңдары бойынша жауапкершілікке тартылады?

***Бөлім:*** *Жария құқық*

***Тақырып:*** *Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы*

***Оқыту мақсаттары***: 11.2.1.3 - Қазақстан Республикасы сайлаушыларының және сайлау процесінің басқа да субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

**Мәтінмен жұмыс.**

**«Эйлер шеңбері» әдісі:**




Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралау.

Идеялар жинақталып, сараланады

А-4 параққа, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, кезекпен идеялар талқыланып, жазылады. Не? Қалай? Неге? Нәтиже? деген мәселелер бойынша идеялар сараланады. Педагог білім алушыларға ҚР сайлау құқығы туралы оқуды тапсырады. Білім алушы ҚР сайлау құқығы туралы баптарын жіктейді.

*Сайлау құқығына қатысты ҚР Конституциясының баптарымен және сайлау туралы заң баптарымен жұмыс. Әр білім алушыға сайлау құқығына қатысты баптарды ұсыну. « **IDEA»** әдісі бойынша аналитикалық талдау жасайды.*

| | |
|---|---|
| **I-Identify) -баптың негізгі идеясы; анықтау** | ҚР 1995 ж.28.09 Заңы; ҚР 2001 ж. 23.01. Заңы; ҚР Орталық сайлау комиссиясының нормативтік-құқықтық актілері. |
| **D (Describe) - бапта көрсетілген құқықты іске асыру мүмкіндігі:** | Белсенді сайлау құқығы;<br>Бәсең сайлау құқығы; |
| **E (Explain) - осы себептердің мәселеге қалай ықпал еткенін түсіндіру** | Тең және төте сайлау құқығы, жасырын дауыс беру қағидаттары; |
| **A (Analyze) - осы себептердің маңыздылығына талдау жасау** | Халықтың еркін білдірудің балама нұсқалары мен оның салдары |

Сайлау процесіне қатысатын субъектілердің құқықтары мен міндеттерін белгілеу:

| **Құқықтары** | **Міндеттері** |
|---|---|
| | |

Төмендегі заң бойынша берілген баптарды талдаңыздар:

| **1995 жылғы 28 қыркүйекте қабылданған Заңның үзінділері:** | | |
|---|---|---|
| *1-бап. Осы Конституциялық заң реттейтін қатынастар* | *2-бап. Сайлау бостандығы* | *3-бап. Сайлау құқығы принциптері* |
| *4-бап. Жалпыға бірдей сайлау құқығы* | *5-бап. Тең сайлау құқығы* | *6-бап. Төте сайлау құқығы* |

| | | |
|---|---|---|
| *7-бап. Жанама сайлау құқығы* | *8-бап. Жасырын дауыс беру* | *9-бап. Сайлау жүйелері* |

***Бөлім:*** *Жария құқық*

***Тақырып:*** *Жер құқығының құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны*

***Оқыту мақсаттары***: 11.2.3.1 - жер құқығының құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру; 11.2.3.2 - Қазақстан Республикасының Жер кодексі негізінде жерге меншік құқығы, пайдалану құқығы, және басқа да құқық түрлерін ажырату.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

**І.«Фрейер моделі»** әдісі бойынша жер құқығының реттелу түсінігі мен нысандарын талдау.

| **Құрылысы** | **Сұрағы** |
|---|---|
| Салыстыру | Мысал |

ҚР Жер кодексі негізінде жерге меншік құқығы, пайдалану құқығы және басқа да құқық түрлеріне «**Үш жақты түсіндірме күнделігі**» әдісі бойынша аналитикалық талдау жасайды.

| ***Ең маңызды ақпарат?*** | ***Неге?*** | ***Сұрақ?*** |
|---|---|---|
| | | |

***ІІ.*** Жер құқығы- жер қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы екенін талдау.




III. Төменде берілген ұғымдардың мәнін ашып, талдаңыздар:

| *Жер құқығына қатысты ұғымдар:* | | |
|---|---|---|
| Жер құқығы қатынастары | Жер құқығы қатынастарының субъектілері | Жер құқығы жүйесі |
| Жер құқығының әдістері | Жер құқығының қағидалары | Жер құқығының қайнар көздері |

IV. Жер құқығының қағидаларының мәнін анықтау:




V. Жерге меншік құқығын талдау.

-Жер қай жылдан бастап, жекеменшікке берілді?

-Жерге қандай меншік түрлері бар?

-Жер учаскесіне  мемлекеттік меншік құқығы деген не?

- Мемлекет меншігінде  қандай жер  учаскелері бар?

-Жер учаскесіне жекеменшік құқығы деген не?

-ҚР мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жерге қандай құқығы бар?

-Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар,  шетелдік заңды тұлғалар ҚР жерді қалай пайдалана алады?

-ҚР азаматтарына тегін берілетін жерлердің түрлері қандай?

-Жекеменшік иесінің  жер учаскесінде  мұнай, газ, басқа да пайдалы қазбалар мен ресурстар болса, оларды  сол жердің меншік иесінің толық құқығы бар ма?

-Жер учаскесінің меншік құқығы қалай жүзеге асырылады?

-Жерге меншік құқығы қалай беріледі?

VI. Жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу.

| | | |
|---|---|---|
| **Жерді ұтымды пайдалану** | **Жерді тозудан сақтау** | **Бүлінген жерлерді рекультивациялау** |
| **Тозған жерлерді консервациялау (сақтау)** | **Жердің тозуы** | **Жерді қорғау** |

***Бөлім:*** *Жария құқық*

***Тақырып:*** *Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік*

***Оқыту мақсаттары***: 11.2.5.1 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты басқа құқық бұзушылық түрлерінен (заңсыз сыйақы алу, алаяқтық) ажырату; 11.2.5.2 - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

**I. «File»** әдісі арқылы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік талаптарына талдау жасау.

| **«F» - негізгі фактіні анықтаңыз** | |
|---|---|
| **«I»- негізгі идеясын айқындаңыз** | |
| **«L» - көтерілген негізгіні анықтаныз** | |
| **«E» - Көтерілген мәселелерді өзіндік көзқарасыңызбен талданыз** | |

II. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін **«GREAT»** формуласы бойынша талдау жасау.

G-groundbreakıng-елеулі-бетбұрысты

R-remembered-барлығының есінде сақталған

E-events-кең таралған оқиға

A-affected-болашаққа әсер еткен

T-terrıfyıng-қорқынышты

III. Сыбайлас жемқорлықтың түрлерін талдау.

| **Сыбайлас жемқорлықтың түрлері:** | | |
|---|---|---|
| Тұрмыстық | Іскерлік | Саяси |
| | | |

IV. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының түрлерін сипаттау.

| **Мінез-құлық түрлері** | **Сипаттары:** |
|---|---|
| **Пара алу** | |
| **Непотизм (ағайынға бұрушылық, тамыр-таныстық)** | |
| **Бопсалаушылық** | |
| **Фаворитизм** | |
| **Қолдаушылық** | |
| **Лоббизм** | |
| **Жеңілдетілген несие** | |
| **Тапсырыс алуға көмектесу** | |
| **Қоғамдық қорға қол жеткізу үшін жеке таныстарын, байланыстарын пайдалану** | |

V. Әлем елдері сыбайлас жемқорлықпен қалай күреседі? Талдап көрейік.

***Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі негізгі тәсілдер***

Бұл салада бірегей әдістемелер ойлап табылмаған. Барлық елдер әр түрлі дәрежеде үш тәсілді:

*Жауапкершілікті қатаңдату.*

*Алдын алумен айналысу*: пара алу және парақорлық фактілерін анықтау жүйесін құру, шенеуніктердің кірістері мен шығыстарын бақылау, мүдделер қақтығысын анықтау және болдырмау.

*Заң жүзінде сыбайлас жемқорлық мүмкін болмайтын жағдайлар жасау*: мысалы, нормативтік актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу, шенеуніктерді тұрақты ротациялауды тәжірибеге енгізу.

*Тағы бір тәсіл бар* - жемқорлықты байқамау, оны мемлекеттік жүйенің бір бөлігі деп санау. Бірақ, Венесуэла мен Филиппин тәжірибесі көрсеткендей, мұндай саясат халықтық толқуларға және мемлекет басшыларының жиі ауысуына алып келеді.

**Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі**

Алдымен әр түрлі елдердегі жемқорлық деңгейін қалай «өлшейтінін» айтайық. Transparency International халықаралық ұйымы 1995 жылы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі - ҰҮИ пайдалануды ұсынды.

Бұл сарапшылар мен кәсіпкерлердің сауалнама нәтижелері бойынша есептелетін құрамдас көрсеткіш. Олардан мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауды сұрайды. Жиынтық ақпарат негізінде ел 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша сараланады, мұнда 0 - сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың ең жоғары деңгейі («оған үйреніп кеттік»), ал 100 - ең төмен (сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік).

Ресейлік социологтар УҰИ үшін ақпарат жинауға қатыспайды. Олар қорытынды «суретті» іс жүзінде, басқа халықаралық ұйымдардың көзімен көреді. Сондықтан УҰИ елдегі жағдайды 100% объективті түрде көрсетеді деп айтуға болмайды. Бірақ сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалаудың басқа әдістері әзірше ойлап табылмаған.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Ресей САҚ-да 29 ұпай жинап, рейтингте 180 елдің ішінен 136-шы орынға ие болды. Бұл ретте 50 балдан кем.

Жемқорлықпен күресетін елдер қандай тәсілдерді қолданатынын қарастырайық.

**Қытай - 45 ұпай және ИВК-2021 67-ші орын**

Бұл елде бұл саладағы ең қатаң заңнама - парақорлық үшін өлім жазасын алуға болады деп есептеледі. Си Цзиньпин кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес билік сатыларының барлық деңгейлерінде «Жолбарыстар мен шыбындарды аулау» (ірі және ұсақ шенеуніктер) деп жарияланды. Оның мақсаты - жазадан қорқуды енгізу және парақорға жоғары дәрежелі қамқоршылар көмектеспейтінін көрсету.

Қытайда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жазалаудың айыры айтарлықтай кең:

пара беру немесе алу - 5 жылға дейінгі мерзім;

ауыр мән-жайлармен пара алу - мүлкі тәркіленіп, 10 жылдан өмір бойы қамауға алуға дейін;

мемлекеттік мүлікті ұрлау - өлім жазасына дейін;

егер кінәлі адам сотқа дейін мойындалса және өкінсе, оны жазадан босатуы мүмкін.

Қытайлық күрестің нәтижелері өте қарапайым көрінеді. 2000 жылдан бері Қытайда жемқорлық үшін 10 мыңға жуық шенеунік атылып, тағы да 120 мыңы 10-20 жылға қамалды. Бұл ретте 2013-2018 жылдар аралығында Қытайда сыбайлас жемқорлыққа қатысты айыпталған 1,34 млн. шенеунік жазаланды. Бұл мемлекеттік қызметкерлердің «армиясы» шамамен 70 млн. адамды құрайтынына қарамастан.

Мынадай нәтижелер қытайлық ерекшелікпен түсіндіріледі:

90-шы жылдардың ортасына дейін Қытайдың мемлекеттік кәсіпорындары «мемлекеттегі мемлекет» ретінде өмір сүрді. Өнімді нарықтық бағамен сата отырып, олар мемлекеттік бағамен айырмашылықты өздеріне қалдырды. Оны бірінші кезекте менеджмент кірісіне бағыттай отырып. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілер мен экономикалық сектордың табыстары арасындағы айырмашылық ондаған есе болатын жағдай қалыптасты. Бұл ретте

шенеуніктердің әрдайым бизнес үшін «қызықты» өкілеттіктері болған. Мұндай жүйеде парақорлықтан құтылу қиын.

Қытай қоғамының сипаты - гуаньси. Бұл қандай да бір көмек көрсете алатын құрметті адамды «жігерлендіру» мақсатында сыйлықтар, сыйлықтар, банкеттер жүйесі. Гуаньси шенеуніктер арасында ғана емес, қарапайым адамдар арасында да бар.

Заң баршаға бірдей жұмыс істемейді. Партия элитасының өкілдері халық арасында партия беделін төмендетпеу үшін көбінесе жазасыз қалады. Көрнекі процестер бар, бірақ олар бірлі-жарым.

Парадокс - жемқорлық істердің көбеюі елдің инвестициялық тартымдылығына кері әсерін тигізеді. Қытай экономикалық өсімге сүйенеді, сондықтан көптеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы әзірлемелерді жарияламайды.

Дегенмен, Қытайдың тәжірибесі көптеген процестердің Ресеймен ұқсастығына байланысты пайдалы болуы мүмкін. Жазаны қатайтумен қатар, бұл елде сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен және шенеуніктер үшін мінез-құлық кодексін жасаумен белсенді айналысады. Мемлекеттік қызметшінің жұмыстағы ғана емес, жеке өміріндегі моральдық келбеті туралы этикалық қағидаттар енгізілуде. Ресейдегідей шенеуніктерге шетелдік шоттардың болуына тыйым салу енгізіледі.

Жазалар да балта тәрізді емес, психологиялық тұрғыдан қолданылады. Көпшілік алдында соттауға арналған дауысты процестер қатаң жазаға әкеп соғады. Бірақ сонан соң шенеунікке өлім жазасын кейінге қалдырады, ең жоғарғы шараны өмір бойына ауыстырады немесе егер «түсінікті» туыстары мүлікті мемлекет кірісіне берсе, жауапкершіліктен босатады. Қытай жүйесінде ең бастысы - жазаның ауырлығы емес, оның бұлтартпастығынан қорқу.

**Сингапур - 85 балл және 4-орын**

Бұл елдегі жемқорлықты қуғын-сүргін машинасының арқасында жеңуге болады деген аңыз бар. Сарапшылар компанияның табысты болуын ең алдымен заңнамалық өзгерістермен байланыстырады.

XX ғасырдың 60-шы жылдары жемқорлық мемлекеттің бір бөлігі болатын. Патрульдік полицияның жүк көліктерінің жүргізушілерінен күн сайын пара алып отырғаны үлгі бола алады. Төлеуден бас тартқандар шексіз айыппұл алды.

Сыбайлас жемқорлық себептерінің бірі мемлекеттік қызметкерлер мен жеке сектордың табыстарындағы үлкен айырмашылық болды. Бұдан басқа, ашық емес және күрделі заңдардың өздері заңсыз схемалардың пайда болуына, кірістерді жылыстатуға ықпал етті.

60-шы жылдары Сингапурда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды күрес басталды:

Мемлекеттік қызметшілердің мәртебесі мен өкілеттіктері өзгертілді. Барлық шенеуніктер тек кірістерін ғана емес, шығыстарын да мәлімдейді және олар сәйкес келмеген жағдайда тергеу жүргізілуде. Бұл ретте тексеруге қызметшінің туыстары ғана емес, достары да жатады.

Шенеуніктерге кез келген сыйлықты қабылдауға тыйым салынды. Ресми құжаттардағы немесе жария мәлімдемелердегі қателіктер үшін қатаң жазаланады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат БАҚ-та белсенді түрде ілгерілей бастады. Медиалық науқан және қылмыстық істерді жария ету салдарынан жосықсыз шенеуніктер, сондай-ақ олардың туыстары іс жүзінде Сингапурда жұмысқа орналасу мүмкіндігінен айрылды.

Елдің басты «ерекшелігі» - Сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу жөніндегі бюро (ҚДБ). Бұл құрылым орасан зор өкілеттіктерге ие және кез келген деңгейдегі қызметшіге қатысты тексеру жүргізе алады. Әр жылдары мемлекет басшысының, оның отбасы мүшелерінің әрекеттері тергеу объектісіне айналды.

ҚДБ-ға күдіктілерді сот шешімінсіз ұстау, кез келген үй-жайға кіру, қосымша рұқсатсыз банк шоттарын, жеке ақпаратты тексеру құқығы бекітілген.

Айта кетейік, Сингапур тәжірибесін Ресейге толық қолдану қиын. Елдер көлемі жағынан тым ерекшеленеді. Ресейде осындай ҚДБ құрылымын құру көптеген тәуекелдерге алып келеді. Біріншіден, әрбір ресейлік өңірдің өзіндік ерекшелігі бар. ҚДБ өкілдіктері жергілікті элиталармен бірігіп, құрылымның мәні жоғалуы мүмкін. Екіншіден, филиалдық ҚДБ қозғалғыштығын жоғалтады және кезекті бұралмас бюрократиялық махинацияға айналу қаупі бар.

**Дания - 88 ұпай және 2021 рейтингінде 1-орын**

Дания жыл сайын сыбайлас жемқорлық деңгейі ең төмен үш елдің қатарына кіреді. Сарапшылар мұндай тұрақтылықты Дания заңнамасымен түсіндіреді. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы 20-ға жуық заң бар, олардың ең бастысы - Сыбайлас жемқорлық туралы заң.

Даниялық тәжірибеде не қызық:

Компаниялар, мемлекеттік құрылымдар бірлескен жобаларды іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік және кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерімен күрес туралы бірлескен келісімдер жасасады. Мысал ретінде - «параны қолданбау туралы декларация».

Шенеуніктердің қызметін депутаттар мен азаматтар бақылайды. Парламенттің әрбір мүшесі кез келген министр туралы ақпарат сұратуға құқылы. Ал азаматтар өздерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бөлігіндегі күдік туралы құқық қорғау органдарына, соның ішінде жасырын түрде хабарлау құқығына ие.

Мемлекеттік қызметкерлерге шетелдік компаниялардың акцияларын иеленуге тыйым салынады. Сондай-ақ Данияда шенеуніктердің кірістерін жария декларациялау бар. Салық қызметтері оларды шығыстармен салыстырады және барлық сәйкессіздіктерді салықтан жалтару жағдайлары ретінде тексереді.

Шенеуніктерге берілетін сыйлықтар, олардың дат заңдары бойынша жеке компаниялардың есебінен демалуы пара ретінде бағаланады.

Дегенмен, Данияда да жемқорлық жанжалдары орын алуда. Әдетте, халықаралық компаниялардың қызметінде.

**Ақырында не болды?**

Басқа елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сыбайлас жемқорлықпен күресте табысқа жету «жазалау + алдын алу + ашық заңдар мен рәсімдер» деген жүйелі тәсіл арқылы ғана мүмкін болады. Жазбаның әрбір өзгерісі өзінің «ізін» қалдыратын лицензиялар мен аттестациялардың цифрлық тізілімдері; электрондық кезектер және көптеген анықтамаларды алып тастау өкілеттіктерді теріс пайдалану ықтималдығын төмендетеді.

Жазаны қатаңдату, оның жариялылығы мен бұлтартпастығы кінәлілерге көбірек әсер етеді. Шенеуніктердің басым көпшілігі үшін профилактикалық іс-шаралар тиімдірек: кірістер мен шығыстарды бақылау; мүдделер қақтығысын болдырмау; олардың қызметін қоғамдық бақылау.

Ресей бұл әдістерді енгізуде. Бірақ әзірге мемлекеттік сатып алулар туралы заңнама шатастырылған және сыбайлас жемқорлық сипатында қалып отыр; шетелдік инвестицияларды реттеу. Сондай-ақ кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің басшыларын тағайындау ережелері әрдайым түсініксіз. Және мүлдем «қараңғы орман» - шығыстарды, сондай-ақ шенеуніктің айналасындағы табыстар мен мүлікті бақылау.

Жоғарыдағы мәтінді талдау үшін **«Оймышты ара»** әдісін қолдану.

Бұл әдіс сондай-ақ «Джигсо» немесе«Мозаика» деп те аталады. Қоғамдық пәндерді оқытуда ең көп қолданылатыны – құжаттар, ірі үзінділер, тарихи шығармалар немесе сол кездегі заң актілерімен білім алушыларды таныстыру қажет болады. Сабақ үстінде көбіне білім алушыларға толық бір блокқа жазылған баптарды немесе тарихи деректерді оқып, меңгеру тапсырылады. Бірақ, берілген қосымша материалдардың қызықты, қысқа формада болғаны жөн, себебі көлемді мәтін білім алушыларды тез жалықтырады. Сол үшін білім алушыларға қажетті мәліметтер мен деректерді меңгертуде осы әдісті қолданса болады. Ол тек қана тарихи деректер мен шығармалар немесе мәліметтерді оқу ғана емес, оны қолдануға да мүмкіндік береді.

Әдістің өткізілу элементтері:

Оқу материалы немесе оның құрамдас бір бөлігі, материалдың мазмұны немесе қысқартылған үзіндісі жеке-жеке қағаздарға бөлініп жазылады. Қағаздар саны сынып білім алушыларының қанша топқа бөлінгеніне байланысыт дайындалады. Тапсырмасы бар карточкаларды педагог өзі дайындайды. Сыныпты 4-5 топқа бөліп, әр топқа бір тілше қағазға жазылған ақпарат мөлшерін береді. Бұл топтар «***Үй топтары***» деп аталады.

«***Үй топтарын***» сол топтың ішінде 1, 2, 3, 4, 5 деп бөліп, жекелей бір білім алушыдан таңдап алса да болады, яғни сарапшы (эксперт) тобына жинау қажет, енді оларды әрбір бөлінген сарапшы топта жиналған әр білім алушы өздерінің тобында танысып, оқып келген ақпараттарымен сарапшы тобында кезекпен сөйлеп, топ мүшелерін таныстырады.

Білім алушылар қайтадан «***Үй тобына***» жиналады. Бұл жолы білім алушылар сарапшы тобынан танысып келген ақпараттарымен бөліседі, педагог оларға сол алған білімдерін пайдалану арқылы шешетін тапсырма немесе жаттығу береді.

***Бөлім:*** *Жеке құқық*

***Тақырып:*** *Мұрагерлік құқық*

***Оқыту мақсаттары:*** 11.3.1.3 - мұрагерлік құқықтың құқықтық реттелу ұғымы мен нысанын түсіндіру.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

**І. Мұрагерлік-** қайтыс болған азаматтың (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) мұрагерлікке (мұрагерлерге) ауысуы.

Мұрагерлікке екі жақ қатысады мұра қалдырушы мен мұрагер (мұрагерлер), яғни мұраны алушы жақ. Олардың арасындағы мұраға байланысты туындайтын, құқық нормасымен реттелетін қатынастар- мұрагерлік – құқықтық қатынастардың көрінісі болып табылады.

Мұра қалдырушының жеке басымен тығыз байланысты құқықтар мен міндеттерді мұраға қалдырып кетуге болмайды. Оған ҚР Азаматтық кодексінің 1040-бабына сәйкес мына төмендегі құқықтар мен міндеттер жатады:

*а) егер заң актілеріне немесе шартта айрықша белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болуға құқығы;*

*ә) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы;*

*б) алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер;*

*в)зейнетақы, жәрдемақы және еңбекақы төлеу әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң актілерінің негізінде басқа да төлемдер төлеу құқығы;*

*г) мүліктік құқықтарымен байланысы жоқ мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді.*

Мұрагерлік екі жолмен жүзеге асырылады. Оны мұрагерліктің негіздері деп атайды. Бірінші- *өсиет* бойынша, екінші- *заң* бойынша ауысатын мұрагерлік. Егер мұрагер өзінің артына мұра қалдыру туралы өсиет тастап кетпеген жағдайда мұра оның артында қалған мұрагерлеріне заң бойынша ауысады.

Мұра- мұра қалдырушыға тиесілі мүліктер мен ол өлген соң заңды күшін жоймайтын оның құқықтары мен міндеттерін құрайды. Мұраға мүліктер, құнды заттар, үлкен сомадағы ақша немесе басқа да бағалы заттар қалдырылуы мүмкін.

Егер мұра қалдырушы белгілі бір бірлескен меншікке қатысушы болып табылатын болса, онда оның ортақ меншіктегі үлесі мұрагерге қалады.

Азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау мұраның ашылуына негіз болады. *Егер мұра қалдырушыны хабар-ошарсыз кетті деп тану салдарынан өлді деп жариялайтын болса, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген мұраның ашылу уақыты болып табылады.*

Мұраны қабылдау уақыты-*мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейінгі алты ай.* Бұл мұрагерлердің табылып өз мұраларын иеленуге жететін уақыт болып есептеледі.

*Мұра қалдырған адамның соңғы тұрған жері* мұраның ашылған орны болып табылады. Кейде мұра қалдырушының соңғы тұрған жерін анықтау қиындық тудырып жатады. Мұндай жағдайда *мұраға қалдырылатын мүліктің* немесе *оның басым бөлігі* орналасқан жер мұраның ашылу орны болып танылады.

Мұра ашылған уақытта тірі жүрген, сонымен бірге мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған балалар, мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар мұраға заң бойынша да, өсиет бойынша да ие бола алады, яғни мұрагер бола алады. Сонымен қатар мұрагер заңды тұлға да, мемлекет те болуы мүмкін. Ол үшін заңды тұлғалар мұра ашылғанға дейін құрылуы керек немесе мұраның ашылу уақытында болуы керек.

Кейде адамдар мұраны иелену мақсатында -мұрагерлердің немесе мұра қалдырушының денсаулығына қасақана қастандық жасауы мүмкін. Мұндай жағдайда олар заң бойынша да өсиет бойынша да мұрагерліктен шеттетіледі. Бұлар:

– *Мұра қалдырушының еркін жүзеге асыруға кедергі жасайтын тұлғалар;*

– *Ата-ана құқығынан айырылған ата-аналар;*

– *Мұрагердің немесе мұра қалдырушының өміріне қастандық жасаған тұлғалар.*

**Ең танымал**

Өсиетті Альфред Нобель қалдырды. оған туыстары тарапынан қарсылық білдірілді. туыстары тек жарты миллион иронға ие болса, ал қалған 30 млн ирон Нобель сыйлығын беліглеуге берілді.

**Ең құпия**

Өсиетті миллиардер Мишель Ротшильд қалдырды. онда былай делінген: "Мен мұрама есеп жүргізуге, соттың араласуына және байлығымды жариялауға қатаң тыйым саламын". сол себепті де, оның байлығының деңгейі осы уақытқа дейін белгісіз.

**Ең көп байлық**

Жануарға қалдырылған. Осы өсиетпен тарихтағы ең күлкілі мұраның байланысы бар.Миллионер әрі кинопродюссер Роджер Дориас өзінің 65 млн. долларын иті Максимилианоға қалдырған. Сот аталған шешімді заңды деп таныды. Миллионер тірі кезінде итіне адамға арналған құжаттарды дайындаған. Жұбайы Дориасқа 1 цент қалдырған. Бірақ Дориас сол сенімді иттің құжатымен итке тұрмысқа шығып, ол өлгеннен кейін бүкіл байлықты иеленеді.

## II. Өсиет бойынша мұрагерлік

Өсиет дегеніміз-азаматтың, яғни өсиет қалдырушының ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөніндегі өз ықтиярын білдіруі.

Өсиет қалдырушы өзіне тиесілі мүлікті тұтастай немесе белгілі бөлігінде өсиет қалдырушылардың қатарына кірісті адамдар тобына да немесе бұл топқа кірмейтіндерге де өсиет етуіне болады. Мысалы, туыстарына, достарына, мемлекетке немесе қоғамдық ұйымдарға, т.б. ешкімнің оның өсиет қалдыруға байланысты ісіне араласуына болмайды.

Өсиет жасалған *жері мен уақыты* көрсетіліп, *жазбаша нысанда* жасалып, *нотариатта* куәландырылуы керек. Жазбаша нысандағы өсиеттердің екі түрін бөліп көрсетуге болады: *нотариатта куәландырылған өсиеттер* және *нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер*.

Жазылған өсиеттерге өсиет қалдырушының өзі қол қоюы керек. Егер өсиет қалдырушы дене кемістігіне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсете отырып, басқа азамат қол қояды.

Өсиет жазу, қол қою, куәландыру кезінде нотариус өсиетті куәландыратын өзге адам, өсиет қалдырушының заң бойынша мұрагерлері, толық әрекет қабілеттілігі жоқ азаматтар, т.б. адамдар куә да бола алмайды және өсиет қалдырушының орнына қол да қоя алмайды.

Нотариустар болмаған жағдайда өсиет заңда көрсетілген тұлғалармен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл өсиеттер нотариатта куәландырылғандарға теңестірілген:

*1)ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу, алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;*

*2)госпитальдарда, санаторийлерде және де басқа әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлердің және басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері;*

*3)жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;*

*4)барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;*

*5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауаг уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай-ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін қарапайым адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің әскер қызметкерлері әскери бөлімдердің, командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;*

*6)бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі.*

Нотариус, өсиетті куәландырушы, куәгерлер, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына қол қойған азамат өсиеттің мазмұнын, құрылымын,

ондағы енгізілген өзгерістерді  өсиет ашылғанға дейін жариялауға құқығы жоқ. Өсиеттегі құпияны жариялаған адам заң бойынша жауапқа тартылады.

Өсиет қалдырушы нотариалдық кеңсеге арыз жазу арқылы (кез келген уақытта) өсиеттің күшін жоюы немесе өзгерістер енгізуі мүмкін.




III. **Заңды мұрагерлік**

Заңды (заң) мұрагерлік өсиет болмаған жағдайда заң тәртібіне сәйкес жүзеге асатын мұрагерліктің түрі. Бұл бойынша мұрагерлер заңда көрсетілген ретпен мұрагер  болады. Азаматтық кодексте мұрагердің алты кезегі көрсетілген:

1.мұрагерлердің алғашқы кезегінде -мұра қалдырушының, оның өлімінен соң да дүниеге келген балалары, сондай-ақ жұбайы және ата-анасы тұрады;

2.мұрагерлердің екінші кезегінде-мұра қалдырушының  ағалары, апа-қарындастары, одан соң  әкесі мен шешесі тарапынан туыс болып келетін ата-әжесі;

3.үшінші кезек- мұра қалдырушының  туыс аға-інілері, апа-қарындастары;

4.төртінші кезек- алтыншы бұтаққа дейінгі туыс болып келетін өзге де жақын-жуықтары. Туыстардың жақындық дәрежесі алғашқы ата-тектен тараған ұрпақ санының негізінде бекітіледі. Әрбір ұрпақ бұтақ болып саналады;

5. мұрагерлердің бесінші кезегі- бір шаңырақ астында кем дегенде он жыл тұрса, өгей әкесі мен өгей шешесі, өгей ағалары немесе қарындастары иелене алады;

6. алтыншы кезек- мұра қалдырушының  карауындағы  еңбекке жарамсыз адамдар. Олар егер  оның карауында бір жыл болса немесе мұра қалдырушымен бірге тұрса ғана ие бола алады.

Сонымен, мұрагерлік деп мұра қалдырушының  иелігінде болған мүлік, яғни мұра қалдырушының өліміне қатысты тоқталып қалмайтын құқығы мен

міндеттерін айтамыз. Ал мұраға ие болу- мүліктің мұрагерлерге заңды түрде өтуі. Мұрагерлік өсиет бойынша және заң бойынша ауысады. Өсиет дегеніміз- бұл азаматтың өзі қайтыс болған жағдайда иелігіндегі мүлкін кімге, қалай алдыру жөнінде еркін білдіруі. Заң бойынша мұраға ие болу өсиет болмаған жағдайда ғана мүмкін болады.

## IV. Казустарды оқыту әдісі

Құқықтық білім берудің ажырамас бөлігі – ол казустарды (жағдайлар) оқыту болып табылады. Казустарды оқыту - проблемалық жағдайларды сараптай алуы мен одан шығудың дұрыс жолдарын таңдауға көмектеседі.

Казустарға: кітап, газет, журнал беттеріне жарияланған дау-шарғылар, имандылық таңдаулары, кикілжіңдер сот залындағы оқиғалар, заңдық жағдайлар жатады. Казустар ең алдымен жазбаша түрде жазылуы керек. Ол аудио немесе бейнетаспа түрінде де болуы мүмкін. Тіпті болмаса, кинодан немесе дискіге жазылғаны да жарайды.

Оқу құралдарда негізінен заңдық жағдайлар беріледі, қандай жағдай болса да оның құрамы төмендегідей болуы шарт:

– Фактінің (дәйектің) жазылуы;

– Негізгі мәселе (проблема)

– Сол мәселеге сай, дау тудырып отырған мәселені шешетін жолдарды көрсететін дерек-дәйектер;

– Қойылған мәселе төңірегіндегі шешім және нақ сол шешімнің дұрыс екендігін дәлелдеу;

Казустарды оқыту – негізінен зерттеуге негізделеді. Білім алушы өзінің теориялық білімін нақты өмірден туындап отырған жағдайды шешу үшін қолданады. Өйткені, білім алушыға дайын заңдық нормалар мен ережелерді беруге болмайды. Білім алушы өзі өзіндік ойлары мен идеяларын ұсынып, шешім қабылдауы қажет. Бұл үдеріс білім алушының логикасын дамытып, тәуелсіз сараптама жасау, сыншыл ойлау мен нақты дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

## V. Жағдаяттарды шешу:

А) Е-нің өлімінен кейін оның артында үйі мен үйдегі тұрмыс заттары, жиһаздары қалды. Оның ішінде теледидар, жақсы күйдегі көне жиһаз-көркемделіп жасалған буфет, трюмо, жазу үстелі, орындықтар, киім ілетін шкаф, төсек, шебер қолдан шыққан асханалық күміс шәй және кофе сервиздері, фарфордан жасалған керегеге ілінетін әсемдік заттары, қолдан әшекейленген самаурын мен басқа да үй заттары. Е-нің тірі кезінде -ақ үйіндегі көне заттарының көркем болуымен қатар тарихи құндылығы да бар деген оймен, олардың бәрін мұражайға өткізілсін деп айтқан болатын. Басқа қаланың тұрғыны болып келетін Е-нің қызы Қ бұған қарсы еді. Ол 1974 жылдан бастап Е-мен бірге тұрып, оны өз анасындай көрген А-ның мұрагерлікке құқығын мойындағысы келмеді, ал А болса, Қ-ның асыранды қызы болған соң Қ-мен қатар мұрагерлікке

құқылы болып қана қоймай, Е-нің тірі кезінде де пайдаланып жүрген үйдегі барлық заттарды иеленгісі келеді.

*Осы мәселе қалай шешілуі мүмкін?*

*Егер Е өсиет қалдырмаса, оның дүние-мүлкі кімге өтеді?*

Б) Бес адамнан тұратын С отбасы үйлену тойынан кейін сатып алған үйлерінде тұрып жатты. С-мен бірге күйеу баласы, қызы және немересі тұрады. С қайтыс болмай тұрып, бірнеше ай бұрын барлық мүлігін өзінің немересіне мұраға қалдыратыны жайлы өсиет қалдырады.

С-ның дүние салғанынан кейін 21 жасқа толған немересі атасы қалдырған мұрадан әжесінің пайдасына бас тартуды ұйғарады.

Әкесінің өлімінен 3 жыл өткен соң оның қызы, ал қызынан кейін 5 айдан соң әжесі де дүние салды. Әкесі мен баласы, С-ның немересі анасы мен апасының өлімінен кейін мүлікті бөлу жайында келісімге келе алмады.

Әкесінің ойынша, егерде ұлы бір кезде үйдің және басқа да мүліктің мұрагері болудан бас тартса, онда келешекте де сол мүлікке үміттенуге мүлдем құқығы жоқ. Баласы болса, керісінше, үйдегі және марқұмдардың мүлігіндегі оның үлесі әкесінің үлесінен артық болуы тиіс деп санады. Әкесі мен баласы мұраны бөлудің ережелерін түсіндіріп беруді өтініп заң қызметкеріне барады.

*Іс кімнің пайдасына шешілуі мүмкін?*

***Бөлім:*** *Жеке құқық*

***Тақырып:*** *Отбасы. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттемелері*

***Оқыту мақсаттары***: 11.3.4.1 - ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, сыйласымдылық, ашықтық.

**Мәтінді талдау.**

**І.** *З.Кенжелиев.* ***«Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет»***: «Әдет-ғұрып құқығындағы неке және отбасылық нормалардың өзіндік сипаты мен ерекшеліктері болды. Қазақ даласындағы неке мен отбасына байланысты құқықтық нормаларды олардың өзара байланысы, осы байланыс аумағындағы өзара ара салмағы тұрғысынан қарап бағалау керек. Сонда ғана біз олардың әрқайсысының неке және отбасын реттеудегі мәнін, маңызын, нақты орнын және құндылығын айқын ажыратып, дәл анықтай аламыз. Әрине, неке және отбасылық қатынастардың құрылымдық тұрғыдан қалыптасу, даму, өзгеруіне экономикалық, әлеуметтік, рухани факторлар да әсер етті. Бірақ бұл факторлар табиғи факторлардың «жалғасы» есебінде әсер етті, соларға сүйенді және солармен біріге отырып әрекет жасауға тырысты. Қазақтардың неке және отбасылық қатынастарының құрылымындағы тәни және табиғи жаратылыс күштерінің шешуші орны осы қатынастарды реттеуге бағытталған әдет-ғұрып құқығы нормаларының ара қатынасынан, жүйесінен, даму тарихынан айқын бақыланады. Айталық, әдет-ғұрып құқығының неке және отбасы саласын

реттеуге бағытталған нормалары мен институттарының негізгі және басты принципі ***жеті атаға*** дейін ***қыз алыспау*** деп аталады. Яғни, жақын туысқандар арасында қан араластыруға жол бермеу неке және отбасы қатынасын реттеуге арналған әдет-ғұрып құқығы нормаларының басты мақсаты және мәні еді.

Бұл принцип неке саласындағы әдет-ғұрып құқығының басты қағидасы болып есептелді. Сондықтан осы саладағы өзге құқықтық институттар мен нормалар соған сүйенетін, соны негізгі арқау етіп алатын және соның талабына бағынатын. Өзге институттар мен нормалар (қалың мал, көп әйел алу, әмеңгерлік, т.с.с. осы принцип аумағында және бақылауында жүзеге асты, оның ықпалынан шықпауға, талабын мойындауға мәжбүр және міндетті болды. Мұндай болмаған жағдайда кез келген некелік келісім немесе отбасылық қатынас, оларды реттеуге бағытталған норма өз күшін жоятын, қоғамдық сана және бақылау мұндай іс-әрекеттерге жол бермейтін.

Некелік қатынастың табиғи негіздерінің беріктігі, оның жаратылысының пәктігі әдет-ғұрып құқығының басқа да нормаларымен қамтамасыз етілді. Мысалы, жыныстық тұрғыдан жетілген жасқа толғандар ғана некеге тұруға рұқсат алды (балиғат жасы қыздар үшін 13-14, ер балалар үшін 15-16 жас деп есептелді, есі дұрыс емес жандармен некеге тұруға рұқсат етілмеді, егер ері белсіз болса әйеліне, әйел бедеу болса еріне некеден шығуға рұқсат етілетін, олардың жаңа некеге тұруына жол ашылатын.))».

**Сұрақтар:**

Қазақ халқының әдет-ғұрып құқығындағы неке саласының қандай басты принциптері бар?

Жеті атаға дейін қыз алыспаудың мәні мен маңызы неде?

**«Раунд Робин»** әдісі.

Бүкіл сынып білім алушыларын тең дәрежеде пікірталасқа қатыстырудың үздік әдісі. Ең алдымен сұрақтар шағын топтарда талқыланып, сосын әр шағын топтың өкілдері пікірталастың нәтижесін бүкіл сыныппен талқылайды.

**Мақсаты**: кестеде берілген неке түрлерінің «+» және «-» жақтарын таба отырып, талдау.

| *Заңды түрде АХАЖ-ға тіркелген неке* | *Тіркелмеген азаматтық неке* | *Діни ғұрыппен бекітілген неке* |
|---|---|---|
| + - | + - | + - |

Кестеде берілгенді әр топ өз идеяларымен бөлісіп, ары қарай идея алмасу арқылы бүкіл сыныппен тең дәрежеде бөліседі.

**Әдісті өткізу тәртібі**:

1. Әр топ өздеріне берілген тапсырманы орындап болған соң, кезекпен бір-бір идеямен бөліседі, шеңбер құра отырып, айналдыра әр топ мүшелері идея таусылғанға дейін ақпарат немесе жауаптарын айта отырып айналып өтеді.

2. Шағын топтар ішінде өз идеясымен, ақпаратпен ашық бөліскісі келмеген білім алушыларға педагог жеке үлестірмелі карточкаларын берсе болады. Педагог берген карточкаға білім алушы өзінің идеясын және т.б. жазып тапсырады.

3. Әр шағын топтан түскен идеялардың талқылауға түсетінін тақтаға жазуға болады.

3-5 идеяның ішінде ең танымалын таңдай отырып, бүкіл сыныппен пікірталасты педагог ұйымдастырады.

***Бөлім***: *Іс жүргізу құқығының негіздері*

***Тақырып:*** *Алқабилер соты ұғымы және оның қызметінің негіздері.*

***Оқыту мақсаттары***: 11.4.1.3 – Қазақстан Республикасы алқабилер соты қызметінің құқықтық негіздерін анықтау.

***Пән мазмұнына сәйкес оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру:*** ынтымақтастық, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, ашықтық.

***Интервью әдісі.***

***I. «Он жеті сұрақ пен жауап»***

| | |
|---|---|
| *1.Алқабилер деген не?* | Алқабилер соты – қылмыстық соттың істі қарауына шақырған және ант қабылдаған ҚР азаматы қатысатын сот жүйесі институты. Қазақстанда алқабилер соты 2007 жылдан бері қолданылады. |
| *2. Судья істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға құқылы ма?* | Ондай құқы жоқ. |
| *3. Істі неше судья және неше алқаби қарай алады?* | Алқабилер сотының қазіргі гибрид жүйесіне сәйкес, қылмыстық істерді 1 судья және 10 алқаби қарайды және екі қосалқы алқаби болады. |
| 4. 2024 жылғы 13 наурызда Парламент Мәжілісі алқабилердің жұмыс істеу тәртібін реттейтін заң жобасын бірінші оқылымда қолдады. Егер бұл заң жобасы қабылданса, қандай өзгерістер енеді? | Егер бұл заң жобасы қабылданса, алқабилер қарайтын істер бойынша шешімді судьяның араласуынсыз 11 адам шешеді. Демек, біз қазіргі алқабилер сотының гибрид жүйесінен классикалық алқабилер сотына көшеміз. |
| *5. Алқа билер қалай таңдалады?* | Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімі соттың сұрау салуы бойынша «SMART DATA UKIMET» ақпараттық-талдау жүйесі арқылы электрондық түрде түзіледі. Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімі әліпби тәртібімен таңдалады. Азаматтар сотта алқабидің міндеттерін атқаруға күнтізбелік жыл |

| | |
|---|---|
| | ішінде көп дегенде бір рет, қылмыстық іс қаралатын барлық уақытқа шақырылады. |
| *6. Кімдер алқаби бола алады?* | Алқабилер тізімін жасау кезінде 25–65 жас аралығындағы; өтелмеген не алынбаған соттылығы жоқ; әрекет қабілетті; психика, мінез-құлық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмаған адамдар таңдалады. Алқабиге кандидаттар тізіміне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға заң жол бермейді. Алқабилер тізімін жасау кезінде 25–65 жас аралығындағы; өтелмеген не алынбаған соттылығы жоқ; әрекет қабілетті; психика, мінез-құлық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмаған адамдар таңдалады. Алқабиге кандидаттар тізіміне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға заң жол бермейді. |
| *7. Судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері алқаби бола ала ма?* | Жоқ, бола алмайды. |
| *8. Алқабиге кандидаттың міндеті қандай?* | Алқабиге кандидат істі қарауға қатысу үшін іріктеу кезінде төрағалық етуші судья және тараптар қойған сұрақтарға шынайы жауап беруге, сондай-ақ оның талабы бойынша өзі туралы және іске қатысатын басқа адамдармен қарым-қатынасы туралы өзге де қажетті ақпараттар беруге тиіс. Кандидаттар қатарынан алқабилерді іріктеу кезінде төрағалық етуші судья кандидатқа алқабилер алқасын қалыптастыру үшін маңызы бар сұрақтар қоя алады. Алқабиге кандидат өзінің жеке басына байланысты |

| | |
|---|---|
| | деректерді жария етпеу мақсатында судьяға жасырын түрде жауап беруге құқылы. |
| *9. Алқабиге іріктелген адам негізгі жұмыс орнынан сот процестеріне босатыла ма? Алқаби болғаны үшін сыйақы төлене ме?* | Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді. Алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төлейді. |
| *10. Алқабилер процеске қатысушыларға сұрақ қоя ала ма?* | Алқабилер сот залында отырып, не болып жатқанын тыңдайды, кейіннен кеңесу бөлмесінде үш негізгі сұраққа жауап беріп, процеске қатысушыларға сұрақтар қоя алады. |
| *11. Судьяның рөлі қандай?* | Судья алқабилер кеңесіне басшылық етеді, шешілуге жататын сұрақтарды рет-ретімен талқылауға қойып, жауаптар бойынша дауыс беруді және дауыстардың есебін жүргізеді. |
| *12. Егер алқабилер арасынан бір адам болсын, айыптау үкімімен келіспесе, не болады?* | Егер алқабилерге қойылатын үш сұрақтың әрқайсына мақұлдаған жауаптарға дауыс берушілердің көпшілігі дауыс берсе, айыптау кесімі қабылданған болып есептеледі. |
| *13. Ақтау кесімі қабылдануы үшін алқабилерден қанша адам оң жауап беруі керек?* | Егер қойылған негізгі сұрақтардың кез келгеніне берілген құпталмаған жауапқа дауыс берушілердің алтауы және одан да көбі дауыс берсе, ақтау кесімі қабылданған болып есептеледі. Егер сотталушының кінәсі туралы мәселе оң шешілсе, онда судья бұл іс-әрекеттің қылмыс болып табылатын-табылмайтыны туралы, қандай қылмыстық заңда көзделгені (бабы, бөлігі, тармағы) туралы мәселені шешеді және іс-әрекеттер үшін қандай жазалау шаралары көзделгенін алқабилерге түсіндіреді. |
| *14. Он бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы үшін дауыс берушілердің нешеуі келісуі керек?* | Егер осындай шешімге дауыс берушілердің сегізі және одан да көбі дауыс берсе, тағайындалуы мүмкін. |
| *15. Өмір бойына бас бостандығынан айыру үшін алқабилердің нешеуі оң жауап беруі керек?* | Өмір бойына бас бостандығынан айыру судья мен алқабилердің бірауызды шешімі болған кезде ғана тағайындалуы мүмкін. |
| *16. Алқабилер сотынан қазақ және орыс тілдерін еркін білу талап етіле ме?* | «Алқабилер туралы» заңның 10-бабына сәйкес, алқабиге кандидаттар |

| | |
|---|---|
| | тізімінен қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар алынып тасталады. Алқабилер сот процесі өтетін тілде өз ойын еркін жеткізе алуы керек. |
| *17. Тараптардың бірі үкіммен келіспеген жағдайда апелляцияға берсе, онда алқабилер құрамы қайта құрыла ма, әлде ол апелляциялық сотта қарала ма?* | Апелляциялық сотта қайта қаралады. |

II. Алқабилердің құқықтары мен міндеттерін талдау үшін **«Оймышты ара»** әдісін қолдану.

Бұл әдіс сондай-ақ «Джигсо» немесе «Мозаика» деп те аталады. Қоғамдық пәндерді оқытуда ең көп қолданылатыны – құжаттар, ірі үзінділер, тарихи шығармалар немесе сол кездегі заң актілерімен білім алушыларды таныстыру қажет болады. Сабақ үстінде көбіне білім алушыларға толық бір блокқа жазылған баптарды немесе тарихи деректерді оқып, меңгеру тапсырылады. Бірақ, берілген қосымша материалдардың қызықты, қысқа формада болғаны жөн, себебі көлемді мәтін білім алушыларды тез жалықтырады. Сол үшін білім алушыларға қажетті мәліметтер мен деректерді меңгертуде осы әдісті қолданса болады. Ол тек қана тарихи деректер мен шығармалар немесе мәліметтерді оқу ғана емес, оны қолдануға да мүмкіндік береді.

Әдістің өткізілу элементтері:

Оқу материалы немесе оның құрамдас бір бөлігі, материалдың мазмұны немесе қысқартылған үзіндісі жеке-жеке қағаздарға бөлініп жазылады. Қағаздар саны сынып білім алушыларының қанша топқа бөлінгеніне байланысты дайындалады. Тапсырмасы бар карточкаларды педагог өзі дайындайды. Сыныпты 4-5 топқа бөліп, әр топқа бір тілше қағазға жазылған ақпарат мөлшерін береді. Бұл топтар «***Үй топтары***» деп аталады.

«***Үй топтарын***» сол топтың ішінде 1, 2, 3, 4, 5 деп бөліп, жекелей бір білім алушыдан таңдап алса да болады, яғни сарапшы (эксперт) тобына жинау қажет, енді оларды әрбір бөлінген сарапшы топта жиналған әр білім алушы өздерінің тобында танысып, оқып келген ақпараттарымен сарапшы тобында кезекпен сөйлеп, топ мүшелерін таныстырады.

Білім алушылар қайтадан «***Үй тобына***» жиналады. Бұл жолы білім алушылар сарапшы тобынан танысып келген ақпараттарымен бөліседі, педагог оларға сол алған білімдерін пайдалану арқылы шешетін тапсырма немесе жаттығу береді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Әдістемелік ұсынымдама қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту арқылы білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың өзектілігін жан-жақты талдауды мақсат етеді. Қазақстанның тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін нығайту, ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту, сондай-ақ жастарды саналы азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу – еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері болып табылады. Бұл міндеттерді орындау барысында, педагогтар мен әдіскерлердің ұлттық құндылықтарды оқу процесіне енгізу тәжірибесі мен әдістерін қолдануы аса маңызды.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер, атап айтқанда «Қазақстан тарихы», «Құқық негіздері», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Оқу бағдарламаларына Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап секілді құндылықтарды интеграциялау, жастардың елжандылық сезімі мен жауапкершілігін, әлеуметтік белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай интеграция оқу процесінде тұлғаның әлеуметтік, мәдени және рухани дамуын қамтамасыз етеді, сондықтан білім алушылардың Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуда өз рөлдерін түсінуі және қоғам игілігі үшін қызмет етуге дайын болулары үшін қажетті құзыреттіліктері қалыптасады.

Әдістемелік ұсынымдар, педагогтер мен әдіскерлер үшін құнды көмекші құрал ретінде, білім беру мазмұнында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда маңызды орын алады. Ұсынымдардың алғашқы бөлімінде қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған халықаралық және отандық тәжірибелер талданған. Әртүрлі елдердің оқу жүйелеріндегі үздік тәжірибелерді зерделеу, ұлттық құндылықтарды интеграциялау тәжірибелерінің нәтижелерін көрсету, білім алушыларға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді ұсынып, оқыту процесін жақсартуға мүмкіндік береді.

Екінші бөлімде республиканың тәжірибелі педагогтердің ұлттық құндылықтарды кіріктіру бойынша тәжірибелері мен әдістемелік ұсыныстары жинақталған. Бұл бөлімде ұлттық құндылықтарды кіріктірудің тиімді әдіс-тәсілдері, қысқа мерзімді сабақ жоспарлары, формативті бағалау тапсырмалары мен қосымша материалдар ұсынылған. Мұндай ұсыныстар оқу процесін ұйымдастыруда білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін және өз бетінше жұмыс істей алу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдар әзірлеу  жұмысы шеңберінде педагогтер (8065 респондент) арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері де ұсынылған. Сауалнама педагогтердің ұлттық құндылықтарды оқу бағдарламасына енгізу жөніндегі көзқарастарын, тәжірибелерін және қажеттіліктерін зерттеу үшін құнды ақпарат көзі болып табылады.  Респонденттердің басым бөлігі (90,2%) сабақ барысында ұлттық құндылықтарды күнделікті қолданатынын білдірді.

Сонымен қатар, педагогтер (70,2%) қосымша семинарлар мен тренингтерге қатысуға дайын екендіктерін көрсетіп, білім беру мазмұнын жаңғырту мен ұлттық құндылықтарды дамыту үшін педагогикалық қолдауды күшейту қажеттілігін ұсынады.

Қорыта айтқанда, әдістемелік ұсынымдамада берілген ұсыныстар мен тәжірибелер, педагогтер мен әдіскерлерге ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнында тиімді кіріктіруге арналған маңызды ресурстар болып табылады.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ


1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_#z5 07.10.2024 ж.

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031)2

3. «2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024., 72 б.

4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 (қаралған күні: 12.09.2024 ж.)

5. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z16 (қаралған күні: 09.09.2024 ж.)

6. Lovat Terence John, Clement Neville David, 'The pedagogical imperative of values education', Journal of Beliefs & Values, 29 273-285 (2008) 10.1080/13617670802465821 // https://www.researchgate.net/publication/249041334_The_pedagogical_imperative_of_values_education/citations /қаралған күні: 14.10.24 ж./

7. Пахомова Е.В. Методика диагностики ценностных ориентаций (МДЦО) // Вестник Самаровской гуманитарной академии. Серия «Психология». - 2011. № 2 (10). – С. 120-134[1]

8. Рокич М. Природа человеческих ценностей // Свободная пресса. – 1973. – № 5. - С. 20-28.

9. Виленский М.Я. Содержательные и процессуальные характеристики формирования ценностного сознания студентов // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия «Философия». - 2003. - № 2. - С. 5-6

10. Яницкий М.С., Серый А.В., Браун О.А. и др. Система ценностных ориентаций «поколения Z»: социальные, культурные и демографические детерминанты // Сибирский психологический журнал. - 2019. - № 72. - С. 46–67.

11. Буреломова А.С. Социально-психологические особенности ценностей современных подростков: дис. … канд. психол. наук: 19.00.05. – Москва, 2013. – 195 с

12. Адилова Э.Т., Аймаганбетова О.Х. Зарубежные подходы к изучению ценностной проблематики // Матер. VI Междунар.науч.-прак.конф. памяти М.Ю. Кондратьева «Социальная психология: вопросы теории и практики». М.: ФГБОУ ВО МГППУ, 2021. – С. 32-34.
13. Lovat Terence John, Clement Neville David, 'The pedagogical imperative of values education', Journal of Beliefs & Values, 29 273-285 (2008) 10.1080/13617670802465821 // https://www.researchgate.net/publication/249041334_The_pedagogical_imperative_of_values_education/citations /(қаралған күні: 14.10.2024 ж.) 10 бет. /
14. Bryk A., Schneider B. (2002). *Trust in Schools:A Core Resource for Improvement.* New York:Russell Sage Foundation.
15. Каратабанов Р. Құндылыққа негізделген мектеп түлегінің моделі: теориялық негіздемесі және жобалау тәсілдемесі [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – No1. – Б. 10-18.
16. https://peersupport.edu.au/peer-support-program/what-is-peer-support/ (қаралған күні: 17.09.2024 ж.)
17. Netherwood, K., Buchanan, J., Palmer, D., Stocker, L. & Down, B. (2007) Valuing diversity in children's voice: A case study of children, stewardship and mapping the care of special places in the Western Australia Cluster, in: T. J. 27 Lovat & R. Toomey (Eds) Values education and quality teaching: the double helix effect. (Sydney, David Barlow Publishing), 91-114.
18. McMullan, C. & Scalfino, L. (2007) Placing values at the core of school policy and classroom practice - A case study of Modbury School, South Australia, in: T. J. Lovat & R. Toomey (Eds) Values education and quality teaching: the double helix effect. (Sydney, David Barlow Publishing), 49-68. 64-бет.
19. Values Education and Quality Teaching., Editors Prof. Terry Lovat. Springer Science+Business Media B.V. 2009 // 16.09.24. ISBN 978-1-4020-9961-8, DOI 10.1007/978-1-4020-9962-5 https://citeseerx.ist.psu.edu/document?repid=rep1&type=pdf&doi=74d7195f278a6164e283776cd0719dda5ab17425 (қаралған күні: 25.09.2024 ж.)
20. https://www.facebook.com/photo/?fbid=468863602833218&set=pb.100091287455217.-2207520000 (қаралған күні: 26.09.2024 ж.)
21. https://madison.rbusd.org/
22. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology [MEXT] (CURR1998). National curriculum standards reform for kindergarten, elementary school, lower and upper secondary school and schools for the visually disabled, the hearing impaired and the otherwise disabled (synopsis of the report) (28 July, 1998). Retrieved 19 April, 2005, from http://www.mext.go.jp/english/news/1998/07/980712.htm. (қаралған күні: 09.09.2024 ж.)
23. Saito, Naoko & Imai, Yasuo (2004). In search of the public and the private: Philosophy of education in post-war Japan. Comparative Education, 40 (4): 583-594.

24. Bamkin S. (2020). *The taught curriculum of moral education at Japanese elementary school: the role of classtime in the broad curriculum*Pages 218-239 | Received 12 Jun 2019, Accepted 24 Mar 2020, Published online: 18 May 2020 Cite this article https://doi.org/10.1080/18692729.2020.1747780 (қаралған күні: 10.10.2024 ж.)

25. Steiner-Khamsi, Gita; Karseth, Berit; Baek, Chanwoong (2020). From science to politics: commissioned reports and their political translation into White Papers. Journal of Education Policy, 35(1), 119–144. https://doi.org/10.1080/02680939.2019.1656289 (қаралған күні: 13.10.2024 ж.)

26. https://www.udir.no/laring-og-trivsel/lareplanverket/endringer/endringer-i-lareplanene/ (қаралған күні: 12.10.2024 ж.)

27. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdikbarinen-qymbat 09.09.2024.

28. Рокич М. Природа человеческих ценностей // Свободная пресса. – 1973. – № 5. - С. 20-28.

29. Рокич М. Природа человеческих ценностей // Свободная пресса. – 1973. – № 5. - С. 22.

30. Рокич М. Природа человеческих ценностей // Свободная пресса. – 1973. – № 5. - С. 24

31. Hofstede G. Culture's Consequences: International differences in workrelated values // Organization Studies– Beverly Hills, CA: Sage, 1983. – P. 390-391.

32. Триандис Г.К. Культура и социальное поведение: учебное пособие. - М.: Форум, 2011. – 384 с.

33. Фромм Э. Бегство от свободы. Человек для себя: пер. с англ. – М.: АСТ, 2004. – 573 с.

34. Карандашев В.Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности: концепция и методическое руководство. – СПб: Речь, 2004. – 70 с.

35. Карандашев В.Н. Концепция ценностей Ш. Шварца // Вопросы психологии. - 2009. – № 1. - С. 81-96.

36. Anýžová P. The Social-Psychological Context of Human Values: The Reciprocal Relationship between Personality Traits and Value Orientations // Sociologický časopis / Czech Sociological Reviewю. – 2017. – № 53(3). – P. 393- 426.

37. Адилова Э.Т., Аймаганбетова О.Х., Мадалиева З.Б. Құндылық мәселелерін зерттеуге арналған негізгі тәсілдер: шетелдік тәжірбие // ҚазҰУ Хабаршысы. «Психология және социология» сериясы. – Алматы, 2021. – №1 (76). – 59-73 б.

38. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы N 389-1 "Білім туралы" Заңының, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының Алматы қаласында орындалу барысы туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V00R000133_ (қаралған күні: 17.10.2024 ж.)

39. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029031); (қаралған күні: 09.09.2024 ж.)

40. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.//11-бап. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 (қаралған күні: 09.09.2024 ж.)

41. Абдигалиева Г.К., Габитов Т.Х., Исмагамбетова З.Н., Бияздыкова К.А., Шорманбаева Д.Г. Ценностные ориентиры казахстанской культуры. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 138 с

42. Абдигалиева Г.К., Габитов Т.Х., Исмагамбетова З.Н., Бияздыкова К.А., Шорманбаева Д.Г. Ценностные ориентиры казахстанской культуры. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 51б.

43. Абдирайымова Г.С., Шеденова Н.У. Ценностные представления современной молодежи о труде и занятости // Вестник КазНУ. Серия «Психологии и социологии». – 2012. - №1 (40). С.8-12.

44. Абдирайымова Г.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. Мировоззренческие и духовные ценности казахстанской молодежи // Ценности и идеалы независимого Казахстана. – Алматы, 2015. - С.104.

45. Ахметова А.С., Салихова Н.Р. Этнические особенности ценностей в казахско-язычной выборке // Актуальные проблемы развития личности в онтогенезе: матер. IV Всерос.науч. конф. Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2015. - С.11-12.

46. Каратабанов Р. «Бала өсіру» – атрибуты и подходы» //Білімді ел – Образованная страна, №26 https://bilimdinews.kz/?p=207704 (қаралған күні: 19.09.2024 ж.)

47. Каратабанов Р. Интеграция ценностей этнопедагогики с современным образованием //Білімді ел – Образованная страна, №27 https://bilimdinews.kz/?p=209811 (қаралған күні: 21.09.2024 ж.)

48. Ростовская Т.К., Калиев Т.Б. Ценностные ориентиры современной молодежи: особенности и тенденции /Монография. – М.: РУсайнс, 2019. 73 б. / - 228 с.

49. Формирование нравственных ценностей старшеклассников в новом информационном пространстве тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 13.00.01, кандидат педагогических наук Шестопалов, Станислав Валерьевич, Автореферат кандидата педагогичсеһ наук , Москва 2008 // https://www.dissercat.com/content/formirovanie-nravstvennykh-tsennostei-starsheklassnikov-v-novom-informatsionnom-prostranstve (қаралған күні: 30.09.2024 ж.)

50. «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ. ҰБА., Астана, 2024 https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_RUS-new%2005.08.2024.pdf (қаралған күні: 09.09., 16.09. 2024 ж.)

51. Танирбергенова А. Ш., Мағауия А., Казбекова Д. Х., Келдибаева Г. Е. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктері [Мәтін] //Алтынсарин Академиясының ХАБАРШЫСЫ Әдістемелік журнал № 3 (7) 2024, 4-18 б.

52. Архыматаева, А., Алпысбес, М., Гөкче, М. Оқу процесінде құндылықтар тұрғы-сынан тарихи білімнің тәрбиелік әлеуетін арттыру негіздері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – No3. – Б. 77-87

53. Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу (монография). – Астана: BG-Print, 2013. – 380 б

## МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | Кіріспе | 3 |
| 1 | Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда білім алушылардың бойында құндылықтарды қалыптастырудың халықаралық және отандық тәжірибесі | 5 |
| 2 | Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар | 53 |
| Қорытынды | | 395 |
| Пайдаланылған дереккөздердің тізімі | | 397 |